

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

History series

№4 (83)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016



ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ № 4 (83)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Кәрібаев Б.Б., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Телефон: +727-377 33 38 (1288)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ноғайбаева М.С., ғылыми редактор (Қазақстан)

Омарбеков Т.О., ғылыми редактордың
орынбасары (Қазақстан)

Таймағамбетов Ж.Қ. (Қазақстан)

Жұмағұлов Қ.Т. (Қазақстан)

Миша Майер (Германия)

Әбдуқап Қара (Түркия)

Мұхатова О.Х. (Қазақстан)

Сұлтанғалиева Г.С. (Қазақстан)

Қалыш А.Б. (Қазақстан)

Ахмет Ташағыл (Түркия)

Юлай Шамиль Оғлы (АҚШ)

Уяма Томохико (Жапония)



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаққозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727) 377-3411

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 10295

Басуға 13.12.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 32.6 б.т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс № 6128. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 25 ЖЫЛ!**

**НЕЗАВИСИМОСТИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – 25 ЛЕТ!**

**INDEPENDENCE OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN – 25 YEARS!**

Кәрібаев Б.Б.
**Тәуелсіздік кезеңі және тарихи
ой-сананың дамуы**

Автор мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан күні бүгінге дейінгі аралықта қазақ қоғамындағы тарихи ой-сананың дамуы мәселелерін қарастырады. Шартты түрде ширек ғасыр аралығындағы тарихи ой-сананың дамуын үш кезеңге бөліп, алғашқы онжылдықтағы дамудың бірнеше бағыттарда жүргенін байқайды. Бірінші бағытқа – таптық принциптерге негізделген методологиядан бас тарту, екінші бағытқа – жаңа тақырыптарды зерттеуде таптық емес, яғни өркениеттік принциптерге негізделген методологияны қолдану және үшінші бағыт – тәуелсіздікке дейінгі бұрынғы методология негізінде алынған тарихи білімдерді жаңа методология тұрғысынан қайта қарау жатты. Мұның бәрі жаңа тарихи білімдерді дүниеге келтіреді. Өз кезегінде бұл үдеріс тәуелсіздіктің екінші, үшінші онжылдықтарында жалғасын тауып, тарихи ой-сананың одан әрі дами түсуіне ықпал етеді.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, тәуелсіздік, тарихи ой-сана, таптық көзқарас, өркениеттік тұрғы.

Karybaev B.B.
**The period of independence and
historical consciousness**

In this article the author considers the problems of the development of historical consciousness from the independence of the Republic of Kazakhstan to the present day. Conditionally separating the development of historical consciousness into three main periods in the course of a quarter century, it identifies several trends of development in the first decade of independence. The first trend is the rejection of the methodology based on the principle of the class struggle. The second trend – is the use of new approaches based on the methodology of civilization and the third trend is a revised historical knowledge based on the new methodology. These approaches allow the emergence of new historical knowledge, which in turn has its influence on the further development of historical consciousness in the second and third decades of independence.

Key words: Republic of Kazakhstan, independence, historical consciousness, class approach, the civilization approach.

Карибаев Б.
**Период независимости и
развития исторического
сознания**

В данной статье автор рассматривает проблемы развития исторического сознания со дня провозглашения независимости Республики Казахстан до сегодняшнего дня. Условно разделяя развитие исторического сознания на три основные периоды в течение четверти века, он выделяет несколько тенденций развития в первом десятилетии независимости. Первая тенденция – отказ от методологии, основанной на принципе классовой борьбы. Вторая тенденция – использование новых подходов, основанных на цивилизационной методологии, и третья тенденция – пересмотрение исторических знаний на основе новой методологии. Данные подходы дают возможность появлению новых исторических знаний, что в свою очередь имеет свое влияние на дальнейшее развитие исторического сознания во второй и третьей десятилетиях периода независимости.

Ключевые слова: Республика Казахстан, независимость, историческое сознание, классовый подход, цивилизационный подход.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ОЙ- САНАНЫҢ ДАМУЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жариялағанына бүгіндері тура 25 жыл толып отыр. Тарихи тұрғыдан алғанда жиырма бес жыл өте қысқа уақыт. Солай бола тұрса да Қазақ Елі осы уақыт ішінде өз тарихында бұрын-соңды бомаған жетістіктерге қол жеткізді. Ең бастысы, Қазақстан Республикасы – қалыптасқан мемлекет ретінде әлем таныған және мойындаған елге айналды.

Қазақ халқында «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген мәтел бар. Қазіргі заман дамуының ағымына қарасақ, бұл мәтелдегі елу жыл дегенімізді өзгертуге болатын сияқты. Тәуелсіздік алғаннан бергі 25 жылдың ішінде елмен бірге, қоғам да, адам да, қоғамдық қатынастар да, ойымыз да, санамыз да мүлдем өзгерді. Соның ішінде тарихи ой-сана да түбегейлі өзгерді. Біз осы баяндамамызда ширек ғасыр ішінде тарихи ой-санамыздың қаншалықты өзгергенін, қалай дамығанын қарастырмақшымыз.

Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи ой-сананың дамуы мәселесін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Егемендігіміздің алғашқы он жылын алғашқы кезең деп, келесі он жылдықты екінші кезең деп, одан кейінгі жылдарды үшінші кезеңге жатқызуға болады.

Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан бергі алғашқы он жылдық ішіндегі Отандық тарих ғылымының дамуына көз жүгіртсек, бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы және бір-бірімен қатар жүрген екі бағытты байқаймыз. Бірінші бағыт – бұрынғы қоғамдық ғылымдарға, оның ішінде тарих ғылымы да бар, теориялық-методологиялық тұрғыда үстемдік құрып келген маркстік-лениндік концепциядан бас тартып, оның орнына жаңа, көзқарастарға негізделген өркениеттік концепцияға көшу болды. Бұрынғы концепцияның негізін таптық принцип құраса, жаңа концепцияға таптық емес, ұлттық қағидат алынды.

Екінші бағыт – жаңа концепция негізінде біріншіден, бұрынғы тарихты жаңаша қайта қарау болса, екіншісіне, жаңа, тың тақырыптарды жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастыру жатты. Қоғамтанушы ғалымдарымыздың ізденістері мен зерттеулері арқасында жиырма бес жыл ішінде қоғамдық тарихи ой-санамыз өсіп-нығайып, түбірімен мүлде өзгерді деуге болады. Бұл үдеріс әлі күнге дейін жалғасын табу үстінде.

Біз төменде қоғамдық тарихи ой-сананың дамуына тікелей әсер еткен тарих ғылымындағы екі бағытқа тоқталалық.

Тарих ғылымындағы теориялық-методологиялық ауысуды қазақтың «Құдықтың түбіндегі бақаға аспан табақтай боп көрінеді» деген мақалымен теңестіруге болады. Кеңестік дәуірдегі таптық принципке негізделген зерттеу жұмыстарында халықтың, қоғамның тарихы толық қарастырылмай, тек бір бөлігінің ғана тарихы мақталып, бір жақты көзқараспен зерттелініп келгені қазіргі күнде баршаға мәлім. Ал қалған бөлігінің тарихы әлеуметтік жағдайына, саяси көзқарастарына, ұстанымдарына байланысты датталып келді. Тіпті, олардың тарихтағы алатын орны мүлде сызылып тасталды. Құдықтың түбіндегі бақа аспанды қалай толық көре алмаса, таптық принципке сүйенген зерттеушілер де объективті шынайы тарихи үдерістерді толық түрінде көре алмады немесе көруіне тыйым салынды. Соның нәтижесінде көптеген зерттеушілеріміз өздерінің қажыр-қайратын, білімі мен біліктілігін толық мүмкіндігінше көрсете алмай келді деуге болады.

Осыдан тура 25 жыл бұрын еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге бұрынғы концепциядан бас тартып, жаңа концепцияға бет бұру үдерісі басталды. Жаңа концепцияға негізделген тың тарихи туындылар өмірге келе бастады. Солардың қатарында Кенес Нұрпейісовтың «Алаш хәм Алаш Орда» [1], Мәмбет Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» [2], Талас Омарбековтың «Зобалаң» [3], «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» [4] атты және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерін айтуға болады. Бұл туындылар бір жағынан жаңа көзқарас тұрғысындағы монографиялық зерттеулер болса, екінші жағынан жас зерттеушілер үшін жаңа теориялық-методологиялық негіздер болып саналды. Атап өткен еңбектердің бәрі жаңа концепция негізделіп, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылғандықтан және тың архивтік құжаттарға сүйенгендіктен қазақ қоғамы өте жақсы ықыласпен қабылдады. Сөйтіп бұл еңбектер қоғамдық ой-сананың өсуі мен дамуында өзіндік рөлдерін атқара білді.

Осындай ғылыми іргелі еңбектермен қатар көптеген жекелеген авторлар жаңаша көзқарастарды басшылыққа ала отырып, өз мақалаларында Отан тарихындағы көптеген «ақтандақтарды» аша бастады. Бұл жерде олардың бәрін атап өтуді артық деп санаймыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғамдық тарихи ой-сананың дамуында бірнеше респуб-

ликалық басылымдардың өте белсенділік көрсеткенін айта кеткен жөн. Олардың алдыңғы қатарында «Ақиқат», «Қазақтарихы», «Парасат», «Зерде», «Жұлдыз», «Жалын» журналдары мен «Егемен Қазақстан», «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Түркістан» газеттері тұрды. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басынан күні бүгінге дейінгі аталған басылымдардың нөмірлеріндегі жарық көрген тарихи тақырыптардағы мақалаларды хронологиялық тұрғыдан тізіп, олардың өзіне талдаулар жасау – елімізде қоғамдық ой-сананың қалай өскендігін және қалай тереңдегенін байқатады. Біз бұны болашақтағы жас зерттеушілердің арнайы ғылыми-зерттеу тақырыбына қалдырып, өзіміздің арнайы қарастырып отырған мәселемізге оралалық.

Егерде тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі республикалық ресми басылымдардағы тарихи мақалалардың тақырыптары мен мазмұндарына назар аударсақ, мынадай тенденцияны аңғаруға болады. Біріншіден, жаңа концепцияның орнығуы барысы болса, екіншіден, жаңа концепция тұрғысынан тарихымызға қайта қарау, тарихымыздағы таптық принципке негізделіп айтылған ескі тұжырымдарды сынау барысы болып табылады.

Ел егемендігінің алғашқы жылдарындағы ұлттық мүдде тұрғысынан қайта сүзгіден өткен тақырыптарға тың және тынайған жерлерді игеруге қатысты мәселелер, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы майдандарда ерлік көрсеткен жерлестеріміз бен тылдағы еңбеккерлердің тарихына қатысты мәселелер болса, жаңадан күн тәртібіне қойыла бастаған тақырыптарға Қазақстанға күштеп қоныс аударған аз ұлттар мәселесі, 1937-1939 жылдардағы сталиндік жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары мен 1930 жылдар басындағы қазақ халқының аштыққа ұшырауы, Голощекиннің «Кіші қазаны», XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Т. Рысқұлов бастаған қазақ басшыларының жаппай репрессия құрбаны болуы және Алаш қозғалысы мен Алаш зиялы қауымының қоғамдық-саяси қызметтері мәселелері жатты. Аталған мәселелердің бәрі мүмкіндігінше баспасөз ақпарат құралдарында көтеріліп, тарихи ой-сананың толысуына ықпал етеді.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қайта қаралған мәселелер мен тыңнан көтерілген мәселелерді хронологиялық тұрғыдан топтастырсақ, олардың бәрі XX ғасырда халқымыз басынан өткерген мәселелер болып саналады. Тарихи ой-санаға қозғау түссе, оның

тоқтамайтыны белгілі. Соның көрінісі болуы керек, көп ұзамай XIX ғасырдағы тарихи тақырыптар да жаңаша көзқарастар тұрғысынан көтеріле бастады. Оларға – Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс пен басқа да сол ғасырдағы көтерілістер, оларды бағалау мәселесі, орыс шаруаларын Қазақстанға қоныс аудару мәселесі, отаршылдық және тағы басқа мәселелер жатты.

1993 жылы Орбұлақ шайқасының 350 жылдығына орай Қазақстан Үкіметі арнайы қаулы қабылдап, Жаркент өңірінде ұлан-асыр мерекесі өткізді. Салқам Жәңгір бастаған 600 қазақ сарбазының 50000 жоңғар әскеріне қарсы шығып, жаудың бетін қайтарған ерлігін бұрын аздаған тарихшылар қауымы ғана біліп келсе, осы мерекеге байланысты бүкіл ел білді, біліп таңқалды және таңданды. Осы тұстан бастап XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қарымқатынастарындағы соғыстар, «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары, «Аңырақайдағы» жеңіс және оның батырлары, сол тұстары ел басқарған хандар, қол бастаған батырлар, сөз бастаған билер мен шешендер, рухани көсемдерге қатысты тарихи мәселелер мықтап қолға алынды. Сол кезден бастап қаншама ғылыми еңбектер жазылды, газет-журнал беттерінде қаншама танымдық мақалалар жарияланды. Теле, радио құралдарының да рөлінің күшті болғанын айта кетуіміз керек. Соның өте бір тиімді жағына өз ұлтына адал қызмет еткен тұлғалардың бәрінің есімдері халқына қайта оралды. Оларды мәңгі есте қалдыру мақсатында ең көрнекті тұлғаларға ескерткіштер қойылып, юбилейлеріне байланысты ғылыми жиындар өткізілді. Көшелер, ауылдар атаулары берілді. Жас сәбилерге олардың есімдері берілді. Қазіргі таңда елімізде Жәңгір ханды, Тәуке ханды, Абылай ханды, Әбілқайыр ханды, Кенесары ханды, Төле биді, Қазыбек биді, Әйтеке биді, Қабанбай батырды, Бөгенбай батырды, Наурызбай батырды, Ер Жәнібекті және тағы басқа тарихи тұлғаларды білмейтін жан жоқ шығар. Осыдан 25 жыл бұрын қалың көпшіліктің жоғарыда аталған тұлғалар туралы ешқандай хабары болмаса, бүгінгі күні жағдай мүлде басқаша. Мұндайда елу жылда емес, жиырма бес жылда ел жаңа деуге болады. Қоғамдық тарих ой-сананың қалай өскенін осылай бағамдауға болады.

Мемлекетіміздің жүргізген саясаты да қоғамдық ой-сананың одан әрі өрістеуіне жол ашып отырды. Оның дәлеліне үкімет қаулысымен осы кезеңде аталынып өткен мерекелі тарихи оқиғалар жатады. 1995 жылы – Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы, 1996 жылы –

Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығы, 1997 жылы – «Құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 жыл – «Ұлттық тарих пен бірлік жылы», 1999 жылы – ЮНЕСКО көлемінде Мұхаммед Хайдар Дулатидың 500 жылдығы, 2000 жылы да – ЮНЕСКО көлемінде Түркістан қаласының 1500 жылдығы мерекелері бүкілхалықтық мереке ретінде аталып өтілді.

Тәуелсіздіктен бастау алған тарихи ой-сананың өсуі бір мезет те бәсеңсіген емес. Керісінше, уақыт өткен сайын ол үдеріс одан әрі үдей түскендей. 2002 жылы көне Тараз қаласының 2000 жылдығының мерекеленуі тарихи ой-сананың өсуінің жалғасып жатқанын көрсетсе, 2004 жылы ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасына қол қоюы бұл үдерісті одан әрі қарқындатып жіберді. Бірнеше жылға созылған арнайы бағдарлама барысы мен нәтижесінде елімізге шет елдерден тарихымызға қатысты қаншама мың құжаттар, ескерткіштер, дүниелер әкелінді. Бір ғана Ұлттық Ғылым Академиясының құрамындағы Тарих және этнология институты бірнеше томнан тұратын Қазақстан тарихына қатысты шет тілдеріндегі деректерді, Әдебиет және өнер институты 100 томдық «Бабалар сөзін» баспадан шығарды. Мұның пайдасы мен игілігін болашақ ұрпақ әлі алда көреді және әлі айтады. Бұл туындылар екінші кезеңдегі тарихи ой-сана дамуының ең басты көрсеткіші болып саналады.

Шартты түрде тарихи ой-сана өсуінің үшінші кезеңін мемлекеттік саясатпен байланыстыра қарастырамыз. 2012 жылы елімізде ұзақ мерзімге арналған «Қазақстан – 2050» бағдарламасының қабылдануы қоғамдық тарихи ой-сананың дамуына қатты серпін беріп, жаңа белестерге шығарды. Үшінші кезеңде елімізде «Халық тарих толқынында» бағдарламасы жүзеге асырылып, «Мәңгілік Ел» идеясы алдыңғы қатарға шығарылды.

Осы жерде «Мәңгілік Ел» идеясына тоқтала кетелік. Өйткені бұл идеяның негізінде ұлттық тарихтың өзекті мәселелері жатыр.

2012 жылдың 14 желтоқсанында Елбасы кезекті Жолдауында ұзақ мерзімге арналған «Қазақстан – 2050» бағдарламасын ұсынғаны баршаға мәлім. Үлкен үш бөлімнен тұратын бағдарламаның алғашқы бөлімінде егемендік алғаннан бергі 21 жылдағы Қазақ Елінің қол жеткізген табыстарына қорытынды жасалса, екінші бөлімде қазіргі заманда бүкіладамзат баласына қауіп тудырып отырған мәселелер қарастырылады. Ал негізгі үшінші бөлім – Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуына арналады. Осы бө-

лімнің 7 тарауының 8-ші тараушасы «Ұлтқа үндеу» деп аталынып, Елбасы онда «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынады.

«Мәңгілік Ел» идеясын Елбасы былайша түсіндіреді: «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз» – деген болатын. Мәңгілік Ел идеясының негізгі тұжырымы осындай. Мұны ары қарай талдасак, «Бабалар ерлігі» дегеніміз – кешегі күніміз, яғни тарихымыз. «Бүгінгі буынның ерен істері» дегеніміз – қазіргі күніміз, яғни қазіргі кезең. «Жас ұрпақтың жасампаздығы» дегеніміз – ертеңгі күніміз, яғни болашағымыз. Осы үш кезең, үш дәуір, үш заман арасындағы, немесе кешегі, бүгінгі және ертеңгі күндеріміз арасындағы сабақтастық сақталса ғана – біз осы мұратқа жете аламыз дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз – кешегі өткен тарихымызды дұрыс зерделеп, оны бүгінгі ұрпақ санасына дұрыс меңгерсе, онда ертеңгі күніміз жарқын болады дегенді білдіреді. Қысқаша айтқанда, «Мәңгілік Ел» идеясы – тарихынды жақсылап зертте, түсін және құрметте дегенге саяды.

Осы идеяға сай ел тарихына деген мемлекеттік саясат бірден қарқын алды. «Халық тарих толқынында» атты бағдарламаның жүргізілуі соның

айғағы. Осының жалғасы ретінде 2014 жылдың соңына таман Елбасы 2015 жылды Қазақ хандығының 550 жылдығы деп жариялады. Бұл мереке де елімізде өте жоғары деңгейде, қызу қарқынмен өтті деуге болады. Осы жолдардың авторы ұзақ жылдарғы зерттеуін қорытындылап, «Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Қазақ хандығының күшеюі», «Қазақ хандары» атты кітаптарын жарыққа шығарды [5, 6, 7].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, тәуелсіздік жылдарындағы тарихи ой-сананың дамуының үшінші кезеңі өте сәтті жүріп жатыр. Осыдан тура жарты мың жыл бұрын өмір сүрген тарихи тұлғаларымыз – Керей мен Жәнібек хандар, Қасым хан мен Хақназар хандар, Тәуекел мен Есім хандар, Жәңгір мен Тәуке хандар күні бүгінге қайтып келгендей. Оның бір көрінісіне бұл тұлғаларға көшелер беріліп, жас сәбилердің есімдері берілуде. Бұл да бір тарихи ой-сананың өсуінің көрінісі.

Қазіргі таңда қоғамдық тарихи ой-санамыздың дамуы «Мәңгілік Ел» идеясымен қатар дамуда. Болашақта Алтын Орданың – 800 жылдығы, Түрік қағанатының – 1500 жылдығы секілді ұлы мерекелер келе жатыр. Тарихи ой-сананың дамуы мемлекетіміздің бұл мерекелерді де лайықты атап өткеретініне сеніміміз мол.

Әдебиеттер

- 1 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995.
- 2 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
- 3 Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы: «Санат», 1994.
- 4 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: «Санат», 1997.
- 5 Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 520 бет.
- 6 Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 176 бет.
- 7 Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Казахские ханы. Kazakn knans. – Алматы: «Сардар», 2015 ж. – 128 бет. (Қазақша, орысша, ағылшынша.)

References

- 1 Nurpejisoov K. Alash ham Alashorda. – Almaty, 1995.
- 2 Kojgeldiev M. Alash kozgalysy. – Almaty: «Sanat», 1995. – 368 b.
- 3 Omarbekov T. Zobalan. – Almaty: «Sanat», 1994.
- 4 Omarbekov T. 20-30 zhyldardagy Kazakstan kasireti. – Almaty: «Sanat», 1997.
- 5 Karibaev B. Kazak handygynyn kurylu tarihy. – Almaty: «Sardar» baspa uji, 2015. – 520 bet.
- 6 Karibaev B. Kazak handygynyn kusheju (XV ғ. songy – XVI ғ. algashky shirekteri). – Almaty: «Sardar» baspa uji, 2015. – 176 bet.
- 7 Karibaev B. Kazak handary. Kazahskie hany. Kazakn knans. – Almaty: «Sardar», 2015 zh. – 128 bet. (Kazaksha, oryssh, agylshynsha.)

1-бөлім
**ДЕРЕКТАНУ
ЖӘНЕ ТАРИХНАМА**

Раздел 1
**ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ
И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Section 1
**HISTORICAL SOURCES STUDY AND
HISTORIOGRAPHY**

Мұхатова О.Қ.
«Авеста» – ежелгі дәуірдің
тарихнамалық дерегі

Мақалада бұрын-соңды қазақ тіліне аударылмаған зороастризм дінінің қасиетті мәтіндер жинағы Авестаның мазмұны талданады. Тарих жазуда күнделікті мифтік білім мен діни көзқарастарға, яғни провиденциализмге, тарихи үдерістерді идеалистік түсінуге негізделген шығарманың пайда болуы және құрылымы көрсетіледі. Ежелгі дәуірдің тарихнамалық дерегі болып саналатын «Авестадан» үзінділер келтіріліп, оның құрамдас бөлігі болып табылатын әнұрандарының: Аридби-сұра, Күнге, Митраға, Ашиге, Бертырагна, Қобара, Видебдат мазмұны ашылады. «Авестаның» мазмұны – жер бетіндегі жақсылық, игілік атаулыны дәріптеу екендігіне назар аударылған. Шығарманың өне бойынан адамзаттың ең құнды қасиеттері зороастризмдік этиканың басты үштігі: игілікті ой, игілікті сөз және игілікті іс екендігі дәйектелген. Авестаның маңызына баға берілген.

Түйін сөздер: ежелгі дәуір, тарих жазу, провиденциализм, зороастризм, Авеста, тарихнамалық дерек, көзқарастар, әнұрандар, Күнге әнұран, Митраға әнұран, Аридби-сұра, Бертырагнаға, Ашиға әнұран, Қобара, Видебдат.

Mukhatova O.H.
«Avesta» – historiographical
source of Antiquity

The article analyzes the content of a set of sacred texts zoroastri-cheskoy religion – Avesta, which until recently has not been translated into the Kazakh language. Showing the appearance and structure of the works which was founded in the writing of history on ordinary knowledge of mythological, religious outlook, ie on providentialism. Excerpts from «Avesta», which is considered a source of historiographical era of antiquity, disclosed the contents of its component parts – such as Hymns: Ardvi-sura, Sun, Mitra, Asha, Vertragna (the god of war and victory), Pharn, Bendidat. Attention is drawn to the fact that the content of the «Avesta» is the praise get here, good on the ground. It is proved that all the works of the content is threefold ethic of Zoroastrianism, the most valuable qualities of humanity: good thoughts, good words and good deeds. The estimation of the value of the Avesta.

Key words: Antiquity, the writing of history, providence, Zoroastrianism, Avesta, historiographical source views, hymns, Ardvi-sura, Sun, Mitra, Asha, Vertragna (the god of war and victory), Pharn, Bendidat.

Мухатова О.Х.
«Авеста» –
историографический источник
эпохи древности

В статье анализируется содержание свода священных текстов зороастрийской религии – Авесты, который до последнего времени не был переведен на казахский язык. Исследуются появление и структура сочинения, которое было основано в историописании на обыденно-мифологическом знании, религиозном мировоззрении, т.е. на провиденциализме. Приводятся отрывки из «Авесты», который считается историографическим источником эпохи древности, раскрывается содержание составляющей ее части – гимнов, таких как: Ардви-сура, Солнцу, Митре, Аши, Вэртрагна (бог войны и победы), Хварно, Бендидат. Обращается внимание на то, что содержание «Авесты» – это восхваление доброты, блага на земле. Обосновано, что все содержание сочинения составляет триединая этика зороастризма самые ценные качества человечества: благая мысль, благое слово и благие поступк. Дается оценка значению Авесты.

Ключевые слова: эпоха древности, историописание, провиденциализм, зороастризм, Авеста, историографический источник, взгляды, гимны, Ардви-сура, Солнцу, Митре, Аши, Вэртрагна (бог войны и победы), Хварно, Бендидат.

**«АВЕСТА» –
ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДІҢ
ТАРИХНАМАЛЫҚ
ДЕРЕГІ**

Қазақстан тарихы бойынша ежелгі тарихнама сол дәуірдің өзінде қалыптасып, жетілді. Тарихнаманың қалыптасуына ықпал еткен факторлардың бірі діни наным-сенім болып табылады. Дүниені жаратушы күштің бар екендігі туралы көкарастар адамзаттың басынан кешкен оқиғаларын діни тұрғыда түсіндіруге ұмтылдырды. Сондықтан да тарихты жазуда діни ұстанымдармен қатар мифтік көзқарас бірге жүрді. Осындай негіздерде ежелгі дәуірде бірқатар шығармалар жазылып, олардың кейбіреулері (мәтіні толық болмаса да) бізге дейін келіп жетті. Сондай шығармалардың бірі – «Авеста». Авеста Зороастра дінінің қасиетті кітабы, «Авестаның» дүниеге келуіне байланысты түрлі көзқарастар бар. Солардың бірі «Авеста» Иран жерінде Аршак дәуірінен басталған және әсіресе Сасанилер кезінде бірнеше діни реформалар барысында қалыптасқан қағида болып табылады. Авестаның мәтіні көне парсы тілінен өзгеше және бірқатар белгілері бойынша неғұрлым кейінгі шығыс иран (соғды, хорезм, сақ және т.б.) тілдеріне жақын көне иран тілінде жазылған деп санайды. Екінші біреулері «Авеста» бастапқыда шамамен 1000 жыл бойы ауызша беріліп келген Авеста мәтіні Сасанилер кезінде қалыптасқан парсы (арамей әліпбиі негізінде) әліпбиімен, содан соң соның негізінде жасалған фонетикалық жазбамен тұңғыш рет бізге салынған болса керек деген пікірді алдыға тартады. Үшіншілері Ахеменид кезеңінің өзінде Авестаның мәтіні жазылған. Ол 12 мың сиыр терісінде алтын сиялармен Персепольдық сарайларда сақталған болатын. Бірақ бұл жазу А. Макендонский шапқыншылығында жойылды деп айтылады. Содан кейін Шапур I тұсында бұл киелі кітап қайта өңделді деген көкарас танытады. Авестаның қай жерде, қай кезде жазылғаны туралы мәселенің дауы әлі бар [1]. Бізге дейін жеткен Авеста мәтіндерінің мерзімі ерте дегенде XIII ғасыр деп белгіленеді және ол бастапқы мәтінінің жартысына жетпейді. «Авестаның» мазмұны провиденциализмге негізделген, осыған орай ежелгі дәуір тарихының тарихнамасындағы орны ерекше. Ғылымда «Авеста тілі» деп аталатын көне тілде біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда хатқа түсірілген. Сасани әулеті заманында (3-7 ғасырлар) Авеста 21 кітаптан құралған. Біздің заманымызға соның төрттен бірі ғана жетті. Олар екі нұсқадан

тұрады. 1-нұсқасы әр түрлі кітаптардағы мінежаттар. 2-нұсқасы дінге, құқыққа, табиғатқа, дүние жаратылысына байланысты әуендерден, дұғалардан, ән-ұрандардан тұрады. Бұл Шығыс халықтарының көпшілігінің тарихына, мәдениетіне, дініне, ауыз әдебиетіне қатысы бар ортақ жәдігерлік. Авестаны зерттеген ағылшын ғалымы Мэри Боис: «заратуштрашылдықтың негізін қалаған Заратуштра – көшпелі Азия даласының, ұлы Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпалардан шыққан» деген. Василий Бартольд, Александр Маковельский, Александр Бернштам, Әлкей Марғұлан Авестаны жасауға сақ, скиф, ғұн, қаңлы тайпалары қатысқандығын айтады. Авеста – Заратуштра (грекше – Зороастра) пайғамбардың рухани ілімі мен құдайға құлшылық ету уағыздары. Мазмұны 2 мың жыл ішінде (біздің заманымыздан бұрынғы 3-1 мыңжылдықтар арасы) қалыптасқан [2]. Авестаның көп бөлігі жоғалған, ұмытылған. Ғалымдардың болжамынша, 1/7 бөлігі ғана біздің заманымыздың III ғасырында Аршак әулеті дәуірінде жинақталып, кітап етілген. Көптеген ғалымдар авеста Иранда Сасани әулетінен шыққан I Хосроу шаһ тұсында жазылған деп есептейді. Шындығында ол бұл дәуірде қасиетті саналғанымен, ұмытылған тілде жазылған. Көпшілік түсіне алмағандықтан діндарлар оны сол кездегі әдеби тіл – пахлауий тіліне аударып, көп түсіндірмелер қосқан. Аударманың көлемі өте үлкен болғандықтан діндарлар күнделікті пайдалану үшін Кіші Авестаны жасады. Оған Үлкен Авестадан іріктеп алынған дұғалар кірді. Авестаның барлық діндерге, бүкіл дүниежүзілік өркениетке үлкен әсері болды [1]. Мысалы, қазақ халқы жыл басын Наурыздан бастайтыны осының бір көрінісі.

Авеста (Ясна, Яшты және Вендидат) әлеуметтік-саяси құрылыс, әдебиет және дін туралы мәселелерді қозғады. «Абаста» (Авеста) шамамен осыдан 4000-5000 жылдай бұрын өмір сүрген Заратуштра деп аталып кеткен («Жаратушы», оның басқа бір «Зорутуштра» деген аты «Зор-от ұстаушы» деген нұсқаларға келеді) пайғамбардың «отқа табыну» дінінің негізін салушының ілімі болып табылады. Белгісіз тілде жазылған Авестаны тек жас ғылым француз Анкетиль Дюперон (1731-1805) XVIII ғасырда Индияға барған сапарында ашқан. Ол 1754 жылы Оксфордта сақталған Авеста жазбасының бірнеше беттерін қарастырып, Индияға баруға шешім қабылдады. Индияда 6 жылдың ішінде А. Дюперон зороастризм дінін қабылдағандармен достасып, олардың сеніміне кірді. Сол арқы-

лы парсы діни әдет-ғұрыптарымен танысты, қасиетті мәтіндерін оқуын үйренеді. 1761 жылы А. Дюперон Парижге оралғаннан кейін сол жиналған материалдарын қарастырып, нәтижесінде Авестаның аудармасын жасады, осындай жолмен ғылымға ежелгі парсы тілінің маңызды ескерткіші ашыла бастайды. Осы кезден бастап Авеста көптеген басқа тілдерге аударыла бастаған [1]. «Авестаны» орыс тіліне аударғандардың бірі – И. Стеблин-Каменский. Ал тұңғыш рет қазақ тіліне аударған – С.И. Оспанов. Зерттеуші бұл отқа табыну дінінің алғашқы шығуы прото немесе ескі түркі тілінде дүниеге келгендігін көрсете келе «Авеста» – «А баста», яғни «дүниенің о баста жаратылуы туралы» деген сөзден туындаған деп есептейді [3]. «Авестаның» мәні мен мазмұнын және тарихи дерек ретіндегі маңызын түсіндіруде С.И. Оспановтың түсіндірмелеріне сүйеніп, автордың пікірлері мен тұжырымдарын келтірдік.

Зороастризм дінінің қасиетті мәтіндер жиынтығы «Авеста» – тарихи үдерістерді идеалистік түсінуден туындаған өлең сөзбен жазылған туынды. Шығарманың басты идеясы дүниені жаратушыны мойындау және оған табыну. Мұның өзі тарихты жазуда күнделікті мифтік білімнің негізгі тәсілге айналғанын дәлелдейді. Тарихты жазудың тәсілі – діни көзқарас шығарманың басынан аяғына дейін айқын көрініс тапқан. Оның дәлелі мына жолдар:

«Ізгі Ойым – жарату
Менің, о Заратуштра,
Һәм Ақиқат, ең Үздік, –
Жаратқаным менің.
Һәм бұл Билік Үздіктірген
Жаратқаным менің.
Шапағатты Тақуалық –
Жаратқаным менің» [3, 334-335 бб].

«Авестаның» мазмұны – жер бетіндегі жақсылық, игілік атаулыны дәріптеу. Шығарманың өне бойынан адамзаттың ең құнды қасиеттері орын алған. Игілікті ой, игілікті сөз және игілікті іс – зороастризмдік этиканың басты үштігі. «Игілікті оймен, игілікті сөзбен, игілікті іспен игілікті ойды, игілікті сөзді, игілікті істі мадақтаймын. Барлық игілікті ойларға, игілікті сөздерге, игілікті істерге берілемін және зұлым ойлардан, зұлым сөздерден һәм зұлым істерден безінемін» деген сөйлем осыны анық көрсетеді. Адам үшін ең басты құндылықтар ақиқат, ақыл, парасат, ғылым, бақыт, береке-бірлік, күш-жігер насихатталады. «Ақұра-Мазда үн қатты:

«Менің атым – Сұралған,
О, сенімді Заратуштра,
Екінші атым – Табынды,
Үшінші атым – Пәрменді,
Төртінші – мен Ақиқатпын,
Бесіншіден – Бар-Берекет,
Маздаудан келген ақиқат,
Алтыншы атым – Ақыл,
Жетінші – мен Ақылдымын,
Сегізінші – мен Іліммін,
Тоғызыншы – Ілімдар,
Оныншы – мен Қасиетпін» [3, 330 б.], –

деген өлең жолдары еңбекті аса білімдар адамдардың жазғанынан хабар береді.

«Авеста» бірнеше әнұрандардан тұрады. Солардың алғашқысы «Аридби-сұра әнұраны» [3, 344-372 бб.] – сулардың және құнарлылықтың құдайы Аридбиге арналған. *Аридби* [Аридби] – тура аудармасы, шамамен, «Ығал» – өте ертедегі Әмударияның және оның қамқоршы Құдай аруағының аты. Олар көбіне Сұра [Сура] – «Қуатты, Күшті» және Анақыта [Анахита] – «Дақ түспеген, таза» деген балама эпитеттік атаулармен бірге аталады. Аридби-Сұра-Анақытаға бес тарау арналған. Бұл яшт (естің) балама атауы «Абан-яшт» [парсыша «аб» – «су», «-ан» дей (прото) түркі және протоиран тілдеріне ортақ «көпшені» білдіретін жұрнақ], яғни «Сулардың әнұраны». Ол шығыстық үндіеуропалық өте ескі діни әнұрандарға тән үш бөліктен тұрады: бірінші, («шақыру») құдайдың өзін табынып шақыру; екінші, ең үлкен («баяндаушы») бұрын бұл құдайға қандай атақты патшалар, елбасылары табынғанын, соның арқасында олар қандай жеңістерге, табыстарға жеткендігін баяндайды; үшінші, қорытынды («өтініш, сұрау») бөлімінде құрбандық жасаушы, табынушы осы Аридби-сұра арқылы не сұрайтындығы туралы айтылады [3, 368б]. Авестаны («А бастаны») зерттеушілердің пікірінше, бұл яшт көркемдігі жағынан өте жоғары және әртүрлі деректерге бай яшт деп есептеледі. Келесі «Күнге әнұран» [3, 373-376 б.] – өте қысқа әнұран. Оны И. Стеблин-Каменский Заратуштраның өзі емес, оның кейінгі абыздары, Авестаның алғашқы тілі ұмыт бола бастаған кезде, жалпы Авестаның бөлімдерінде күн туралы жеке әнұран болу үшін жазған дейді. Бұл әнұран күніне үш рет оқылған: ертеңгісін, түсте және кешке. Заратуштралық күнтізбеде айдың әрбір күні белгілі бір құдайларға арналған. Мысалы, Күнге айдың 11-і, Митраға – 16-ы, Аспанға – 27-і күндері арналған. Үшіншісі «Митраға әнұран» – «Миқыр-яшт» [орысшасында «Михр-яшт»] –

Авестаның ең белгілі және көлемді әнұрандарының бірі. Оның ескі бөлімдері кемінде б.д.д. I мыңжылдығының ортасына, тіпті онан да ерте уақытқа кетеді. Митра үнді-ирандық (арийлік), б.д.д. II мыңжылдыққа жататын кезеңдердегі құдайлардың пантеонына (қатарына) жатады. Алғашында Митра тайпалардың арасында жасалған (мысалы, жайылымдар немесе малды суға жығатын жерлер туралы) келісімдерінің орындалуын бақылайтын келісім құдайы деп қаралған. Кейіннен ол келісім бұзушыларға қарсы жасалатын соғыстарды жақтайтын соғыс құдайы деп, алдаушылар мен адалдарды айырып (олардың өлгеннен кейін рухына да үкім шығаратын), әділ үкім шығаруға көмектесетін сот-құдай деп те, сонымен бірге Күннің көктегі жүрісіне көмектесетін күн-құдайы деп те есептелген. Кейіннен «Митра» аты «Миқыр», «Мира» деген иран тіліндегі тек «Күн» дегенді білдіретін мағынада Күнге табыну дінінің атына айналған. Төртіншісі «Бертырагнаға әнұран» [3, 394-411 бб.] – 14-ші яшт Соғыс пен Жеңістің құдайы Бертырагнаға [Вэртрагна] арналған. Бертырагна – «Қорғанды Женуші» дегенді білдіреді. Кейінгі Иран тілінде ол ер адамның атымен Бахрам деп аталатын болған, сондықтан бұл яшт «Бахрам яшт» деп те аталады. Ұранның басында Жеңіс құдайының он көрінісі (инкарнациясы) Заратуштра пайғамбардың алдынан Дауыл, Бұқа, Ат, Бура, Қабан, көркем он бестегі Күйеу жігіт, Барағын құс, Тауқошқар, Таутеке, сымбатты Ер – батыр түрлерінде тізіліп келтірілген. Сосын Бертырагнаның Заратуштраны өзіне беріліп табынғаны және оған құрбандық келтіргені үшін марапаттауы туралы айтылады. Бесіншісі «Ашиға әнұран» [3, 411-427 бб.] – 17 яшт ізгілік тағдыр және бақыттың құдайы Ашиға арналған. Кейіннен гректер Ашиді Тиха (Тихе) деп, ал румдіктер Фортуна деп атаған. Ашидің алғашқы түбірі (этимологиясы) «ар-ти», яғни «әсер ету, жетістік, сыйлық, тақуалыққа марапат, ісіне қарай табысы» деген мағыналарды білдірген. Ол Заратуштра пайғамбардың өзі енгізген Гаттардағы өлең жолдарында игі ойға, игі сөзге, игі істерге байланысты жиі қолданған. Әнұрандағы кейбір қосалқы баламалар, қосымшалар кейіннен енгізілген болуы керек. Әнұран бұл өмірдің, Ізгілікті Аши берген ізгілік жақтарын мадақтаудан басталады. «Қобараға [Хварноға] әнұран» [3, 427-451 бб.] – Жердің құдайы Замға арналған деп есептеледі. Бірақ жердің жаралуына тек таулардың пайда болуы туралы бастапқы шумақтар ғана арналған. Ал онан кейін Қыбарнаға – киелілікке [харизмаға],

яғни «құдайдан келетін бақыт пен құдіретті күш-қуаттың мәніне ие болуға» арналған. «Видебдат» («Бендидат») [3, 451-468 бб.] – «Абастаның [Авестаның]» үлкен және күрделі бір бөлігі. «Географиялық поэма». Зороастризмдік түсінік бойынша, барлық әлем жеті бөлікке бөлінеді. Мәселен, Кукариэ [Хукарья] – Қара [Хара], Қарати [Харати] тауының биік шыңы. Борукаша [Ворукаша] – сөзбе-сөзі «Кең тілінген», «Кең қиындылары, атырауы бар» – теңіз аты, зороастрлық аңыздарда әлемдік мұқит, ал негізінде Арал, Каспий теңіздері немесе Балқаш көлі туралы (ескі ирандық тілде Борукаша деп айтылады. Туындыда Йема туралы аңыз қоса берілген. Аудармашы пікірінше, Йеманың бейне-образы ертедегі үндіеуропалық кезеңге кетеді. Атаудың алғашқы мағынасы – «жұп», «егіз» – Күннің балалары туралы, жалпы үндіеуропалық алғашқы ағайынды – егіздер бейнесімен байланыстылығын көрсетеді. Йема Ведадағы Йамамен [Яма] (тіке мағынасы «егіз»), өзінің егіз апасы Йамимен адамзаттың алғашқы бастауын құрады, ал Күннің баласы Бибасбата (абастада Бибақбант) кейіннен ол дүниенің патшасына айналады. Үндіран қауымдастығы дәуірінде Йема туралы өте әртүрлі халықтарда әр түрлі түсініктер қалыптаса

бастады: солтүстік құдайы, құдайлар пантеонының [жүйесінің] пірі [біріншісі], ол дүниенің ең құдайы, «алтын заманның» патшасы, мәдени қайраткер және т.б. Осындай әртүрлі өзара байланыссыз түсініктерден зороастрлық дәстүр өзіндік біртұтас аңыз қалыптастырды. Бірінші бөлімінің басты мазмұны үндірандық Йема – адамдардың өлмейтін өмірі һәм байлықта, һәм амандықта болған «алтын заманның» патшасы туралы аңыздарға сүйенген. Екінші бөлімінде Йема өркениеттілікті дамытушы кейіпкер, бірінші болып өліп, адамдарға ол дүниеге қарай жол салушы және сол арқылы ол дүниенің басты құдайы болғандығы; сонымен бірге тақуалардың ол дүниедегі өлілер патшасының тұрағындағы масатты, шадыман ғұмыры туралы және алғашқы эсхотологиялық, – ұлы қыс түсіп, онан соң еріген қар-мұздан топан су көтеріліп дүниенің ақыры болатындығы туралы, аңыздардың ырғақ-нұсқалары байқалады. Сонымен қатар бірқатар дұғалар да берілген. Мысалы, «Ясна» – малшыны қолдау туралы дұға.

Осылайша «Авеста» тарихи дерек ретінде ғана емес, тарих жазуда идеалистік ұстанымның орын алғандығын және ежелгі тарихи ойдың деңгейін зерделеуге көмектеседі.

Әдебиеттер

- 1 <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/2959>
- 2 <https://kk.wikipedia.org/wiki/Avesta>
- 3 Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 1 т. Ежелгі Шығыс. – Астана: «Фолиант», 2005. – 325-468 бб.

References

- 1 <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/2959>
- 2 <https://kk.wikipedia.org/wiki/Avesta>
- 3 Tarikh, adamzat aqyl oyunyn qazynasy. On tomдық. I t. Ezhelgi Shygys. – Astana: «Foliant», 2005. – 325-468 bb.

Нұртазина Н.Д.
**Қазақ көшпелілерінің діни
дәстүрін зерттеудің
тарихнамалық және
теориялық-методологиялық
аспектілері**

Кеңес дәуірі дінтану мен исламтану ғылымдары үшін аса ауыр зардаптарымен сипатталады. Ресми идеология мен тарихнама ұстанымы бойынша ислам дінін билеуші таптың ұстанатын діні, ал қалың қазақ бұқарасы шаманистер болды-мыс. Шығыстанушы-классиктер мұрасына да субъективтік баға беріліп, ғылымда мұсылмандық ұлттық дәстүр болғаны жоққа шығарылды. ҚР мемлекеттік тәуелсіздік жариялағаннан кейінгі жылдары отандық тарихнама мен шығыстану ғылымдарындағы жетістіктерге қарамастан қазақ көшпелілерінің діни дәстүрі проблемасы жаңаша тұрғыдан қарауды, кеңесті маркстік тарихнама таптаурындарынан арылтуды қажет етеді. Ең алдымен, діндегі басты критерий – ол халықтың өзін-өзі тануы, бірегейленуі деп мойындалуы тиіс, сол сияқты қазақ көшпелілерінің өздерінің діни дәстүріне деген көзқарасына құрмет танытылуы керек. Сонымен қатар, ханафи мәзхабы ерекшелігіне назар аудару қажет, себебі онда мұсылман болудың басты шарты иман айту, яғни дінге сеніп, ауызша жариялау болып табылады. Ұлттық дереккөздерге жаңа көзқарас қазақтың мұсылмандық дәстүрінің толыққандылығын негіздеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қазақтар, көшпелілер, мұсылман дәстүрі, өз-өзін бірегейлендіру, тарихнама, шығыстану, бұрмалау, мифтер, таптаурындар, әдістеме, ханафи мәзхабы, дереккөздер.

Nurtazina N.D.
**Historiographic and theoretical-
methodological aspects of the
studying of Kazakh nomadic
tradition**

The Soviet period is characterized by a particularly tragic consequences for religious and Islamic studies. Islam was declared by official ideology and historiography as a religion of the rulers and upper classes, while the Kazakh nomads allegedly remained Shamanists. Heritage of Oriental classics was interpreted subjectively, scholars denied the existence of Muslim nomadic tradition. Despite the achievements of national historiography and Oriental studies in RK for the years of independence the problem of religious tradition of Kazakh nomads needs a new interpretation and liberation from the stereotypes of Soviet Marxist historiography. First, it must be recognized that self-identity of the people is the main criterion to determine people`s confession, it is important to respect assessment by the Kazakh nomads of their religious traditions. Also one can pay attention to the specifics of Hanafi mazhab, according to which the main condition of Muslim`s identity is «Iman» – the adoption and declaration of faith. A new look at domestic sources suggests the usefulness of the Kazakh Muslim tradition.

Key words: Kazakhs, nomads, Islamic Tradition, self-identification, historiography, Oriental studies, falsification, stereotypes, methodology, Hanafi mazhab, sources

Нуртазина Н.Д.
**Историографические и
теоретико-методологические
аспекты изучения религиозной
традиции казахских
кочевников**

Советский период характеризуется особо трагическими последствиями для религиоведения и исламоведения. Ислам был объявлен официальной идеологией и историографией религией правителей и высших классов, тогда как массы казахов-кочевников якобы оставались шаманистами. Наследие классиков востоковедения также интерпретировалось субъективно, в науке отрицалось наличие мусульманской кочевой традиции. Несмотря на достижения отечественной историографии и востоковедения в РК за годы государственной независимости, проблема религиозной традиции казахов-кочевников нуждается в новой интерпретации и освобождении от стереотипов советской марксистской историографии. Прежде всего необходимо признать, что главный критерий в религии – это самоидентификация народа, важно уважительно относиться к оценке самими казахами-кочевниками своей религиозной традиции. Также можно обратить внимание на специфику ханафитского мазхаба, согласно которому главным условием мусульманской идентичности выступает «иман» как принятие и декларация веры. Новый взгляд на национальные источники позволяет утверждать о полноценности казахской мусульманской традиции.

Ключевые слова: казахи, кочевники, мусульманская традиция, самоидентификация, историография, востоковедение, искажение, мифы, стереотипы, методология, ханафитский мазхаб, источники.

**ҚАЗАҚ
КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ
ДІНИ ДӘСТҮРІН
ЗЕРТТЕУДІҢ
ТАРИХНАМАЛЫҚ
ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ-
МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ**

Қазақстан тарихында исламның «алтын ғасыры» деп оның аумағында Қарахан қағандығы, Алтын Орда, Ақ Орда, Қазақ Хандығының және т.б. тәуелсіз түркі-мұсылман мемлекеттері өркендеп, қанат жайған X-XVIII ғасырлар аралығы тұтастай қарастырылуы керек. Түркілер ислам дінін қабылдау арқылы біржолата өзінің еркін тарихи таңдауын жасай отырып VIII-X ғасырлар шегінде-ақ бірте-бірте ғаламдық ислам қоғамдастығына толыққанды мүше болып енді және оның дамуына өз ықпалын тигізе бастады. Қазақстан Республикасының бұрынғы Бас мүфтиі, шығыстанушы ғалым, профессор Ә. Дербісәлінің еңбектері орта ғасырлардағы түркі-мұсылман ғалымдарының бай мұрасы мен ислам өркениетіне сіңірген үлесін айқындап берді [1].

Орталық Азия көшпелілерін кешенді зерттеулерінде қазақ көшпелі қауымының бірегейлігі, дәстүрі, діні ерекше назарда болуы тиіс. Қазіргі заманғы ғылыми объективтік методология Кеңестік мифтердің негізсіз екенін дәлелдеп отыр. Тіпті шаманизмді әсіре бағалаған Шоқан Уәлихановтың өзі қазақ көшпелі қоғамының діні туралы екі жақты, қайшылықты пікірлер айтқан. Мәселен, ағартушы осы мәселе туралы әр қазақ «өзінің Мұхаметтің үмбеті және мұсылман екенін біледі... бұл оның басқа дін өкілдерінің алдындағы мақтан тұтар ерекшелігі... ол бала кезінен әрдайым өзінің мұсылман екенін естіп өседі...» [2, 198 б.]. Ағартушы Шоқан өзі мұсылманшылыққа бүйрегі бұрмаса да «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихына қатысты жазбалар» атты еңбегінде қазақ қоғамының діни бірегейлігі жайлы тарихи шындықты жеткізіп, «әр ауылда молда мен көшпелі медресе-мектеп бар; кімде-кім отыз күн ораза ұстап бес уақыт намаз оқымаса ол адамның өз руластары арасында еш ықпалы мен беделі болмайды» [3, 302 б.] дегені біраз мамандарға мәлім болса да, Кеңестік ресми тарихнамада мойындалмады.

Кеңестік тарихнамада тұтастай Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірдегі қазақтардың діни синкретизмі мен олардың өміріндегі ислам діні рөлінің әлсіздігі жайлы шынайы ғылыми ақиқаттан алшақ көзқарас билік құрып келді. Яғни ислам «жоғары таптың – хандар мен қожалардың діні болып саналса, «халықтық дін» ретінде шаманизм аталды. Әлдебір

тарих куәгерлерінің берген мәліметтері негізінде исламға дейінгі наным-сенім түрлерін ұлттық діни дәстүр етіп көрсетуге алып келген бұл жағдай тіпті посткеңестік әдебиетте де қайталанатын. Ал шын мәнінде бұл ретте біраз мәселе назардан тыс қалып отырды, нақтырақ айтқанда, қазіргі ресейлік авторлар Н. Башилов пен Ж. Кармышева атап көрсеткендей, «басқа елдерден келгендер негізінен қазақтардың діни өмірінің тек сыртқы көрінісімен танысты және олардың қазақтар ислам дінінің негіздері тұрғысынан алғанда сауатсыз деген ой-пікірлері нақты шындыққа жанаспады. Қазақтар жайлы жиған мәліметтерін жариялаған көптеген авторлардың өздерінің ислам жайлы жақсы білімі болған емес» [4, 17 б.].

Бұған кеңестік авторлардың көшпелі ауылдарда мешіттердің болмауын исламға қарсы «бұлтартпас дәйек» ретінде қолданғанын қосуға болады. Ал шындығында көшпенді-мұсылмандар өз киіз үйлерінде намаз оқып, далалық тұрмысқа ыңғайлы, жылжымалы осы баспананы ғибадат орындау, оқу-ағарту мақсатында орында қолдана білді және мұның ешқайсысы да ислам қағидаларына қайшылық тудырған жоқ. Осыған сай, ортағасырлық тарихи дерек көздерінде «көшпелі мектептер», «киіз үй мешіттер» сияқты және т.б. атаулар кездеседі.

Көшпелі қазақтардың «әлсіз мұсылман» болғаны жайлы көзқарас көбіне халықтың өзінің сана-сезіміне, өзін-өзі бағалауына, оның ұлттық мұрасына, ауыз әдебиетіне, шежіре мен салт-дәстүріне салғырттық танытумен байланысты туғаны анықталды. Қазақ халқының ұжымдық бірегейлігі, тұтастығы шын мәнінде ауызша тараған тарихта, эпикалық, генеологиялық, агиографиялық мұрада сақталған, ал онда, мәселен, қазақ қисса-дастандарында, халықтың исламды жағымды образда қабылдауы жайлы тарихи жады көрініс табады.

Тек қазіргі кезеңде ғана ресейлік исламтанушы С. Прозоров «аймақтық ислам» тұжырымдамасының басты қағидасын айқындап берді – ғалымның атап көрсеткеніндей, діни сенімді анықтау барысында негізгі талап ретінде «өзін мұсылман санайтын жеке адамның, топтың немесе халықтың сана-сезімі» назарға алынуы тиіс [5, 378 б.]. АҚШ шығыстанушысы Девин Девис халықтың өзіндік танымын ескерудің қажеттілігін баса атайды. Ғалым қазақтар мен қырғыздарға қатысты тараған «сырттай» немесе «таяз» ислам жайлы кеңестік және посткеңестік көзқарастарды сынға алады [6, 52-53 б.]. Қазақстандық исламтанушылар да өз кезегінде

қазақ мұсылман қауымының тарихы жайлы мәселені арнайы көтерудің орындылығын; тарихта «қожалардың рөлінің өз деңгейінде бағаланбауы ғылыми анықтамадан алшақ «үстірт» ислам («поверхностная исламизация») тектес атаулардың туындауына және таралуына алып келгенін» дәйектейді [7, 233 б.].

Сонымен қатар, қазір ғалымдар қандай да бір халық арасында тараған «жақсы» немесе «нашар», «әлсіз» ислам жайлы мәселені міндетті түрде діннің өзінің басты қағидалары мен талаптарын ескере отырып зерттеу қажеттігіне еш күмән тудырмайды. Қазақстан мен Орталық Азия жайлы сөз қозғағанда теорияда (*ақида*) самарқандық теолог Матуриди мектебіне сүйенетін ханафи мәзһабының («*мазһаб*» араб т. «жол», «бағыт», «мектеп» мағыналарын береді) либералдығы ескерілуі қажет. Ханафи мәзһабы ислам құқығының (*фиқһ*) мектебі ретінде Орталық Азияда моңғол шапқыншылығына дейінгі дәуірдің өзінде-ақ билік құрды. Оның негізін Ислам халифатының аумағында VIII ғасырда өмір сүрген белгілі ислам ғалымы – Әбу Ханифа, Имам Ағзам құрметті лақаптарына ие факих Нұғман ибн Сәбит қалаған.

Ежелгі түркі тайпалары ислам дінін қабылдай бастаған тұста олар алдымен сол замандағы исламда пайда болған әр түрлі алғашқы бағыттармен және мектептермен (соның ішінде алғашқы шиалық ілімдермен де) танысып шықты. Дегенмен, олар көп ұзамай өз таңдауын білдіріп, исламның сүнниттік бағыттағы ханафи жолына тоқтады. К. Босворттың айтуынша, «түркілер негізінен исламды зор рухпен қабылдады. Олар сүннизм мен ханафи мәзһабына (жол) барынша қолдау танытты» [8, 32 б.].

Орта ғасырлық дәуірде ислам дінін тарату барысында ханафи мәзһабы қасиетті мәтіндерді барынша ақылмен түсіндірудің және араб емес ұлттардың (олар «*аджам*» деп аталды) құқықтарына сый-құрмет танытуының арқасында танымалдыққа, үлкен беделге ие болды. Бұл мәзһаб шариғаттың қайнар көзі ретінде Құран мен Сүннетке қоса жергілікті халықтардың қалыптасқан құқығын енгізуге мүмкіндік бере отырып («*адат*», «*сурф*» – осыдан қазақтың «әдет, ғұрып» сөздері шыққан). Бұл ұстаным түрлі елдер заңгерлерінің шығармашылық қызметіне кең өріс ұсынды.

Дінді ұстану, соның ішінде исламды қабылдауды талдап-түсіндіруде ханафи-матуриди дәстүрін жоғары бағалау қажет. Бұл мәзһаб бойынша ислам қауымдастығына ену үшін иманның болуы жеткілікті. «*Иман*» – адамның

өз діни сенімін жариялауы, яғни «*Лә иллаһа илла Аллах, Мухаммадун расул Аллах*» тіркесін айту арқылы Алланың Бір, оның елшісі Мұхаммед екендігін мойындауы екені белгілі. Бес уақыт намаз бен басқа парындарды орындамау айыпталғанымен, ол адамды мұсылман дәрежесінен айырмайды, «кәпірге» айналдырмайды, бұл ханафи мәзһабында «иман» (сенім) мен «амалдың» (әрекет) өзара байланысын диалектикалық түсінумен байланысты еді.

Сонымен, бүгінгі күні қалыптасып қалған ескі көзқарастар мен жалған пікірлерден арыла отырып, діни-конфессиялық ұстанымның басты көрсеткіші ретінде субъектінің (ұлттың, адамның) мәдени-өркениеттік тұрғыдан өзіндік танымын біржола анықтап бекіту қажет. Яғни шетелдік саяхатшылардың жалаң айтқандары емес, ұлт немесе жеке адамның өзі өзін қарастырылып отырған дінмен қандай байланыста көретіні, қай Кітапты қасиетті деп санайтыны, қай құдайға немесе пайғамбарға сенетіні және т.б. анықталуы қажет.

Хандық дәуірдегі қазақтардың дінін зерттеген Ибн Рузбихан бүгінге аса құнды деректер қалдырған, олардың қатарында халықтың өз сана-сеніміне берген бағасы да бар. Оның айтуынша Бұрындық пен Қасым хандар тұсындағы қазақтар ең алдымен «өздерін мұсылманбыз деп санайды» [10, 105 б.]. Басқа жағынан алғанда, шетелдік сарапшылардың пікірлеріне құрметпен қарай отырып, әсіресе рухани салаға қатысты мәселеде «іштен» туған көзқарасты есепке алмауға, бұған қатысты халықтың өзі берген бағасы мен оның тәжірибесін, оның тарихи ойы мен жадында сақталған ислами құнды-

лықтардың көрінісін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Исламның тарихына қатысты алғандағы қазіргі заманғы көзқарас біртұтас ислам жер шарына таралу барысында өзінің бұлжымас қағидалары мен ұстанымдары тұрғысынан тұтастығын сақтаумен қатар, оның (исламның) өзара теңқұқылы аймақтық субмәдениеттерді біріктіретін жаһандық макрожүйеге айналғандығын атап көрсетуге мүмкіндік береді. Аймақтық ислам – мәзһаб пен догматтың (қатаң қағиданың) ерекшелігі ғана емес, ол аймақтық діни орталықтарда жергілікті рухани көсемдер мен беделді тұлғалардың, өз қасиетті нысандары мен дәстүрлерінің пайда болуына байланысты қалыптасқан дербестілік және толыққандылық. Мәселен, Герат, Бұхара, Самарқанд, Ұйыс-Түркістан, Ұфа, Қашқар және т.б. сынды орталықтар қасиетті Мекке мен Мәдинамен еш таласпай-ақ жергілікті халықтардың өмірінде баға жетпес рухани рөл атқарып жатты.

XVI ғ. басына қарай біржола нығайып, біріккен қазақ көшпелі этносы діни және өркениеттік тұрғыдан өзін сүннилік ислам әлемімен және ханафи мәзһабымен («Имам Ағзам жолы») байланыстырды. XVI ғ. түрік тарихшысы Сейфи Челеби Қазақ Хандығының тұрғындары жайында сөз қозғағанда «Имам Ағзам жолын ұстанушы мұсылмандар» деп жазған [11]. Әрине, бұған қоса ортағасырлық түркілік-ханафилік дәстүр Орталық Азиядан шыққан ұлы шейх, ислам ғалымы Қожа Ахмет Йасауидің (XII ғ.) этикалық-философиялық және рухани-психологиялық ілімі – Йасауи мектебінің сопылық элементтерімен тығыз байланысты болды.

Әдебиеттер

- 1 Әбсаттар қажы Дербісәлі. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 б.
- 2 Валиханов Ч.Ч. Замечания на третью часть описания киргиз-казачьих орд (А.И.Левшина) // Собрание соч. в пяти томах. – Том 1. – Алма-Ата: Гл. ред. Каз. совет. энц., 1984. – С. 198-200.
- 3 Валиханов Ч.Ч. Заметки по истории южносибирских племен // Собр. Соч. – Т. 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – С. 302-308.
- 4 Басилов В.Н., Кармышева Дж. Х. Ислам у казахов (до 1917 г.). – М.: РАН, Институт Этнологии и Антропологии, 1997. – 161 с.
- 5 Прозоров С.М. Новый методологический подход к изучению ислама в России // Ислам как идеологическая система. – М.: Изд. фирма «Восточная литература РАН», 2004. – С. 378-380.
- 6 Devin DeWeese. Islamization and native religion in the Golden Horde. Baba Turkles and conversion to Islam in historical and epic tradition. University Park Pennsylvania State Univ.Press. – 1994. – 638 p.
- 7 Муминов А.К. Казахские ходжи // Shygys (Восток). – 2004. – № 1. – С. 229-235.
- 8 Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы (Ханафи мәзһабы бойынша). – Алматы: Дәуір, 2003. – 400 б.
- 9 Босворт К.Э. Нашествия варваров: появление тюрок в мусульманском мире // Мусульманский мир, 950-1150. (сб.) / пер. с англ. – М.: Наука, 1981. – С. 20-35.
- 10 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара. – М.: Наука, 1976. – 197 с.
- 11 Сейфи Челеби. «Таварих» («Хроника»). Текст http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Celebi_Sejfi/text1.phtml?id=12726

References

- 1 Derbisali, Absatter. Islamnin jauherlary men jadygerlikteri. – Almaty, Atamura, 2008- 488 b.
- 2 Valikhanov Ch. Ch. Zamechania na tretiu chast opisania Kirgiz-kazachiih ord (A.I. Levshina)- Alma-Ata, Gl.red. Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii, 1984 – s. 302 – 308
- 3 Valikhanov Ch. Ch. Zametki po istorii yuzhno-sibirskih plemen // Sobr. Soch. T. 1. – Алма-Ата: Alma-Ata, Gl.red. Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii, 1984 – s. 302 – 308.
- 4 Basilov V.N. Karmysheva J. Kh. Islam u kazakhov (do 1917 goda) Moskwa: RAN, Institut Etnologii I Antropologii, 1997. – 161 s.
- 5 Prozorov S.M. Novyi metodologichesky podhod k izucheniu islama v Rossii //Islam kak ideologicheskaya sistema – Moskwa: Vostochnaia literature RAN, 2004- s. 378-380.
- 6 Devin DeWeese. Islamization and native religion in the Golden Horde. Baba Turkles and conversion to Islam in historical and epic tradition. University Park Pennsylvania State Univ.Press. – 1994. – 638 p.
- 7 Muminov A.K. Kazakhskie khodjii // Shygys (Vostok). – 2004. – № 1. – s. 229-235.
- 8 Isaully M., Joldybayuly Q. Islam gilimkhaly (Khanafi Mazhaby boinsha). – lmaty: Dawir, 2003. – 400 b.
- 9 Bosword K. Nashestvie varvarov: poyavlenie tiurok v musulmanskom mire // Musulmanskii mir, 950-1150. (сб.). / Per. S angl. – Moskwa: Nauka, 1981. – s. 20-35.
- 10 Fazlallah Ruzbikhan Isfakhani. Mikhman name-i Bukhara – Moskwa: Nauka, 1976. – 197sc.
- 11 Seifi Chelebi «Tawarih» («Khronika»). http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Celebi_Sejfi/text1.phtml?id=12726

Сексенбаева Г.А.,
Нұрмұхамедова А.А.

**Ақпараттарға қолжетімділік
мұрағаттық идеология ретінде**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарындағы құжаттарды құпиясыздандыруға байланысты туындаған мәселелер осы мақаланы жазуға себеп болды. Ауқымды ақпараттардағы олардың жеткілікті түрде қамтылмауы қоғамның санасында «мұрағаттардың құпиялылығы» ретінде қалуда. Қоғамды өз тарихымызды қамтитын құжаттамалық база ақпараттарынан айыруда мұрағатшылардың да кінәсі бар. Мұрағаттық қызметкерлерге шет елдердегі мемлекеттік мұрағаттарының тәжірибесін ескеру пайдалы болар еді. Мұнда әр жыл басында құпия режимде сақталған, бірақ сақталу мерзімі аяқталған мұрағаттық-құжаттарға қоғам үшін қолжетімділік туындайды. Мәселенің өзектілігі ақпараттарға деген қолжетімділіктің қазіргі таңда да маңызды мәселелердің бірі екендігінен туады, оның рұқсатынсыз мұрағаттардың тарихи ғылым мен қоғамдық өкілдердің арасындағы қарым-қатынасы мүмкін болмас еді. Мұрағаттардың құжаттамалық құндылықтарын толық және әр жақты пайдалану олардың «ашық» жағдайында ғана жүзеге асады, яғни азаматтардың мұрағаттық құжаттармен ғылыми-анықтамалық аппаратқа деген қолжетімділігі еркін болған жағдайларда.

Түйін сөздер: мұрағаттар, мұрағаттық құқық, ақпараттарға деген қолжетімділік, мұрағаттық құжаттарға деген қолжетімділік, құжаттамалық ақпарат, жариялылық қағидасы.

Seksenbaeva G.A.,
Nurmuhamedova A.A.

**Access to information as an
archival ideology**

The reason for writing this article was the information vacuum, which was created around the issue of declassifying of the documents in the state archives of Kazakhstan. The lack of coverage of the data in the media originates wild guesses and forms public opinion about «closed records». Moreover, archivists themselves contribute to this issue, depriving the public of information about its activities to expand the documentary base of our history. It would be useful for archivists to consider the experience of the state archives of many foreign countries, where at the beginning of each year archives declare about the opening of access for the general public to archival documents, whose shelf life in a closed regime expired. The actuality of the problem lies in the fact that access to the data is still a major issue, without its permission there cannot be the interaction with the archives of historical science and the public.

Key words: archives, archival right, access to information, access to archival documents, dokumental information, the principle of publicity.

Сексенбаева Г.А.,
Нұрмұхамедова А.А.

**Доступ к информации как
архивная идеология**

Недостаточное освещение документов в государственных архивах Казахстана в средствах массовой информации вновь и вновь порождает домыслы и формирует мнение общественности о «закрытости архивов». В немалой степени этому способствуют и сами архивисты, лишая общественность информации о своей деятельности по расширению документальной базы нашей истории. Архивным работникам полезно было бы учесть опыт государственных архивов многих зарубежных архивов, где в начале каждого года объявляется об открытии доступа для широкой общественности к архивным документам, сроки хранения которых на закрытом режиме истекли. Актуальность проблемы состоит в том, что доступ к информации и поныне является важнейшей проблемой, без ее разрешения невозможно взаимодействие архивов с представителями исторической науки и общественности. Полноценное и разностороннее использование документальных богатств архивов возможно лишь при их открытости, т.е. наличии свободного доступа граждан к архивным документам и научно-справочному аппарату.

Ключевые слова: архивы, архивное право, доступ к информации, доступ к архивным документам, документная информация, принцип публичности.

**АҚПАРАТТАРҒА
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК
МҰРАҒАТТЫҚ
ИДЕОЛОГИЯ РЕТІНДЕ**

Мұрағаттар өзінің қоғамдық ролінде тек қана ретроспективті ақпараттарды сақтап қана қоймайды, сонымен қатар, оларға осы ақпараттарды қолданудағы әлеуметтік қызмет те жүктелген. Сондықтан мұрағаттық құжаттарды қолдану барысында тұлғаның өз құқығы мен елдің тарихын білуі басым болуы керек.

Бұрынғы бізге қолжетімсіз болған құжаттардың ашылуы, тарихи және құжаттамалық мұраларымыздың толықтырылуы – соңғы жылдардағы біздің жеткен жетістіктеріміз. Елде болып жатқан процестердің әсерінен, мұрағат зерттеушілер үшін бұрын идеологиялық себептермен құпия болған тарих беттерін ашты. Республика заңнамасында жазылған мұрағаттық құжаттар мәдени құндылығымызға қол жеткізу құқығына кепілдік болып табылады. Алайда «мұрағаттардың ашықтығы» түпкілікті түрде қалыптаспаған және мұрағаттық ақпараттарды тұтынушыларға ұсыну бөлшекті негізде қала бермек.

Мұрағат көздеріне қол жеткізу – мұрағат идеологиясындағы ең маңызды аспект. Қолжетімділік шегінде міндетті түрде ақпараттарды еркін қолдана алу қағидалары және ел мен жеке тұлға мүдделеріне қатысты құпия құжаттар белгіленуі тиіс.

Соңғы уақыттарда республикада цивилизациялық әлемде қабылданған принциптерді іске асыру үшін мұрағаттық құжаттарға қол жеткізу мәселесіне қатысты қадамдар жасалды және де осы мәселелер өзінің ішінара құқықтық реттеуін тапты.

Жариялылық қағидасы, яғни кең ауқымды жұртшылыққа мемлекеттік мұрағаттардың қолжетімді болуы, ең алғаш Француз буржуазиялық революциясы жылдарында жарияланды. 1790 және 1794 жылдардағы заңдарға сәйкес әрбір француз азаматы аптаның белгіленген күндерінде мұрағаттық құжаттармен жеке өзі таныса алатын болды. Француз заңдарында негізделген қағидалар басқа европалық мемлекеттердің мұрағаттық заңнамаларына жақсы үлгі болып қызмет етті. Алайда, жариялылық қағидасын практикаға ендіру өз кезегінде көптеген кедергілермен соқтығысты.

Мұрағаттық деректерге қолжетімділікке байланысты мәселелер II Дүние жүзілік соғыстан кейін нық пайда болды. Мәселенің тұжырымына әсер еткен – гуманитарлық салаға ақпараттарды кең түрде тарату мақсатын негіздеген ЮНЕСКО

КО қызметі болып табылады. Қолжетімділік мәселесі мамандандырылған мұрағаттық байланыстарды халықаралық деңгейде үйлестіретін үкіметтік емес консультативтік орган – Халықаралық Мұрағаттар Кеңесінің (ХМК) қызметтік бағдарламасы үшін де маңызды мәселе болып табылады. ХМК-нің құрылтайшылық жарғысы бойынша оның негізгі салалық қызметі – мұрағаттарға деген үлкен қолжетімділікті қамтамасыз ету және қорлар жайлы ақпараттарды жетілдіру негізінде мұрағаттарды пайдалану бойынша шарттарды жеңілдету және құжаттарды бағалауда әсерлі және бейтарап мүмкіндіктерді құру. Сондықтан бұл мәселе 1950 жылдарда мерзімді шектеулері бар құжаттардың физикалық төзімділігі және олардың негізгі аспектілері: мұрағаттық іздеу құралдары, техникалық жабдықтау (көшіру, микрофильмдеу), ақпараттарды қолданушылардың құқықтары бойынша жүргізілген әрбір халықаралық мұрағаттық форумда көтерілді [1].

Мұрағаттарды қолдану шарттарын жеңілдету сұрағы бойынша арнайы дебаттар 1966 жылы Вашингтонда ХМК конференциясында туындады. Мұның бірден-бір себебі – АҚШ департаментінің арнайы мемлекеттік комиссиясы жүргізген зерттеуі. Мұнда олар әлемнің 74 елінің дипломатиялық мұрағаттарын ақпараттардың қолжетімділігін анықтау барысында зерттеу жүргізген. Зерттеудің нәтижелері бойынша: 27 мемлекетте ақпараттар зерттеушілерге қолжетімсіз, 17 мемлекетте мұрағаттарға қолжетімділікке жеке пікірлер ғана қалыптасқан, 12 мемлекетте шектеу мерзімі 50 жылдан аспайды және 30-ға жуық елде дипломатиялық құжаттарға қолжетімділік белгілі бір мерзім өтелгеннен кейін немесе бір белгіленген күн өтелгеннен кейін туындайды [2].

«Мұрағаттарға қолжетімділікті жеңілдету» мәселесінің бірыңғай көзқарастарының болмауына қарамастан, конгресс жауапты мұрағаттық мекемелердің мұрағаттарға деген қолжетімділікті жеңілдету, зерттеушілік мақсаттарға деген құжаттар категориясына мерзімінен ерте «ашық» деп таныту бойынша өз тілектерін білдірді [3].

VI (1968 – Мадрид), VIII (1976 – Вашингтон) Халықаралық конгрестерімен, «Дөңгелек үстел» (1967) X халықаралық конференциясында қазіргі таңдағы мұрағаттарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін нақты, дәйекті жағдайлар мен шешімдер қарастырылды. Мадридтік мұрағатшылар конгресі ұсынды:

а) Ғылыми зерттеулерді жеңілдету және қиынсыз шектеулерді алып тастау мақсатында

мұрағаттардың жабық кезеңі 30 жылдан аспау керек, сондай-ақ, белгілі бір сериялар мен қорлар ерте ашылуы да мүмкін, қалған құпия құжаттар ғалымдарға ұзақ уақыт берілмесе де олардың ұзақтығы 80 жылдан аспау керек;

б) Шектеулі күндер мен қолжетімділік ережесі жалпы тұрғыдан бірдей болуы қажет, жеке және мемлекеттік құжаттарға да; ел азаматтары мен шет ел азаматтары мұрағаттарға қолжетімділік мәселесінде теңдей дәрежеде тұруы керек [4].

Халықаралық Мұрағаттар Конгресінің ұсыныстары көптеген елдердің мұрағаттық заңнамаларына 30 жылдан артық шектеу мерзімі бар мұрағаттардың қолжетімділікке деген шектеу мерзімдерін қысқартуына негіз болды. Бұл қолжетімділігі шектеулі режимде болған мұрағаттық құжаттамалар белгіленген шектеу мерзімі өткеннен кейін толық пайдалануға беріледі. Ұлттық мұрағат қорларына сақтауға түсетін құжаттамалар құрамы біртекті болмайтыны анық. Әр елде, тарихи даму ерекшеліктерінен бөлек, шектеу мерзімдері құжаттардың әр түрлі категорияларына байланысты қойылады (оларды мұрағаттар емес, құжатты құрушылар анықтайды). 1979 жылдың 3 қаңтарында Франция сенаты мен Ұлттық Ассамблеяның «Мұрағаттар заңы туралы» ережесінде «мемлекеттік мұрағатқа сақтауға берілген құжаттарды (сақтауға берілмей тұрып ашық болған) кез келген тұлға ешқандай шектеусіз бастапқы ереже бойынша ала алады деп көрсетілген [5]. Бұл заң өз кезегінде құпияландыруға 30 жылдық мерзім қойған. Мерзім аяқталғаннан кейін үкімет мекемелерінің құжаттамаларын кез келген тұлға көре алады. Келіспеушілік туған жағдайда соңғы шешімді арнайы орган – административтік құжаттарға қолжетімділік Комиссиясы қабылдайды.

Занда шектеу мерзімі 30 жылдан асатын құжаттардың категориясы да бар. Оларға: жеке тұлғалардың мүддесін қорғайтын құжаттар: 150 жыл – жеке істер үшін; юрисдикция ісіне қатысты құжаттар, жеке мәліметтерді сақтайтын құжаттар (отбасылық немесе жеке қатынастарға байланысты) құжаттарды 60 жылға дейін сақтауға қалдыру, арнайы мемлекеттік қауіпсіздікке, ұлттық қорғанысқа зиян келтіретін ақпараттарды сақтайтын құжаттар үшін қолданылады.

1988 жылдың 6 қаңтарынан бастап ФРГ-да «ФРГ-дағы федералдық деңгейдегі мұрағаттық құжаттарды сақтау мен қамтамасыз ету туралы Заңы» жүзеге асып келеді. Бұл заңға сәйкес әрбір елдің азаматы арнайы қолдану ережелері

болмаса, мұрағаттық құжаттарды 30 жыл сақтау мерзімінен кейін қолдануына болады. Белгілі жеке тұлғаға қатысты федералдық деңгейдегі мұрағаттық құжаттар тұлға қайтыс болғаннан кейін 30 жылдан соң үшінші бір тұлғаның қолдануында бола алады. Шектеу мерзімдері жариялылық мақсатында жасалған құжаттарға қатысты емес. Сонымен қатар, құжат ғылыми-зерттеу мақсатында және азаматтардың құқықтық мүддесін қанағаттандыру мақсатында қолданылатын болса, 30 жылдық шектеу мерзімі қысқартылуы мүмкін. Сондай-ақ, құжат авторларының мүддесін сақтау қамтамасыз етіледі [6].

Шектеу мерзімдерін азайту немесе арттыруды мекемелердің өздері реттейді.

Жоғарғы федералдық ведомстволар мен мекемелердің құжаттарын қолдануға мына жағдайларда тыйым салынады: ФРГ мүдделері немесе жерлеріне зиян келтіретін жағдайда; Жеке тұлға мүддесіне қарсы келетін жағдайда; Құжаттың толыққандылығына зиян келтірсе; Ведомствоға шығын келтіретін жағдайларда.

АҚШ-та ақпараттарға деген қолжетімділікке байланысты заңнамалар қиын түрде құралған («Ақпараттың тәуелсіздігі туралы Заңы», «Құпияның сақталуы туралы Заңы 1974 ж»). Бұл туралы өзінің мақаласында американдық мұрағатшы Фрэнк Г. Берк былай дейді: «...ұлттық қорғаныс пен қауіпсіздік мүддесіне байланысты, жеке мүлік пен іскерлік ақпаратқа байланысты егер үкіметке ерекше режимде жұмыс істеуге тура келсе, үкіметтік мұрағаттарға деген қолжетімділікке шектеулер қойылады. Сонымен қатар, АҚШ-та құжаттардың құпия сақталуына байланысты үкіметтің әрекеттеріне қарсы шығу дәстүрі қалыптасқан. Егер құжаттарды белгілі бір мерзімге жабу керек болса, үкімет билігінің актісі қажет болады және ол Жоғарғы соттың бақылауынан өтеді. Бұл АҚШ-та мемлекеттік мекемелердің саяси құжаттары 20 жыл өткеннен кейін ғана зерттеуге берілетіндігін және 30 жылдық мерзім өткеннен соң барлық материалдар қолжетімді болатындығын білдіреді [7].

Канаданың заңнамалық тәжірибесі назар аудартарлық. Мұнда құжаттық ақпараттарға деген қолжетімділік 1983 жылы қабылданған «Ақпараттарға қолжетімділік» және «Құпиялылықтың сақталуы туралы» арнайы заңдары арқылы реттеледі.

1983 жылға дейін ақпараттарға қолжетімділіктің шектеу мерзімі 30 жыл болып саналып келді. 1983 жылғы заңнамалық актілерге сәйкес шектеу мерзімдері алып тасталынды. 1983

жылғы заң мекемелерді пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға міндеттейді. Ақпарат пайдаланушыға берілмеген жағдайда пайдаланушының төрешінің шешімін апелляцияға беруге хақысы бар. Алайда, 20 жылдық шектеу мерзімі бар құжаттар категориялары берілмейді (Қазынашылық хаттамасы мен Министрлер Кабинеті отырысының хаттамасы) [8].

Канада заңдары, мұрағаттық ақпараттарға деген қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, азаматтардың жеке құқықтарын қорғайды. Егер, ақпарат басқа мемлекеттен алынса, құжаттарда провинциялардың сайлау жүйесі бойынша келісімдер, саудалық құпиялар бойынша ақпараттар қамтылса, ақпаратты беруге тыйым салынады.

Жеке тұлғалық ақпараттарды беру бойынша құпиялылықты сақтау туралы заң келесілерді негіздейді: әрбір азамат өзі жайлы ақпарат алуға құқылы, ал тұлғаның жеке мүддесі бойынша ақпараттар сол тұлға қайтыс болғаннан кейін 20 жылдан соң ғана қолжетімді болады немесе туылған күнінен бастап 110 жыл толған жағдайда.

Мұрағаттардың жеке қорлары үшін 30 жылдық шектеу мерзімі қалыптасқан [9].

Мұрағаттық біліктілік Жапонияның «Ұлттық мұрағаттарды пайдалану ережелері» заңында да байқалады (1972 ж. 25 сәуір). Жалпы қолжетімді құжаттар категориясынан басқа, белгілі уақыт аралығында қолданылмайтын құжаттар категориясы да бар [10].

Кейбір елдердің мұрағаттық ақпараттарға қатысты заңнамалары ұзақ уақыттық шектеу мерзімін қамтиды. 1974 жылдың 12 қыркүйегінде қабылданған «Австрия Мемлекеттік мұрағатында құжаттарды қолдану шектеулігін реттеу» бұйрығына сәйкес мұрағаттық 40 жылдық шектеуге есептелінетін құжаттамалар үшін пайдаланудың сырғымалы шектеулігі қабылданды. Мұрағаттық ақпараттарды пайдаланушылардың кейбір категорияларына (ЖОО-ның ұстаздары, әйгілі шет ел ғалымдары, мемлекеттік қызметкерлер және т.б.) құрылуының 20 жылдық тарихы бар құжаттарды және қоғам үшін ашық емес құжаттарды қолдануға рұқсат етіледі. Заңды тұлғалардың ақшалай қаражаттарын қамтитын құжаттарға шектеу мерзімі (30 жыл) сақталады.

1963 жылдың 30 қыркүйегіндегі Италияның «Мемлекеттік мұрағат қызметі туралы» заңына сүйенсек, мемлекеттік мұрағаттарда сақталған құжаттар ашық түрдегі қолданысқа арналған (құпиялылық мүддесі бар, 50 жылдық шектеу мерзімі бар құжаттардан басқа). Жеке

тұлғаларға қатысты және сот материалдарына қатысты құжаттарға 70 жыл көлеміндегі шектеулік мерзімі қалыптасқан.[12]

Көріп отырғанымыздай, шетелдік тәжірибеде ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнама, ең алдымен, елдің ұлттық мүдделеріне негізделеді. Ең кеңінен қолданылатын 30 жылдық мерзімдегі шектеу әскери, экономикалық, сыртқы, саяси және басқа да ақпараттарға қатысты. Себебі, бұл ақпараттарды тарату еліміздің мемлекеттік мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, заңнамада жеке тұлғаның мүдделеріне қатысты мұрағаттық құжаттарды сақтау анық көрсетілген.

ТМД елдерінің ішінде, мұрағат құжаттамаларына қолжетімділік мәселесіне «Мұрағаттық заңнамалар негізі» атты баппен Ресей үлкен қызығушылық тудырады. Мемлекеттік құпия сақталған құжаттарға 30 жыл мерзімінде қолдануға шектеулер қойылған. Ал жеке тұлғаның өміріне қатысты (денсаулығына, отбасылық қатынасына, мүліктік жағдайына байланысты ақпараттар) мәліметтерді сақтайтын құжаттарға 75 жыл көлеміндегі шектеу қалыптасқан.[13]

Құпиясыздандыру мәселесіне 22.09.1994 ж. Ресей Федерациясы Президентінің жарлығын жатқызуға болады. Мұнда мынадай сұрақтар негіздемесі қабылданды: Құжаттарды құпиясыздандыру бойынша комиссия қалыптастыру; Ведомстволық сақтау мерзімі өткен құжаттарды беру; Бұрынғы Кеңестік саяси бюроның мұрағаттарының тағдыры туралы мәселелер шешімдері.[14]

ТМД елдерінің ішінен мұрағаттағы құжаттарға қолжетімділік мәселесіне қатысты Ресей Федерациясының тәсілі қызығушылық тудырады, «Мұрағаттық заңнамасының» 20 бабында мұрағаттың мемлекеттік құпия материалдарына қолжетімділік 30 жылға шектелген. Ал адамдардың жеке өміріне қатысты құжаттарға 75 жыл шектеу қойған.

ТМД елдеріндегі секілді Қазақстанда құпиясыздандыру жұмыстары мен қолжетімділік және шектеулерді алып тастау процестері 80-ші жылдардың 2 жартысынан бастау алады. Үкіметтік актілердің және қоғамның мүддесі негізінде тарихымыздың жеке оқиғалары мен олардың «мемлекеттік құпиялылығын» алып тастау мақсатында «тұрақты құпиясыздандыру» процестері жүргізілді. «Қазақстан Компартиясы бұрынғы мұрағаттарының құжаттарына қолжетімділікті тудыру негізінде тарихи ғылымдар базасын кеңейту» тақырыбындағы республикалық семинар кеңесте (мұрағаттар

мен құжаттамаларды басқару басқармасының ұйымдастыруы бойынша) мұрағат қызметкерлеріне құпиясыздандыру процесін жүргізу барысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын сақтау туралы» заңына сүйену керектігін тапсырды (19.01.93 ж. ҚР-дың Жоғарғы Кеңесінің жарлығы бойынша).

Мұрағаттар мен құжаттамалардың Орталық Басқармасы «Қазақстанның бұрынғы Компартиялық мұрағат құжаттарына қолжетімділікті либерализациялау негізінде тарихи ғылымдардың деректанулық базасын кеңейту» тақырыбында ұйымдастырған 1994 жылғы семинар-кеңесінде мұрағат қызметкерлеріне мынадай мақсат қойылды: құпиясыздандыру барысында мемлекет құпиясына қатысты негізгі қағидаларды орнататын және ең алдымен мемлекет құпиясын сақтауды қамтамасыз ететін «Қазақстан Республикасы мемлекеттік құпияларын сақтау туралы» заңына сүйену.

Мемлекеттік құпиялардан бөлек, заңды және жеке тұлғалар, мемлекеттік органдар, құпия құжаттың иелері – құжатты 20 жыл көлемінде құпияландыруға құқылы. Құпияландырудың негізі әр 5 жыл сайын қайта қаралып отырады. Құпиясыздандыру заңы бойынша, жеке тұлғаның өмірін қамтитын ақпараттарды тұлғаның келісімінсіз немесе қайтыс болған жағдайда туыскандарының келісімінсіз құпиясыздандыруға тыйым салынады.[15]

Мұрағаттық құжаттамаларға қолжетімділік мәселесіне арналған Республикалық форум құпиясыздандыру жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты ұсыныстарды қабылдады. Кейін семинар-кеңестің ұсыныстары негізінде бұрынғы партиялық мұрағаттардың құжаттарын құпиясыздандыру бойынша методологиялық хат құрастырылды. Жалпы құжат мұрағаттардың құпиясыздандыру процесіне сай келетін құжаттар категориясына нақты ақпараттар берді. Саяси күрес, партиялар арасындағы индустрияға қатысты дискуссиялар, мәдениеттің, құрылыстық аппараттың дамуы бойынша құжаттарға қолжетімділік ашық. Ал, тиісінше, құпиясыздандыруға экономикалық саясатқа қатысты, аштыққа, мүлікті кәмпескелеуге, қарулы қақтығыстарға байланысты құжаттар жатқызылды.

Құпиялылық деңгейіне 3-ші бір мемлекеттің ақпараттарын қамтитын, кеден, жерді қолдану мен пайдалануды қамтитын құжаттар мен мемлекеттің мүддесіне зиян келтіретін құжаттар қатары жатқызылды.[16]

Жүргізілген құпиясыздандыру жұмыстары ақпараттық-құжаттамалық базаның кеңеюіне

ықпалын тигізгені анық. Бұрын қолжетімсіз болған ақпараттарды ғылыми жұртшылық зерттеп, реконструкциялауға мүмкіндік алды.

Құқықтық мемлекетте тек қана заңдар емес, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын ақпараттар да болуы тиіс. Осы орайда, мұрағаттық деректерді пайдалану және оларға қолжетімділіктің негізгі аспектісі – құжаттамалық ақпаратты пайдаланушы мен оны сақтаушы арасындағы қарым-қатынасты реттеу қажеттігі туындайды. Яғни, мұрағаттық құжаттамаларға деген қолжетімділікті жеңілдету. Қазақстандық мұрағаттарда мұрағаттық құжаттарға деген қолжетімділік мұрағаттық құжаттарды тұтынушыларға анықтамалық-іздеу құралдары мен сол құралдар жайлы ақпараттар, сондай-ақ қажет құжаттардың көшірмелерін ұсыну арқылы жүзеге асады.

Оперативтік есеп және құжаттарды іздеу мақсатында мұрағаттық қызметте негізгі құрал

болып табылатын ҒАА (ғылыми-анықтамалық аппарат) жүйесі құрылды. Мұрағаттық қызметті автоматизациялау ҒАА-ның барлық жүйесін автоматтандырылған режимді жұмысқа аударумен сипатталады. Мұрағаттық құжаттарға деген қолжетімділікті жеңілдету мақсатында мәліметтердің электронды базасы қолданылады – яғни, электрондық тасығыштардағы құжаттар базасы және соған сәйкес бағдарламалық қамтамасыз ету. Бағдарламалық қамтамасыз етуді құру барысындағы негізгі міндеттер: нәтижесінде тұтынушыларға ұсынылатын ауқымды ақпараттық ресурстарды өңдеу мен оларды сақтау.

Мұрағаттар өзінің қоғамдық рөлінде тек қана ретроспективті ақпараттарды сақтап қана қоймайды, сонымен қатар, оларға осы ақпараттарды қолданудағы әлеуметтік қызмет те жүктелген. Сондықтан мұрағаттық құжаттарды қолдану барысында тұлғаның өз құқығы мен елдің тарихын білуі басым болуы керек.

Әдебиеттер

- 1 <http://www.ica.org>
- 2 <http://www.ica.org>
- 3 <http://www.ica.org>
- 4 <http://www.ica.org>
- 5 Розин Клейо-Мишо. Архивное дело во Франции // Отечественные архивы, 1994. – № 6. – С.99-104; Государственная архивная служба Франции. Подг. Л.Н. Воронова // Информационный вестник, 1997. –2(6). – С. 34-36.
- 6 Современное состояние архивного дела в ФРГ: аналитический обзор / ВНИИДАД. – 1987. – 40 с.
- 7 Фрэнк Г. Берк. Национальный архив и управление документацией в США // Советские архивы, 1988. – № 3. – С. 92-101.
- 8 Кожевников Е.М. Об архивах Канады // Отечественные архивы. – 1998. – № 4. – С. 90-96.
- 9 Копылова О.Н., Нуралова Б.А. Как работает Национальный архив Канады // Отечественные архивы. – 1994. – №1. – С.109.
- 10 Архивное дело в капиталистических странах: сб. официальных документов / ОЦНТИ. – М., 1990. – 198 с.
- 11 Архивное дело в капиталистических странах: сб. официальных документов / ОЦНТИ. – М., 1990. – 198 с.
- 12 Ваганова Л.Ф. Государственная архивная служба Италии // Эксп-ресс-информация «Архивное дело, архивоведение и археография». – 1991. – № 2(68).
- 13 Основы законодательства Российской Федерации об Архивном фонде Российской Федерации и архивах от 7 июля 1993 г. – archives.ru.
- 14 Федеральный Закон от 22 октября 2004 г. № 125-ФЗ «Об архивном деле в Российской Федерации» – pravo.gov.ru/proxy/ips/?docbody=&nd=102089077.
- 15 Закон Республики Казахстан «О защите государственных секретов Республики Казахстан» от 19 января 1993 г. – kazakhstan.news-city.info/docs/sistemso/dok_persto.htm.
- 16 Материалы республиканского семинар-совещания «Расширение ист-точниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». –Алматы, 1994.

References

- 1 <http://www.ica.org>
- 2 <http://www.ica.org>
- 3 <http://www.ica.org>
- 4 <http://www.ica.org>
- 5 Rozin Klejo-Misho. Arhivnoe delo vo Francii // Otechestvennyye arhivy, 1994. – № 6. – S.99-104; Gosudarstvennaja arhivnaja sluzhba Francii. Podg. L.N. Voronova // Informacionnyj vestnik, 1997. –2(6). – S. 34-36.
- 6 Sovremennoe sostojanie arhivnogo dela v FRG: analiticheskij obzor / VNIIDAD. – 1987. – 40 s.

- 7 Frjenk G. Berk. Nacional'nyj arhiv i upravljenie dokumentacij v SShA // Sovetskie arhivy, 1988. – № 3. – S. 92-101.
- 8 Kozhevnikov E.M. Ob arhivah Kanady // Otechestvennye arhivy. – 1998. –№ 4. – S. 90-96.
- 9 Kopylova O.N., Nuralova B.A. Kak rabotaet Nacional'nyj arhiv Kanady // Otechestvennye arhivy. – 1994. – № 1. – S.109.
- 10 Arhivnoe delo v kapitalisticheskikh stranah: sb. oficial'nyh doku-mentov / OCNTI. – M., 1990. – 198 s.
- 11 Arhivnoe delo v kapitalisticheskikh stranah: sb. oficial'nyh doku-mentov / OCNTI. – M., 1990. – 198 s.
- 12 Vaganova L.F. Gosudarstvennaja arhivnaja sluzhba Italii // Jeksp-ress-informacija «Arhivnoe delo, arhivovedenie i arheografija» . – 1991. – № 2(68).
- 13 Osnovy zakonodatel'stva Rossijskoj Federacii ob Arhivnom fon-de Rossijskoj Federacii i arhivah ot 7 ijulja 1993 g. – archives.ru.
- 14 Federal'nyj Zakon ot 22 oktjabrja 2004 g. № 125-F3 «Ob arhivnom dele v Rossijskoj Federacii» – pravo.gov.ru/proxy/ips/?docbody=&nd=102089077.
- 15 Zakon Respubliki Kazahstan «O zashhite gosudarstvennyh sekretov Respubliki Kazahstan» ot 19 janvarja 1993 g. – kazakhstan.news-city.info/docs/sistemso/dok_persto.htm.
- 16 Materialy respublikanskogo seminar-soveshhanija «Rasshirenie is-tochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov Kompartii Kazahstana». –Almaty, 1994.

Ахметжанова А.Т.,
Тасилова Н.А.,
Байдавлетова М.Д.

**Қазақстан тарихы бойынша
жазба деректер**

Ортағасырлық Қазақстан тарихында XV ғ. соңы мен XVI ғ. аяғына дейінгі аралық ерекше орын алды. Өйткені, бір ғасырға созылған осы бір тарихи кезең ішінде Қазақ хандығында тарихи маңызы зор күрделі өзгерістер болып өтті. Қазақстан тарихын зерттеу үшін өткен ғасырлардың аса бай жазба мұраларын шығармашылық тұрғыдан меңгеру өте маңызды болып табылады. Бұл мақалада Орталық Азияда жазылған қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы толық және құнды мәліметтер беретін XV-XVII ғасырлардағы парсы тіліндегі жазба ескерткіштер қарастырылады. Өткеннің тарихын қайта жаңғыртып, қайта қалпына келтіру үшін түрлі жазба деректерді пайдаланып, ол деректердің ерекшелігі мен сабақтастығын, беретін мағлұматтарының әралуандылығын талдап, объективті ақпараттарды алу жолдарын қарастыруымыз қажет. XV-XVII ғасырларда Орталық Азияда жазылған деректердің мәліметтері Қазақ хандығының тарихынан анағұрлым толық және жан-жақты мағлұматтар береді. Оларды тиімді түрде классификациялау зерттеушіге жүйелі әрі толыққанды зерттеулер жүргізуге септігін тигізеді.

Түйін сөздер: дерек, деректану, теория, классификация, принцип, әдіс.

Ahmetzhanova A.T.,
Tasilova N.A.,
Baidavletova M.D.

**Sources on the history of
Kazakhstan**

The modern historical science of Kazakhstan pays special attention to the development problems of sources and methods of historical research, since without the involvement of the scientific revolution in the new historical sources, it is impossible to improve the quality and efficiency of historical research. To research the history of Kazakh Khanate is relevant today and is determined, firstly, increasing interest of the history of the origins of Kazakh statehood in connection with the acquisition of independence by Kazakhstan, which created this historical basis. The relevance of the study is determined by practical necessity in historical science introduction to the scientific revolution of original sources containing valuable factual material on the history of Kazakh Khanate. To restore the historic picture of the past is necessary to attract the many, often contradictory, and diverse sources of facts and data that we receive from various sources, first and foremost – written records. This article discusses the written monuments XV-XVII centuries, started in Central Asia and contain the most complete and valuable information on the history and culture of the Kazakh people. It has a rich historical literature in Oriental languages, which reflected the centuries-old history of Kazakhstan. Written monuments of Central Asia are important and valuable to study the history of the Kazakh people.

Key words: source, theory, classification, principle, method.

Ахметжанова А.Т.,
Тасилова Н.А.,
Байдавлетова М.Д.

**Письменные источники по
истории Казахстана**

Современная историческая наука Казахстана с особым вниманием относится к разработке проблем источниковедения и методов исторических исследований, так как без вовлечения в научный оборот новых исторических источников невозможно повышение качества и эффективности исторических исследований. Исследование истории казахского ханства является актуальным сегодня и определяется, во-первых, интересом, возросшим к истории истоков казахской государственности в связи с обретением Казахстаном независимости, которая создала для этого историческую основу. Актуальность исследования определяется практической в исторической науке потребностью введения в научный оборот оригинальных источников, содержащих ценный фактический материал по истории Казахского ханства. Для восстановления исторической картины прошлого необходимо привлечение многочисленных, часто противоречивых и разноплановых источников, фактов и данных, которые мы получаем из различных источников, и в первую очередь – письменных памятников. В данной статье рассматриваются письменные памятники XV-XVII вв., созданные в Центральной Азии и содержащие наиболее полные и ценные сведения по истории и культуре казахов. Имеется богатейшая историческая литература на восточных языках, где отразилась многовековая история Казахстана. Письменные памятники Центральной Азии, важные и ценные для изучения истории казахского народа.

Ключевые слова: источник, источниковедение, теория, классификация, принцип, метод.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

Бүгінгі таңда Қазақстанның тарих ғылымында деректану мен тарихи зерттеу әдістері мәселесіне ерекше көңіл аударылуда. Қазақ халқының толыққанды іргелі тарихын жазу үшін, ең алдымен сол тарихтың негізін құрайтын деректермен жұмыс істей білу қажет. Деректану ғылымы үлкен теориялық және методологиялық дайындықты қажет етеді. Бұл мәселені деректанушы профессор Қ.М. Атабаевтың зерттеу еңбектерінде кеңінен қарастырғандығы белгілі [1, 31 б.].

Деректану ғылымы Қазақстандағы ұлттық тарихты тың, дәйекті мағлұматтармен байытып, толықтыру үстінде Қазақстанда қалыптасқан деректану мектебінің негізін қалаушылар шығыс тілдерін жетік меңгерген ғалымдар – С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин, М.Х. Әбусейтова, Ж. Тулебаева және т.б. алатын орны маңызды. Әсіресе, профессор Ж. Тулебаева өзінің көптеген зерттеу еңбектерін эвристика, деректанулық классификация және талдау, синтездеуге бағыттаған болатын. Ортағасырлық парсы деректерін жариялау, зерттеу және ғылыми айналымға қосуға көп үлесін қосты [2].

Шайбани хан және оның ұрпақтарының тарихына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғғ. Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан дерек ретінде алатын орны маңызды. Өйткені Шайбани әулеті шығармалары ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрініс береді. Бұл деректерде ортағасырлардағы Қазақстан территориясындағы этникалық мәселелерге қатысты мәліметтер, шежіре кездеседі. Сонымен қатар, бұл Шайбанилық деректерде көршілері қазақтар туралы әр түрлі: олардың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, саудасы, діні, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы мәліметтер өте көп. Әсіресе, қазақ хандары туралы, олардың саясаты, дипломатиясы, Шайбани әулетімен қарым-қатынасы туралы да көп ақпарат сақталынған [3].

Шайбани әулеті деректерінің біршамасы «Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв.» деп аталатын 1969 жылы жарыққа шыққан, парсы және түркі тілінен аударылған жинақта шоғырланған. Бұл жинақты кезінде тарихшы-шығыстанушы

ғалымдар – С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин аударып, зерттеп, түсініктемесін беріп, жариялаған болатын. Бүгінгі таңда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында қайта ортағасырлық әулеттік деректер қайта жарияланған.

Әулеттік деректерге жататын Шайбанилық деректерді шартты түрде бес топқа бөлеміз. Ол деректің пайда болған уақытына, мазмұнына байланысты бөлініс. Мәселен, Шайбани әулетінің 1-тобының шығармаларына 1500-1511 жж. аралығында жазылған деректер кірді. Оған: «Михман наме Бұхара» [4], «Тауарихи гузидаий нусрат наме», «Шайбани наме», «Фатх наме» жатады.

Шайбанилық деректердің 2-тобына төмендегі деректерді жатқызамыз:

- Зубдат ал-асар;
- Тарихи Абулхайыр-хани;
- Бадай ал-Вакай деректері кіреді.

Осы деректердің алғашқы шағатай тілінде жазылған «Зубдат ал-асар» қазақша «Таңдамалы жылнамалар жинағы», орысша «Сливки летописей» тарихи шығарманың қазақ тарихын зерттеуде маңызы зор [5].

Бұл дерек туралы тұңғыш рет баспа бетінде баяндаған академик В.В. Бартольд болатын. «Зубдат ал-асар» еңбегінің авторы Абдолла бин Мұхаммед бин Әли Насролла Балхи. Оны «Зубдат ал-асар» деп В.В. Бартольд қойған, өйткені, басында шығарманың атауы болмаған. Оны ең алғаш ғылыми айналымға осы зерттеуші енгізген. Оны В. Бартольд 1894 жылы А.И. Вышнегорский мырзадан алған болатын. Кейіннен бұл деректі Азияттық мұражайға тапсырады. 1902 жылы В. Бартольд Орта Азияға сапармен болғанда В.Л. Вяткинада қолжазба ретінде сақталған «Зубдат ал-асар» еңбегінің 2-і нұсқасымен танысады. Бұл туралы Түркістанға сапарының есебінде жазып кеткен.

В. Бартольдтің айтуынша «Зубдат ал-асар» екінші атауы бар. Ол «Тарих-и зубдат ал-асар». Оны «Хрониканың толық жинағы» деп аударуға болады.

Бұл шығарманың авторы туралы мәліметтер өте аз. 16 ғасырдың басында ол Темір әулетінің қызметінде болған. 1525 жылы автор Сүйініш қожа ханның баласы Келді Мұхамметтің (Сұлтан Мұхаммедтің) тапсыруымен осы еңбекті жазды. Ол бұл кезеңде Шахрухтың билеушісі еді, әкесі қайтыс болғаннан кейін бүкіл Ташкенттің де билеушісіне айналады. 8 жылдан кейін, яғни 1533 жылы қайтыс болады.

Дерек жалпы әлем тарихы үлгісінде тарауларға бөлініп, ал тараулар мұсылмандық билеуші

әулеттерге бөлініп жазылған. Ал ондағы оқиға желісі 1525 ж. дейін жеткізілген. Яғни Сүйініш-қожа дүние салғанға дейін.

Шығарма желісі аңызға айналған Яфеттен, Шайбани хан мен оның мұрагерлеріне, оның ізбасарлары мен жалпы әулеттің тарихына арналған. Бұл еңбектің бізге толық жетпеуі үлкен қиындықтар туғызуда. Әзірше деректің бүлінген 2 нұсқасы табылған. Оның бірі – Ленинградтық нұсқа. Онда оқиға желісі 1525 ж. дейін баяндалған. Ал екіншісі – Ташкенттік нұсқасы. Онда оқиға желісі 1510 ж., яғни Шайбани ханның қайтыс болғанына дейін ғана баяндалған.

Дерек ескі шағатай тілінде (ескі өзбек тілінде), қарапайым әрі жеңіл, түсінікті тілде жазылған. Шығарманың кейбір бөлімінде ғана араб-парсы лексикасы пайдаланылған. «Зубдат аль-асар» шығармасын жазуда автор Шараф ад-Дин Али Йаздидің «Зафар-наме», Мирхонттың «Раузат ас-сафа», Хондемирдің «Хуласат ал-ахбар» және т.б. деректерді пайдаланған.

Жалпы Абдаллах Балхидің шығармасы компилятивті. Ондағы оригиналды мәліметтер темірліктер мен шайбаниліктер туралы тарауларында кездеседі. Тек XVI ғ. бірінші ширегіндегі оқиғалар ғана автордың өзі көрген, естіген, білген адамдардан жазып алғандықтан объективті және өзіндік ерекшеліктермен жазылған деуге болады.

Бұл шығармада ортағасырлық қазақ тарихына қатысты мәліметтер Шайбанииттер атты тарауда сақталған. Онда мынадай мәліметтер бар:

1. Шайбани ханның қазақтарға жасаған 4-жорығының себебі;
2. 4-жорықтың қысқаша барысы;
3. 1510 ж. қыс айларында қазақтармен соғыс және Қасым ханның қолданған әскери тактикасы;
4. Шайбани ханның Мерв түбінде Қызылбастармен соғысы және ханның өлімі туралы құнды мәліметтер бар;
5. Сүйініш қожа хан билеген кезеңдегі Қасым хан мен соғыс және ол соғыста қазақтар жеңіліп, олардың хандары жарақат алғандығы туралы мәлімет бар.

Бұл мәліметті Тарих-и Рашиди еңбегінің авторы Мұхаммет Хайдар Дулати бұл соғыстың 1513 ж. болғандығын және онда Қасым ханның ешбір жарақатсыз оралғандығын айтады. Бұдан шығатын қорытынды, Шайбанилық деректер кейбір фактілерді өзгертіп айтатындығы. Өйткені, бұл осы әулеттің тапсыруымен жазылған дерек. Сондықтан оған сын көзбен

қарап, шынайы фактілерді басқа да деректермен салыстыра отырып алу қажет.

Шайбанилық деректердің 2-тобына кіретін «Тарихи Абулхайыр-хани» ортағасырлардағы Қазақстан тарихы үшін құнды мәліметтерді бойына сақтаған қайталанбас туындылардың бірі [5, 16 б.]. «Тарихи Абулхайыр-хани» қазақша «Әбілхайыр ханның тарихы» атты парсы тіліндегі шығарманың авторы Масуд бен Осман Кухистани. Ол Әбілхайыр ханның баласы Сүйінші қожаның хұснихатшысы болған. Сүйінші қожа хан қайтыс болғаннан кейін Әбілхайырдың баласы Көшкінші ханның үшінші ұлы Абд ал-Латиф ханның (1540-1551 жж.) қолында болды. Автордың қайтыс болған жылы белгісіз. Тек 1590 жылы 10 желтоқсанда оның шығармасын басқа адам көшіру үстінде Осман Кухистанидің бұл кезде өмірден озғанын ескертеді.

Шығарма 1540-1551 жж. Әбілхайырдың немересі Абд ал Латифтің тапсыруымен және хан тірі кезінде жазылған. Оның авторы туралы мәліметтер жоқтың қасы деуге болады.

Еңбек 1540-1551 жылдар аралығында жазылған. В.В. Бартольд оны хижра бойынша 950 ж., яғни 1543-1544 жж. аралығында жазылған деп топшылайды. Ол тәжіктің күрделі әрі қиын әдеби тілінде жазылған. Ондағы цитаталар Құраннан, өлеңдерден тұрады. Деректің авторы өз еңбегінде Жүвейнидің, Жужжанидің, Шараф ад-Дин Йездидің, Әбдір-Разақ Самархандидің тарихи еңбектерін кеңінен пайдаланған.

Мазмұны жағынан «Тарихи Абулхайыр-хани» әлем тарихын құрайды. Шығарма көбінесе компилятивті (басқа деректерден көшірілген), тек Әбілхайыр туралы тарауы ерекше, әрі құнды, оригиналды деуге болады. Бұл еңбекте 15-16 ғасырлардағы саяси-идеологиялық, әлеуметтік және иерархиялық мәселелер айқын көрініп тұрады.

«Тарихи Абулхайыр-хани» кіріспеден, 12 тарау мен қорытындыдан тұрады. Оның қолжазбалары Ресей ҒА қолжазба бөлімінде Өзбекстан ҒА, Лондонның Британ музейінде сақталған [5, 16 б.].

Бұл деректе Қазақстан тарихы үшін мынандай мәліметтер сақталған:

- 1430-1450 ж. Дешті Қыпшақтағы саяси жағдай;
- Әбілхайыр ханның жастық шағы;
- Оның әкесінің ұлысы туралы;
- Барақтың 5 ұлының ұлыстары туралы;
- 1457 ж. Сығанақ түбіндегі шайқас;
- Әбілхайыр ханның нақты қайтыс болған жылы туралы;

– Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым хандар туралы кейбір мәліметтер;

– Этникалық мәселелерді анықтайтын ру-тайпалар атауы және т.б. мәліметтер кездеседі.

Деректің мәліметтерін В.В. Бартольд, С.К. Ибрагимовтің «Сочинение Масуда бен Османи Кухистани «Тарихи Абулхайыр-хани» атты еңбегінде, А.А. Семеновтің «К вопросу о происхождении и составе узбеков Шайбанихана» зерттеуінде талданып, П.П. Иванов, Б.А. Ахмедов, Н.Д. Миклухо-Маклай және т.б. еңбектерінде кеңінен қолданылды.

2-топқа кіретін тағы бір дерек Зайн ад-Дин Махмұт бен Абдал-Жалил Васифидің «Бадай әл-Вакай» немесе қазақша «Таңғажайып оқиғалар» деп аталатын еңбек. Бұл деректің Қазақ хандығының тарихын зерттеуде құндылығы мен маңызы зор [5, 17 б.].

Автор 1485 ж. Гератта туылып, осында медресені оқыды, 1551-1556 жж. Ташкентте дүниеден озды. Оның әкесі Абд ал Жалил хатшы-шенеулік болған. Оның Гератта жекеменшік үйі және орташа жағдайы болған. Васифидің өзі көп саяхаттаған адам. Ол Герат, Мешхет, Жам, Нишапур, Самарханд, Бұхара, Сауран, Яссы, Ташкент, Шахрухия, Шахриябз жолдарын жүріп өтті. Оның шығармасында Орта Азияда танымал Фаркат, Жар-жайлық, Лағлаға, Шарапхан, Шыршық өзені, Қазғұрт тауы, Түлкібас мекені және т.б. топонимикалық атаулар көптеп кездеседі [5, 19 б.].

Ол үй мұғалімі, мешіт имамы, әулеттің кіші балаларын тәрбиелеуші, сарай әдебиетші қызметтерін атқарған. 1518 ж. ол еріксіз Сүйінші қожаның баласы Келді Мұхаммедке алып келінді және өмірінің соңына дейін осында қалды. Келді Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін Васифи ханның баласы Абу-л-Музаффар Хасан сұлтанның тәрбиешісі және Сүйінші қожаның екінші баласы Наурыз-Ахмет ханның (Барақ хан 23.09.1556 ж. қайтыс болған) қол астында болған.

Васифидің білім деңгейі, қайда білім алғандығы туралы белгісіз. Тек Гератта медреседе оқығаны туралы мағлұматтар бар. Ол Гератта көзі ашық және білімді, ағартушы ғалымдардың арасында өсіп, сонда тәлім-тәрбие алған. Орта Азияның әдебиетінде оның өз орны бар. Өйткені, ол өмірінде көп оқып, көпті көрді, өзінің теориялық білімін практика жүзінде ұштастыра білді.

Бұл 1485-1551/1556 жж. жазылған мемуарлық тарихи шығарма. Ол 1538/1539 жж. Келді-Мұхаммедтің баласы 6 жасар Ха-

сан сұлтанға арналған еді. Хасан көп кешікпей қайтыс болады.

Парсы тілінде жазылған бұл дерек 46 тараудан тұрады. Әр тарауда автордың өзі куә болған оқиғалар баяндалады. Шығармада Орта Азия, Иран, Ауғаныстан тарихына қатысты құнды-құнды мағлұматтар бар.

Бұл шығармада тұңғыш рет қазақ жері «Қазақстан» деп айтылады. Бұл деректе қазақтар туралы:

1. 1516/1517 Қазақ хандығына қарсы моғолдар мен Шайбанилердің біріккен жорығы туралы мәлімет сақталған;

2. Қазақстан термині алғаш рет кездеседі.

Бұл деректі В.Л. Вяткин, П.И. Лерх, В.В. Бартольд, А.А. Семенов, А.К. Арендс, Б.Г. Гафуров және т.б. өз еңбектерінде кеңінен қолданған. Әсіресе Васифидің «Бадай ал-Вакай» дерегін талдап, аударып, сыни пікірлер жазған зерттеуші А.Н. Болдыревті ерекше атап өту қажет. Ол тек Васифидің өміріне ғана емес, оның еңбегіне қатысты құнды әрі объективті жаңалықтар ашып, өзіндік тың тұжырымдар мен пікірлер жасаған.

Бүгінде шығарманың 31 нұсқасы сақталған. Оның 3-уі ескі өзбек тілінде. Шетелде оның бірде бір нұсқасы табылмаған.

Кесте – Шайбанилық деректерге жалпы сипаттама

№	Деректің аты	Авторы	Пайда болған жылы	Деректі тапсырушылар
1	Шайбани наме	Камал ад-дин Бинаи	1504-1510 жж.	Шайбани хан
2	Тауарих и гузидаи нусрат наме	Анонимді	1506-1508 жж.	Шайбани хан
3	Фатх наме	Шәди молда	1502-1504 жж.	Шайбани хан
4	Тарихи Абулхайр хани	Масуд ибн Осман Қухистани	1540-1551 жж.	Абд ал Латиф
5	Михман наме Бұхара	Рузбихан Исфакхани	1509 ж. 27 қаңтарда басталып, 9 қыркүйекте аяқталған	Шайбани хан
6	Зубдат аль-асар	Абдоллах Балхи	1525-1533 жж.	Сүйінші қожа ханның баласы Сұлтан Мұхаммет
7	Шараф наме шахи (Абдулла наме)	Хафиз Таныш	1584-1588/1591 жж.	Ескендірдің баласы Абдолла II
8	Бадай ал Вакай	Зайн ад-дин Васифи	1551-1556 жж.	Сүйінші қожаның баласы Келдімұхаммет
9	Шыңғыс наме	Өтеміс Қажы		
10	«Маджму ат тауарих»	Ферғана өңірінің молдасы Сайф ад дин Ахсикенди бастап, оның баласы Нұрмұхаммед (Наурыз Мұхаммед)	1591/ 1592 жж.	Сайф ад дин Ахсикенди
11	Түркі шежіресі	Әбілғазы бахадүр	Он жетінші ғасырдың екінші жартысы	Әбілғазы бахадүр

Қорыта келгенде, XV ғ. соңы мен XVI ғасырда пайда болған көптеген деректердің ішінде Шайбани әулетінің деректері ерекше құнды болып табылады. Бұл әулет Қазақ хандығының Орта Азиядағы мықты қарсыласы, әрі көршісі болды. Яғни, екі ел арасында үнемі қарым-қатынас үзілмеді. Екіншіден, бұл Шайбанилық деректерде көршілері қазақтар туралы құнды мәліметтер өте көп. Сонымен қатар, қазақ хандары туралы, олардың саясаты, дипломатиясы, Шайбани әулетімен қарым-қатынасы туралы да терең жазылған болатын.

Бұл деректерді әлі де деректанулық талдаудан өткізіп, зерттеу қажет. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Шығыс деректері, оның ішінде Кеңес өкіметі тұсында жарияланған «Материалы по истории казахских ханств» деген атпен танымалы жинақтағы деректер де қайта басылып жарыққа шықты. Бұл деректер «Дайк-Пресс» баспасынан Шығыс деректері сериясымен жарияланды. Бұл Қазақ хандығын зерттеу барысында қажетті бірден-бір деректер тобы болғандықтан алдағы уақытта оларды тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 35 б.
- 2 Тулибаева Ж.М. Письменные памятники по истории Казахстана XIII-XIX вв. – Астана: Издательство Национального центра археологии и источниковедения, 2009. – 237 с.
- 3 Телеуова Э. Шайбани әулеті. Шайбани мемлекеті. // Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 634-635 бб.
- 4 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман наме Бухара. / пер., пред. и прим. Р.П. Джалиловой; под. ред. А.К. Арендса. – М.: Наука, 1976. – 196 с.
- 4 Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. (Одан әрі МИКХ) /Извлечения из персидских и тюркских сочинений / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пишулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 652 с.

References

- 1 Atabaev K. Kazakstan tarihyynyn derektanulyk negizderi. – Almaty: Kazak universiteti, 2003. – 35 b.
- 2 Tulibaeva Zh.M. Pis'mennye pamjatniki po istorii Kazahstana XIII-XIX vv. – Astana: Izdatel'stvo Nacional'nogo centra arheografii i istochnikovedeniya, 2009. – 237 s.
- 3 Teleuova E. Shajbani auleti. Shajbani memleketi. // Tyrkistan. Halykaralyk jenciklopedija. – Almaty: «Kazak jenciklopedi-jasy», 2000. – 634-635 bb.
- 4 Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman name Buhara. /Per., pred. i prim. R.P. Dzhaliilovoj. Pod. red. A.K. Arends. – Moskva: Nauka., 1976. – 196 s.
- 5 Materialy po istorii kazahskih hanstv HV-HVIII vekov. (Odan әri MIKH) /Izvlechenija iz persidskih i tjurkskih sochinenij/. Sostaviteli: S.K.Ibragimov, N.N.Mingulov, K.A.Pishhulina, V.P.Judin. – Alma-Ata: Nauka., 1969. – 652 s.

Мұхатова О.Х., Булгауов Ш.Т.

**Жүсіп Баласағұн және
ортағасырлық тарихи ойға
қосылған үлес**

Мақалада Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің мазмұны талданады. Елік пен Өгдүлміштің диалогы түрінде жазылған шығармадағы негізгі идеялар, даналық сөздердің маңызы көрсетіледі. Жүсіптің адамгершілік қасиеттер, ұрпақ тәрбиесі, ізгілік туралы ой-пікірлері, патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары турасындағы көзқарастары қарастырылады. Автор Ж. Баласағұн өзінің шығармасында қадап айтқан прогресс және қалыптасқан тәртіп негіздері, заңды ұстану және оны жетілдіру мәселелеріне назар аударған. Ойшылдың қоғам дамуының басты шарттары, соның ішінде білім, ғылым жөніндегі көзқарастары сипатталады. Тазалықтың, имандылықтың, діннің негіздері ғұламаның еңбегінен алынған үзінділер арқылы көрсетіледі.

Түйін сөздер: Жүсіп Баласағұн, «Құтты білік», ойшыл, Қарахан мемлекеті, ортағасырлық тарихи ой, тарихнамалық дерек, идея, қоғам, заң, даналық, бақ-дәулет, адамзаттың прогрессивті дамуы, ислам діні.

Mukhatova O.Kh., Bulgauov Sh.T.

**Yusuf Balasagwn and
contribution to the Development
historical medieval historical
thought**

Отан тарихында XV-XVIII ғасырлар – кейінгі ортағасырлар кезеңі деп аталынып, Қазақ хандығының өмір сүрген уақытына сәйкес келеді. Сол себепті де бұл кезең тарихи әдебиеттерде – Қазақ хандығы дәуірі немесе хандық дәуір деп аталады. Төрт ғасырдай уақытқа созылған хандық дәуірді шартты түрде екі үлкен кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңді – біртұтас хандық кезең десек, ал екінші кезең – бытыраңқылық хандық кезең деген атауға әбден ие.

Уақыт жағынан алғанда, біртұтас хандық кезең Қазақ хандығы құрылған XV ғасыр ортасынан басталып, Тәуке хан қайтыс болған XVIII ғасыр басына дейін созылады. Ал бытыраңқылық кезеңге XVIII ғасыр басынан XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығына дейінгі, яғни осы жылдары хандық басқару жүйесінің жойылған кезіне дейінгі аралық жатады.

Біз бұл жерде хандық дәуірдің біртұтас кезеңіндегі кезеңделу мәселелеріне назарымызды аударамыз. Қазақ хандығы дәуіріндегі біртұтас кезең өз ішінде тарихи дамудың барысына қарай бірнеше кіші кезеңдерге немесе сатыларға бөлінеді. Оларға хандықтың құрылу, күшею, уақытша әлсіреу, қайта күшею, «текетірес», жоңғарлармен алғашқы күрестер, «белгісіз жылдар» кезеңдері жатады. Төменде біз әр сатының ерекше белгілері мен сипаттамаларына тоқталамыз.

Қазақ хандығы дәуіріндегі біртұтас кезеңнің алғашқы сатысына – хандықтың құрылу кезеңі жатады. Қазақ хандығының құрылуы – Отан тарихындағы маңызы аса жоғары оқиға болғандықтан, оған сәл көбірек сипаттама берелік.

Хандықтың құрылуы – Қазақстан аумағында ежелгі замандардан бері үздіксіз жүріп келген барлық тарихи үдерістер мен XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы мен оған көршілес аймақтардағы саяси құрылымдар дамуының

занды қорытындысы болып саналады. Сонымен бірге, бұл маңызды оқиға Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің дамуындағы да белесті бір кезең болуымен ерекшеленеді.

Қазақ хандығының құрылуының аса зор маңызды жағына – оның қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңімен қатар, бір тарихи кезеңде жүзеге асуы жатады.

Қазақстан аумағында этникалық үдерістер ең бері дегенде, қола дәуірінен бастау алып, біздің заманымыздың XIV-XV ғасырларында өзінің халықтық деңгейіне көтеріледі.

Жазба деректерде XI ғасырдың орта тұсынан бастап «Дешті Қыпшақ» (Қыпшақтар даласы) атауы «Мафазат ал-гузз» (Оғыздар даласы) атауын ығыстырып шығарады [1, 11-б.]. Дешті Қыпшақ тұрғындары ортақ атаумен қыпшақтар деп аталынса [2, 205-б.], XIV ғасырдың ортасынан бастап, оны «өзбектер» атауы ығыстырып шығарады [3, 13-16 бб.]. Ал Қазақ хандығының құрылуымен Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары үшін жаңа атау – «қазақ» атауы қолданыла бастайды [4, 110-111-бб.]. Бұл этноним Қазақстан аумағындағы этникалық үрдістердің мәресіне жетіп, бір халықтың қалыптасуының аяқталғандығын көрсетеді. Қазақ хандығының құрылу барысы мен халықтың қалыптасуының аяқталу кезеңі қатар жүзеге асып, саяси жағдайларға байланысты пайда болған «қазақ» термині жаңадан тарих төріне көтерілген халыққа да беріледі. Сойтіп, осыдан жарты мыңжылдан астам уақыт бұрын этноним ретінде пайда болған «қазақ» сөзі бүгінге мәнін өзгертпей, өзі пайда болған аумақтағы халықтың атауы ретінде қолданылып келеді.

Қазақ хандығының құрылуының келесі бір тарихи маңызына, оның XIII ғасыр басында моңғол жаулап алушылығына байланысты үзіліп қалған мемлекеттік дәстүрді жергілікті этностың дәстүріне сай қайта қалпына келтіруі жатады. XIII ғасыр басына дейінгі Қазақстан аумағындағы қыпшақтық мемлекеттік жүйе мен моңғолдық мемлекеттік жүйеде ортақ ұқсастықтар мен белгілер болса да, олардың әрқайсысында тек өздеріне ғана тән ерекшеліктер көп-ті. Мысалы, оған мемлекеттің саяси-әкімшілік құрылымының негізін билікті мұраланудағы айырмашылықтарды, билік түрлерінің атқарушы билік түріне қарым-қатынастарын жатқызуға болады. Жаулап алуға байланысты моңғолдық мемлекеттік жүйе Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына енгізіліп, бұрынғы жүйені ығыстырып шығарады, бірақ оны жергілікті тұрғындардың санасы мен жадынан өшіре алмайды. Моңғолдық этнокомпоненттер-

дің қыпшақтану процесі моңғолдық мемлекеттік жүйеге тән ноян, баһадүр секілді терминдерді – би, бек батыр деген жергілікті түрік-қыпшақ сөздері ығыстырады. Сондай-ақ жоғарғы билік мұралануда қыпшақтық дәстүр мен моңғолдық дәстүр арасында өзгешеліктер бар болып, XIII-XIV ғасырдың ортасына дейін моңғолдық дәстүр үстемдік құрып келді. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың ортасына дейінгі аралықтағы саяси оқиғалардың көбісінің астарында осы екі дәстүр арасындағы күрестер жатты. Моңғолдық дәстүр бойынша, ханның мұрагері болып оның ұлдарының бірі сайланса, жергілікті дәстүрге сай билікті билеуші әулеттің жасы үлкен өкілі мұраланып отырған. Бұл дәстүр Алтын Ордада XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қолданыла бастайды. Ал қазақ хандығының құрылуы – қыпшақтық дәстүрдің толық жеңіске жеткендігін көрсетеді. Орыс хан ұрпақтары Шибан әулетіне қарсы күресте жеңіске жетіп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікті иеленгеннен кейін осы дәстүрді ұстанады. Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп келіп, хан сайлау барысында Керей жоғарғы билікті иеленеді [5, 353-б.]. Ата жолы бойынша Керейдің хан болуы – қыпшақтық дәстүрдің жеңіске жеткендігін көрсетеді.

Осылайша, қазақ хандығының құрылуы – моңғолдық үстемдікке дейінгі Қазақстан аумағындағы мемлекеттік жүйе мен дәстүрдің қайта үстемдікке шыққандығын дәлелдейді. Мұның өзі халықтық дәстүр мен мемлекет арасындағы өзара байланыстардың орын алып, мемлекеттің халықтық сипатта болғандығын көрсетсе керек.

Сондай-ақ Қазақстан аумағында ежелгі замандардан XV ғасыр ортасына дейін әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген мемлекеттердегі билеуші әулеттер көбінесе, бір тайпадан шығып, мемлекет атауы сол тайпа атауымен аталғаны белгілі. Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттерін айтпағанның өзінде, XIV ғасырдан кейін өмір сүрген Түрік, Түргеш, Оғыз, Қарлұқ, Қимақ, Найман, Қидан, Қыпшақ мемлекеттерінің атауы осыны көрсетеді. Сонымен бірге, XIII-XV ғасырлар аралығында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекеттік құрылымдар – Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы, Моғолстан мемлекеттері бір мезгілде өмір сүріп немесе бірінің орнына бірі келіп, сол орта ғасырлардағы Қазақстанның саяси картасын әртүрлі түспен құбылтып тұрса, Қазақ хандығының құрылуы әртүрлі түсті саяси тұрғыда бір түске ауыстырады.

XV ғасырдың ортасынан бастап, әртүрлі саяси атаулардың орнына саяси бір ғана термин – Қазақ хандығы атауы орнығады. Бұл атау XVIII ғасырдың басына дейін Қазақстан аумағындағы жалғыз мемлекеттің атауы ретінде қолданыста болады.

Ертіс пен Еділ өзендерінің, Сырдария мен Тобылдың жоғарғы ағысының аралығындағы орасан зор аймақ XI ғасырдан бері «Дешті Қыпшақ» деп аталынып келсе, Қазақ хандығының құрылуы мен оның одан кейінгі ғасырлардағы дамуы жаңа ұғымды қолданысқа енгізеді. XVI ғасырдың бірінші жартысында «Қазақстан» термині алғаш рет жазба деректерде жазылып, ол «қазақтардың мекені», «қазақтардың елі» дегенді білдіреді [6, 180-б.]. Сөйтіп, Дешті Қыпшақ атауы тарихтың еншісіне қалдырылып, жаңа атау – жаңа этносаяси жағдайларға сай қызмет ете бастайды. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы – аймақтың саяси және этногеографиялық ұғымдарына да әсерін тигізіп, жаңа жағдайларға сай жаңа атауларды қалыптастырады.

Қазақ хандығының құрылуының тағы бір атап өтер маңызына – оның Қазақстан аумағындағы бір тарихи дәуірді аяқтап, жаңа бір тарихи дәуірге негіз қалауы жатады.

Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен жүзеге асқан бұл маңызды оқиғаны ортағасырлық Қазақстан тарихында Түрік қағанатының, Қыпшақ хандығының құрылуымен салыстыруға болады. VI ғасыр ортасында Түрік қағанатының құрылуы – Қазақстан тарихындағы ортағасырлық дәуірді немесе Түрік дәуірін, Қыпшақ хандығының құрылуы – Қыпшақ дәуірін ашып берсе, Қазақ хандығының құрылуы – қазақ тарихында жаңа тарихи дәуірге жол ашып береді. Ол – Қазақ хандығы дәуірі.

Қазақ хандығы құрылуының Отан тарихында алатын маңызы осындай.

Қазақ хандығының құрылуы бір мезетте, бір оқиғамен жүзеге асқан жоқ, ол оншақты жылға созылған тарихи үдеріс барысында құрылып болады. 1457 жылы Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп кетуі хандықтың құрылуы барысындағы алғашқы қадам болса, 1470/71 жылы қазақ билеушілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан шибанилық әулет өкілдерінің билігін түпкілікті түрде ығыстырып шығаруы – хандықтың толықтай құрылып болғанын көрсетті. Осы 13-14 жылға созылған уақыт ішінде хандықтың құрылу барысы толығымен жүзеге асып болады. Бұл үдеріс өз ішінде тағы оқиғалардың дамуына қарай кіші сатыларға жіктеледі [7, 425-454 – бб.].

Қазақ хандығының тарихындағы келесі кезеңге – хандықтың нығаю кезеңі жатады.

Хронологиялық тұрғыдан алғанда хандықтың нығаю кезеңіне XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың алғашқы ширегі аралығындағы жарты ғасырлық уақыт жатады. Бұл жылдары Қазақ хандығын Керей ханның ұлы – Бұрындық хан, одан кейін Жәнібек ханның ұлы, атақты Қасым хан басқарады. Осы жылдары Қазақ хандығы Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлер үшін Мауереннахр аумағындағы темірлік, одан кейін оның орнына келген шибанилық әулеттермен ұзаққа созылған күрестер жүргізеді. Қасым ханның билік құрған жылдары ол жеңіспен аяқталады [8, 74-92, 126-140 бб.].

Жарты ғасырдай уақытқа созылған хандықтың күшею кезеңі де өз ішінде бірнеше кіші кезеңдерге бөлінеді. Оларға XV ғасырдың соңғы ширегінде Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізілген күрестер кезеңі, XVI ғасырдың алғашқы онжылдығындағы шибанилық Мұхаммед Шайбани ханмен болған күрестер кезеңі және Қасым ханның билік құрған кезеңі жатады. Аталған үш кіші кезеңнің өзі тағы да өз іштерінде сатыларға бөлініп кетеді.

1511-1521 жылдары ел басқарған Қасым хан қазақ елінің шекарасын батыста Еділге дейін, оңтүстікте Сырдария өзенінің сол жағалауындағы өңірлерге дейін ұлғайтады. Жазба дерек мәліметтері қазақ халқының саны бір миллионнан асады деп баяндаса, ауыз әдебиетінің материалдарында «Қасым ханның қасқа жолы» атты заңның болғандығы айтылады. Бұл дегеніміз – Қазақ хандығында біртұтас саяси, этникалық, экономикалық, мәдени, рухани кеңістіктермен қатар, біртұтас құқықтық кеңістіктің де болғандығын көрсетеді. Сол себепті де Қасым хан билік құрған онжылдық кезеңнің соңғы бөлігін – Қазақ хандығының XVI ғасырдағы ең шырқау шегі деп, ал құрылғаннан кейінгі соңғы жарты ғасырды Қазақ хандығының күшею, нығаю кезеңі деп атаймыз.

1521-1538 жылдары Қазақ хандығының тарихында әлсіреу кезеңі деген атауға ие. Бұл жылдары ішкі саяси алауыздықтар мен тақ үшін күрестер хандықты әлсіретіп, оның беделін төмендетеді. Қасым ханның ұлы, әрі мұрагері – Мамаш хан тақ үшін болған күрестің құрбаны болса, оны биліктен ауыстырған Тахир хан тұсында алауыздықтар одан әрі күшейіп кетеді. Ал оның қайтыс болуымен қазақ жерінің үш аймағында келте хандар пайда болады. Батыс бөлікте – Ахмет хан (Қожа Ахмет хан), орталық

бөлікте – Тоғым хан, Жетісуда – Бұйдаш ханның билігі орнайды. Сыртқы жаулармен күрестерде қазақ билеушілері жеңілістен көз ашпайды. Осы жылдары сыртқы жаулармен және ішкі өзара талас-тартыстарда 60-тан астам қазақ хандары мен сұлтандары қаза табады. Қазақтар халқы өз жерінің көп бөлігінен айырылады. Бұл жағдайды ортағасырлық тарихшы Мұхамед Хайдар Дулати «(бұл жерде) қазақтар қалмады десе де болады» деп жазады. [4,111-б]. Бұл дерек мәліметі Қазақ хандығының уақытша әлсіреу кезеңіне берілген алғашқы және өте дәл сипаттама болып саналады.

Хандық дәуірдің келесі кезеңі – қайта өрлеу, қайта күшею кезеңі деп аталады. Уақыт жағынан бұл кезең – XVI ғасырдың 40-90 жылдары аралығын қамтиды. Осы кезеңде билікте болған қазақ хандары – Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хандардың жүргізген ішкі-сыртқы саясаттарының басты бағыты – хандықтың бұрынғы қуатын қалпына келтіруге арналды. Жарты ғасырдан астам уақытқа созылған бұл кезеңде қазақ хандары бірте-бірте өз мақсаттарына жақындай түсіп, ақыры сол ғасырдың соңғы жылдары оны орындайды. XVI ғасырдың соңына таман Қазақ хандығы бұрынғы Қасым хан тұсындағы мемлекеттің шекарасын қалыптастырады. Сөйтіп, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуы аяқталады [9,45-49,71-80,83-91 бб.]. Бұрынғы Яссы қаласы Түркістан деп аталынып, хандықтың тұрақты саяси-әкімшілік орталығына айналады.

Хандықтың тарихындағы келесі кезеңді шартты түрде – «текетірес» кезең деп атауға болады. Түркістан қаласын саяси орталық еткен Есім хан мен Ташкент аймағының билеушісі Тұрсын хан арасындағы билік үшін болған күрестер – кезеңге осындай атауды беруге лайық.

Бұл кезеңнің алғашқы сатысында Есім ханның беделі жоғары болса, келесі сатыда Мауереннахрдағы аштарханилық Имамқұли ханға арқа сүйеген Тұрсын ханның рөлі артады. Тіпті Есім хан амалсыздан Шығыс Түркістан аумағына кетуге мәжбүр болады. Бұл күрестің ақыры Тұрсын ханның өлтірілуімен және ал келесі жылы Есім ханның қайтыс болуымен аяқталады. Осылайша, хандық дәуірдің «текетірес» кезеңі отыз жылға созылып, екі ханның қысқа уақытта қайтыс болуымен аяқталады.

Хандық дәуірдің бұдан кейінгі 1629-1652 жылдар аралығын – жоңғарлармен алғашқы күрес кезеңі деп атауға болады. Бұл жылдары Есім ханның ұлдары Жәнібек хан, одан кейін Жәңгір хан осы жылдары билікте болғаны белгілі. Осы кезеңде Қазақ хандығының шығысында Жоңғар ханды-

ғы құрылып, 120 жыл бойы екі хандық арасында үлкенді-кішілі соғыстар мен ұрыс-шайқастар өтеді. Жоңғар хандығы құрылып, 1652 жылы Жәңгір хан қаза тапқанға дейінгі азғантай уақыт ішінде екі жақ арасында жазба дерек мәліметтерінде сақталып қалған үш үлкен шайқастар өтеді. Олар – 1635 жылғы, 1643 жылғы және 1652 жылғы ұрыстар. Бұл ұрыстар қазақ елінің шығыстағы жаңа қарсыласы – Жоңғариямен жүргізген алғашқы күрестері болатын. Сол себепті де Есім ханның ұлдары – Жәнібек хан мен Жәңгір ханның билік құрған жылдарын шартты түрде жоңғарлармен алғашқы күрестер кезеңі деп атауға әбден болады.

Қазақ хандығы дәуіріндегі Жәңгір хан қаза тапқан 1652 жылдан Тәуке хан билікке келген 1680 жылға дейінгі аралықта кімнің билікте болғаны әзірге ғылымға белгісіз болып отыр. Еліміздің, жеріміздің болғаны анық, бірақ 28 жыл бойы кім билікте болды, ол қандай саясат жүргізді – мұның бәрі тарихымызда белгісіздеу. Сол себепті біз бұл кезеңді «белгісіз жылдар» деп атадық. Болашақтағы зерттеулер мен ізденістер «белгісіз жылдар» кезеңіндегі тарихи даму үдерісін белгілі етеді деген ойдамыз.

Біртұтас Қазақ хандығының соңғы кезеңі Жәңгір ханның ұлы – Тәуке ханның билік құрған 1680-1715 жылдармен байланысты.

Бұл жылдарды өзіне дейінгі және өзінен кейінгі жылдармен салыстырғанда ауыз әдебиетінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «алтын ғасыр» деп атайды. Осы жылдары қабылданған «Жеті жарғы» заңы – ел ішіндегі, қоғамдағы әртүрлі жағымсыз қылықтар мен іс-әрекеттерді болдырмауға, билікті құрметтеуге, елді сыртқы жаулардан қорғауға бағытталып, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін нақтылайды. Тәуке ханнан кейін билеуші топтар арасындағы талас-тартыстар, 1723-1726 жылдары болған «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары, Тәуке хан тұсында қазақ халқы үшін нағыз «алтын ғасыр» заманының болғанын көрсетеді.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, Тәуке ханнан кейін Қазақ хандығының тарихында 100 жылдан астам уақытқа созылған бытыраңқылық дәуір басталады. Ол дәуірдің соңы Қазақ хандығының толық күйреуімен аяқталады.

Осылайша, XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ хандығы дәуірі өз ішінде бірнеше кезеңдерге бөлініп, әр кезең өзіндік ерекшеліктерімен, белгілерімен ерекшеленеді. Болашақта әрбір зерттеуші хандық дәуірдің әр кезеңнің басты сипатын біліп, оны одан әрі терең қарастырып, тарихымыздағы белгісіз тұстар мен жәйттерді аша түседі деген ойдамыз.

Әдебиеттер

- 1 Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. Научно-аналитический обзор. Издательство «Наука» Казахской ССР. – Алма-Ата, 1987. – 44 с.
- 2 Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.
- 3 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. – М., 1965. – 196 с.
- 4 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 бет.
- 5 Баһр ал-асрар фи манакіб ал-аһйар. Мына жинақта: Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с. (Одан әрі МИКХ.)
- 6 Бадай ал-вакай. //МИКХ.
- 7 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
- 8 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 176 бет.
- 9 Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Издательство «Наука» Казахской ССР. – Алма-Ата, 1985. – 104 с.

References

- 1 Kumekov B.E. Arabskie i persidskie istochniki po istorii kypchakov VIII-XIV vv. Nauchno-analiticheskij obzor. Izdatel'stvo «Nauka» Kazahskoj SSR. – Alma-Ata, 1987. – 44 s.
- 2 Ahinzhanov S.M. Kipchaki v istorii srednevekovogo Kazahstana. Izdanie ispravlennoe. – Almaty: Fylym, 1995. – 296 s.
- 3 Ahmedov B.A. Gosudarstvo kочevyih uzbekov. Izdatel'stvo «Nauka». Glavnaja redakcija vostochnoj literatury. – M., 1965. – 196 s.
- 4 Dulati M.H. Tarih-i Rashidi. – Almaty: M.H.Dulati қоғамдық қоры, 2003. – 616 бет.
- 5 Bahr al-asrar fi manakib al-ahjar. Myna zhinaқта: Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Izvlechenija iz persidskih i tjurkskih sochinenij) / sost.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishhulina, V.P. Judin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s. (Odan әгі МІКН.)
- 6 Badaj al-vakaj. //МІКН.
- 7 Кәрібаев В.В. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Sardar» баспа үйі, 2014. – 520 б.
- 8 Кәрібаев В.В. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Sardar» баспа үйі, 2015. – 176 бет.
- 9 Abuseitova M.H. Kazahskoe hanstvo vo vtoroj polovine XVI veka. Izdatel'stvo «Nauka» Kazahskoj SSR. – Alma-Ata, 1985. – 104 s.

Телеуова Э.Д.

**Дәстүрлі қоғамның әдеттік
құқық жүйесінің тарихи дамуы**

Мақалада дәстүрлі өркениеттің әдеттегі құқығын құрайтын мұраларының ортақтығы мен тарихи бастаулары талданады. Әдеттегі құқықтың мемлекеттік заң ретінде қалыптасу үрдісінің ерекшеліктері қарастырылған. Дәстүрлі өркениеттегі әдеттегі құқықтың тарихын ғылыми деңгейде зерттеуде халық, мемлекет тарихы, құқық тарихымен ұштасуы заңды құбылыс ретінде танылады.

Сонымен қатар автор Евразия кеңістігіндегі халықтардың рухани және адамгершілік құндылықтарын көтеруде әдеттегі құқықтың басты идеяларын қолданылуына қатысты пікірді ортаға салады.

Түйін сөздер: дәстүр, меритократия, иерархия, әдет, құқық.

Teleuova E.D.

**The historical development of
Customary law in traditional
societies**

The article discusses the unity of heritage and historical origins of the customary law of the traditional society. The features of trends conversion of customary law into national legislation. When a scientific analysis of the history of the customary law of the traditional society it must be read in conjunction with the history of the state. Along with this, the author expresses an opinion on the application of the basic legal ideas of customary law for the development of spiritual and moral values of the peoples on the Eurasian space.

Key words: traditional, meritocracy, hierarchy, customary law.

Телеуова Э.Д.

**Из истории формирования
обычного права
в традиционных обществах**

В статье рассматривается единство наследия и исторических истоков формирования обычного права традиционного общества. Проанализированы особенности тенденций превращения норм обычного права в государственные законы. При научном анализе истории обычного права традиционного общества ее необходимо рассматривать вместе с историей государства.

Вместе с этим, автор высказывает мнение о применении основных правовых идей обычного права для развития духовности и нравственных ценностей народов на Евразийском пространстве.

Ключевые слова: традиционность, меритократия, иерархия, обычное право.

ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМНЫҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ

Мемлекеттік-құқықтық жүйенің қызметінде сол халықтың дәстүрлі құқық нормалары көрініс табады. Әр халықтың тарихында «дәстүрлі» немесе әдеттегі құқығы сақталған. Ұзаққа созылған тарихи кезеңде әдеттегі құқық әмбебаптық реттеуші қызметті атқарды. Қоғамдық, тұрмыстық, дәстүрлі экономикаға негізделген әр халықтың менталитетінің туындысы болды. Қоғам ішінде қалыптасқан, индивидтің іс-әрекетінің құқықтық реттеушісі әдеттегі құқық болды. Оның уақыт межесінде түрленіп, өңделіп, кейде қайта туындап отыруы жиі кездесті. Дәстүрлі құқық көп жағдайда ауызша туындап, сақталып, ақпараттық кеңістікте таралды. Оның басты ерекшелігі «қоғамның өз туындысы» болуы. Дәстүрлі мәдениетте құқықтық түсінік «ақиқат», «ар-ождан» және «әділеттілік» санатында қаралады. Әдеттегі құқықтан жеке билеушілер бас тартып, мемлекеттік басқару институттары арқылы «заң шығармашылығын» қалыптастырды. Бүгінгі қоғам заң аясында өмір сүреді. Бірақ тарихи тұрғыдан алып қарасақ, этномәдени құндылықтарға негізделген әдеттегі құқық бірден жойылып кетпеді. Нәтижесінде дуалистік қоғамдық сана қалыптасты. Бір жағынан Рим құқығынан бастау алатын бүгінгі күннің заңдық нормалары, екінші жағынан халықтың дәстүріне негізделген әдеттегі құқық шынайылығымен жадыда сақталып қалды.

Орталық Азия көшпелілерінің тарихындағы ортақтықтың көрініс осы – әдеттегі құқық. Оның мазмұны мен қызметі түркі халықтарының құрған мемлекеттерде өзара сабақтастықта сақталып отырды. Түркі халықтарының әдеттегі құқығы ортақ, оның уақыт шеңберінде ғана түрленуі орын алатынын Н. Гродеков [1] атап өтеді.

Әдеттегі құқықтың тарихи дамуын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқысы дәстүрлі ауызша тарихтың мұралары және әдеби, тарихи шығармалар; екіншісіне кодекстер мен қабылданған нормаларды жатқызуға болады. Тарихқа үңілсек түркі халықтарында алғашқысында әдеттегі құқық туралы мәліметтердің басым бөлігі сақталған.

ҮІ ғасырда Орталық Азиядағы көптеген тайпалық одақтардың бірігуі негізінде Түрік мемлекетінің құрылуы, оның іргесін салушы Бумын қағанның мемлекеттің тұтастығын,

қоғам мүшелерінің азаматтық құқықтарын қорғаған заң жүйесін қабылдағаны белгілі. Түрік жазбаларында: «Түрік бүтін халық үшін Төресін жүргіздім, Елді тұтып Төре етті» – деп жазылған [2]. Түрік қағандары әдеттегі құқықты кодификациялау нәтижесінде «Төре» заңын қабылдады. Осы заң баптары іргесі жаңа қаланған мемлекет үшін ішкі тұтастық және бірлік идеясы болғандығын анық көреміз. Оның түрік жұрты үшін маңыздылығын ел бірлігі үшін күрескен билеушілердің көне бітіктастардағы жазбалары айқын көрсетеді. Бұл құқықтық ескерткіш Алғашқы Түрік қағанатының тәуелсіз мемлекет ретінде тарих сахнасына көтерілгендігінің айғағы болды. Түрік Алғашқы Түркі қағанатының заңы бойынша түркі қоғамының талаптарына сай азаматтық, қылмыстық, отбасылық істерді шешіп отырған. Әрине бұл заң ерте ортағасырлық мемлекеттік сипатқа тән болған. Мемлекетті басқарудағы саяси тәсілдер, көшпелі қоғамдық қатынастар зерттеулерде «көшпелі мемлекет» ұғымын туындатты. Мұндай саяси билік түркі қоғамындағы құқықтық құрылымды үш нормаға бөлді. Азаматтық, қылмыстық, отбасылық, мұрагерлік істер әдеттік құқықпен реттелді. Мемлекеттегі билік тұтқасын ұстаған «Ашина әулетінің» құқығы ерекше болды. Бұл құқық қағанаттың билеушілері тарапынан қабылданған заң «Төреге» бірікті. Қаған билігі билеуші әулет ішінде мұраға беріліп отырған. Биліктің атадан балаға ғана емес, ағадан ініге берілу дәстүрі болған. Үшіншіден мемлекет және тайпа аралық қатынастардың ережелері халықаралық құқық құрады. Түркі қағанатындағы жоғарыда аталып өткен нормалар VIII ғасырларда жинақталған құқық жүйесі «Төреге» бірікті. Түркі елінің қалыптасуымен қатар, заң шығармашылығы мемлекет ішінде «Төренің» таралуына ықпал жасады. «Төре» елді басқару, билік жүргізу құқығын атқарды. Оның негізгі мақсаты мемлекеттің ішіндегі тұтастықты сақтау, ру арасындағы қайшылықтарды, қарым-қатынасты реттеуді көздеді. Түркі қоғамындағы әдет-ғұрып құқықтары және «Төре» кейінгі осы қоғамның мұрагерлерінің құқықтық қатынастарында жалғасын тапты.

Түрік құқықтық ескерткіштерінің мазмұны сақталған 1523-1594 жылдарға жататын армян-қыпшақ процессуалды кодекс және XII ғасырдың қыпшақ-поляк сот жүргізу нұсқасының тарихи маңызы ерекше [3]. Бұл құқықтық дерек отбасылық, қылмыстық, әкімшілік құқық баптарын құрайды. Батысқа қарай жылжыған түркі халықтары әскери өнерін, рухани мұраларын

және осындай құқықтық ескерткіштерін тарих межесінде сақтап, өзге халықтардың өміріне сіңірді.

Дала тарихындағы әдеттегі құқықтың бірыңғай жүйеге келуін Ф. Леонтович Шыңғысханның «Yassa», «Ұлы Жасақ» заңын қабылдауына қатысты көрсетеді, қазақ мемлекеті осы заңды шынайы сипатта сақтады деген тұжырымдама береді [4]. С. Фукстың көзқарасы бойынша «Ұлы Жасақ» орталықтанған мемлекетті нығайту мақсатында қабылданаған Шыңғысханның заңы, ал қазақ мемлекетінде биліктің ешқандай институты қалыптаспаған, әдеттегі құқыққа негізделген, оларды өзара байланыстыру дұрыс емес деген теріс пікірге тоқтайды [5].

Монғол ұлысының құрылуы тұсында мемлекетті нығайту мақсатында көшпенділердің әдеттік-құқықтық нормаларының жиынтығына сол кезеңдегі монғол қоғамының талаптарына орай өзгерістер енгізіліп, жетілдіріп қабылданған заң жинағы «Ұлы Жасақ» болды. «Ұлы» деп аталуы монғолдардың барлығына тиісті заң болды. Осы жағынан алғанда жергілікті ұлыстық деңгейдегі жасақтардан ерекшеленді. «Yassa» монғолша – джасақ, йосун «қаулы», «заң» мағынасын береді. «Yassa» – Шыңғыс ханның қабылдаған монғолдардың заңдар жиынтығы және ережелері. Рашид ад-Диннің мәліметіне қарағанда бұл заң монғолдардың 1206 жылы өткен құрылтайында қабылданған [6]. Бұл заңның Шыңғыс ханның керей, найман, меркіттерге жасаған жеңісті жорығынан кейін жиналған Ұлы құрылтайда қабылдануы оның билігінің нығаюына жол ашты. Кейінірек 1218 жылы Түркістанға қарсы жорықты ұйымдастыру мақсатында жиналған құрылтайда толықтырулар енгізіліп, 1225 жылы қайта қабылданған.

Қоғамдық қатынастардың күрделене түсуі, мемлекеттіліктің қалыптасуы құқықтық мәдениеттің дамуымен қатар жүреді. Сондықтан Шыңғыс ханның құрған мемлекетін өзіне дейінгі осы территориядағы бір кезде қалыптасып, нығаю үстінде болып, ыдыраған мемлекеттердің тікелей мұрагері ретінде қарастырған жөн. Сонымен Монғол империясындағы негізгі құқықтық ескерткіш «Yassa» болды. Бұл заңның тұрақтылығының сыры Шыңғыс хан ұрпақтары Монғол империясынан қаншалықты қашықтықта билік құрса да, осы заңға бағынып, берік ұстауында болып отыр. «Yassa» мазмұны халықаралық құқық, мемлекеттік және әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, сауда құқығы, сот құқығы, заңды бекіту сияқты баптардан тұрды:

«Yassa» Шыңғыс хан ұрпақтары үшін қаншалықты маңызды болса, олардың билік құрған мемлекеттерінің тұрғындарының бағынуы міндеткерлік болды. Шыңғыс хан бағындырған кейбір өңірлерде оның баптары қайшы келіпте жатты. Оның басты себебі «Yassa» көшпелі түрік-монғол тайпаларының әдеттегі құқығының мұрасы болды. Сондықтан оның қызметі көшпелілердің дәстүрлі құқығына негізделген болса, Түркістан немесе Иран сияқты бағындырылған отырықшы аймақтарда ертеден қалыптасқан құқықтық қатынастары, әлеуметтік-тұрмыстық өмірі бұл заңда тыс қалып отырды. Бұлардың баптары арасындағы қайшылықтар жергілікті билік иелері мен Шыңғыс хан әулетінің билеушілері арасындағы қақтығыстардың туындауына себеп болды. Түркістан иелігінде билік құрған Шағатайдың «Yassa» орындату мақсатындағы әрекеттерін Ата Мәлік Жувейни былай баяндайды: «Ол өзіне бағынышты халықты «Yassa» арқылы қорқытып, жазалау шараларын жүргізді, оның әскері әрқашан дайындықта болды, әсерлеп айтқанда, кез келген жалғыз әйел басына алтын толтырылған табақпен еш қорықпай жүре алатын. Ол кішігірім қаулылар қабылдап отырды. Бұл қаулылар мұсылмандар үшін ауыр болды. Мысалы, қойды бауыздамау туралы қаулысы нәтижесінде Хорасанда ашық мал бауыздаудан қорықты. Мұсылмандарды өлген мал етін жеуге мәжбүрледі» [7].

Шыңғыс ханның іс-әрекеті әдеттегі тәртіпке қайшы келмеуі, өз тарапынан заң аясында шешім қабылдауы деректерде сипатталады. Түркі өркениетінің құқықтық мәдениетінде осы дәуірде «бейәдеп» ұғымы қалыптасты.

Соңғы ортағасырлық кезеңдегі әдеттегі құқықты жүйелеуді қазақ хандары жүзеге асырды. Бұл қадамның басты мақсаты мемлекетті орталықтандыру болды. Бұл заңдар әдеттегі құқықтан құралды. «Қасым ханның қасқа жолы», «Хақназардың хақ жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы», «Их Цазз», «Он сегіз Дала заңы», ескі «Цааджин бичигі», «Халха Джирум», Сібір, солтүстік Кавказ түркі халықтарының «адат» атты құқықтық нормаларының ортақтығы айқын. Оның ішінде өсиет, кепілдеме, ант, келісім шарт, куәгерлік, аманат, аталық, айып, құн тағы басқа құқықтық нормалардың түркі халықтарына ортақ болуы заңдылық.

Қазіргі заман талабына сәйкес батыс қоғамының заң шығармашылығы аясында құқықтық қатынастар жүзеге асуда, түркі

халықтарының дәстүрлі құқығының баптары тіптен қарастырылмайды. Дәстүрлі құқық әр қоғамның өзінің туындысы, сәйкесінше қоғам ішіндегі қайшылықтарды шешуде, құқықтық мәдениеттің қалыптасуындағы маңызына мән берілмей келеді. Дала құқығы «әділеттілік» пен «жаза» қатар қолданылып, жасалған іс-әрекеттің сұрауын көрсетеді. «Жеті Жарғының» баптарында біреудің сыртынан сөз айту, жалған сөйлеу, әдейілеп соңына түсу өлім жазасына кесілсе, бүгінде оған тосқауыл болатын дәстүрлі құқықтағы «ар-ождан» қағидаты. Әр адамның өзінің арының алдындағы жауабы. Дәстүрлі өркениеттің «әділетті қоғамды» құру дүниетанымы құқық аясында жүзеге асуын ерекше атасақ болады. «Әділеттілік» түркі халықтарының түсінігінде адам құқығын қорғайтын «міндеттілікке» саяды. Сонымен қатар бұл категория адамгершілікті-құқықтық, әлеуметтік-саяси санаға тәуелді болды.

Осы тақырыпқа қатысты түркі халықтарының «мұрагерлік құқығынан» мағлұмат беріп өткен жөн. Дәстүрлі құқық бойынша әке мұрагері отбасындағы кенже баласы болып табылады. Әкесі қайтыс болған жағдайда кенже баласы бірге тұрған болса, оның барлық мүлкін иеленеді, бірақ осы тұста ерекше тоқталатын мәселе баласы өзіне «моральдік міндетті» алады. Әкесінің анасынан бөлек әйелі болса, кәмелетке толмаған балалары немесе туыстарының балаларын заңды түрде әкесі қамқорлыққа алған болса олардың алдындағы борышын өтеуді, моральдік жағынан да жауапты болып табылады. Әрине басқа да мұрагерлік құқықтық баптар болды, ер адам ерте дүниеден өткен жағдайда оның ұлдарының арасында мүлік тең бөлінеді. Әйелі «әменгерлікпен» отбасын құрса, сол ер адамның қолына көшетін болған. Егер қыз бала отбасында болса, оның күйеуіне мұрагерлік өтетін болған. Мұрагерлік құқықты мүліктік жағынан иелену деп қараған дұрыс емес, яғни оның ел алдындағы адамгершілікті жүктемесі тағы қоса берілді. Осындай отбасылық құқықтық нормаларды Селенга ережелерінен кездестіреміз [8]. Қылмыстық құқықты талдасақ, мұнда – меншікке қол сұғу, жеке адамға қастандық, билік тәртібіне қарсы тұру қолданылатын жазаға түрмеде қамау мүлдем қарастырылмады. Көшпелілер үшін ең жоғары жаза бұл «рудан кетіру», көп жағдайда шешімді өз туыстары қабылдап «сүйекке таңба салды» деп елден кетуге мәжбүрлеген. Сонымен қатар барлық түркі халықтарында 3 есе, 7 есе, 9 есе құн төлеу тәртібі сақталған. Дала өркениетінің құқықтық жүйесі өзінің

шынайылығы, ашықтығы арқылы әділеттілікке жетіп отырды. Билердің істі қарауда ешқандай әлеуметтік мүддеге негізделмеуі, заң барлығына ортақтығын көрсетті. Істің қаралауының өзі көлбеу, яғни жүгінетін бидің таңдалуында шектеудің болмауына мүмкіндік туғызды. Қоғам ішіндегі теріс іс-әрекет жасаған адамды жазалауды емес, оны ар-ұятқа шақыруды көздеді.

Ресей империясының отарлау саясаты ғасырлар бойы өзінің реттеушілік қызметін атқарған дәстүрлі құқықты тоқтатты. Оның баптары халықтың жадысында және тұрмы-

сында сақталып қалды. Әрине бүгінгі құқықтық мәдениетті қоғамды қалыптастыруда адамгершілік-құқықтық дүниетанымға негізделген дәстүрлі құқықтың құндылықтарын тиімді пайдалаған дұрыс. Бүгінде көптеген мемлекеттер «прецеденті құқықты» жиі қолдануда. Ол түркі халықтарындағы әдеттегі құқықпен үндесіп жатыр. Жаһандану заманында түркі халықтарының құқықтық жүйесінің іргетасы – дәстүрлі құқық болуы тиіс. Бұл жағдай қоғам ішінде көрегенді ұстанымды, құқықтық мәдениетті және моральдік құндылықтарды көтеруге ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Гродеков Н. Киргизы и кара киргизы Сырдарьинской области. – Ташкент, 1889. – Т. 1. – 22 б.
- 2 Гаркавец А. Кыпчакское письменное наследие. Кыпчакский словарь. Том III. По армянописьменным памятникам XVI-XVII веков. – Алматы: БАУР-КАСЕАН, 2010.
- 3 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. – Алматы, 2005. – 67 б.
- 4 Леонтович Ф. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий. Древний мир казахов. 2003 г. – 412 б.
- 5 Фукс С. История казахского права по русским источникам XVIII-XX вв. Древний мир казахов. 2003. – 423 б.
- 6 Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1, кн.1. – М-Л, 1952. – 259-266 бб.
- 7 Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XVI-XVIII вв. – Алматы, 2001. – 19-25 бб.
- 8 Тумерова А.Т. Обычное право бурят в монгольской правовой системе. – Улан-Уде, 2004. – 98-100 бб.

References

- 1 Grodekov N. Kirgizy i kara kirgizy Syrdar'inskoj oblasti. – Tashkent, 1889. – Т. 1. – 22 b.
- 2 Garkavec A. Kypchakское pis'mennoe nasledie. Kypchakskij slovar'. Tom III. Po armjanopis'mennym pamjatnikam XVI-XVII vekov. – Almaty: BAUR-KASEAN, 2010.
- 3 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. – Алматы, 2005. – 67 б.
- 4 Leontovich F. Drevnij mongolo-kalmyckij ili ojratskij ustav vzyskanij. Drevnij mir kazahov. 2003 g. – 412 b.
- 5 Fuks S. Istorija kazahskogo prava po russkim istochnikam XVIII-XX vv. Drevnij mir kazahov. 2003. – 423 b.
- 6 Rashid ad-din. Sbornik letopisej. T.1, kn.1. – M-L, 1952. – 259-266 bb.
- 7 Abuseitova M.H., Baranova Ju.G. Pis'mennye istochniki po istorii i kul'ture Kazahstana i Central'noj Azii v XVI-XVIII vv. – Almaty, 2001. – 19-25 bb.
- 8 Tumerova A.T. Obychnoe pravo burjat v mongol'skoj pravovoj sisteme. – Ulan-Ude, 2004. – 98-100 bb.

Zhappasov Zh.E., Botash S.

**Commercial relations of
Kazakhstan and Russia in the
XVI-XVIII centuries**

This article gives a brief overview of some works, based on the axiology analysis of historical researches process of accumulation of empirical knowledge and becoming of the theoretic-conceptual bases in studying a problem of Kazakh-Russian commercial relations in XVI-XVIII centuries. The urgency of a theme of research caused by necessity of development of historiographical aspects of actual problems of history of Kazakhstan, and for objective reconsideration of many pages of Kazakh-Russian relations in XVI-XVIII centuries from positions of new methodological approaches in a domestic historical science. As one of modern conceptual installations in studying history of Kazakhstan the withdrawal from consideration of historical processes in a vein of exclusively «Russian» and «Soviet» history and the set ideological imperatives that was characteristic for the Soviet historiography of problems of Kazakh-Russian relations. In conditions of independence of Republic of Kazakhstan on the foreground, only left insufficiently known and not studied aspects of this difficult and inconsistent problem.

Key words: historiography, empire, colonization, commercial relations, diplomacy.

Жаппасов Ж.Е., Боташ С.

**XVI-XVIII ғасырлардағы
Қазақстан мен Ресейдің сауда
байланыстары**

Бұл мақалада тарихи зерттеулерді аксиологиялық тұрғыда талдау негізінде XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс экономикалық қарым-қатынастары мәселесінің теориялық-концептуалдық негізінің қалыптасуы мен зерттеудегі эмпирикалық білімнің қордалану үдерісі анықталды. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан тарихындағы маңызды мәселелердің тарихнамалық аспектілерін зерттеудің қажеттілігімен, XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесін отандық тарих ғылымына тән жаңаша методологиялық тұрғыда қарастырылуымен анықталады. Соңғы он жылда XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жарық көрді, олардың біразында Ресейдің рөлін жоғарылатып, Қазақстанды төмендету тұрғысында жазылғандықтан, оларды қайта қарап, жаңаша методологиялық тұрғыда талдау қажет. Бүгінде отарланушы ел ретіндегі идеологиядан арылған кезінде Қазақстан ғалымдары арасында осы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар мен пікірлер туындады, олардың кейбіреулері тіпті бір-біріне қарама-қайшы. Бірақта бүгінде қазақ және орыс халықтары арасында ғасырлар бойы жалғасқан байланыстардың нәтижелері Қазақстанның ұлттық тарихнамасы негізінде қайта ой елегінен өткізу жұмыстары жүргізілуде.

Түйін сөздер: тарихнама, империя, отарлау, экономикалық қатынастар, дипломатия.

Жаппасов Ж.Е., Боташ С.

**Торговые связи Казахстана и
России в XVI-XVIII веках**

В настоящей статье на основе аксиологического анализа исторических исследований раскрыт процесс накопления эмпирических знаний и становления теоретико-концептуальных основ в изучении проблемы казахско-русских экономических отношений в XVI-XVIII вв. Актуальность темы исследования обусловлена как необходимостью разработки историографических аспектов актуальных проблем истории Казахстана, так и для объективного переосмысления многих страниц казахско-русских торговых отношений XVI-XVIII вв. с позиций новых методологических подходов в отечественной исторической науке. Одной из современных концептуальных установок в изучении истории Казахстана является отход от рассмотрения исторических процессов в русле исключительно «российской» и «советской» истории и заданных идеологических императивов, что было характерно для советской историографии проблем казахско-русских отношений. В условиях независимости Республики Казахстан на первый план выходят малоисследованные и неизученные аспекты этой сложной и противоречивой проблемы.

Ключевые слова: историография, империя, колонизация, экономические отношения, дипломатия.

**COMMERCIAL
RELATIONS OF
KAZAKHSTAN AND
RUSSIA IN THE XVI-XVIII
CENTURIES**

We can find information about the Russian merchants in Kazakhstan and Central Asia, in the works of Rubrikvis and Shegabed-Din in the XIV century. Prerevolutionary scholar N.P. Zagoskin and well-known Soviet historian V. Mavrodin reported that, following the well-trodden path from time immemorial, Russian merchants back in XIV-XV centuries. «constantly traveled in the lower reaches of the Volga and the Caspian Sea, and from there made their way even to Samarkand, in 1404 year here in the last city people saw Russian merchants along with Tatar traders, Indian and Chinese.» [1].

Interesting information informs the pre-revolutionary author A.J. Garkavi [2], whom wrote that along the Volga and the Caspian Sea, Russian merchants exported from Asia countries fur of (sable, beaver, fox, marten and others.), honey, wax, fish tooth (walrus tusks), skin and linen fabrics (mainly in Central Asia), which were famous even in northern India. By the same way, they imported to Russia from the lower reaches of the Volga-Caspian Sea, salt from east, steppe horses, silk fabrics, products made of precious metals, semi-precious stones, pearls, weapons and Damascus steel products. Especially imported a lot from along the Volga and the Caspian Sea spices, by that time there was not sea route to India because no one opened it yet.

Let's note that A.E. Snesev and V.V. Bartold [3, 4], they believe, that «the initiative in organizing the Russian-Central Asian relations,» belongs to «the Englishman named Jenkinson», representative of the pre-revolutionary historiography V.G. Tizengauzen and Soviet scientists B.D. Greekov, S.A. Pokrovsky, Y. Falcons [5-7], resists and provides evidence of fallibility of this statement.

E.V. Tarle informs that in fact for the first time A. Jenkinson traveled across the Kazakh steppes and appeared in Central Asia almost a half century later than Russian, in 1557 year, he has been there and for subsequent years. Of course, the work of A. Jenkinson adduces great interest, as he left a very valuable information about Central Asia and Kazakhstan, informing about the inhabitants of the steppes «Kassaks with magomet faith (muslims)», that were strong and numerous nation [8].

N. Karamzin informs the fact that already in 1557-1558 years to Ivan IV with a «love» petition arrived ambassadors from Khiva,

Bukhara and Samarkand to allow their merchants to pass free along the Volga. [9]. A.H. Margulan also confirms the earlier period of the Kazakh-Russian trade relations establishment. For example, he writes that at the same time merchants from Shemakhi, Derbent, Shavkala, Tyumen, Khiva, Saraichik and other cities visited Astrakhan, and then the trade agreements were signed with Shamakhy and Bukhara [10].

In the context of political disintegration on the southeast of Europe after the destruction of the Golden Horde in the early XVI, century was frustrated as trade routes of Russia in Central Asia and other eastern states. Therefore, even during Tugume Khan (1534-1538), when Kazakhs' somehow strengthened again, the Moscow government did not renew the former direct connections with them.

Nomadic state associations were constantly in need of sedentary culture work products, «cereals, and especially fabrics, garments,» all of these they constantly received from Russia and Bukhara. V.V. Barthold, referring to S.M. Solovyov leads to an important confirmation of this. Nogai Murza Ismail in 1551 year wrote to his brother Yusuf, whom trekked behind Zhayik River: «Your people go trading in Bukhara, and my people go to Moscow, and I have to be conquered by Moscow, even myself go naked, and the dead do not have anything to sew shrouds».

The Moscow government aimed to increase trade with all countries, including Central Asia and the Kazakh steppe. This has contributed to the normalization of economic life, which in turn reduces the possibility of military clashes. In other words, increase of trade helped to neutralize the aggressive intentions of the Central Asian states and strengthen the economic power of the sides, which lead to activation of their diplomatic and political contacts.

Promotion of Russian to the East has created comfort conditions for prosperity of the Russian merchant class. However, on his way stood the Siberian Khanate. Kazakh Khanate was subject of continuously raids of neighboring countries and they were looking for a strong ally, able to help them in the fight against the invaders. At this time, Russian merchants, diplomats, travelers knew about the Kazakhs, as a nation, heroically defending themselves from constant pressure of Bukhara and the Siberian Khanate rulers. At the same time, the Kazakh steppes turned into a staging base for the goods, on their way from the East to Russia and from Russia to the East.

In the XVI century and up to 40-ies of XVIII century, communications of Russia with the Cen-

tral Asian by oases implemented through Astrakhan, Guryev, from the banks of the Tobol, Ural, Uya, from Tobolsk across the steppes to the north and deserts in the south. Before the foundation of Orenburg, Troitsk and Omsk as the main bases for sending government and private caravans, Bukhara Astrakhan and Tobolsk were main bases before. Through Kazakh steppe, Siberian Cossacks traded with the Central Asian countries. Bukhara caravans went to Ermak rate past the Aral Sea, «through the steppes of Kirghiz kaysak's by long-laid road ...» informs the pre-revolutionary author I. Keppen.

Soviet historian H. Ziyaev wrote that road from Tobolsk to Bukhara took 75 days. One of, the most famous researchers of Russia and Central Asia trade relation problems A.V. Pankov provides information that since the middle of the XVI century, twice in a year between Astrakhan and Karagan marina on Mangyshlak went sailing boats on which the Khiva and Bukhara merchants sailed to Astrakhan.

Prerevolutionary author V.A. Ulyanitsky wrote, and well-known Kazakh historian G.F. Dahshleyger by analyzing documents from the archives of the Ministry of Foreign Affairs, came to the conclusion that the overland route from Russia to India as early as the time, passed through Astrakhan to the Mangyshlak peninsula (Tub-Karagan), Bukhara, Balkh, Kabul, and from there to India.

It took only 20 years after the conquering the Kazan and the Russian were already mastering the upper reaches of the Kama River and established themselves in several kilometers to south-east of Soli Kama built in Stroganovs' Kankor and Keregedan. Consistently mastered the river roads to Siberia. Ahead of all were Stroganovs' that even in 1574 year were in hurry to capture Western Siberia to settle in Tobol, Irtysh, Ob and other rivers. In accordance with a letter of Ivan, the Terrible all these lands fixed behind them. As evidenced «Siberian chronicle», Stroganovs' got the right of free trading in new places with merchants from Central Asia, Kazakhstan and other eastern states. As indicated by the above information, located in Stroganov's Chronicle, during those years started establishing and trade relations with the Kazakh steppe.

So, at the heart of the Russian tsar's policy at end of the XVI century. (Ivan the Terrible, Fyodor Ivanovich) to the eastern neighbors, particularly the Kazakh Khanate, as well as Kazakh rulers of that period (particularly Tevekkel), began as an effort «to have good boundaries ... (trade) people would go without any hooks».

At that time, there was a tendency to consolidate not only the political but also Russian-Kazakh trade

relations. Strengthening of which contributed to the historically established conditions, associated with the departure of the Kazakhs under pressure from military-feudal Jungar state from the area of Seven Rivers towards the upper reaches of the Ishim river basins of the Tobol, Irgiz and other rivers that lie within West Siberia the relations established since the end of the XVI century. For a long time between the rulers of the two countries, it did not affect their mutual benefits of the ruling classes. For example, the Russian merchant class slowly drawn into, the trade with Central Asian and other eastern states through the adjacent Nogai, Kazakh and Kalmyk steppe and Kazakh nomadic nobility could not see all the great advantages of maintaining permanent good neighborly relations with Moscow. They often preferred to attack them, capture captives and cattle rustling Russian population, especially frequent from the middle of the XVII century. However, these attacks generally did not violate the basic policies of the Kazakh khans, in some moments of political and commercial benefits of maintaining friendly relations with the Russian state. However, they strongly oppose to be depended of Russia.

Obstacle on the way of development of the Kazakh-Russian trade relations, as did pre-revolutionary researchers stood Siberian Khanate, relations with which Russia became particularly acute in the 70s of the XVI century. Khan Kuchum actively opposed to the Russian penetration into Siberia. Earlier in the pre-revolutionary and Soviet historiography, they draw image of Khan Kuchum only in black colors, and his activities towards them represented for others as a robbery. Only in 1996 year, the Kazakh historian M. Abdirov attempted to restore the historical truth in the book «Known and unknown Han Kuchum,» he wrote the following. «The reason for such special interest on personality of Kuchum lies not only in his own tragic fate or dramatic history of his descendants. Above all it is in the fact that he, his children and grandchildren were the first who opposed the aggressive policy of the Russian autocracy, in the east and stood on the way of Russian government in Siberia and Northern Kazakhstan» [11]. Confronted with Kuchum, the tsarist government began to look for an ally to fight him. That ally could become the Kazakh steppe on the condition to be vassal of Russia. As later events will show, the Kazakh steppe becomes the next victim of Russian aggressive colonial ambitions.

In addition, by that time Emirate of Bukhara threatened Kazakhstan. We know well that the Emirate of Bukhara increased its ownership by the seizure of the Khanate of Khiva. As a result, Bukha-

ra-Nogai Kazakh ownership agreements were also threaten by seizure of Bukhara Khan. As Tevekke-lya ambassadors pointed in Moscow, the ultimate goal of Khan of Bukhara was the construction of town fortress among Jayik River in Sarayshih and then transformation of Astrakhan into dependent to the city of Bukhara.

Considering steps to establish an alliance with the Kazakh Khanate to combat Kuchum, the Russian government counted to use their rulers as intermediaries in negotiations with the Central Asian khanates.

After recovering from Artysh massacre, kazakh steppe revitalized again during Tevekkele Khan, and has turned into a major political force. Under these changed circumstances, Russian government was quick to take advantage of the benefits against the Kuchum and against the Khan of Bukhara. At the same time, they made attempt to arrange a closer relationship with the Kazakh steppe.

At the same time, the Russian government has taken steps to strengthen ties with the Kazakh steppe and Central Asia on the part of Siberia. Historical experience showed that progression into the depths of Asia, Russia was much more successful from side of Siberia, rather than from the banks of the Ural. The development of Siberia facilitated by the fact that there rushed from the interior of the country's industrialists and settled in the new lands and the expansion of trade with Central Asian and Kazakh traders contributed to the cities founding. The first of which were built in time was city Tyumen and Tobolsk (1587 year). In 1594 year, at the Tara River, city called Tara was built the role of city was to be prevent raids of Kuchum on the neighborhood of Tobolsk. In fact, long time ago the Russians' penetrated beyond this point up on the Irtysh. Evidenced by a royal decree on the construction of the town of Tara, in it, among other things, it says. «Take on the consumption various people, and 70 pounds of salt to increase, to send out a new town Tara on the lake Yamysh and tell them to bring back salt». The idea was to send it all these «for 700 miles from the newly planned construction of a new city», that is in this area of now days Pavlodar city. Moreover, the decree stated it as an everyday deal, which Russian service people repeatedly did. I.V. Sheglov, M.I. Sladkovsky, X. Ziyaev and G.E. Katanayev wrote about it in details.

A.V. Pankow, referring to the testimony of Siberian historian G.F. Miller (XVIII c.) and I. Slotvsov (XIX c.) informs that in the same XVI century, Russian Caravan's «doschanikov» (boats) «went up the Irtysh and «Bukhara», camel caravans were sent

through the Kyrgyz steppes to European Russia and went through to Astrakhan, Samara and other cities of the Volga».

Bukhara caravans descended down through Irtysh to Siberia, brought the fabric and dried fruits, which they exchanged for bread and furs.

Trade route from Tobolsk to Central Asia went through the upper reaches of the Irtysh to Ishim, and from there past the mountains of the Ulu-Tau to Sary-Su until Turkestan, then through the Syr Darya to Bukhara. According to G.E. Katanayev, the Russian government has obliged the residents of Tara «to treat them friendly» Bukhara and Nogay merchants, if the «merchants will come to the city with goods, horses and cattle,» «bring them through themselves and let them freely sell goods. If, one of them wishes to travel with their goods and cattle to Tobolsk and Tyumen then allow them to do so». [12, c. 26].

V.S. Batrakov, Soviet scholar, pointed out that at the same time, the task was to expand relations with the Central Asian states, to organize a proper reception of the ambassadors at Tara, Tobolsk and Tyumen, carefully listen their suggestions and report them to Moscow.

In this relation, there are indications of numerous sources. Thus, H. Ziyaev adduces document, which is a government mandate of Tarski Russian authorities, which in 1595 year raised the question of «keep safe merchants, people from Bukhara and Nogay». In the punishment for Tyumen governor in 1596 year noted: «... To Bukhara with goods or Nogay with horses that will come trading to Tyumen, tell Bukhara and Nogay merchants to trade with Tatar's and our people duty free, let them trade free of duty and do not take any kind of customs duties, create conditions for them to come and trade near or out of our city». [13, c. 22].

In March of 1608 year by the diploma from the palace of Kazan, order to Tara governor I.V. Masalsky allow Bukhara merchants to trade in Siberian cities. The Uzbek historian M.Yu.Yuldashev informs and confirms that Bukhara's merchants usually were able to defend their privileges, given by Moscow.

However, let us note that the caravans had no guarantee against robberies, so they took measures to protect themselves. Particularly, they protected and accompanied caravans of salt by military commands. For example, a trading expedition, directed along the Irtysh on 25 rafts, to it from city of Tara were joined five more, were guarded by archers, gunners, drummers, cavalry and Cossacks on foot «with the workers with the centurion and atamans

– about 840». They armed them with eleven copper musket, 814 kernels, «manual and gun powder 79, 50 pounds of lead.» Evidenced by the documents published in the publication «The Kyrgyz Land» in 1903.

During so-called «time of troubles», the international position of the Russian state has greatly suffered and for a certain period, Kazakh-Russian trade relations was almost not carried out.

At the beginning of the XVII century, two countries resumed trade relations between each other. The Russian government allowed the Central Asian merchants to trade freely in the Russian cities. At the same time, they took measures to increase the number of Russian trade and diplomatic missions to Central Asia, their main traffic routes passed through the territory of Kazakhstan. Already in 1614 through the Jayik and then on the Kazakh steppe (Emba – Khiva) embassy of Mikhail Tikhonov and Alexei Bukharov were sent to Persia. Together with them Russian merchants and Persian messenger Amir Shah Quli, for a long time they had no opportunity to go back home because of the «time of troubles.»

Characteristically, by the end of 20-ies of XVII century, due to connections with the eastern states strengthened so that the influx of merchants from Central Asia and other eastern states, has led to a conflict with their Russian merchants. As a result, forced local authorities to certainly extent, limit the promotion of the Russian caravans of the Oriental traders, which caused sharp protests from the latter ones. Examining this question, the Soviet historian X. Ziyaev was inclined to believe that the restriction of eastern merchants' movement to Russian was due to the «lack of supply» for the carriage of goods. Nevertheless, this is only one side. We should add the fact that the ever-increasing flow of merchants from Central Asia and other eastern countries turned them into strong competitors of Russian merchants because of them the latter ones endured a significant loss. Things went so far that the Russian merchants to shield themselves from competition with eastern merchants, in 1627 forced and had to turn to a special petition to the Tsar Mikhail Filaretovich. P.P. Smirnov pointed out that it emphasized the presence in Russia of a large number of «Teziks» (i.e., Central Asian merchants) who «go by themselves and let their clerks go, and we have sovereigns took away all trades, and your sovereign product of their various trades became a great problem» [14]

M. Yu. Yuldashev reports petition of «Siberian Bukhars'» Alim Suleymanova with «comrades», extracted from the books of the Siberian orders (column 134, p. 194), in which they «beat the brow» for

the restoration of their rights. In this and other petitions «reflects the relationship between the Bukhara with the settles in Siberian», and local merchants, creating obstacles for them by their competition in trade.»

These examples, well shows rather wide trade relations between Russia and Kazakhstan and the Central Asian states. To this, we must add that in Bukhara, for example, also were Russian merchants, which had «permanent trade craft».

However, let us note that since the 20s to 80s in XVII century there has been some decline in trade and other relations between Russia, Kazakhstan, Central Asian and other Eastern countries. This is due to the activation of the so-called «predatory gangs», attacking caravans and diplomatic missions. In this regard, the most characteristic of the Embassy of I.D. Khokhlov whose ship in 1620 year, during a storm had washed ashore of Mangyshlak peninsula. The trade caravan, which was with him, had been attacked and robbed by the Turkmen tribes.

However, the exchange of trade missions continued during these periods. Yu. A. Sokolov leads on this issue information of the customs books that speak of the arrival to Tara and Tobolsk in 1637-1645 y. – 185 merchants to 1645-1655 y. – 165 merchants in 1655-1665 y. – 227 merchants.

In the territory of Kazakhstan (from Tobolsk to Turkestan) passed primarily only those Central Asian trade caravans, which had special permission of the Kazakh khans, as evidenced by the Russian ambassador Vasily Kobayakov. Referring to him, N.G. Apollova leads some interesting information about trade in Kazakhstan during those times, that's what she wrote, in her «questioning speeches» in the Siberian order, Kobayakov said that under influence of Khan Tauke «a possession Cossack ... 25 cities in which Bukharians merchants live». [15, P.32] Moreover, this is not an accident. Namely, Kazakh khans, sultans and their immediate environment got all the revenues from trading operations, which they also partly used for organization of Russian-Kazakh trade on the Russian market in Siberia.

We would not just dwell on the Russian-Central Asian trade relations, if only in some cases, merchants, stood at the head of the Central Asian trade caravans, at the request of the Kazakh lords had no idea when the last of the Russian administration, perform diplomatic assignments along with trading operations. This evidences that the development of trade with the Central Asian khanates, to some extent contributed to the strengthening of Russian-Kazakh relations. Therefore, the more the territory of Kazakhstan Central caravan trade pass, they cre-

ated more favorable conditions for strengthening Russian-Kazakh trade relations.

For example, the embassy of Tashima accompanied by Kazakh merchants, whose task was to clear the ground for trade relations with Russia. It was not accident that Tauke Khan requested that merchants' «to come for a good messenger and trade people let them go».

Khan Tauke had great hopes for this embassy; it had to restore the old political and trade relations. So he sent together with the embassy of many gifts for the royal court.

For example, in the Kazakh steppe, not all rulers were involved in trade but they were the most interested part in it, also and other members of the largest and most influential families from the Kazakh khan's environment. Kazakh elite had interest in the development and the Kazakh-Central Asian trade since they received significant revenues from fees charged to merchants, caravans that passed through the Kazakh steppe. These revenues gave them opportunity to participate in trade with the Russian merchants.

In the context of economic and trade sustained positive assessment of the benefits for Russia in the works of A. Semenov, F. Lobysevicha, N.N. Balkashin, basic positions that include the following:

- An increase in Russian trade turnover;
- Use of natural resources of the conquered region;
- The use of territories as transit between Europe and Asia;
- The development of Russian manufactured goods sales market;
- The development of communication links;
- Vacant land for resettlement.

Thus, the desire of Russian tsars' to turn Kazakh steppe, in to sales market, the use of its natural resources and strategically advantageous position reflected in the Russian pre-revolutionary historiography. In the works of this period there almost was not analytical approach, there were factual errors, inaccuracies. However, these works were the basis for future issues development of the Kazakh-Russian trade relations during the Soviet period.

Among contemporary Russian works that differs by new methodological approaches, we can highlight the work «Russian-Kazakh ethno-cultural and ethno-political interaction.» It shows the close relationship between the revival of the Kazakh-Russian trade relations and the beginning of the active Russian colonization of the region. At the end of XX – and beginning of XXI century in the historical sci-

ence of Kazakhstan, a number of studies in which on the basis of new methodological approaches, with varying degrees of details considered the problems of medieval cities as centers of commerce. M.H. Abuseitova, S.M. Syzdykova, R.U. Karimova, B.A. Baytanaeva.

Trade and cultural relations of Kazakhstan and the Central Asian khanates were the subject of the

research of S. Maduanova, M.U. Shalekenova and A.B. Abdualy.

As we can see, during the study of the Kazakh-Russian trade in the XVI-XVIII centuries, there was a significant transformation of historiographical concepts – from the archaic tradition of pre-revolutionary Russian messianism to modern approaches, expressed in a synergetic paradigm.

References

- 1 Zagoskin N.P. Russian waterways and marine business in pre-Petrine Russia. – Kazan', 1909. – p. 17 – 18.
- 2 Garkavi A.Ja. Tales of Muslim writers about the Slavs and Russian. – SPb., 1870. – p. 48-49.
- 3 Snesarev A.E. India as a major factor in the Central Asian issue. – SPb., 1906. – p. 9.
- 4 Bartol'd V.V. The history of research in Eastern Europe and Russia. – Izd. 2, Leningrad., 1925. – p. 176.
- 5 Grekov B. D. Kievan Rus. – M. – L., 1944. – p. 314.
- 6 Pokrovskij C.A. Foreign trade and foreign policy of Russia. – M., 1947. – S. 38.
- 7 Sokolov Ju.A. To a question about the historical background of joining Central Asia to Russia. // Proceedings of the Central Asian State University. Lenin. New series. – Vol. 142. – Historical sciences. – Vol. 30. – Tashkent, 1958. – P. 22-23.
- 8 English travelers in the Moscow State in the XVI century. – L., 1937. – p. 185.
- 9 Karamzin N.M. History of Russian Government. – T. IX. – SPb., 1892. – p. 236.
- 10 Margulan A.X. From the history of cities and the construction of the ancient art of Kazakhstan. – Alma-Ata, 1950. – p. 86.
- 11 Abdirov M. Khan Kuchum known and unknown. – Almaty: Zhaly, 1996. – p.4.
- 12 Katanaev G.E. Consolidation of Russian power in Siberia and the first steps into the interior of the Kulunda-Ishim and Tobolsk steppes. // Notes of the Western Siberian Department IRGO. – KH. XIV. – Vol. I. The. – Omsk, 1893. – pp. 25.
- 13 Zijjaev H. Central Asia and Siberia (the second half of the XVIII – XIX centuries.). – Doctoral Dissertation. – Tashkent, 1964. – S. 83.
- 14 The new petition. From «Pleas 1627» («On the expulsion of foreigners»). // «Reading Society of Nestor the Chronicler.» – Kn.23. – Kiev, 1912.
- 15 Apollova N.G. Economic and political relations between Kazakhstan and Russia in XVIII – the beginning of XIX century. – M. : Publishing House of the USSR Academy of Sciences, 1960.

3-бөлім
**ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Раздел 3
**НОВАЯ И НОВЕЙШАЯ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Section 3
**MODERN AND CONTEMPORARY
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

Абикенова К.Е.

Патшалық Ресейдің Қазақ мемлекеттілігін жою әдістері және оған қарсы ұлт-азаттық күрестердің орын алуы

Бұл мақалада Патшалық Ресей империясының отаршыл саясаты, соған орай Қазақ мемлекеттілігін жою шаралары сипатталады. Қазақ хандығының осы тұстағы әлсіреу себептері мен өзара алауыздықтардың орын алуы көрсетіледі. Соған орай Патша үкіметінің қазақ халқының ішкі жағдайынан хабар ала отырып, түрлі шендер мен қызметтер тағайындау арқылы бастапқыда Кіші және Орта Жүз аймақтарында, кейін Ішкі Бөкей Ордасында хандық билікті жою әрекеттері көрсетіледі. Алайда хандық билікті жоюға қарсы қазақ топтарының әрекеті, оның ішінде Қаратай сұлтан сынды ақсүйектер тобының қарсылығы мен халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтеріліске шығуы аталады. Ұлт-азаттық қозғалыстардың осы кезге дейінгі бұрмаланып жазылуы мен олардың өз кезегінде дұрыс бағасын алмау себептері ғылыми тұрғыдан негізделе отырып, тұжырымдалады.

Түйін сөздер: империя саясаты, отаршылдық, жарғылар, әкімшілік басқару.

Abykenova K.E.

The origin of the national liberation struggle against the Tsarist Russia, on its measures to the destruction of the Kazakh statehood

The article deals with the problems of the colonial policy of the tsarist empire, measures for the elimination of the Kazakh Khanate and the reasons for strife and weakening of the Kazakh Khanate at this historic juncture. The tsarist government, obtaining information about the internal situation in the Kazakh territory, began handing out various positions and ranks, to eliminate Khan's power, first in the Junior and Middle zhuzah, and then in the internal Bukeyev Horde. We consider the movement of the Kazakh people against the abolition of the Khan's power, especially the actions of the Kazakh aristocracy – «ақсүйек» such as Karatay Sultan, as well as a national liberation uprising of Kazakh people against the colonial policy. We study the causes of such problems as distortion in the research on this topic and an underestimation of these issues.

Key words: politics of the empire, colonization, regulations, administrative management

Абикенова К.Е.

Зарождение национально-освободительной борьбы против Царской России, относительно ее мер по уничтожению казахской государственности

В статье рассматриваются проблемы колониальной политики царской империи, мероприятия по ликвидации казахского ханства, а также причины междоусобиц и ослабления казахского ханства на этом историческом этапе. Царское правительство, получая информацию о внутренней ситуации на казахской территории, начало раздавать различные должности и чины, чтобы ликвидировать ханскую власть сначала в Младшем и Среднем жузах, а затем и во внутренней Букеевской Орде. Рассматривается движение казахского народа против упразднения ханской власти, особенно действия представителей казахской аристократии – «ақсүйек», таких как Султан Каратай, а также национально-освободительное восстание казахского народа против колониальной политики. Изучаются причины такой проблемы, как искажения в научных исследованиях по данной тематике и недооценка указанных вопросов.

Ключевые слова: политика империи, колонизация, устав, административное управление.

**ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ
ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН
ЖОЮ ӘДІСТЕРІ
ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ
КҮРЕСТЕРДІҢ ОРЫН
АЛУЫ**

XVIII ғасырдың бас кезінде қазақ хандығындағы билік жүйесі орталықтандырылған мемлекет деңгейінде болғандына карамастан, қоғамның саяси жүйесіндегі әлсіздік, ішкі алауыздықтар мен хан билігінің әлсіреуі сыртқы басқыншылық әрекеттерге қарсы тұра алмады. Қазақ хандығындағы мұндай жағдай Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін айқын көрінді. Қазақ жерлерін жоңғарлар жаулап, елде ауыр жағдай қалыптасты. Ал патша әкімшілігі XVIII ғасырдың бірінші жартысында негізгі салмақты қазақ хандарына салғанымен, олардың билігінің деңгейі ірі ру басшылары мен билердің қолдауына немесе қолдамауына тікелей байланысты екенін жақсы түсінді. Бұл жайында академик С.З. Зиманов: «Ханның қоғамдағы абырой-беделі ең бірінші жергілікті билеушілердің өзіне берілгендігінен айқындалатын, олардың мүддесін қорғау ісінде хан олардан қолдау тауып, кейде мұны пайдалана отырып қоғамға күшті ықпал етуге қол жеткізген» [1], – деп көрсетеді.

Патша үкіметі қазақ мемлекетін бірте-бірте әлсіретіп, хандық билік жүйесін жойып, Ресейлік басқару құрылымын орнықтыру саясатын ұстанды. Тарихшы-ғалым С. Асфендияров: «Патша үкіметі Қазақ хандығын жоя отырып, қазақ сұлтандарын биліктен шектету арқылы қазақтардың мемлекеттік дербестік елесін де құртып, сол кездегі Қазақстанды Ресей империясының қатардағы аймағына айналдырды» [2] – деп атап өтеді.

Шындығында да қазақ жүздерінің әлсіреп, жікке бөлінуі патша үкіметі үшін өз пайызын жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызды. Тіпті патша әкімшілігі алға қойған мақсатына жету үшін қазақ қоғамында ықпалын жүргізе алатын сұлтандар мен билерге қымбат төлемдер төлеуге барып отырған. А.И. Левшин патша үкіметі қандай жағдайда болмасын бар мүмкіншіліктерді пайдаланғандығын, айла-амалдар жасау арқылы қазақ сұлтандарының ауызын алғандығын нақтылап береді [3].

Сонымен бірге, патша үкіметі хандық мемлекетті әлсірету мақсатында халық арасындағы ішкі шиеленістер мен қақтығыстарды тиімді пайдалана білді, хан мен сұлтандарды, билер мен батырларды бір-біріне қарсы қойды. Бұл процестің өз жемісін бергендігін Нұралы ханның орыс әкімшілігіне берген мынадай мәлімдемесінен көруге болады: «Біздің қырғыз-

қайсақ ордасында бастықтар көбейе түсті, сөйтіп кез келген сұлтан билеу тәсілін білуі болуы, солар арқылы халық арасында күңкіл көбейді, солар арқылы халық арасында өтірік-өсекті күшейту арқылы жасап, жер жерде бастықтардың көбейе түсуі себепті саяси түзелуге мүмкіндік бола қоймайды»[4] деп көрсетеді.

Қазақ халқының хандық басқару жүйесін зерделеген Ресей империясы хандық билікке баса көңіл бөлді. Өйткені империя саясатының жемісті болуы, хандық биліктің нақты күші мен оның әсеріне байланысты еді. Соған орай халық арқылы хан сайлауды жоққа шығарып, әкімшілік басқару ісін империя тікелей өз бақылауына алуды жөн көрді. Бұл мәселені И. Неплюевтің басқарушы сенатқа жасаған баяндамасынан айқын аңғаруға болады: «Қырғыз-қайсақ хандары хандықты өз қолдауымен немесе халықтың қолдауымен ғана емес, оны биік мәртебелінің қақысы мен қолдауымен алуы басқаша пайдалы болды»[5].

Ресей империясының әкімшілігінің осы бағытта қолданған айла-әрекеттері біршама нәтижелерге қол жеткізіп, негізінен өз іс-әрекеттерін халық алдындағы беделі төмен хан, сұлтандарға жауып отыруына ықпал жасады. Ол әрекеттің алғашқысы ел атқамінерлеріне жалақы төлеу арқылы жасалса, екіншіден ойлап тапқан шара белгілі ру басыларының аузын алу үшін «тархан» атағын беру болды. Мәселен, 1742 жылы Орта жүздің беделді батыры Жәнібекке тархан атағын беру туралы Неплюев өз баяндамасында атап өтумен бірге патша әкімшілігінің осы тұрғыдағы саясатын ашық түрде көрсетеді. «Қырғыз-қайсақ старшыны көрсеткен қызметі мен берілгендігіне орай жарлық бойынша «тархан» болып жарияланды, – дей отырып, осы жылдың қараша айында: «келешекте хандық та емес, сұлтандық та емес мұндай жағдайда одан да тиімділігі осы, осы арқылы ішкі қырқысты ретке келтіруге болады», – деп өз ойын ашық білдіреді [6].

Сонымен, XIX ғасырдың алғашқы ширегінің соңына қарай Орта және Кіші жүзде хан билігін жою үшін қолайлы алғышарттар туды. Патша өкіметі хан билігін біржола жою мақсатын іс жүзіне асыруға кірісті. Хандық билікті жойып, оның орнына отарлық басқару жүйесін ендіріп, Қазақстанды өзіне бағынышты етуді реформа арқылы іске асыру патша өкіметінің аса маңызды істерінің бірі болып саналды. Осы мақсатта 1822 жылы М.М. Сперанскийдің басшылығымен жасалған «Сібір қырғыздары туралы Ереже» қабылданды. Ереже өзінің мазмұны жағынан

Қазақстанды әкімшілік басқару тұрғысынан Ресей империясы құрамына енгізу және оны отар аймаққа айналдыру мақсатын көздеді. Ереженің түпкі мақсаты оның соңғы бөлімінде айқын көрсетілген. «Сібірдегі шекара белдері күзет мекемелері ретінде айтарлықтай мықты құрылыс бола қойған жоқ. Оларды түбегейлі орныққан деуге келмейді. Әйтсе де қырғыз (қазақ) жеріне сұғына кіріп бара жатқандықтан, мұны тұрақты тәртіп орнатып, өздерінің шын мәніндегі мемлекеттік шекара қызметі ретінде түпкілікті мойындатуға тиіс», – деп көрсетілді [7].

Күшіне енген Ереженің басты мақсаты қазақтың дәстүрлі саяси басқару жүйесін жойып, оның орнына Қазақстанның солтүстік-шығыс ресейлік әкімшілік, сот, территориялық басқару тәртібін орнату болды.

Десек те, қазақ даласындағы патша үкіметінің әкімшілік-саяси реформалары қазақ ақсүйектер тобы жағынан қарсылыққа ұрынды. Себебі реформалар ақсүйек топтардың артықшылықтарын шектеді. Жалпы патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы бүкіл Кіші жүз қазақтары XVIII ғасырдың соңында-ақ ашық наразылық білдіргені белгілі.

XIX ғасырдың бас кезінде патша үкіметіне қарсы жақта Қаратай сұлтан бастаған топ тұрды. Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерде орналасқан қазақтардың көпшілігі хан ретінде Арынғазы Абылғазыұлын мойындады. Әйтсе де үкімет өз мүддесінде әрекет етіп, Арынғазыны 1821 жылы Петерборға алдырып, оны Калугаға айдауға жіберді [8].

Ал 1824 жылы Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы Орынборға шақырылып, шекаралық комиссия құрамына алғашқы мүше болып белгіленді. Осылайша Кіші жүз территориясында сол уақыттарда қоғамдағы ықпалын жоғалтқан хандық билік жойылды. Хандық билікті жою айтарлықтай шиеленіссіз жүрді. Орта жүзге қарағанда Кіші жүзде хан билігі әлсіз еді. Ресейдің жаңа басқару жүйесін енгізу саясаты қазақ даласында билікті сақтап қалу пиғылындағы бір топ сұлтандармен олардың жақтаушыларының қолдауына ие болғанымен жалпы халықтың наразылығын тудырды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Кіші жүздің ішкі және сыртқы саяси жағдайы күрделі күйінде қала берді. Оның солтүстігінен Ресей, оңтүстігінен Хиуа, Қоқан хандықтары қауіп төндірді. Жаңа Илек бекінісі мен Илек өзенінің бассейнін орыстардың басып алуы саяси жағдайды күрделендірді. Бір жағынан патша үкіметіне қызмет еткен, екіншіден ресми саясатқа

қарсы тектілер топтарының мүддесін көздеген Шерғазы ханға шекаралық комиссия әрекетсіз отырғаны үшін ескерту жасады. Ханға жағдай өзгермесе үкімет Ордада үкіметке адал қызмет ететін адамды қоятындығы туралы айтылды [9].

Бұдан кейінгі тұста 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы Ереже» бойынша Кіші жүз территориясы Батыс, Шығыс, Орта бөліктерге бөлінді. Оларды сұлтандар басқарып тұрды. «Ереже» Кіші жүзде хандық билікті алып тастап, оның орнына ресейлік басқаруға ұқсайтын әкімшілік-саяси басқару жүйесін ендіруге бағытталды. Ал Ішкі, яғни Бөкей Ордасында хандық билік біршама ұзағырақ сақталды. Билік басындағы Жәңгір хан үкіметтің сеніміне ие болды. Жәңгір хан бірнеше рет патшаның қабылдауында болып, орыс әскерінің генерал-майор шенімен марапатталды. 1885 жылы Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін Ішкі Ордада хандық билік жойылып, басқару Уақытша Кеңестің қолына көшті. Сөйтіп, XIX ғасырдың ортасына қарай Орта және Кіші жүз территориясында хандық билік жойылды.

Қазақстанда хандық билікті жойған патша өкіметі оны енді қайта қалпына келтіру әрекеттерін басып-жаншуға күш салды. Мысалы, Кіші жүздің Батыс бөлігіне сұлтан-басқарушы болған Қаратай Нұралыұлы өзін хан деп жариялап, өзіне хандық мөр жасағаны үшін Орынбор генерал-губернаторынан қатал ескерту алды. Орта жүзде ақ киізге көтеріліп, хан сайланған, Қытай императоры заңды билеуші ретінде таныған Ғұбайдолла Уәлиұлын Баянаул жерінде Арбышевтың жазалау отряды тұтқындап, Омбыға апарып, одан соң ешбір сотсыз, тергеусіз алыс Сібір қаласы Березовке жер аударды. Одан ол 1840 жылы Кенесары ханның табанды араласуының арқасында елге қайтарылды [10].

Мұндай Патша әкімшілігінің қазақ даласын отарлау аймақтарының біріне айналдыруға бағытталған шаралары халық нарызылығын күшейте түсті. Ресей үкіметінің қазақ халқының салты мен рухына, діліне қайшы әкімшілік-саяси реформалар жүргізуге қарсы жергілікті халық көтерілістер түрінде жауап берді. Шын мәнінде XVIII ғасырдың соңынан XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін қазақ халқы патша өкіметіне қарсы соғыс жағдайында болды. Сырым Датұлы, Жоламан Тленшіұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған және өзге де көптеген көтерілістер – бұқараның жалпыұлттық азаттық қозғалысының айқын дәлелі болса керек.

Барлық осындай бас көтерулер, әсіресе үш жүздің азаттық қозғалысына айналған Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс патша өкіметінің қазақ қоғамындағы кез келген сеператизмнің көрінісін түбегейлі жою тәрізді әрекет етуге итермеледі. Яғни, халқымыздың тәуелсіздік жолындағы азаттық үшін күресі ХУІІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап еліміз бен жеріміздің тәуелсіздігі мен теңдігі үшін басталған ұлт-азаттық күрестер тарихынан басталып, бүгінгі азаттығымызға тікелей желеу болған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихын қамтиды.

Жалпы ХVІІІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихнамалық тұрғыдан зерттелуі кеңестік кезеңде ғана қолға алынғаны белгілі. Дегенмен кеңестік кезеңде ұлт-азаттық күрестер тарихы объективті бағасын ала алған жоқ. Себебі жалпы ғылымда үстемдік құрған, әсіресе гуманитарлық ғылымдар саласын идеологияның қолшоқпарына айналдырған кеңестік жүйе маркстік-лениндік методологияны догмаға айналдырып, барлық мәселені тар таптық тұрғыдан қарастырғаны баршамызға белгілі [11].

Ал, қазіргі тарихи және тарихнамалық ақпарат нарығында да қарсыластық қозғалыстардың тарихы маңында көптеген ақиқатты бұрмалаулардың көбейіп кетуіне себеп болатын кемшіліктер де аз емес. Кеңестік кезеңде тарихты шынайы-патриоттық тұрғыдан жазу өлшемі күннен-күнге кеми берген еді. Тарихшылар болса, өткеннің тағылым беретін, халықтың рухын көтеретін бейнелерін зерттеуден бас тартып, тырнақ астынан кір іздеумен әлектенуге мәжбүр болды. Көптеген тарихи тақырыптардың ішінде аса бір қызығушылық пен өткен тарихқа сүйіспеншілікті қажет ететіннің бірі отаршылық кезеңдегі қарсыластық қозғалыстың тарихы. Себебі, бұл шайқаста болған әрбір құрбан халық пен мемлекеттің болашағын ойлап, сол үшін құны бағалауға келмейтін адал еңбек сіңірді. Империялық үстемдік пен тоталитарлық жүйенің кесірінен, ұлттық тарихнама тізе бүгуге мәжбүр болды. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихы туралы жазылған оқулықтар беттері мен ғылыми зерттеулер бұған куә бола алады. Кейбір оқулықтарда қарсыластық қозғалысының әр алуан кезеңдері көрсетіліп, оны қозғалыстың түрлері деп атайды. Әр кезеңнің әрқилы болып аталуы осыдан туындайды да, бірде оларды «көтеріліс» десе, бірде «ұлттық қозғалыс», «соғыс», «төңкеріс» т.б. деп аталып жүр [12].

ХУІІІ-ХХ ғасыр басында орын алған ұлт-азаттық көтерілістер еліміздің егемендігінен

кейінгі тұста қайта жазылып, көбінесе көтерілістің саяси астарлары ашылған еді. Ресей зерттеушілері аталынып отырған көтерілістерге «бұзақылық», «бас көтерулер», «қарсылық әрекеті» сынды анықтамалар беріп келді. Ресей үкіметі ХХ ғасырдың басына дейінгі көтерілістерді патша саясатына қарсы әрекеттер деп түсіндірумен болды. Алайда олар қазақ тарихындағы орын алған көтерілістерді сипаты жағынан феодалдарға қарсы әрекеттер, бай мен кедей көтерілісі деп бағалады. Сондай-ақ зерттеушілер орын алған көтерілісті елдің ішкі және сыртқы жағдайымен байланыстырып көрсетеді. Ф. Энгельс пен Маркс өз еңбектерінде азаттық күрестерді халықтың өз билеушілеріне қарсы әрекеттері деп бағалай отырып, олардың бұл әрекеттерінен отарлау салдарының ешбір нәтиже бермейтінін атап өтеді [13].

Отарлау жүйесінде қазақ тарихының бұл кезеңдері көбінесе этнографиялық жинақтарда, жазбалар мен географиялық-аймақтық зерттеу экспедициясының материалдарында жарық көріп отырды. Күнделікті баспалар мен арнайы әдебиеттерде мағынасы түсініксіз, белгілі бір оқырманы жоқ, этникалық тарих, этникалық аумақтық, мемлекеттің негізі, Қазақстан аумағы мен көршілес мемлекеттер туралы көптеген

түсініксіз ойлар мен тұжырымдар қаптап кетті. Шынында, тарихты қайта-қайта көшіріп жазу немесе оны «қайта қарастыру» өткеннің «негативтері» мен «позитивтері» туралы көптеген жаңа мифтерді, аңыздарды тудырады, ал олар болса аяғына енді ғана тұрып жатқан ұлттық тарихнамаға керісінше әсерін тигізуі ықтимал. Мұндайда қайта-қайта бетіне қалқып шығып жатқан тарихи рудименттер мен атавизмдер тұйыққа әкеліп тірейді де, халықтар мен әлеуметтің бірігуіне кедергі болады.

Көріп отырғанымыздай, империялық саясаттың барлық мақсат-мүддесі қандай жағдайда болмасын қазақ мемлекеттілігін, оның ішінде хан билігін әр түрлі жолдар арқылы тоқтатуды көздеді және оған қол жеткізді. Осы орайда қазақ елі де өз тәуелсіздігі жолында түрлі азаттық көтерілістерге шықты. Елі мен жерінің бостандығы үшін бас көтерді. Оның барлығы да ұлттық рух пен жігердің, елінің тәуелсіздігін аңсаған арманның белгісі еді. Сол себепті де қалыптасқан Қазақстан мемлекетінің тарихын зерделеуде, халықтың рухын көтеретін, оны бірлік пен ынтымаққа шақыратын, әсіресе, бүгінгі тәуелсіздігімізді қастерлей білетін сезімдерге баулитын тұстарын танымалдандыру ісін жете қолға алуды қажет.

Әдебиеттер

- 1 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX в. – Алма-Ата, 1960. – С.103.
- 2 Асфендияров С. История Казахстана. – Алматы: Санат, 1998. – 171с.
- 3 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайцаских орд и степей. Ч.II. – СПб., 1832. – С.235.
- 4 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. //Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1961. – С.253.
- 5 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. //Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. – 53 с.
- 6 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – С.238-239.
- 7 ҚР ОММ, 338 қор, I тізбе, 336 іс, 3 парақ.
- 8 Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1992. – 127 б.
- 9 ҚР ОММ, 338 қор, 1 т, 463 іс, 29 парақ.
- 10 ҚР ОММ, 4 қор, 1 т, 245 іс, 4 парақ.
- 11 Мажитов С.Ф. Проблемы истории. Теории и историографии народно-освободительного движения ХУІІІ – начала ХХ вв. в Казахстане. – Алматы, 2007. – 350 с.
- 12 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1990. – 320 б.
- 13 Қозыбаев М.К. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

References

- 1 Zimanov S.Z. Politicheskij stroj Kazahstana konca XVIII i pervoj poloviny XIX v. – Alma-Ata, 1960. – S.103.
- 2 Asfendijarov S. Istorija Kazahstana. – Almaty: Sanat, 1998. – 171s.
- 3 Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajcaskih ord i stepej. Ch.II. – SPb., 1832. – S.235.
- 4 Kazahsko-russkie otnosheniija v XVI-HVIII vv. //Sbornik dokumentov i materialov. – Alma-Ata, 1961. – S.253.
- 5 Kazahsko-russkie otnosheniija v XVI-XVIII vv. //Sbornik dokumentov i materialov. – Alma-Ata: AN KazSSR, 1961. – 53 s.

- 6 Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepej. – Almaty: Sanat,1996. – S.238-239.
- 7 ҚР ОММ, 338 қор, I тизбе, 336 ис, 3 парақ.
- 8 Bekmahanov E.B. Қазақстан ХІІІ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Almaty: Sanat,1992. – 127 б.
- 9 ҚР ОММ, 338 қор, 1 т, 463 ис, 29 парақ.
- 10 ҚР ОММ, 4 қор, 1 т, 245 ис, 4 парақ.
- 11 Mazhitov S.F. Problemy istorii. Teorii i istoriografii narodno-osvoboditel'nogo dvizhenija XYIII – nachala HH vv. v Kazahstane. – Almaty, 2007. – 350 s.
- 12 Nazarbaev N.Ә. Tarih tolkynynda. – Almaty, 1990. – 320 b.
- 13 Қозыбаев М.Қ. Zhaudy shaptym tu bajlap. – Almaty: Қазақстан,1994. – 192 б.

Сыздыкова А.М.

**Вопросы природопользования
XIX века в Казахстане
в материалах законодательных
актов Российской империи**

В статье рассматриваются возможности изучения истории природопользования в Казахстане в XVIII-XIX веках на основе сведений материалов законодательных актов Российской империи, которые содержат информацию о распределении кочевий, развитии переселенческого земледелия, развитии сенокосения. В исследуемый период в хозяйственный оборот включаются не только земельный фонд края, но и залежи полезных ископаемых. Дальнейшее изучение источников позволит составить определенную картину о поиске полезных ископаемых в киргизской степи, об организации добычи руд различных металлов и минералов в крае, об участниках добывающей промышленности в Казахстане. Автор попыталась осветить некоторые проблемы истории природопользования в Киргизском крае, полученные отражение в законах Российской империи.

Ключевые слова: исторический источник, природопользование, хозяйственное освоение, Киргизский край, земельный вопрос, полезные ископаемые.

Syzdykova A.M.

**The issues of natural resource use
in 19th in Kazakhstan on the base
of information of the legislative
Acts of the Russian Empire**

The article considers the possibilities of studying history of natural resource use in Kazakhstan in the 18-19th on the base of information of the legislative Acts of the Russian Empire. It consists of information about distribution of nomads, development of settlers' farming and development of haying. During the period not only available land includes in the economic turnover, but also fallow of natural resources. Further studying of resources will allow to compose a certain imagination about searching natural resources in Kirgiz heath, about organization of extraction of different metals and minerals in the area, about members of extractive industry in Kazakhstan. The author tried to reveal some problems in history of natural development in Kirgiz area which were also marked in Laws of the Russian Empire.

Key words: historic source, natural development, house holding, Kirgiz area, land issue, mineral resources.

Сыздыкова А.М.

**Ресей империясы заңнамалық
актілері материалдарындағы
Қазақстанда XIX ғасырда
табиғатты қолдану мәселелері**

Мақалада Ресей империясының заңнамалық актілері 18-19 ғасырларда Қазақстанда табиғатты пайдалану тарихын зерттеу бойынша дерек ретінде қарастырылады. Бұл құжаттарда қоныстарды бөлу, қоныс аударушылар арасында егіншіліктің дамуы мен шөпшабудың дамуы туралы мәліметтер берілген. Зерттеу кезеңінде шаруашылыққа өлкенің жер қоры ғана емес, пайдалы қазбалар енгізілген. Деректерді әрі қарай зерттеу қазақ даласында пайдалы қазбаларды іздестіру, түрлі металдар мен минералдарды өндіруді ұйымдастыру, Қазақстанда өндіруші өнеркәсіптің қатысушылары туралы айқын сурет береді. Автор Ресей империясының заңдарында көрініс тапқан Қазақ даласында табиғатты пайдалану тарихының кейбір мәселелерін ашуға тырысқан.

Түйін сөздер: тарихи дерек, табиғатты пайдалану, шаруашылық игеру, Қазақ даласы, жер мәселесі, пайдалы қазбалар.

**ВОПРОСЫ ПРИРОДО-
ПОЛЬЗОВАНИЯ
XIX ВЕКА
В КАЗАХСТАНЕ
В МАТЕРИАЛАХ
ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ
АКТОВ РОССИЙСКОЙ
ИМПЕРИИ**

Земельный вопрос во все времена был актуальным и вызывал множество споров. Земля и другие природные ресурсы имеют особое значение в обществах с традиционным хозяйством, каким являлось население Евразийских степей в XVIII-XIX века. Кочевое, полукочевое скотоводство казахов нуждалось в вовлечении широких просторов лесостепей, степей, полупустынь и пустынь, также как земледельческое хозяйство русских переселенцев. Поземельные споры в XIX в., как правило, были связаны с наплывом русских переселенцев и их размещением.

Изучением проблемы освоения природных ресурсов Казахстана занимались как отечественные, так и зарубежные исследователи. Хозяйственное освоение Северного Казахстана русским крестьянством является одной из центральных проблем советской историографии. Вклад в изучение этой проблемы внесли Н.Г. Апполова, И.В. Власова, Д.И. Копылов, В.В. Пундани. Так, Н.Г. Апполова провела сравнительно-историческое изучение русского оседло-земледельческого и казахского кочевого хозяйства в порубежном районе Западной Сибири и Казахстана в XVI – первой половины XIX века [1]. М.Н. Аддабергенов, рассматривая вопросы хозяйственного освоения Северного Казахстана в XIX веке, исследовал постепенное заселение края переселенцами и формирование сельского хозяйства в регионе.

В трудах А.Д. Колесникова и В.А. Борисова [2] рассмотрены вопросы строительства крепостей и особенности заселения Прииртышья. Так, А.Д. Колесников детально исследовал процесс переселения русских крестьян в Среднее Прииртышье. Вместе с этим, автор затронул историю строительства Тоболо-Ишимской и Иртышской линий. Он оценивал строительство пограничных укреплений как необходимое условие для успешного освоения Прииртышья. Географические аспекты социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков осветил известный казахстанский ученый Н.Э. Масанов, изучавший проблемы кочевничества [3].

В трудах Н.В. Алексеенко освещены проблемы размещения населения Восточного Казахстана в XVIII-XIX веках, взаимоотношения сибирских крестьян, казаков и казахов. Он также исследовал вопросы перекочевки казахов на земли, заня-

тые Алтайским округом и Сибирским казачьим войском [4].

Исторический опыт природопользования русских крестьян Западной Сибири в XVIII – первое половине XIX вв. исследовал С.В. Туров, обратив внимание на экологические аспекты аграрной промышленности. Процесс формирования индивидуального пользования сенокосными угодьями в казахском ауле Степного края во второй половине XIX – начале XX вв. стал предметом исследований Н.Н. Сорока [5].

Данные исследования, основанные на многочисленных источниках, внесли определенный вклад в освещение проблемы освоения природных ресурсов и землепользования в Казахстане в XVIII-XIX веков, однако еще достаточно широкий пласт исторических источников по истории Казахстана остается не изученным. Многочисленные материалы законодательных актов Российской империи могут стать достойной источниковой базой исследований по природопользованию в Казахстане. Систематизация и классификация информации этих документов остается актуальной задачей исследователей истории Казахстана в составе Российской империи.

О некоторых аспектах природопользования в Казахстане в XVIII-XIX веках имеются сведения в материалах законодательных актов Российской империи. Во второй половине XVIII века остро встает вопрос о восстановлении кочевий казахов, временно утерянных в связи с тяжелой военно-политической ситуацией в ханстве. Ожесточенный спор имел место в северо-восточном и западном Казахстане. Притезания России на долины рек Иртыш и Урал поставили казахов-кочевников в сложное положение, лишив их богатых, сезонных пастбищ. Сложность миграции кочевников в определенной мере была связана с формированием казачьих поселений. Царским правительством у коренных жителей региона изымались земли под казачьи станицы, а это вело к сокращению пастбищных земель, нарушению традиционных маршрутов кочевков казахов [6]. В 1755 году Коллегия иностранных дел рекомендовала сибирским властям вообще закрыть казахам выход к внутренней территории. Материалы законодательных актов Российской империи являются свидетельством действий царского правительства по регулированию земельного вопроса, вносят ограничения в использовании кочевниками-казахами земельных угодий на правобережьях Урала и Иртыша в качестве пастбищ для скота. «... И хотя мы, великая государыня, наше императорское

тебя, нашего подданного хана и со всем народом в высочайшей нашей милости содержать соизволяем, однако ж, по прошению твоему, чтобы киргиз-кайсацкий скот на здешнюю сторону реки Яика перепускать позволить невозможно, а для чего именно так, о том же и о прочем указали мы нашему канцлеру обстоятельно дать тебе знать» – написано в Грамоте Нурали хану, от имени Елизаветы I в декабре 1757 [7, с. 547-548]. Аналогичная ситуация сложилась в Среднем жузе: «... и другим из коллегии иностранных дел от 21 марта 1762 г. указом, отправленным к тогдашнему сибирскому генерал-губернатору Соймонову, подтвержден с тем, чтобы, дозволяя по-прежнему им, киргиз-кайсаков около границ в их стороне кочевание иметь и табуны пасти, стараться сколько возможно, не допускать их к переходу и к перегону скота на внутреннюю сторону» – говорится в именной грамоте генерал-майору Орандорфу в декабре 1763 года [8]. Экспансия России вызвала резкую ответную реакцию казахов и вооруженные столкновения с казаками.

В то же время документы, датируемые началом XIX века, отражают изменения в государственной политике царизма. Непрерывающаяся борьба казахов за пастбища заставила царское правительство пойти на уступки. В 20-х гг. XIX в. был проведен ряд административных мероприятий, направленных на разграничение кочевий. Ряд законодательных актов дает разрешение кочевникам-скотоводам перегонять свой скот на так называемые внутренние территории. К примеру, разрешение, данное Букей хану, в 1801 году «О дозволении киргизскому народу кочевать между Уралом и Волгой и заводить по удобности в лесных местах селения», несколько расширив ареал кочевания, снижает социальную напряженность в степи. Многочисленные табуны лошадей казахи Среднего жуза в зимнее время отгоняли на дальние пастбища в тугай – леса и лесные угодья Южной Сибири, в Кулундинские и Барабинские степи. В 1821 году принимается решение об отводе земель на правом берегу реки Иртыш для кочевий киргиз-кайсаков. Согласно высочайше утвержденным правилам от 22 октября 1880 года «О дозволении киргизам кочевков на землях Алтайского горного округа» некоторые роды Среднего жуза получили доступ к зимним пастбищам в Кулундинской степи на определенных условиях [8].

Хозяйственное освоение Казахстана тесно связано с развитием земледелия. В XVIII веке в крупных хозяйствах казахских султанов, баев

имели место заготовки сена на зиму для «хвостого скота». Сенокосение и богарное земледелие были новы для кочевников. Развитие казахского земледелия в некоторой степени связано с именем хана Абылая. Высочайше утвержденное положение Комитета министров «О развитии между Оренбургскими киргизами оседлости и земледелия» разрешает отвод киргизам поземельных участков в бессрочное пользование, однако многие вопросы, такие как льготный срок пользования земельным наделом, величина возмездия за пользование наделом, оставались еще не урегулированными. Эти правительственные шаги были связаны с начавшимся процессом перехода казахов к полуоседлости и оседлости на прилинейной полосе. Так, по мнению исследователей, земледелие проходит путь от занятия, игнорируемого состоятельными скотоводами, до важнейшего инструмента закрепления территории зимовок и путей кочевания знатными людьми.

Одним из основных факторов укрепления царизма в Казахстане было заселение края выходцами из европейской части России. Хотя еще в XVI в. на территории Казахстана появились первые поселения яицких казаков, число переселенцев было незначительным. Так, в XVIII – нач. XIX веков на территорию Южной Сибири и Казахстана переселились из различных районов России казаки, которые образовали поселки вдоль военных линий. До середины XIX в. среди русского населения региона преобладало казачество и немногочисленные жители форпостов и городов (мещане, чиновники, ремесленники, торговцы и др.). Во второй половине XIX в. на территорию Казахстана устремились потоки крестьян-переселенцев. Возможность заниматься казачьим хозяйством, особенно земледелием, в Киргизскую степь потянула крестьянский люд, селившийся обычно вблизи от казачьих селений. В регионе расширялось присутствие крестьян-переселенцев, что поощрялось правительством Российской империи. Особые условия создавались для переселенцев в местах, где насаждение «русского элемента», по мнению правительства, было необходимым. Так, например, издание Высочайше утвержденного положения Сибирского комитета «Об увеличении русского населения в Семиреченском и Заилийском крае Западной Сибири», было обусловлено близостью китайской стороны. Документ устанавливает лимит для поселения в край, льготы и пособия переселенцам, а также оговаривает необходимое условие – благонадежность пересе-

ленца. Кроме того, в данном документе возможности расселять сибирских крестьян и ссыльно-поселенцев в Семипалатинской области: «Сверх дозволенного в Киргизской степи устройства постоянных дворов, разрешить в Семипалатинской области приселяться около тех пикетов, где местность то дозволит, охотникам по вызову правительства из сибирских крестьян и даже ссыльнопоселенцев, получивших уже право на свободное водворение в Сибири, с запискою как тех, так и других в казаки Сибирского линейного казачьего войска.» [9].

Однако сводить все поземельных споры в одну плоскость, противопоставляя русских переселенцев коренному населению, было бы неверно. Конфликты из-за владения удобными кочевьями происходили и между коренными жителями. Информация о подобных явлениях также нашла отражение в законодательных актах Российской империи того времени. Одним из таких документов является «О распоряжениях для отвода земли в Астраханской губернии калмыкам и киргиз-кайсакам» от 12 июня 1803, где сказано: «Определив, таким образом, пространство и пределы земель, кои калмыкам отвести будет можно, вы обратите внимание ваше к пресечению претензий между ими и киргизцами существующих на земли, между Волгой и Уралом лежащие» [10].

Все возрастающая потребность царского правительства в освоении восточных территорий вынуждала его изучать дальние края, отправлять экспедиции. Из текста именной грамоты, данной поручику князю Урусову в марте 1718 года: «В сем прилежно осматривать гавани и рек, а особливо Куры реки и какие суда могут где приставать, также справься, можно ли ходить и спасаться во время шторму и где также косы подводные и камни и прочее осматривать и верно ставить на карте; также ежели время будет сего лета, то крейсовать через море и какие острова или мели найдешь, так же сколько море где широко, ставить на карту». Материалы, отражающие заинтересованность царского правительства в разведке и изучении природных богатств восточных земель, в том числе и Казахстана, имеются в ряде принятых законодательных актов правительства. Например, документы «О завладении городом Еркетом и об искании золотого песку по реке Дарье», «О производстве следствия о сибирском губернаторе Гагарине и о полковнике Бухгольце, о розыскании об иркутском золоте и о построении крепости на озере Зайсан» [8] информируют не

только о поисковом интересе царского правительства, но и о необходимости установления административного, экономического контроля в регионе.

Изучение подобных материалов позволяет не только воссоздать проводимую в этом направлении политику Российской империи, но и составить определенную картину о поиске полезных ископаемых в киргизской степи, об организации добычи руд различных металлов и минералов в крае, об участниках начинающей развиваться добывающей промышленности в Казахстане. В XVIII веке царские власти вели целенаправленную разработку Восточно-Казахстанских рудников. Также началась разработка некоторых месторождений золота, серебра и других цветных металлов, находившихся на территории Северного и Западного

Казахстана. К этому виду деятельности власти старались привлечь широкие слои населения. Тому свидетельство – Указ из Берг-коллегии «О дозволении желающих отыскивать в Оренбургской губернии руду, краски и камня на казенных и частных землях, и учреждать заводы беспрепятственно, по сношению с местным начальством». Другой документ – Высочайше утвержденное положение Сибирского комитета, от 27 мая 1854 г. «О дозволении киргизским султанам и почетным киргизам производить в Киргизской степи золотой и рудный промысел» [8] регулирует права на организацию добычи полезных ископаемых в Казахстане.

Дальнейшее изучение и публикация подобных материалов позволит получить более глубокую и детальную информацию об исторических процессах на территории Киргизского края.

Литература

- 1 Аполлова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI – первой половины XIX вв. – М.: Наука, 1976. – 371 с.
- 2 Колесников А.Д. Русское население Западной Сибири в XVIII-начале XIX вв. – Омск: Зап.-Сиб. кн. изд-во, 1973. – 440 с. Борисов В.А. Заселение юга среднего Прииртышья // Известия Омского отделения Географического общества СССР. – 1958. – Вып. 2. – С. 69-74.
- 3 Масанов Н.Э. Проблемы *социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков*. – Алма-Ата: Наука, 1984.
- 4 Алексеенко Н.В. Русские и казахи Верхнего Прииртышья в XVIII – начале XIX в.: автореферат диссертации на соискание ученой степени д.и.н. – Л., 1967. – 31 с.
- 5 Туров С.В. Исторический опыт природопользования русских крестьян Западной Сибири: XVIII – первая половина XIX вв.; Сорока Н.Н. Процесс формирования индивидуального пользования сенокосными угодьями в казахском ауле Степного края во второй половине XIX – начале XX вв. (По материалам экспедиционных исследований 1896 – 1903 гг.) // Материалы международной научной конференции «Социально-экономические и этнокультурные процессы в Верхнем Прииртышье в XVII-XX веках». – Новосибирск, 2011. – 252 с.
- 6 Аддабергенов М.Н. Хозяйственное освоение Северного Казахстана в XIX веке: автореф. на соиск. уч. степени к.и.н. – Алма-Ата, 1990.
- 7 Казахско-русские отношения в 16-18 веках: сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Казахской ССР, 1961. – 741 с.
- 8 История Казахстана и России в документах: Прииртышье и Приобье в XVIII – начале XX века: сбор. док. / под ред. Т.К. Щегловой, Г.Е. Отеповой, А.В. Контева. – Барнаул, Павлодар: АлтГПА, 2013. – 440 с.
- 9 ПСЗ РИ-2, т.32, ч.1, № 31649, с.253-254.
- 10 ПСЗ РИ-1, т.27, № 20793, с.653-655.//http://www.nlr.ru/e-res/law_r/descript.html

References

- 1 Apollova N.G. Hozhajstvennoe osvoenie Priirtysh'ja v konce XVI – pervoj poloviny XIX vv. – M.: Nauka, 1976. – 371 s.
- 2 Kolesnikov A.D. Russkoe naselenie Zapadnoj Sibiri v XVIII-nachale XIX vv. – Omsk: Zap.-Sib. kn. izd-vo, 1973. – 440 s. Borisov V.A. Zaselenie juga srednego Priirtysh'ja // Izvestija Omskogo otdelenija Geograficheskogo obshhestva SSSR. – 1958. – Vyp. 2. – S. 69-74.
- 3 Masanov N.Je. Problemy social'no-jekonomicheskoj istorii Kazahstana na rubezhe HVIII-HIH vekov. – Alma-Ata: Nauka, 1984.
- 4 Alekseenko N.V. Russkie i kazahi Verhnego Priirtysh'ja v XVIII – nachale XIX v.: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni d.i.n. – L., 1967. – 31 s.

- 5 Turov S.V. Istoricheskij opyt prirodopol'zovanija russkih krest'jan Zapadnoj Sibiri: XVIII – pervaja polovina XIX vv.; Soroka N.N. Process formirovanija individual'nogo pol'zovanija senokosnymi ugod'jami v kazahskom aule Stepnogo kraja vo vtoroj polovine XIX – nachale XX vv. (Po materialam jekspedicionnyh issledovanij 1896 – 1903 gg.) // Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Social'no-jekonomicheskie i jetnokul'turnye processy v Verhnem Priirtysh'e v XVII-XX vekah». – Novosibirsk, 2011. – 252 s.
- 6 Addabergenov M.N. Hozjajstvennoe osvoenie Severnogo Kazahstana v HIX veke: avtoref.na sois.uch.stepeni k.i.n. – Alma-Ata, 1990.
- 7 Kazahsko-russkie otnoshenija v 16-18 vekah: sbornik dokumentov i materialov). – Alma-Ata: AN Kazahskoj SSR, 1961. – 741 s.
- 8 Istorija Kazahstana i Rossii v dokumentah: Priirtysh'e i Priob'e v XVIII – nachale HH veka: sbor.dok. / pod red. T.K. Shheglovoj, G.E. Otepovoj, A.V. Konteva. – Barnaul, Pavlodar: AltGPA, 2013. – 440 s.
- 9 PSZ RI-2, t.32, ch.1, № 31649, s.253-254.
- 10 PSZ RI-1, t.27, № 20793, s.653-655.//http://www.nlr.ru/e-res/law_r/descript.html

Базарбаев Қ.Қ., Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Жастүріктер және Түркістан
ұлт-азаттық қозғалыстарының
ұқсастықтары мен
ерекшеліктері**

Мақалада Жастүріктер және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы ұқсастығы ретінде XIX ғ. соңы XX ғ. бас кезіндегі Батыс державаларының экономикалық, саяси және мәдени басқыншылығына қарсы бұхаралық қозғалыстары, түрікшілдік және мұсылмандық ұлтшылдық идеяларының кең тарауы, отаршылдыққа бағыт алуы, екі қозғалыстың ұқсастықтарының басты белгілерінің бірі жастүріктер қозғалысының Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына едәуір дәрежеде ықпал жасағандығы қарастырылған. Ұқсастықтардың болуына қарамастан жастүріктер қозғалысы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының бірін-бірі қайталамайтын түбірлі ерекшеліктері де болды. Мақалада автор тарихи деректерге сүйене отырып сол ерекшеліктерге талдау жүргізген.

Жастүріктер және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы ерекшеліктері ретінде жастүріктер және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихи мәдени және экономикалық дамуы деңгейлері мен ол елдерге қатысты қалыптасқан халықаралық жағдайлардың елеулі ықпал еткен факторлары баяндалады.

Түйін сөздер: Орта Азия, Осман империясы, Түркия, Түркістан, жәдитшілер, жастүріктер, ұлт-азаттық қозғалыс.

Bazarbaev K.K., Mekebaev. T.K.,
Kumganbayev Zh.Zh.

**Similarities and features of the
national liberation movement
Young Turks and Turkestan**

The article examines the similarity of the Turkestan national liberation movement and the social movement Young Turks like western powers against the economic, political and cultural occupation, widespread Turkic and Muslim national idea against colonialism as the main similarity between the two movements is considered a strong influence on the movement Young Turks and Turkestan national liberation movement. Despite the similarity of the Young Turks movement and the national liberation movement of Turkestan were a number of features. The author, based on the historical sources analyzes these features. As the features of these national liberation movement author examines the historical and cultural and economic development and the impact of the international situation. And also need to take into account that the national mentality of the peoples of Turkey and Turkestan influenced the formation of the characteristics of movement Young Turks and Turkestan.

Key words: Central Asia, Ottoman Empire, Turkey, Turkestan, zhadidizm, zhasturikter, national liberation movement.

Базарбаев К.К., Мекебаев Т.К.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Сходство и особенности
национально-освободительных
движений Младотюрков
и Туркестан**

В статье рассматривается схожесть Туркестанского национально-освободительного движения и движения Младотюрков – общественного движения Западных держав против экономического, политического и культурной оккупации, широкое распространение тюркской и мусульманской национальной идеи, направленное против колониализма. Как основная схожесть двух движений рассматривается сильное влияние движения Младотюрков на Туркестанское национально-освободительное движение. Несмотря на схожесть, эти движения имели ряд особенностей. Автор, опираясь на исторические источники, проводит анализ этих особенностей.

В качестве особенностей данных национально-освободительных движений автором рассматриваются культурно-историческое и экономическое развитие и влияние на международную ситуацию, учитывая при этом национальный менталитет народов Турции и Туркестана, который повлиял на формирование особенностей движения Младотюрков и Туркестан.

Ключевые слова: Центральная Азия, Османская империя, Турция, Туркестан, жадидизм, Младотюрки, национально-освободительное движение.

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: Zhankum0186@mail.ru

ЖАСТҮРІКТЕР ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тарихи даму барысында көпұлтты және көпдінді болып қалыптасқан Осман империясында ХХ ғ. бас кезінде ұлттық мәселелер шиеленісті сипат алды. Барлық ұлттарды біріктіріп бір ұлт жасау жөніндегі османшылдық идеясы, барлық ұлттарды түрік ұлтының төңірегіне топтастыру жөніндегі түркілік идеясы және түрік ұлтының мүддесін басқа ұлттардан жоғары қойған пантүркизм идеясы Түркиядағы саяси күрестің күн тәртібінен түскен жоқ. Осындай күрделі ұлттық мәселе жәдитшілердің бағдарламаларында Түркістандағы барлық этностарды біріктіру арқылы шешу түрінде көрініс тапты. Бұл идея тым тұрпайылау көрінгенімен, олардың ұлттық санасы этникалық ұғымдармен тығыз байланысты еді. Олар этникалық ұғымдарды «Миллат», «Мұсылмандар», «Түркістандықтар», «Тұрандықтар» деген терминдермен айшықтады. Олардың түсінігінде «Миллат» ұғымы Түркістан, Бұхара және Хиуаны мекендеген түркі тілді және иран тілді халықтарды білдірді. «Мұсылмандар» ұғымы да осыған жақын болды. Ол ұғым Түркістандық түркі тілді және парсы тілді тұрғындар дегенді білдіріп, діни реңк алды. Дегенмен, жәдитшілер «Мұсылмандар бірлестігі» дегенде діни емес, этникалық бірлестіктерді атайды. Бұл жөнінде М. Бехбудидің «Баюни хақиқат» мақаласында «Мұсылман» деген ұғымды «орыс» «еврей» деген этникалық терминдермен қатар қолдануынан көреміз [1]. Сонымен бірге мұсылман ұғымы «христиан» терминімен қатар діни сипатта қолданылған. Осыған байланысты Д. Алимова былай дейді: «Жәдиттердің арқасында мұсылман ұғымы діни мазмұннан этникалық мазмұнға трансформацияланды. Отаршылдыққа қарсы табысты күрес жүргізудің басты шарты ретінде саяси идеялар мен прогресшіл күштердің топтасуы этникалық бірлікке алып келді» [2, с.75]. Жастүріктер қозғалысы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы арасында үлкен тарихи сабақтастық және саяси бірізділіктер көп. Бұл мәселенің мазмұны кеңестік тарихнамада мүлдем қарастырылмаған болатын. Түркістан тарихындағы осы желіні алғаш рет жеке тұжырым ретінде ғылыми айналымға ұсынғандардың бірі Д. Алимова былай деп жазады: «Ұлттық қозғалыс тарихында өзінің мақсаты және нақты әрекетінің мазмұны бойынша Түркістан жәдитшілігінен жастүріктер қозғалысындай бір-бірімен соншалықты байланысқан және

ұқсас құбылыс жоқ. Олардың ортақ мүдделерінің негізі, ең алдымен, түрікшілдік болатын. Бұл идея жастүріктер қозғалысы, сол сияқты өздерін «Милли тараккийпарварлар» деп атаған түркістандық прогресшілердің көзқарастарына алтын арқау болды. Қозғалыстардың пайда болу себептері де ұқсас болатын» [2, с. 90]. Бірінші кезекте осы қозғалыстардың пайда болу себептерін салыстыра қарастыруға болады. Осыған байланысты жастүріктер революциясы тарихын алғаш зерттеген З.Х. Габидуллиннің мына тұжырымына назар аударуға болады: «Түрік буржуазиясы мынадай себептермен еркін дамып өсе алмады, біріншіден, өндіргіш күштердің дамуын тежеген феодалдық қатынастардың үстемдігінен, екіншіден, түрік өнеркәсібіне өздерінің арзан өнімдерімен қысым жасаған шетелдік бәсекелестіктен» [3, с. 112]. Орталық Азияда ХІХ ғ. соңында қалыптаса бастаған ұлттық буржуазия бұл аймаққа Ресей капиталының енуімен және Ресейдің экономикалық жүйесіне кірігуімен өздерінің жағдайын едәуір жақсартта алды. Ал, екінші жағынан өлке империяның шикізат базасына айналып, метрополияның өнеркәсібіне қажетті шикізат өндіретін салалардың ғана дамуы ұлттық кәсіпкерлердің мүмкіндігін шектеп, халық тұтынатын жергілікті өнімдерді нарықтан ығыстыра бастады. Түркістан экономикасындағы қалыптасқан мұндай біржақты жағдай Түркияда Англия, Франция, Германия түрінде көпвекторлы бағыт алса, Түркістанда бұл біржақты Ресейлік бағытпен шектелді.

Екінші ұқсастығы ретінде Түркияның және Түркістанның ұлттық интеллигенциясының мемлекеттік басқару жүйесіне наразылығы жөнінде көрініс тапты. Бұл наразылық көңіл-күй қоғамды жаңартудың міндеттері мен бағыттарын және тәсілдерін таңдаған нақты іс-әрекеттерден көрініс тапты. Мысалы, ол әрекет жастүріктер сияқты Түркістан жәдитшілердің де діни реформаны іске асыру арқылы исламды заңдастыруға ұмтылысынан көрінді. Олар сол арқылы жаңа білім беру жүйесін енгізу, өндірістегі жаңа технологияларды насихаттау, ағартушылық қозғалысты Құранның қағидаларына сүйеніп негіздеуге және ақтауға ұмтылды.

Жастүріктер қолға алған барлық шараларын, соның ішінде конституцияны енгізуді де Құранға және ислам тарихына сілтеме жасау арқылы бекітіп отырды. Олардың баспасөзінде басқарудың өмір салтын енгізу мұсылмандық дәстүрлермен дәлелденіп жатты [3, с. 114].

Мұндай позиция Түркиядағы сияқты Түркістанда да исламның өзінің шынайы филосо-

фиялық маңызынан айрылып, кертартпа сипат алуынан туындады. Тіпті Түркияда Кемалистік кезеңнің өзінде ислам діні «идеологиялық цемент» [4, с. 164] ретінде қолданылған.

«Ал Түркістан мен Бұхарада қоғамды модернизациялауды исламдық тұрғыда негіздеу Түркияға қарағанда барынша күшті және ашық көрініс тапты». Оған мысал ретінде Махмудхожа Бехбудий мен Абдрауф Фитраттың «Мухтасари тарихи ислам» деген атпен исламның қысқаша тарихи еңбектерін атауға болады. Екі қозғалыстың ортақ белгілері мен ұқсастықтары олардың тұжырымындағы діни төзімділік мәселесінен туындайды. Бұл қозғалыс басшылары халықтарды діни белгісіне қарай шектеу саяси нәтижеге қол жеткізбейді деп түсінді. Түркістан Ресейдің отары болғандықтан ол Осман империясының керісінше өз аймағына басқа аймақтармен көптеген халықтарды біріктіретін айырмашылығына қарамастан, екі қозғалыста да халықтар арасында діни алауыздыққа жол беру саяси бірліктен алшақтатындығы анық көрініп тұрды. Жастүріктер Абдулхамит билігіне қарсы табысты күрес жүргізу үшін түрік бұқарасының ғана емес, сонымен бірге империя құрамындағы басқа халықтардың қолдауы қажет екендігін жақсы түсінді. Сондықтан да жастүріктер қозғалысының идеологиясында түрік емес халықтардың өкілдерінің қолдауына баса көңіл бөлінді.

Осындай ұқсастықтарды Абдулхамит билігінің, Бұхара әмірі Саид Әлімханның, Түркістан мұхтариятының қуып таратылуынан кейінгі қозғалыс өкілдерінің саяси қуғын-сүргінге ұшырап, өз күресін мұғажырлық жағдайда жалғастыруынан да көреміз. Жастүріктер және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының әлеуметтік құрылымы да ұқсас болып шықты. Екі қозғалыстың да әлеуметтік негізі барынша алақұла болды. Бұл жағдай олардың саяси алауыздығына өзек болып, ортақ күрестен алаңдатқан жағдайлар да кездесті. Айталық, «Бірлік және Даму» комитетінен комитетті ұлттық теңдік қағидасын бұзды және мұсылмандарға артықшылық берді деп айыптаған «Еркін ойлаушылар бөлімі» деп аталатын топ бөлініп шықты. Мұндай алауыздық салдары парламент сайлауында көрініс тапты [3, с. 116].

Жәдиттік және жастүріктер қозғалысындағы мұндай ұқсастықтың мынадай себептері болды. Біріншіден, ХІХ ғ. соңы ХХ ғ. бас кезінде Батыс державаларының экономикалық, саяси және мәдени басқыншылығына қарсы бұхаралық қозғалыс ретінде түрікшілдік және мұсылмандық

ұлтшылдық идеяларының кең тарап, отаршылдыққа бағыт алуы [3, с. 94-95].

Екі қозғалыстың ұқсастықтарының басты белгілерінің бірі жастүріктер қозғалысының Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына едәуір дәрежеде ықпал жасағандығы. Түркияға ортазиялық зиялылар мен кәсіпкерлердің баруы кең өріс алғаны белгілі. Көптеген жәдитшілер осы елде оқыды. Кейбір мұрағаттық деректерге қарағанда, Түркияда 1913 ж. Бұхараның өзінен 250 студент білім алған [3, с. 95]. Екі қозғалыстың да басты ерекшелігі оның өкілдерінің әлеуметтік негізінен туындайды. Жастүріктер қозғалысының өзегі әскери сослови өкілдері еді. Офицерлер қоғамның алдыңғы қатарлы және мәдени бөлігін құрады және ұлттық буржуазияның мүддесін қорғады. Олардың көпшілігі Германияда білім алды да, сыртқы саясатта германofilдік бағыт ұстады. Ал түркістандық, бұхаралық және хиуалық жәдиттер әскери істен барынша алыс тұрды. Олар негізінен гуманитарлық бағыттағы элитаны құрады. Мұндай біржақтылық олардың іс-әрекеттерінен де көрініс тапты. Жәдитшілердің кемшіліктерінің бір ретінде осы фактор олардың бұқара халықтың кең қолдауына ие бола алмауына негіз қалады. Жастүріктердің «Бірлік және Даму» партиясы бұқара халықтың қолдауы арқасында парламент сайлауында жеңіске жетсе, «Шуро-и Исламия» 1917 ж. тамыз-қыркүйегіндегі Ташкент қалалық думасына сайлауда қолдауға ие болған «Шуро-и Улемадан» аз дауыс жинап қалды [5, с. 49-53].

«Екі қозғалысты да өз дамуындағы ерекшеліктерінің болуына қарамастан дамыған мемлекет құру идеясы біріктірді. Бұл қозғалыстарды исламға құрмет сезімін сақтауға, мәдениеттің дамуына еркіндікті қамтамасыз етуге, аграрлық мәселені шешуге, әлемдік аренаға шығуға, Еуропа және Азия елдерімен экономикалық ынтымақтастық орнатуға ұмтылған жастар қозғалысы деп атауға болады».

Түркістанда жастүріктер идеясының таралуы жөнінде мынадай жолдармен таралды деген тұжырым жасауға болады:

1. Түркияда білім алған, сонда өмір сүріп қоғамдық-саяси өзгерістерді өз көздерімен көрген түркістандық жәдитшілер арқылы таралды. Бұл топтың өкілдері М. Бехбуди, А. Фитрат, Г. Юнусов т.б. болды.

2. Түркиядан түрлі жағдайлармен Орта Азияға келген жастүріктер қозғалысы өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметі арқылы таралды. Олардың көрнекті өкілдері – Энвер Паша, Субхи және т.б.

3. Ресейде білім алған, Бүкілресейлік мұсылмандық қозғалысқа тартылған түркістандық қайраткерлердің қызметі арқылы таралды. Бұл топтың өкілдері – Убайдулла Хожаев және т.б.

Жәдитшілердің экономикалық мәселелерге қатысты ұстанымдары да қызықты болып келеді. Айталық, олар жаңа экономикалық мекемелер құру тек қана халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағыталуы керек, ол сонымен бірге тәуелсіздікке қол жеткізудің де негізгі факторларының бірі болуы тиіс деп санады. Жәдитшілер бұл міндеттерді іске асыру жолы ретінде халықты экономикалық дағдарыстан шығаруға көмектесу жолында коммерсанттарды бірігуге шақырды [6, с. 20].

Жәдитшілер өлкедегі ауылшаруашылығындағы дағдарыстың себептерін талдаумен шектеліп келген жоқ, одан шығудың жолдарын іздестіріп кез келген мүмкіндікті пайдаланып жер иеленушілерді өз құқықтарын қорғауға шақырды.

Олар көп жағдайларда пісіп жетілген проблемаларды шешудің нақты әрекеттерін де іске асыра бастады. Айталық, уақытша Үкімет жерді сату және сатып алуға тыйым салған заң шығарғанда Мұстафа Шоқай 1917 ж. 27 шілдеде Петроградқа барып, А. Керенскийге жолығады. Осы кездесудің нәтижесінде Түркістанға қатысты шешімнің күші жойылып, жердің өз иелерінің қолында қалуына және оның қоныстанушылардың қолына өтіп кетпеуіне жағдай жасады [7].

Прогресшілер өлке экономикасын дамытудың өзіндік концепциясын жасаған. Жәдиттік газеттер мен журналдарда ол идеялар жарнамаланды.

Сол идеялардың қатарында Түркістанның жергілікті халықтың саяси, ұлттың және экономикалық мүдделерін қорғауды айтуға болады. Олардың пікірінше, елдің экономикалық тәуелсіздігі саясат, құқық және дін саласындағы бостандықпен тікелей байланыста болды. Сол үшін де прогресшілер бірінші кезекте жерді және оны пайдалануға байланысты, суды бүкілхалықтың игілігіне айналдыру, өнеркәсіпті, ауылшаруашылығын, сауда мен құрылысты басқаруды Түркістандықтардың қолына берді. Өлке үшін қажетті өнімдер өндіруді жолға қою, заводтар мен фабрикалар салу, жаңа жерлерді игеріп, суармалы егістікті, бау-бақшаларды көбейту, арттыру және т.б. іске асыруды ұсынды.

Мұндай көзқарас Түркістан ұлттық элитасының көрнекті өкілі Махмудхожа Бехбудидің Қазан төңкерісінен кейінгі кездегі ұстанған по-

зициясында орын алды. Оның астық дайындауды мемлекеттің құзырындағы азық-түлік комитеттерінің қолына беруге үзілді-кесілді қарсы болуы большевиктердің ұстанымымен түбірінен үйлеспейтін еді. Оның пікірі бойынша рынок еркін болуы тиіс, ал астықты облыстар мен уездерден сыртқа алып кетуге тыйым салынды және астық бағасына монополия болмауы тиіс. Сол сияқты Бехбуди жекеменшіктегі наубайханаларды жабу туралы қаулының күшін жоюды талап етті. Оның көзқарасы бойынша жерді мемлекеттік меншікке беруден бұрын жерден және жер иелерінің жағдайы жөнінде статистикалық талдау жасалынып, диірмен, шеберхана және т.б. мемлекеттің меншігіне алуды тоқтату керек [8]. Жалпы, түркістандық жәдитшілер демократиялық қоғамды дамыту тек еркін нарықтық экономика жағдайында ғана мүмкін болады деп есептеді [9].

Түркияға, Египетке және басқа да араб елдеріне саяхат жасаған М. Бехбуди ол елдерден алған әсерлерін жазып алумен бірге олардың дамуына ықпал жасаған немесе оны тежеген факторларға талдау жасап отырған. Н. Болдауфтың пікірінше, «Махмудхожа Бехбудидің естелік күнделіктерінде география мен сауда бойынша елдердің арасында сауда қатынастары өрбиді және саяхаттаудың байланыстары жолға қойылады деген ниетпен жазады» [10, б.9]. Бехбудидің өзі де жекеменшік иесі болған. «Нашриети Бехбудия» баспаханасының иесі болған Бехауиддин Самарқанд, Бұхара, Қоқан, Наманган, Ташкент, Андижан қалаларында кітап дүкендерін ұстаған [11, б.13]. Ол кітап дүкендерінде өзге шетелдік қалалармен бірге Стамбулда жарық көрген кітаптарды сатылымға ұсынған.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай жастүріктер қозғалысы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының қалыптасуы мен дамуында көптеген ұқсастықтардың орын алғанына көз жеткіземіз. Жалпы, ұлт-азаттық қозғалыстардың дамуына негіз болатын ортақ заңдылықтар бұл екі қозғалысқа да тән еді. Бұл екі саяси қозғалыстың ұқсастықтары былайша айқындалады:

1. Осман империясы мен Түркістан өлкесінде қоғамдық саяси дамуды тежеген ортағасырлық қоғамдық институттардың тежеуші күшке айналуы. Атап айтқанда білім беру жүйесінің артта қалуы дәстүрлі қоғамдық саяси қатынастардың ескіруі, бұл жағдай Осман империясында Абдулхамит II деспоттық билігін ұстап тұрған ортағасырлық билік құрылымдары көрініс тапса, Түркістанда патша үкіметінің отарлық билігінің дәстүрлі қоғаммен күні өткен реакциялық ин-

ституттарын жаңалаудың орнына Ресей империясына тән өктемдікпен шовинистік, отарлық құрылымдарды орнықтыруы жөнінде көрініс тапты.

2. Екі қозғалыстың пайда болуы мен қалыптасуының негізі ағартушылық идеяларынан бастау алды. Соның нәтижесінде екі қозғалыста да ағартушылық идеялар өткір сипат алды.

3. Екі қозғалыста да ұлттық идеяларды қалыптастыратын азаттық күресінің дәлелдерін негіздеген саяси қозғалыстардың қабылдаған бағдарламалық құжаттарында идеялық сабақтастықтар орын алды. Идеялық сабақтастықтар саяси ұйымдардың құрылымындағы ұқсастықтар орын алды. Мысалы: «Бірлік және даму» партиясы мен «Шурои Исламия» қозғалыстары, «Ахрар» партиясы мен «Шурои Улеманың» саяси ұстанымдарында елеулі ұқсастықтар орын алды.

Осындай түбірлі ұқсастықтардың болуына қарамастан жастүріктер қозғалысы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының бірін-бірі қайталамайтын түбірлі ерекшеліктері де болды. Бұл ерекшеліктер Түркияның тәуелсіз мемлекет екендігінен, ал Түркістанның патшалы Ресейдің отары екендігінен туындайды. Осы жағдайға байланысты екі қозғалыстың саяси мақсат міндеттері мен оны іске асырудың тактикасы мен стратегиясынан көрініс тапты. Бұл мәселеге Түркияда Абдулхамит II деспоттық билігі мен бірге шет елдік державалардың отаршылдық әрекеттері ықпалынан құтылуға бағытталса, бұл жағдай Түркістанда ортағасырлық кертартпа қоғамдық құрылымды модернизациялаумен бірге отарлық биліктің қысымынан құтылуы түрінде көрінді. Осыған байланысты жас түріктер осман империясының орнына жаңарған түрік мемлекетін құру идеясын күн тәртібіне батыл қоя алды. Ал жастүріктердің бұл идеясы Түркиядағы қоғамдық-саяси өзгерістер барысында іске асты. Ал отарлық кеңестік биліктің саяси, әскери қысымындағы Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстардың басшылары ұлттық мемлекеттік құрылым және тәуелсіздік алу идеяларын аса жасқаншақтықпен көтерді. Оның есесіне түркілік, мұсылмандық бірлік идеялары төңірегінде мәселені батыл көтерді. Нәтижесінде кеңес өкіметі ұлттық мемлекеттік межелеу саясаты арқылы түркілік бірлік идеясын ыдыратып «түрі ұлттық мазмұны социалистік», саяси еркі барынша шектелген мемлекеттер құрды. Нәтижесінде Түркістан халықтарының ұлттық мемлекетке айналып тәуелсіздік алуы XX ғ. соңына дейін шегерілді. Осы жерде екі қозғалыстың ерекше-

ліктеріне ол елдердің тарихи мәдени және экономикалық дамуы деңгейлері мен ол елдерге қатысты қалыптасқан халықаралық жағдайлардың да елеулі ықпал еткендігі белгілі. Сонымен бір-

ге Түркия мен Түркістан халықтарының ұлттық менталитеті де көптеген ерекшеліктердің даралануына ықпалы болғандығы да ескерілуі қажет.

Әдебиеттер

- 1 Бехбуди М. Бағни хақиқат // «Улуғ Түркистон». 1917, 12 июнь.
- 2 Алимова Д.А. История как история, история как наук. – Ташкент: Узбекистан, 2009. – 184 с.
- 3 Габидуллин Х.З. Младотурецкая революция. – М.: Соцэкиз, 1936.
- 4 Гасанова Э.Ю. Об идеологии национально-освободительного движения в Турции и роли Кемалья Ататюрка в ее развитии / Турция: история и современность: сб. статей. – М.: Наука, 1988.
- 5 Абдуллаев Р.М. Из истории национального движения в Туркестане после февраля 1917 г. // ОНУ. – 1993. – № 4.
- 6 Турсунов Р.Н. Воззрения национальных прогрессистов на социально-экономические процессы в Туркестане в начале XX века: авт. реф. на соискания ученой степени канд. ист. наук. – Ташкент, 2008. – С.29.
- 7 Рахимий Ж. Туркестоннинг ер ва суви. // Кенгаш. – 1917, 8 сентябрь.
- 8 Бехбуди М. Ғалла, аскерлик ер ватаъминоти хароий» – 1918. 2 август.
- 9 Алимова Д.А. Читая джадидов // Правда Востока. – 1996, 22 февраль.
- 10 Балдауф Н. Махмудхожа Бехбудий Фалостында // Узбекистон адабети ва санъати. – 1993, 21 май.
- 11 Алимова Д. А., Ратизва Д.А. Махмудхожа Бехбудий ва унинг тарихий тафакидри. – Ташкент: Академия, 1999.

References

- 1 Behbudi M. Baeni khahihat // «Ulug Turkestan». 1917, 12 june.
- 2 Alimova D.A. Istoria kak istoria, istoria kak nauka. –Tashkent: «Uzbekistan». 2009. -184 s.
- 3 Gabidullin H.Z. Mladotureckaya revolucia. – Moskava, Socekiz, 1936.
- 4 Gasanova E.U. Ob ideologiy nacionalno-psvoboditelno dvizhenia v Turcii i roli Kemalya Ataturka v ee razvitiy / Turcia: istoria i sovremennost. Sb. statei. –Moskva: Nauka, 1988.
- 5 Abdullaev R.M. Iz istoriy nacionalnogo dvizhenia v Turkestane posle fevralya 1917 g. //ONU. 1993. № 4.
- 6 Tursunov R.N. Vozzrenia nacionalnyh progressistov na socialno-ekonomicheskie procesiy v Turkestane v nachale XX veka. Avt. Ref. Na soiskanya uchenoi stepeni kand.ist.nauk. Tashkent, 2008.-s.29.
- 7 Rahimiy Zh.. Turkestoning er va suvi. // Kengash. 1917, 8 sentyabr.
- 8 Behbudi M. Galla, askerlik er vatamionoty haraoi» 1918. 2 avgust.
- 9 Alimova D.A.. Chitaya djadidov.// Pravda Vostoka. 1996, 22 fevral.
- 10 Baldauv N. Mahmudkhozha Behbudi Falostynda // Uzbekiston adabeti va sanati. 1993, 21 may.
- 11 Alimova D.A., Ratizva D.A.. Mahmudkhozha Behbudi va uning terihi tafakdiri. -Tashkent: Academia, 1999.

Дауытбекова М.К.,
Қозғамбаева Г.Б.

**I дүниежүзілік соғыс
жылдарындағы Қазақстанның
әлеуметтік-экономикалық
жағдайы**

Мақалада 1914 жылдың 19 шілдесінде (1 тамыз) басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс ауыртпалығының Қазақстанға әкелген ауыр зардаптары сөз болады. Соғысқа әскери-өнеркәсіптік жағдайы тұрғысынан да, әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан да даярлықсыз енген Ресей мемлекеті соғыстың ауыр жүгін Қазақстан тарапына артқаны тарихи деректерден белгілі. Қазақстанның негізгі шаруашылығы малшаруашылығы болуына орай, елден майданға негізінен азық-түлік пен шикізат жіберіліп отырылды. Бұған дейін де отаршыл империя тарапынан өзгеріске ұшыраған малшаруашылығы жұмыс күшінің, яғни еркектердің жаппай майданға шақыртылуына байланысты дағдарысқа ұшырады. Дәстүрлі шаруашылық тоқырауға ұшырап, есесіне елде бақша дақылдарының егіс көлемі өсіп, шошқа шаруашылығы жедел дами бастағандығы қарастырылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, әлеуметтік-экономикалық, жер, салық, соғыс.

Dautbekova M.K.,
Kozgambayeva G.B.

**Social-economic development of
Kazakhstan during the years of
World War I**

The article deals with negative consequences of the First World War for Kazakhstan. With Russia's entry into the war, it faced military-industrial and socio-economic problems. Primarily food products and raw materials were sent to satisfy the needs of the front. Having to provide for the war with raw materials has led to a crisis in the economy of Kazakhstan. Engaging men in rear works resulted in the shortage of labor in the sector traditional for the Kazakhs. «Nomad tent tax» rose. The mass seizure of Kazakh lands had begun. As a result of acts of the tsarist authorities cattle rearing economy went into decline, transforming into foreign elements of farming, such as pig breeding, melon growing, etc.

Key words: Kazakhstan, social-economic, land, tax, war.

Дауытбекова М.К.,
Қозғамбаева Г.Б.

**Социально-экономическое
развитие Казахстана в годы
Первой мировой войны**

В статье рассматриваются негативные последствия Первой мировой войны для Казахстана. С вступлением России в войну она столкнулась с военно-производственными и социально-экономическими проблемами. Для нужд фронта отправлялись в первую очередь продукты питания и сырье. Обеспечение военных сырьем привело экономику Казахстана к кризису. Привлечение мужчин на тыловые работы отразилось нехваткой рабочей силы в традиционной отрасли казахов. Вырос кибиточный налог. Началось массовое изъятие казахских земель. В результате действия царских властей традиционное скотоводческое хозяйство пришло в упадок, трансформируясь чуждым элементам ведения хозяйства, таких как свиноводство, бахчеводство и др.

Ключевые слова: Казахстан, социально-экономический, земля, налог, война.

**I ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
СОҒЫС
ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫ**

1914 жылдың 19 шілдесінде (1 тамыз) басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс ауыртпалығы Қазақстанды да айналып өтпеді. Соғысқа әскери- өнеркәсіптік жағдайы тұрғысынан да, әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан да даярлықсыз енген Ресей мемлекеті соғыстың ауыр жүгін Қазақстан тарапына артқаны тарихи деректерден белгілі. Соғыстың алғашқы жылдары-ақ елдің өнеркәсіптік жағдайы 30%-ға төмендеді. Қазақстанның негізгі шаруашылық түрі малшаруашылығы болуына орай, елден майданға негізінен азық-түлік пен шикізат жіберіліп отырылды. А.Н. Куропаткиннің мәліметтеріне сүйенсек, 1915 жылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерінен ғана соғыс қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, миллион бас қой «қайырымдылық» ретінде жіберілген екен [1, 48 б.]. Бұл әрине Қазақстан халқы тарапынан өз еркімен жүргізілген қайырымдылық емес екендігі белгілі. Себебі, орталықтан «қайырымдылық» шараларын жүргізу талап етілгендіктен, мәжбүрлі түрде берілген «қайырымдылық» екендігінде айтпай кетуге болмайды. Онсызда экономикалық тұрғыдан әлсіз далалық өлке үшін мұндай «қайырымдылықтар» оңайға түспеді. Бұған дейін де отаршыл империя тарапынан өзгеріске ұшыраған малшаруашылығы, жұмыс күшінің, яғни еркектердің жаппай майданға шақыртылуына байланысты дағдарысқа ұшырады. Дәстүрлі шаруашылық тоқырауға ұшырап, есесіне елде бақша дақылдарының егіс көлемі өсіп, шошқа шаруашылығы жедел дами бастады. Бұдан шығатын қорытынды дәстүрлі шаруашылықтың дамуына үлкен нұқсан келгендігінде. 1913-1917 жылға дейін қазақ халқынан жалпы көлемі 764,4 мың десятина жайылымдық алқаптың жылқы – ірі қара жайылатын 190 жайылымы алынып, жалға алуға даярланды. Басты байлығы жер саналатын қазақ халқының Жетісу өлкесінен 1914 жылға қарай 2703226 десятина, 1917 жылға қарай Семей, Орал, Торғай, Ақмола облыстарынан, Бөкей ордасынан 40638 миллион десятина жер алынды. Жайылымдық жерінен айырылған қазақ елі, дәстүрлі мал шаруашылығынан өзге өнеркәсіп орындарына, кеніштерге күн көрістік жұмыстар іздеп, кулактар мен байларға батырақ бола бастаған-ды. Мұның ауыр салдары ретінде ата мекенді тастап кеткен 17 мың қазақ батырағы тіркелгендігі тарихи ақиқат.

Әскери ведомство тарапынан жергілікті халықтан мал «сатып алдық» дегенмен желеумен арзан бағаға ірі қара, мал сатып алынған. Бір ғана дәлел – жылқы малының нарықтағы бағасы 150-200 сомға бағаланып тұрған тұста, 3 -5 есе арзан бағаға 30-50 сом көлемінде «сатып алған» [2, 75 б.]. Әскер мен көлік қажеттілігі үшін алынып жатқан жылқы малына деген сұраныс, елдегі аталмыш мал түрінің күрт кемуіне әкелді [3, 140-141 бб.]. Ішкі Ордада 1915 жылы жылқы саны 310,3 мың болса, ал 1916 жылы 160,2 мың болып, үлес салмағы жөнінен 48,5%-ға кеміп кетті. Маңғыстау уезінде, Сырдария мен Жетісу облыстарында да осындай көріністер байқалды [4]. Ақмола облысының төрт уезінен екі миллионға жуық мал алынған. Жетісу өлкесінен соғыс басталған жылдың өзінде 34 миллион сомның малы мен мал өнімдері майданға жіберілген [5]. Бұл қазақтың негізгі күнкөрісі саналатындығын ескерсек жергілікті халық үшін қаншалықты ауыр болғандығын бағамдау қиын емес екендігі белгілі. Соғыс кезінде қымбатшылық орнап, ұнның бағасы Верныйда 218%-ға, ет – 225%-ға қымбаттаған [6, 32 б.]. Бұл халықтың кедей және орташа топтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын өте төмен дәрежеге түсірді. Мұнан өзге – шаңырақ салығы артты. Ерікті қаржы жинау, әскери салық сияқты салықтың 10-ға жуық ауыр түрлері енгізілді. Мысалы, 1914 жылы қазақтардан 600 мың сом шаңырақ салығы жиналса, 1917 жылға қарай 1 миллион 200 сом жиналған, яғни салық көлемі екі есеге артқан.

Сондай-ақ елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ауырлай түсуіне патша Николай II-нің 1916 жылы 25 маусымдағы «Бұратана» халықтардың өкілдерін тылдағы жұмысқа алу жөніндегі жарлығының да әсері аса ерекше екендігі сөзсіз. Жарлық бойынша әскери экономиканың мобилизациялануы үшін 400 (кейбір деректер бойынша 500) мың адам қажет болса, оның 240 мың адамын қазақ ауылы қамтамасыз етуі қажет болды. Бұл дегеніміз әр отбасынан бір адам алынады дегенді білдіреді. Осы жерде ерекше айта кететін жағдай, қазақ халқы өзгелер сияқты соғыс майданында күресуге қарсы болған жоқ, тек қара жұмысқа алынатындықтарына наразы болды. Онсыз да ауыр әлеуметтік-экономикалық ахуалды бастан кешіп отырған қазақ даласы үшін бұл үлкен соққы болды. Ер азаматтарды жаппай майданға алу селолар, қалалар мен ауылдар еңбекшілері жағдайының нашарлауы 1914 жылдың өзінде-ақ Қарағанды, Екібастұз шахталарында, Орынбор, Ташкент және Транссібір темір-

жолдары жұмысшылары арасында бас көтерулермен ереуілдерге алып келді. Тіпті, соғыс жылдарында Қазақстанда халық бой көтерінінің бірі «әйелдер бүлігі» дейтіндер болды, оларды өкімет орындары үкіметке қарсылық деп қарады. Шаруалар көтерілістері Қазақстанның солтүстік аудандарында қамтыды. Мәселен, 1916 жылы 21 наурызда Торғай облысы Ақтөбе уезінің Ақбұлақ селосында 30 адам болатын солдат әйелдерінің тобыры көпестер – Незвановтың, Пряткиннің дүкендерін қиратады. Халық бұқарасының мұндай бой көрсетулерінің толқыны Қазақстанның басқа да аймақтарында орын алды. 1916 жылдың орта шеніне қарай жұмысшылардың үкіметке ашынуы үдей түсті. Нәтижесінде бұл жағдайлар қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысына зор ықпал жасады. Сондай-ақ бұл жарлық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басталуына себеп болды. Шілденің бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай қарулы көтеріліске ұласты. Халық ашу-ызасының алғашқы соққыларына тылдағы жұмыстарға алынатындардың тізімін тікелей жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және патша әкімшілігінің басқа да төменгі билік иелері ұшырады. Іс жүзінде тізімдер жасау жүйесі жаппай паракорлық пен бұрмалаушылыққа жол ашқан болатын. Оның үстіне патшалық өкімет орындары лауазымды адамдарды, болыстарды, село және ауыл басқарушыларын, байырғы тұрғындардан шыққан төменгі шенді полицейлерді, имамдарды, молдаларды, ұсақ кредит мекемелеріндегі есепшілер мен бухгалтерлерді, жоғары және орта оқу орындарындағы оқушыларды, үкіметтік мекемелердің шенеуніктерін, дворян және құрметті азамат құқықтарын пайдаланатын адамдарды әскерге алудан босатты. Стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласып, оның ірі ошақтары (Жетісу мен Торғайда) пайда болды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды. Бұл көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттық болды. Сол арқылы ол қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы бұрынғы бүкіл күресінің қорытындысын шығарды. Көтерілістің негізгі күші ұлттық шаруалардың қалың тобы, сондай-ақ сол кезде туып келе жатқан жергілікті жұмысшы табының өкілдері, қолөнершілер болды. Сонымен бірге көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуы себепті қазақ халқының барлық топтарының өкілдері (екінің бірінде байлар, болыс басқарушылары, билер), сондай-ақ демократияшыл зиялылардың жекелеген өкілде-

рі қатысты. Жетісуда (басшылары: Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар және т.б.) және Торғайда (басшылары – Әбдіғаппар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин және басқалар) оның ірі ошақтары пайда болды. Әрине, соғыс болған соң адам шығыны болатындығы айтпаса да түсінікті жәйт. Осыған орай, елдегі бұл көтеріліске деген пікір де екіге жарылды. Дегенмен, «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты либерал-демократиялық зиялылар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үгіттеп, оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған байланысты үлкен алаңдаушылық білдірді. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде оны аман сақтауға тырысты. Сондықтан да олар қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, олар Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. Бұдан сырт қалуға болмайды, – деп есептеді. Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Қарусыз халық өкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына үміт артты. Империямен ақылға қонымды келісім тактикасын ұстанып, халқының аман болуын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыра тұрып, тиісті эзирлік жұмыстарын жүргізуді ұсынды. Көтеріліс барысында орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы бұлардың қауіптерінің негізсіз еместігін дәлелдеді. Жеке-жеке бұрқ еткен толқулар көп ұзамай қарудың күшімен жанышталып, жұмысшыларды реквизициялаумен майданға жөнелту басталды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Қазақ жеріндегі қақтығыс кезінде өлгендерді есептемегенде 1917 жылдың ақпан айына дейін Түркістан өлкесінде 347 адам өлім жазасына, 168 адам қаторгалық жұмыстарға, 129 адам түрмелерге ұзақ мерзімге жабылған. Сондай-ақ бейбіт халық, әсіресе қарт адамдар, әйелдер мен балалар да мерт болды. Мұндай

ауыртпалыққа шыдамаған қазақтардың біршама бөлігі Ресей, Қытай, Ауғанстан, Түркия жерлеріне қашып, жан сақтаған. 1916 жылы Жетісу жерінен 150 мың адам қоныс аударған. Бұл қазақ халқының санының артуына кері әсер етті. Мысалы, 1897 жылғы санақ мәліметтерін 1917 жылға санақпен салыстыратын болсақ, қазақ халқының саны бар болғаны 6,5%-ға артқан. Елде өлім-жітім көбейді. Әсіресе бір жасқа дейінгі балалар өлімі 60%-ға дейін өскен.

Жалпы Бірінші дүниежүзілік соғыс өлкенің демографиялық ахуалына да айтарлықтай әсер етті.

Соғыс басталған соң, Қазақстан өнеркәсібі де соғыс қажеттері үшін жұмыс істеді. Өлкедегі кен өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі Успен және Сасық-Қарасу кеніштерінен темір кенін өндіру арта түсті. Бұл кеніштерден 1914 жылы – 246 пұт, ал 1916 жылы – 1551 пұт темір кені өндірілді. Соғыстың үш жылы ішінде темір кенін өндіру 6,3 есе ұлғайды. Салықтардың жоғарылығынан, қатынас жолдарының қашықтығынан, құрал-жабдықтардың жетіспеуі салдарынан және басқа себептерден алтын кеніштерінің саны қысқарды. Түсті металдарға деген қажеттіліктердің артуы және олардың бағасының күрт өсуі соғыс жылдарында түсті металлургияның, әсіресе, Риддер және Сокольский кеніштерінің дамуына түрткі болды. Түсті рудалар өндіру 1913 жылмен салыстырғанда 1917 жылы 25,3 есе өсе түсті. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында мыс рудасын негізінен «Спасскмысрудалары» акционерлік қоғамымен «Атбасармыскендері» акционерлік қоғамы өндірді. Бірақта, мыс кенін өндіру жылдан-жылға кеми берді. Жер қойнауын жыртқыштықпен пайдалану «Спасскмыскені» акционерлік қоғамының Успен кені ішіндегі барлық бай кенді (құрамындағы мыс 25%) алып қоюына әкеп соқты. Соғыс жылдарында Сарысу байыту фабрикасы салынды. Ол төңкеріске дейін құрамында 25-30% мыс бар 128 мың пұт шикізат өндірді. Көмір өндіру Семей, Торғай, Ақмола облыстарында жүргізілді. Соғыс жылдарында Екібастұз кен орындары елеулі рөл атқарды. Ол Екібастұз қорғасын-мырыш зауытын, Ертістегі жекеше кеме қатынасын, Оралдағы Боголовск және Қышым зауыттарын көмірмен жабдықтап отырды. Өндеуші өнеркәсіп соғыс мұқтажына ет-сүт өнімдерін, былғары тауарлар және басқа да тұтыну заттарын беріп отырды. Әсіресе, былғары тауарларын өндіру өсті, бұл кезеңде өлкеде 139 былғары кәсіпорны жұмыс істеді. Олар негізінен Семей және Ақмола облыстарында орналасты және бүкіл ауылшаруашылық өнімінің 64,3%-ын өңдеді.

Шынына келгенде, былғары, тері және ішек-қарын өндірісінің майдагерлік кәсіпорындары одан әрі ұқсату үшін Ресейдің ірі өнеркәсіп орталықтары – Пермь, Вятка, Рига қалаларына өнім жеткізіп берді. Соғыс жылдарында интенданттық армия тарапынан былғары аяқ киімге және тері тондарға сұраным ерекше өсті. Соғыс жылдарында жүн өніміне сұраным ұлғайып, өлкеде шұға өндіретін тұңғыш Қарғалы фабрикасы әскери тапсырыс орындап, шинельге арнап шұға дайындай бастады, сол сияқты соғыс сұранымына ет өнімін дайындауда Петропавлда ет-консерві комбинаты ашылса, Оралда мал соятын арнайы орын ашылды. Өлкеге дайын өнім, киім-кешек пен аяқ киім әкелудің қысқаруына байланысты соғыс жылдарында осы қажетті бұйымдарды тігетін шеберлердің саны көбейді. Мәселен, 1916 жылы Верный қаласында 140 адам жұмыс істеген ірі шеберхана болды. Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың, қалалардағы еңбекшілердің жағдайы күрт нашарлады. Кәсіпорындарда жас балалардың, жасөспірімдердің, әйелдер мен соғыс тұтқындарының еңбегі кеңінен қолданылды. Жұмысшылар тәулігіне 10-12 сағат, ал кейде 16 сағаттан жұмыс істеді. Жұмысшылардың нақты жалақысы үнемі төмендей берді. Мәселен, Спасск зауытында 1914 жылы күндік жұмыс үшін – 1 сом 04 тиын, 1915 жылы – 94 тиын төленді. Мұндай жағдай өнеркәсіп орындарында барлығында дерлік болып жатты.

Осындай ауыр кезенді бастан кешіп отырған қазақ халқы өзінің кеңпейілдік қасиетінен,

иманынан ада қалған жоқ. Бұған дәлел ретінде, майданға деп әрдайым қаржылай, азық-түлік көмектерін аяп қалмады. Майданға аттанатын солдаттарды темір жол бекеттеріне жеткізіп салу үшін артельдер ұйымдастырылып, мешіттерде молдалар соғысқа кеткен солдаттарға сәттілік тілеп, құран сүрелерінен дұға қылып отырған. Соғыс қажеттілігіне жиналған тегін нанды тасымалдау ісіне атсалысып, азаматы майданға аттанған шаруа отбасының алқаптық жұмыстарына тегін көмектерін де аямаған. Жергілікті қызыл Крест қоғамдарына өз еркімен жарна төлеп тұрғандардың да саны аз болмаған. Олар киіз үйлер, мал терілерін өткізіп отырған. Мысалы: Омск уездінен – 54, Атбасар уездінен – 23, Петропавл уездінен – 49, Көкшетау уездінен – 14, Ақмола уездінен – 25 киіз үй өткізілген [7, 5 б.].

Қорыта келгенде, Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы аса ауыр кезеңдерді бастан кешті. Азаматтары тылдағы жұмысқа алынып, дәстүрлі шаруашылықтың дамуына орасан зор нұқсан келді. Елдегі ауыртпалыққа қарсы ұлт-азаттық соғыс өрті орын алды. Демографиялық ахуал төмендеді. Дегенмен, ауыр тұрмыста өмір сүрсе де, елде жалпыұлттық бірігу мен ұлттық тәуелсіздік идеясының өмірге келгендігін де мойындауымыз керек. Қаншалықты ауыр кезенді бастан кешсе де қазақ халқы өзінің адами қасиеттерінен айырылған жоқ. Адамгершілікті, дінді басты адамзаттық құндылық ретінде ұстана білді.

Әдебиеттер

- 1 Мусырман А.Ш. Казахстан в условиях модернизации XX – начало XXI веков». – Петропавловск: Полиграфия, 2007. – 269 с.
- 2 Асфендияров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 г. в Казахстане. – Алма-Ата-Москва: Казахстанское Краевое Издательство, 1936. – 150 с.
- 3 Военная история Казахстана. – Алматы, 1999. – 140-141 стр
- 4 <http://e-history.kz/kz/contents/view/>.
- 5 Адырбекұлы К. Алып империялардың абыройсыз соғысы. // Түркістан. – 4 қыркүйек, 2014.
- 6 Жумашев Р.М. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Караганда, 2003. – 595 с.
- 7 Кабульдинов З.Е. Омский уезд Акмолинской области в годы первой мировой войны // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2012. – №3-4.

References

- 1 Musyrman A.Sh. Kazahstan v uslovijah modernizacii HH – nachalo HHI vekov». – Petropavlovsk: Poligrafija, 2007. – 269 s.
- 2 Asfendijarov S.D. Nacional'no-osvoboditel'noe vosstanie 1916 g. v Kazahstane. – Alma-Ata-Moskva: Kazahstanskoe Kraevoe Izdatel'stvo, 1936. – 150 s.
- 3 Voennaja istorija Kazahastana. – Almaty, 1999. – 140-141 str
- 4 <http://e-history.kz/kz/contents/view/>.
- 5 Adyrbekuly K. Alyp imperijalardyñ abyrojsyz soğysy. // Tyrkistan. – 4 kyrkyjek, 2014.
- 6 Zhumashev R.M. Istoriya Kazahstana s drevnejshih vremen do nashih dnei. – Karaganda, 2003. – 595 s.
- 7 Kabul'dinov. Z.E. Omskij uезд Akmolinskoj oblasti v gody pervoj mirovoj vojny // Vestnik Evrazijskogo gumanitarnogo instituta. – 2012. – №3-4.

Хасанаева А.М.
**Временное правительство и
вопрос национальной
государственности
в Казахстане**

На сегодняшний день можно констатировать, что исторической наукой изучены и четко определены этапы развития и становления национальной государственности казахов, а также место, занимаемое Республикой Казахстан в истории развития всемирной цивилизации. Безусловно, что в процессе обретения независимости и построения суверенного государства казахский народ прошел множество испытаний судьбой. Конечным результатом борьбы за независимость, которую вел казахский народ на протяжении веков сначала против царской колонизации, а затем против тоталитарного режима, стало обретение независимости и построение суверенного государства – Республика Казахстан, легитимность которого признана мировым сообществом.

Ключевые слова: революция, политическая элита, национальная автономия, депутаты, комитеты.

Khassanaeva L.M.
**The provisional government and
the question national statehood
in Kazakhstan**

Nowadays we can say that the historical science studied and clearly defined stages of development of national statehood and the formation of the Kazakhs and the place occupied by the Republic of Kazakhstan in the history of world civilization. Of course, in the process of independence and the building of a sovereign state Kazakh people passed through many trials fate. The final result of the struggle for independence waged by the Kazakh people for centuries, first against the tsarist colonization, and then against the totalitarian regime was the attainment of independence and the building of a sovereign state – the Republic of Kazakhstan, whose legitimacy is recognized by the world community.

Key words: revolution, political elite, national autonomy, deputies, committees.

Хасанаева А.М.
**Уақытша өкімет және
Қазақстандағы ұлттық мемлекеттілік мәселесі**

Қазіргі таңда қазақ халқының ұлттық жаңғыру, дербес мемлекет ретінде қалыптасуы және Қазақстан Республикасының дүние жүзілік даму процесінде алатын орны айқындалып келеді. Осындай күрделі процестер мен мемлекеттің болашақ дамуындағы тағдыры шешілер тұста оның төл тарихына, өткенін зерттеуге ден қою артып отыр. Қазақстан Республикасының халықаралық қауымдастық мойындаған ұлттық зайырлы және құқықтық мемлекет дәрежесінде қалыптасуы, қазақ халқының ғасырлар бойындағы отаршылдық пен тоталитарлық жүйеге қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресі, ұлттық мемлекеттікке бағытталған күрес нәтижесінде болды.

Түйін сөздер: революция, саяси элита, ұлттық автономия, депутаттар, комитеттер.

**ВРЕМЕННОЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВО И
ВОПРОС
НАЦИОНАЛЬНОЙ
ГОСУДАРСТВЕННОСТИ
В КАЗАХСТАНЕ**

Как известно, причиной Февральской революции стал кризис всей политической системы Российской империи, в результате победы революции царское правительство было свергнуто. Многолетняя борьба народов России, его наиболее передовой части, направленная против царской власти, крепостного строя и колониального гнета, окончилась победой.

Казахское общество с воодушевлением встретило Февральскую революцию, свергнувшую русское самодержавие. Газета «Казах» 9 марта 1917 года писала: «Настал счастливый день и для казахов – улуса, живущего в войлочных юртах. Это радость не только для русских, а всеобщее благо и радость для всех народов России» [1].

В газете «Казах» от 24 марта 1917 года была опубликована телеграмма видных деятелей казахской национальной элиты во главе с А. Букейхановым и М. Дулатовым (на момент победы Февральской революции они находились в Минске), направленная в основные административные центры Казахстана. В тексте телеграммы было сказано: «Наступил день всеобщего равенства, свободы и братства для всех народов России... Казахам надо дружно подготовиться к выборам в Учредительное собрание. Необходимо назвать имена достойных людей. С этого дня надо забыть всякие обиды, ссоры и оставить споры, партийные разногласия. Надо стремиться к единству, верности своему народу. Необходимо поднять вопрос о земле. Мы выступаем за демократическую республику, то есть, за форму государства, которая даст нам возможность мирно пасти скот, растить зерно и владеть своей землей» [2].

Прочитав текст телеграммы, можно узнать, какую политическую позицию занимали представители национальной политической элиты. Во-первых, они призывали народ поддержать новую власть, объявив о поддержке демократической республики; во-вторых, предложили безотлагательно приступить к разрешению земельного вопроса; в-третьих, посредством подготовки к выборам в Учредительное собрание призывали народ к единению, объединению сил для совместного разрешения вопросов, касающихся будущего нации.

Представители казахской политической элиты, такие как: М. Тынышпаев, А. Турлыбаев, А. Сатбаев, Т. Кунанбаев,

Ж. Акбаев, Х. Досмухамедов, Т. Шонанов, С. Акаев, К. Кожиков и другие, поддержав новую власть, обратились к народу с призывом: «Россия предоставила равенство и свободу всем народам. Поэтому казахам необходимо объединиться для оказания поддержки новому правительству», т.е. изъявили желание разрешить в рамках Временного правительства вопросы национальной государственности.

Победа Февральской буржуазно-демократической революции стала причиной для повышения политической активности народных масс на местах. Революция предоставила им возможность широко использовать свои политические права, обеспечила непосредственное участие в политической жизни страны. Во-первых, представители царской власти на местах были заменены революционно настроенными личностями; во-вторых, в некоторых местах были введены новые методы административного управления и провозглашены требования либеральной системы; в-третьих, усилилось движение за демократическую свободу и национальную автономию на демократических основах; в-четвертых, усилилось революционное движение и революционная пропаганда в крае.

Особенностью Февральской революции стало установление в стране двоевластия: буржуазного Временного правительства и Совета рабочих и солдатских депутатов. Основой для политической власти буржуазии в центре и на местах стали Государственная Дума, городские думы и различные комитеты. Временное правительство отстранило от власти чиновников колониальной администрации, военных губернаторов. Однако волостные управители, аульные старшины, сельские старосты и станичные атаманы остались на своих местах. Вместо властных структур царского правительства были образованы областные комиссии, гражданские исполнительные комитеты и коалиционные комитеты.

В руководство области были назначены и бывшие чиновники колониальной администрации и представители казахской элиты. К примеру, А. Букейханов стал комиссаром Временного правительства в Тургайской области, М. Тынышпаев комиссаром Временного правительства в Семиреченской области.

Представители различных социальных групп и политических партий на местах, узнав о свержении самодержавия, самостоятельно, без указаний с центра, приступили к организации местных органов управления. На местах, где уже

были упразднены властные структуры царского правительства, были организованы гражданские исполнительные комитеты и объединенные комитеты общественных организаций.

В период с февраля по 5 марта, то есть до выхода в свет постановления Временного правительства об организации властных структур на местах, были организованы 29 губернских комитетов. ни один из общественно-политических институтов не мог сравниться с ними по охвату народных масс.

Буржуазно-демократическая революция предоставила возможность национальным окраинам основать новую административную систему и право на самоуправление. Началось формирование областных, уездных, волостных и аульных органов управления Временного правительства. В Казахстане, как и во всех областях России, началось формирование Гражданских комитетов. Формирование аульных и волостных структур Гражданских комитетов прошло в кратчайшие сроки ускоренным темпом. Наряду с этим проводилось формирование уездных и областных Гражданских комитетов, которые завершили формирование властных структур на местах.

После победы Февральской революции движение казахских демократов за освобождение от колониального гнета, обретение независимости, равенства и права на самоопределение обрело новую силу. Сразу же после победы революции А. Букейханов отправил телеграфные послания в Семипалатинск, Каркаралинск, Уральск, Петропавловск и другие города, призвав своих сторонников организовать на местах казахские комитеты, осуществить политические акты и мероприятия, направленные на поддержку Временного правительства.

В данный период истории результатом пробуждения национального самосознания и стремления к независимости казахского народа стало повсеместное появление казахских комитетов. Казахский комитет – общественная организация, появившаяся в результате активной общественной деятельности казахской политической элиты, взявшей на свои плечи все тяготы борьбы за освобождение своего народа, занимало особое место в истории народно-освободительного движения, которое достигло своего пика в период с февраля по декабрь 1917 года.

Как и прежде, во время организации органов управления Временного правительства на местах все руководящие должности в областных и уездных комитетах заняли представители

русского населения. Следует заметить, что среди них было немало людей, придерживающихся в межнациональном отношении старых, дореволюционных взглядов, присущих колониальной политике царской администрации.

Повсеместно при формировании исполнительных комитетов встречались случаи игнорирования национальных интересов местного населения. К примеру, во время формирования исполнительных комитетов в Семипалатинске не были учтены интересы местного населения.

В связи с этим газета «Сарыарка» писала: «Царское правительство пало, теперь управление государством перешло в руки народа. Понятно, что народ не может собраться в одно место и вершить государственные дела. Этим должны заниматься народные избранники – депутаты. Комитеты, число которых увеличивается с каждым днем, являются отражением народной воли. 5 марта в Семипалатинске открылся областной исполнительный комитет, который будет исполнять функцию власти в области. В состав комитета вошли по два члена от каждой общественной организации. Но ни один представитель казахских общественных организаций не был включен в состав этого комитета» [3].

Несмотря на то, что было свергнуто царское правительство и на место власти колонизаторов пришла новая власть, по-прежнему не было государственных органов, которые бы занимались защитой национальных интересов угнетенных народов. В связи с этим 7 марта 1917 года представители казахской политической элиты в Семипалатинской области в срочном порядке сформировали Семипалатинский областной казахский исполнительный комитет.

В целях оказания поддержки новой власти и для содействия цивилизованному развитию народа казахские комитеты, взяв всю организационную работу в свои руки, приступили к самостоятельному разрешению всех дел, относящихся к казахам.

В процессе социального развития Казахстана в период после Февральской революции все еще не решенным оставался национальный вопрос. Следует сказать, что всю надежду на разрешение национального вопроса местное население связывало с Временным правительством. В указанный период в крае активизировалось движение мусульман. Все мусульмане, в особенности жители Семиреченской области, с нетерпением ждали прибытия из Ташкента представителей Временного правительства. Они верили, что получат долгожданную свободу.

После победы революции в Казахстане активизировалось национальное движение. Но простые люди, бедняки и батраки в силу своей малограмотности не могли осознать его идеи и развить движение. Поэтому на первых порах народ пошел за политической элитой, равнялся на них, поддержал идею «национальной автономии». Однако Временное правительство не изъявило желания приступить к разрешению социальных проблем и национального вопроса. Прикрываясь лозунгами типа «мы за единую и неделимую Россию» и «за всеобщую поддержку государства», они тормозили принятие политического решения по предоставлению независимости и права на самоопределение угнетенным народам. Буржуазное правительство и сама буржуазия на деле выступали только за формальную буржуазную демократию. С целью сохранения «неделимости России» она планировала установить в таких национальных окраинах, как Казахстан и Средняя Азия, ограниченную форму демократии. Несмотря на то, что Временное правительство объявило, что русская революция предоставила свободу, равенство и право на самоопределение угнетенным народам, на деле оно не изъявило желания предоставить эти права 10 млн. населению Туркестана, 98 процентов которого составляли мусульмане.

Ограниченная «демократия» Временного правительства в формальной форме объявила о предоставлении свободы и равенства всем гражданам. В отдельных судебных инстанциях было разрешено вести судебные дела на языке местного населения, обучать детей на родном языке. Буржуазное правительство горячо поддержало идею «культурной автономии», потому что это давало возможность на различных уровнях ограничивать желание местного населения строить свои школы, объединиться в организации просветительного толка и говорить на своем родном языке. По своей социальной значимости и содержанию «культурная автономия» явно соответствовала интересам буржуазии.

С первых же дней Временное правительство приложило все усилия для сохранения дореволюционной структуры в системе управления и во внутренней жизни Средней Азии и Казахстана. Об этом свидетельствует, например, сохранение губернаторской системы управления и придача ей незначительных либеральных оттенков. Исполнительные органы Временного правительства в Казахстане, сделав своей опорой русских кулаков и казахских баев, старались ослабить

революционный рост казахского народа, возложить на плечи народа все тяготы империалистической войны и по-прежнему грабить казахский народ. Свидетельством того, что Временное правительство продолжило колониальную политику царского правительства, может послужить объявление амнистии участникам карательных отрядов, проявивших особую жестокость во время подавления народно-освободительного восстания 1916 года; назначение бывших губернаторов и начальников уездов председателями гражданских комитетов и комиссарами.

Царские законы, превратившие казахов в бесправную людскую массу, оставались в силе. Не был решен и вопрос о земле. Земли, находящиеся в собственности казачьих войск и крупных землевладельцев, не были национализированы. Продолжало функционировать переселенческое управление, которое отняло у казахов самые плодородные участки земли.

Все это говорит о том, что Временное правительство при разрешении социальных вопросов игнорировало национальные интересы местного населения. А что касается земельной реформы, Временное правительство объявило, что решение по нему будет принято на Учредительном собрании, которое состоится после победы в империалистической войне.

Для разрешения национального вопроса Временное правительство в марте 1917 года приняло декрет «О ликвидации ограничений по национальным признакам и свободе вероисповедования». Безусловно, что это была формальная акция, направленная на защиту интересов Временного правительства. На самом деле Декрет не преследовал цели защитить права и национальные интересы угнетенных народов и народностей России. Документ даже не предусматривал предоставление политических прав и права на самоопределение народам национальных окраин. Также не было ни строчки о дальнейшей судьбе малочисленных народов и народностей, этнических групп. Пути решения социально-экономической проблемы, ставшей результатом колониального гнета и неравенства, также не нашли место в Декрете. Лидеры Временного правительства ограничились только публичными обещаниями решить все социальные проблемы, в том числе и национальный вопрос. Народные организации на местах, отдельные группы людей, отправив телеграфом свои требования и предложения, потребовали у Временного правительства осуществить на деле декларацию о предоставлении прав угнетенным

народам. Были даже направлены специальные представители в центр.

К примеру, 8 августа 1917 года в Зимний дворец прибыла делегация Всероссийского общества мусульман. Делегацию принял товарищ министр Некрасов. Делегаты проинформировали правительство о трудном положении, в котором находится население Туркестана, а также об отстранении от власти мусульман.

После победы революции резко ухудшилось социально-экономическое положение местного населения Семиреченской области Туркестанского края. К примеру, в телеграмме председателя киргизского и мусульманского комитета Семиречья Жайнакова главному комиссару говорится, что население края находится в очень трудном положении: «Мусульмане Семиречья получили свободу лишь на бумаге. На самом деле гнет усилился еще больше. Они надеются, что вы обратите внимание на трудное положение народа и примите меры. Верят, что прекратятся убийства и грабеж киргизских шаруа, будут приняты меры по защите народа который находится на грани голода. Русские, в особенности русское население Ташкентского, Джаркентского и Верненского уездов, не продают киргизам хлеб. Продовольственные комитеты тоже не снабжают их. С начала весны на местах начался массовый голодомор. По надуманным причинам киргизы не допускаются до своих земель. А затем эти земли через продовольственные и земельные комитеты сдаются в аренду» [4].

24 августа 1917 года Керенский принял представителей Туркестана, выслушал жалобы и ознакомился с их требованиями. После этого премьер открыто заявил: «никто и никогда не планировал отнять земли у туземного населения и отдать их другим народам». Все это показало, что Временное правительство не заинтересовано в скорейшем разрешении актуальных для народных масс проблем: вопроса о земле, войне и национального вопроса. Также об этом говорит то, что правительство, проигнорировав осложнение земельного вопроса, продолжило политику переселения крестьян и изъятие земли у казахов.

Несмотря на то, что Временное правительство не спешило разрешить национальный вопрос, на местах всюду активизировалось национальное движение. В основном народ Казахстана требовал предоставить политическую автономию, право на самоопределение. В связи с усилением этих требований, лидеры правительства были вынуждены обратить внимание на данную проблему. Окрепшие народные движения стали отк-

рыто требовать от буржуазного правительства решения социальных проблем. Правительство обещало созвать Учредительное собрание и решить эти вопросы. Лидеры Временного правительства в Туркестане объявили: «совместно со всеми мусульманами, учитывая интересы всех граждан Российской республики, признаем государственную власть получившую поддержку народных организации и окажем ей посильную поддержку...» [5].

И хотя Временное правительство официально не отказывалось от предоставления автономии, на деле не предприняло никаких шагов для разрешения данной проблемы. Только ограничилось обещанием решить ее на Учредительном собрании. Туркестанский комитет Временного правительства обратился к народу с призывом сплотиться вокруг Временного правительства и защитить завоевания революции. Комитет объявил: «Вся власть – народу. Эта власть самая сильная и свободная. Она выразит свое мнение на Учредительном собрании» [6].

Однако лидеры казахской национальной интеллигенции понимали, что нельзя медлить с решением вопроса и бесконечно ждать созыва Учредительного собрания. Убедившись, что Временное правительство преднамеренно затягивает решение социально-экономических вопросов и политических проблем, они попытались вынести его на всенародное обсуждение. Наряду с решением назревших проблем послереволюционного периода было необходимо определить форму и структуру будущей казахской государственности. Так как это было задачей особой важности, активисты из числа представителей казахской интеллигенции 21-26 июля 1917 года создали в городе Оренбурге Общеказахский съезд. На съезде участвовали делегаты, прибывшие из Акмолинской, Семипалатинской, Тургайской, Уральской, Семиреченской, Сырдарьинской, Ферганской областей и Букеевской Орды. Наряду с вопросом о земле, судах, народном просвещении и женским вопросом, рассматривались вопросы о государственном устройстве и предоставлении автономии казахским областям. По вопросу о государственном устройстве съезд принял резолюцию: «Россия должна стать демократической, федеративной, парламентской республикой». В отношении автономии киргизских (казахских) областей была принята резолюция: «Киргизским (казахским) областям

должна быть предоставлена территориально-национальная автономия» [7].

Все это свидетельствует о том, что казахская политическая элита стремилась решить вопрос казахской государственности с учетом национальных интересов и права каждого народа на самоопределение. К сожалению, Временное правительство не поддержало инициативу представителей народов национальных окраин, направленную на обретение права на независимость, самоопределение, организацию национальных государственных образований. К примеру, известный политический деятель Милуков от имени своей партии заявил: «В данный момент организация национальных государственных образований не является целесообразной». Следует сказать, что позиция партии социал-революционеров, в членах которой состоял премьер Керенский, тоже совпала с позицией партии кадетов и царских генералов.

Временное правительство, пришедшее к власти в результате победы буржуазно-демократической революции, не было заинтересовано в решении национально-территориальных проблем национальных окраин бывшей империи. Поэтому попытка казахской политической элиты получить политическую независимость и возродить казахскую государственность окончилась неудачей.

Надежда казахской национальной интеллигенции, которая с радостью и с большим воодушевлением встретила победу Февральской революции, не оправдалась.

Особое внимание следует обратить на деятельность казахских комитетов, которые были организованы национальной политической элитой, взвалившей на свои плечи все тяготы борьбы за независимость казахского народа.

Сравнение целей и деятельности казахских комитетов и Временного правительства поможет более глубокому осмыслению вопросов национальной государственности. Анализ деятельности казахских комитетов на основе реальных исторических фактов, безусловно, предоставит возможность выявить конечные цели национальной элиты, оценить ее волю к победе.

Безусловно, это предоставило бы возможность объективно осветить позицию Временного правительства, которое не желало предоставить право на самоопределение народам национальных окраин.

Литература

- 1 «Зор өзгеріс» // Газета «Казах». – №221. – 9 марта, 1917 г.
- 2 Мухамеджан. Учредительное собрание // Газета «Казах». – №223. – 24 марта 1917 г.
- 3 Газета «Сарыарка». – №12. – 19 июля, 1917 г.
- 4 ЦГА УР. Фонд И-1044, список 1, дело 12, лист 28.
- 5 ЦГА УР. Фонд И-1044, список 1, дело 12, лист 68.
- 6 ЦГА УР. Фонд И-1044, список 1, дело 12, лист 68.
- 7 ЦГА РК. Фонд 15, список 1, папка 1684, лист 494.

References

- 1 «Zor өзgeris» // Gazeta «Kazah». – №221. – 9 marta, 1917 g.
- 2 Muhamedzhan. Uchreditel'noe sobranie // Gazeta «Kazah». – №223. – 24 marta 1917 g.
- 3 Gazeta «Saryarka». – №12. – 19 ijulja, 1917 g.
- 4 CGA UR. Fond I-1044, spisok 1, delo 12, list 28.
- 5 CGA UR. Fond I-1044, spisok 1, delo 12, list 68.
- 6 CGA UR. Fond I-1044, spisok 1, delo 12, list 68.
- 7 CGA RK. Fond 15, spisok 1, papka 1684, list 494.

Сайлан Б.

XX ғасыр басында қазақ жастарының шетелдерде білім алуы және олар құрған ұйымдардың қоғамға ықпалы

Бұл мақалда XX ғасыр басындағы қазақ және түркі-мұсылман жастардың шетелдерде білім алуы қарастырылады. Қазақ жастарының шетелдік қандай оқу орындарда оқығаны, олардың аты-жөндері, сонымен қатар оқушылар саны туралы статистикалық мәліметтерде көрсетіледі. XX ғасыр басында түркі-мұсылмандық студент жастардың ұйымдарға бірігіп, азаттық қозғалысқа дем беруге талпынуы тек Ресей көлемінде ғана емес, сонымен бірге шет елдерге білім алуға барған жастар арасында да көрініс бергендігі сипатталады. Сол уақыттағы қазақ жастарының бірлесе отырып алғашқы ұйымдар құруы, ол ұйымның мақсат-міндеттері және олар құрған бұл ұйымдардың сол кездегі қоғамда болып жатқан саяси өзгерістерге ықпалы баяндалады.

Түйін сөздер: қазақ, жастар, ұйым, саяси, шетел, білім, студент, мұсылман.

Sailan B.

Education of the Kazakh youth abroad in the early twentieth century the impact of organizations established by them, on society

This article describes the features of training of Kazakh and Turkic-Muslim youth abroad in the early twentieth century. Showing information such as public foreign educational institutions studied the Kazakh youth, their first and last names, as well as the statistical data on the number of students. Joining the Turkic-Muslim students in the organization and their commitment to encourage the liberation movement of the early twentieth century was manifested not only in Russia but also among young people who studied abroad. Described in detail the creation of the first organizations to join the Kazakh youth at the time, their goals and objectives, as well as the influence of these organizations on the political changes taking place at the time.

Key words: kazakh, youth organizing, political, overseas, education, student, Muslim.

Сайлан Б.

Обучение казахской молодежи за рубежом в начале XX века и влияние созданных ими организаций на общество

В данной статье рассмотрены особенности обучения казахской и тюрко-мусульманской молодежи за рубежом в начале XX века. Показано в каких зарубежных учебных заведениях обучалась казахская молодежь, их имена и фамилии, а также приведены статистические данные о количестве обучающихся. Вступление тюрко-мусульманских студентов в организации и их стремление воодушевить освободительное движение в начале XX века проявлялось не только на территории России, но и среди молодежи, обучавшейся за границей. Излагаются подробности о создании первых организаций, объединивших казахскую молодежь того времени, их цели и задачи, а также влияние этих организаций на политические изменения, происходящие в то время.

Ключевые слова: казах, молодёжь, организация, политический, заграница, образование, студент, мусульманин.

**XX ҒАСЫР БАСЫНДА
ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ
ШЕТЕЛДЕРДЕ
БІЛІМ АЛУЫ
ЖӘНЕ ОЛАР ҚҰРҒАН
ҰЙЫМДАРДЫҢ
ҚОҒАМҒА ЫҚПАЛЫ**

Жалпы мемлекет тағдыры мен ондағы жастар тағдыры ажырамастай бірлікте. Олардың өзара әрекеттесуіне өткені мен бүгінгі және болашағы байланысты болады. Жастарға қатысты ойластырылған саясат пен оның тіршілік әрекетіне қолдау көрсету аясында батыл әрекеттер жасау арқылы ғана өскелең ұрпақтың сеніміне ие болу мүмкін болмақ. Қазақстан жастарының алдында тәуелсіз елімізді ұлы мақсаттарға жетелейтін игі істерді бастап берген аға толқынның ізін жалғастырып, мемлекетімізді алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарына қосу міндеті тұр. Осы мәселенің мәнін ашуға көз жүгірткенде, бірінші кезекте жастардың арасынан шығып, шет елдерде білім алып, қазақ ұлттық интеллигенциясының құрылуына үлес қосқан қайраткерлермен байланыстыруға болады.

XX ғасыр басында қазақ жастары Қазақстаннан тыс жерлерде білім алды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттері оқыған. Олардың қатарында Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Б. Сыртанов, А. Тұрлыбаев, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқай, Ж. Ақбаев және т.б. оқыған. Мәскеу мен Петербургтің басқа жоғары оқу орындарын Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев сынды қазақ жастары бітірген. Қазақ жастары Ресейден тыс шетелдік Шығыс оқу орындарында да оқыған. 1917 жылға дейінгі кезеңде Стамбул университетінде Ә. Ғайсин, С. Шанов, Д. Көлбаев, М. Тұрғанбаев және Ә. Машаев есімді жастар білім алған [1, 32-б.].

XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен қазақ жастарының саяси санасының жетілуіне олардың шет елдерде біліммен сусындауы көп ықпал етті. Қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омск, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қазақ мамандарын даярлауда Қазан қаласы айтарлықтай үлкен орталыққа айналған. Мәселен, Қазан университетінде XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап 1916 жылға дейінгі аралықта 26 қазақ жастары оқыған. Олардың 16-сы заң, қалғандары дәрігерлік факультетінде білім алған. Ал университетті аяқтағандары – 14 адам болған [2, 86-б.]. Қазан университетін осы мезгілде аяқтаған жастардың арасында XX ғасырдың алғашқы ши-

регіндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Қарабаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Маметов, Иса Қашқынбаев, Шафқат Бекмұхамедов сияқты қайраткерлер болған [2, 87-б.].

Қазандағы қазақ жастары білім алған жоғары оқу орындарының бірі Қазан малдәрігерлік институты. Мұнда 1877-1917 жылдар аралығында 13 қазақ студенті оқып, олардың 11-і аяқтап шыққан. Қазақ жастары жиі есігін ашқан оқу орындарының бірі Қазан мұғалімдер семинариясы еді. Мұнда Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде 17 қазақ студенті оқып, олардың 13-і дипломға ие болған [2, 87-б.]. Толық емес мәліметтер бойынша 1917 жылға дейінгі уақытта 120-ға жуық қазақ жастары әр түрлі жоғары оқу орындарын аяқтағаны туралы диплом иемденсе, 700-дей қазақ жастары арнайы орта білім беретін оқу орындарын бітірген [1, 33-б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясында өрбіген азаттық қозғалыста түрік-мұсылман халықтарының арасында саяси күштерді топтастыруға деген талпыныс айқын аңғарылды. Сол тарихи кезеңде осындай екпін алған құбылыстан түрік-мұсылмандық студент жастар да тыс қалмағанды. Олардың арасында да түрік-мұсылмандық қозғалыс бой көрсетті. Бұл негізінен түрік-мұсылмандық студент жастардың саяси белсенділігінің артуымен тікелей байланысты еді. Осы шақта Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы университеттің заң факультетін 1896 жылы бітірген, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің белді мүшесі болған қазақ баласы Райымжан Мәрсеков сол тұстағы қазақ жастарының саяси ояна білуіне септігін тигізгендердің бірі болды [3].

Райымжан Мәрсековтің саяси-публицистикалық, сонымен қатар құқық қорғау саласындағы қызметке араласуы 1902-1918 жылдар аралығына сәйкес келеді. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы басылымдарының бетінде қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси-құқықтық, съезд шақыру, жер мәселесі сынды тақырыптарда үздіксіз мақалалар жариялап отырды. Ел мүддесін қорғайтын заңгер бола жүріп Райымжан Алаштың органы болған «Сарыарқа» газетін ұйымдастырды. Бұл жөнінде С. Сейфуллин: «Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті – Алаштың тілі болды», – деп жазған еді [4].

Ресей империясындағы түрік-мұсылмандық студент жастардың саяси өмірге белсене араласуына азаттық қозғалыс қайраткер-

лері де өзіндік ықпал етті. Мәселен, белгілі әзербайжандық қайраткер Ә. Топчибашев пен қазақ интеллигенциясының алғашқы толқыны өкілі болып табылатын С. Жантөриннің атсалысуымен 1898 жылы Санкт-Петербургта құрылған «Мұсылман қайырымдылық қоғамы» империя астанасында оқып жатқан түрік-мұсылмандық студент жастарға материалдық көмек көрсетумен бірге олардың қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуына да ерекше мән берді. Түрік-мұсылмандық қозғалыс қайраткерлерінің қолдауымен «Мұсылман студенттердің Орталық комитеті» атты ұйым құру жолында XX ғасыр басында студент жастар арасында ұйымдастыру шаралары жүргізіліп, аталмыш ұйымның бағдарламасы әзірленді [5, 53-б.].

Осы тұста Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде студент болған М. Шоқайдың: «1910-1914 жылдары Петербург университетінде оқып жүрген болатынмын. Біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз. Балқан соғысы Петербургте студенттер қозғалысын қыздыра түсті. Міне, осылардың бәрі бізді, студенттерді қатты толқытты. Сонда да біз түрік студенттеріне бұлар аз көрінеді. Бұларға қосымша тағы бірденелер істеуді ойластырдық. Ол үшін біз – әзербайжан, татар және түркістандық студенттер, орыстардан бөлініп, өзімізше әрекет жасамақ болдық. Ол кезде қызмет бабында Петербургта тұрып жатқан түркістандық адвокат Серәлі Лапиннің келісімін алып, сол кісінің үйінде бас қосып тұратын болдық», – деп жазған естелігіндегі бұл жолдардан, Ресей жоғары оқу орындарындағы түрік-мұсылмандық студент жастар арасында да саяси белсенділік айқын көрінгенін аңғаруға болады. Сол уақытта М. Шоқай небары 22-23 жаста екен [6].

Жастардың бұл кездердегі саяси құлшынысына 1912 жылы Петербургтегі әскери-медициналық академияның соңғы курсына оқып жатқан С. Асфендияров та қатысты. Ол марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалында 1933 жылы болған конференцияда сөйлеген сөзінде мынадай фактіні келтіреді: «Менің есімде 1912 жылдың күзінде бірінші Балқан соғысы тұсында Петербургте қазақ, татар, өзбек студенттері арасында Түркияны қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болгар студенттері бізбен жұдырықтасу алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған бұл мәжілісте Ә. Бөкейхановқа «біз Түркияға барамыз, нағыз ұлтжандылықтың дәлелі осы болмақ дедік. Ә. Бөкейханов сонда біздің

түрікшілдігімізге үзілді-кесілді қарсы шығып, «өздеріңді ешқандай сағыммен алдамандар, ескі Түркия ыдырау үстінде» деген сияқты ойларды айтып, біздің назарымызды батыстық өркениетке бұрды», – деп сол тұстағы шет жерде оқып жатқан қазақ жастарының саяси істерге қатысуы жайында айтады [5, 54-б.]. Түркі-мұсылмандық студент жастардың қозғалысы бұл кезде Петербургте ғана емес, империяның өзге де қалаларында қарқын алған еді. Киев қаласындағы түркі-мұсылмандық студенттер белсенділік танытып, 1913 жылы Киевте түркі-мұсылмандық студенттердің мәжілісін өткеру мәселесін көтерді. Мәселен, 1913 жылы 4 сәуірде Қазан университетінің бір топ студенттері Киевте өтетін мәжіліске А. Иманбаевты жіберу жөнінде ұйғарым жасады [5, 55-б.].

XX ғасыр басында түркі-мұсылмандық студент жастардың ұйымдарға бірігіп, азаттық қозғалысқа дем беруге талпынуы тек Ресей көлемінде ғана емес, сонымен бірге шет елдерге білім алуға барған жастар арасында да көрініс берді. Бұл ретте Түркияға білім алуға барған түркі-мұсылмандық жастардың әрекетін ерекше атап көрсетуге болады. Түркияға Түркістаннан, Бұхар әмірлігінен және Ресейдің өзге де өңірлерінен білім алуға барған жастар сонда эмиграцияда жүрген түркі-мұсылмандық қозғалыс қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынаста болған. Олардың араласуымен 1909 жылы Түркияда «Білім таратушы Бұхара қайырымдылық қоры» құрылды. Бұл қоғамның мүшелерінің басым көпшілігі, яғни 250-ден астамы Ресей империясынан Түркияға білім алуға келген жастар еді [5, 54-б.]. Аталмыш қоғамға мүше болған жастар Түркияда жарық көрген саяси мазмұндағы әдебиеттер мен түрлі мерзімді басылымдарды Түркістан өлкесіне және Ресей империясының басқа да аймақтарына тарату арқылы, түркі-мұсылман халықтарының саяси оянуына ықпал етуді мақсат тұтты.

Қазақ зиялылары жалпы демократиялық міндеттегі ұлттық, тең құқықтық, халықтың мәдениетін көтеру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты көкейтесті мәселелерді өз шығармаларының өзекті тақырыптарына айналдырды. Осы жалпы демократиялық мазмұндағы талап-тілектердің өзі халық арасында объективті түрде отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруға қызмет етті. 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газе-

тінде М. Дулатовтың «Жастарға» өлеңі басылып, мұнда да ұлттық, демократиялық ойлардың сарыны айтылды. Осыдан екі жыл кейін 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» атты шағын көлемді өлеңдер жинағы шықты [7, 9-10 бб.]. «Оян қазақ» қолдан-қолға, ауыздан-ауызға тарап, жастардың да саяси құлшына түсуіне қатты серпін берді.

А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов 1913 жылдан бастап Орынборда жалпы ұлттық биресмилік «Қазақ» газетін шығара бастады. Бұл газет бірден жалпы ұлттық мәнге ие болған басылымға айналды. Оны Қазақстанның барлық аймақтарынан жаздырып оқи бастады. Газет 1913 жылы ақпанның 2-сінен 1918 жылы наурызға дейін шығып тұрды. Қазақ газеті алғашқы санынан бастап халықты ағарту, оның саясатқа деген ынтасын арттырып, тарихи зердесін ояту және ұлттық сана-сезімді тәрбиелеу міндеттерін қойды. Бұл міндеттердің газетте басты орын алуы жастар толқынының саяси жағынан оянуына қомақты күш беріп, миллиондардың тағдырына ықпал етті [8].

Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастары 1914 жылдың басында жасырынып жүріп, «Бірлік» деп аталатын ең алғашқы жастардың ұйымын ашты. Патша үкіметінің өктемдік саясаты жүріп тұрған тұста қазақ жастары кітап бастырып, «Балапан» атты журнал шығарып, жастардың көзін ашып, көңілін ояту мақсатында ұлт қызметіне кірісті. Қазан төңкерісінен кейін жастар арқылы құрылған көп ұйымдардың ағасы осы «Бірлік» ұйымы болды. Оның ұйымдастырушылары мен мүшелері Бекмұхамед Серкебаев, Асқат Сайдалин, Қошмұхамед Кемеңгеров, Смағұл Сәдуақасов, Ғабдрахман Байдалин, Мұратбек Сейітов, Жүніс Бабатаевтар болды [9]. Патша үкіметі құлап, Қазан төңкерісі жеңіске жетіп Кеңес үкіметі үшін күрес басталған топалаң заманда «Бірлік» жастар ұйымы халықтың басын біріктіру мен Алаш қайраткерлерінің ұстанған идеясына халықты шақыру үшін де күрес жүргізді.

Осылайша, қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі, жаңа ұйымдар құруы олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси санасының қалыптасуы мен белсенділіктеріне әсер етпей қоймады.

Әдебиеттер

- 1 Нұрпейіс К.Н. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 2 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
- 3 Әбсаттар М. Тірідей көмілген тұлға // Жас қазақ. – 2008. – 5 қыркүйек.
- 4 ШҚОҚЗТҚОМ. 128-қ., 2-т., 201-іс, 145-п.
- 5 Рүстемов С.К. XX ғасыр басындағы түркі-мұсылмандық студент жастардың қозғалысы // Бекмаханов тағылымы-2004: халықаралық ғылыми конференция материалдары. 18-19 мамыр 2004 ж. – Алматы, 2004. – 53-56 бб.
- 6 Мұқан Ш. Галата мұнарасы // Жас қазақ. – 2008. – 12 қыркүйек.
- 7 Дулатов М. Елім деп соққан ұлы жүрек. – Алматы, 2002. – 362 б.
- 8 Әбжанов Х. Алаш ұлықтаған ұлттық идея // Егемен Қазақстан. – 2008. – 13 маусым.
- 9 Омбыдағы «Бірлік» қауымы // Қазақ. – 1918. – 12 қаңтар.

References

- 1 Nұrpejis K.N. Alash һәм alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
- 2 Kojgeldiev M.Q. Alash kozgalysy. – Almaty: Sanat, 1995. – 368 b.
- 3 Әbsattar M. Tiridej kɵmilgen tɵlға // Zhas қазақ. – 2008. – 5 қыркүйек.
- 4 ShҚOҚZTҚOМ. 128-қ., 2-т., 201-іs, 145-п.
- 5 Rүstegov S.K. XX ғасыр basyндағы tүrki-мұсылmandық student zhastardың kozgalysy // Bekmahanov tarylymy-2004: halықаралық ғылыми konferenciya materialdary. 18-19 мамыр 2004 zh. – Almaty, 2004. – 53-56 bb.
- 6 Mұқан Sh. Galata mұnarysy // Zhas қазақ. – 2008. – 12 қыркүйек.
- 7 Dulatov M. Elim dep soққан ұly zhyrek. – Almaty, 2002. – 362 b.
- 8 Әbzhanov H. Alash ұlyқтаған ұltтық ideja // Egeven Қазақстан. – 2008. – 13 mausym.
- 9 Ombydary «Birlik» қауумы // Қазақ. – 1918. – 12 қаңтар.

Садвокасова З.Т.,
Ахметжанова А.Т.

**И. Гаспринский және
мұсылман білімін
модернизациялау идеясы**

XIX ғасырдың 60 ж. барлық Қазақстан жеріне енгізілген Ресей империясының әкімшілік-территориялық реформалары жағымсыз салдарға толы болып, қазақ қоғамының әр саласына өзгерістер әкеліп, әсіресе рухани өмірге кері нәтиже берді.

Мақалада қырым татары Исмаил Гаспринскийдің түркі тілдес халықтардың мұсылманша оқыту жүйесіне жаңа әдістерді енгізуі мен оның мән-мағынасын әрі түркі халықтарының бірігу нәтижесі қарастырылады. И. Гаспринскийдің жаңа әдісі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, Ресей империясы түркі халықтарының арасында кең түрде таралып кетті. Ол Қазақстан қалаларының көптеген мұсылман мектептерінде де енгізілді.

Түйін сөздер: модернизациялау, Ресей империясы, мұсылмандық білім беру, жаңа әдіс, И. Гаспринский, түркі халықтар, рухани даму.

Sadvokasova Z.T.,
Ahmetzhanova A.T.

**I. Gasprinsky and the idea
of modernization of Islamic
education**

Administrative-territorial reform of the Russian Empire imposed on the entire territory of Kazakhstan in the 60s of XIX century, we have made changes in all aspects of Kazakh society and had no small negative effects, especially in the field of spiritual life.

In this article the authors examine the issues of modernization of Islamic education, which a new method was introduced and developed by a native of the Crimean Tatar Ismail Gasprinsky, its significance and implications in the integration of the Turkic peoples. At the end of XIX – early XX century, a new system of training I. Gasprinskiy widespread among the Turkic peoples of the Russian Empire. It was introduced in many Muslim schools in the cities of Kazakhstan.

Key words: modernization, the Russian empire, Islamic education, a new method, Ismail Gasprinskiy, Turkic peoples, spiritual development.

Садвокасова З.Т.,
Ахметжанова А.Т.

**И. Гаспринский и идея мо-
дернизации мусульманского
образования**

Административно-территориальные реформы Российской империи, введенные на всей территории Казахстана в 60-ые годы XIX века, внесли изменения во все стороны жизни казахского общества и имели не малые отрицательные последствия, особенно в сфере духовной жизни.

В статье авторы рассматривают вопросы модернизации мусульманского образования, внедрение нового метода, разработанного выходцем из крымских татар Исмаилом Гаспринским, его значение и последствия в интегрировании тюркских народов. В конце XIX – начале XX века новая система обучения И. Гаспринского получила широкое распространение среди тюркских народов Российской империи. Она была введена во многих мусульманских школах городов Казахстана.

Ключевые слова: модернизация, Российская империя, мусульманское образование, новый метод, И. Гаспринский, тюркские народы, духовное развитие.

**И. ГАСПРИНСКИЙ
ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН
БІЛІМІН
МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ
ИДЕЯСЫ**

Қазақстан екі ғасыр бойы Ресей империясының құрамында болды. Сол себепті, қазақ қоғамы әртүрлі өзгерістерге ұшырады. Әсіресе мәдени, рухани және әлеуметтік жағдайы әлсіреп кетті. Патша шенеуніктерінің қазақ балаларын орыс мектептерінде оқытуға тырысуы барлық жергілікті халықтың көңілінен шыға қойған жоқ. Ол мектептерге сенімсіздікпен қараған халық балаларының болашағы үшін қатты алаңдай түсті. Алғашында орыс мектептеріне қазақтың бетке ұстар немесе байдың балаларын қабылдады. Бірақ кейіннен жағдай өзгеріп, байлар өз балаларын орыс мектептеріне бермес үшін, кедей баланың ата-анасына ақша берудің арқасында, өз баласының орнына, кедей балаларын оқытуға дейін барды.

Жергілікті жерлердегі мұсылман-діни оқыту орындары орыс мектептеріне кедергі келтірді. Сондықтан жаңа үкімет оларға әр түрлі бөгет-кедергілер жасауға тырысты. Патша өкіметінің шенеуніктері ислам дінінің оқытылуы, мұсылман халықтарының бірігуіне әкеледі деп қорықты. Осындай қиын жағдайларда да, мұсылман-діни оқыту орындары – мектептер дамып, сақталып, өз жұмыстарын жүргізе білді.

XIX ғ. Қазақстанда нақты түрде балалар мен жастардың, мектептер және медреселерде оқу жүйесі қалыптасты. Мектептер көбінесе ауылдық жерде орналасқандықтан, ауылмен бірге жазда жайлауға, қыста қыстаққа көшіп-қонып отырды. Сол себепті, олардың тұрақты оқытатын орындары болмады, қыста қыстаққа, жазда белгілі бір байдың киіз үйінде орналасатын. Ондай жерлерде арнайы керекті құрал-жабдықтар болған жоқ, балалар жерге төселген киізде отырып сабақ оқыды.

Мектептердегі оқу 5-8 жылға созылды да, діни кітаптарды зерттеу, арифметика, әдеби оқуға негізделді. Осы оқу жүйесі барлық мектептерде көрініс алды. Көбінесе мектептерді бітірген балалардың өз оқуларын одан әрі жалғастыруға мүмкіндіктері болған жоқ.

И. Гаспринский Н. Остроумовқа жазған хатында оқу үдерісі мен балалардың өмірін қатаң сынға алды: «Мектепке түскен бала 7-8 жыл араб тілінде (Құран мен намаз), түрікше (наным-сенімдердің заңнамасы мен Құдайға құлшылық етуді), кейде ғана жазу мен есеп шығарудың бастамасын үйренді. Мектепте білім жүйесіне сай тәртіптің болмауы мен біршама педагогикалық

әдіс-тәсілдердің арқасында, оқу 4-5 жылға ғана созылды. Сөйтіп, мектеп бітірген ұл бала 13-14 жасында әкесіне көмекші ретінде жұмысқа араласса, қыз балалар тұрмысқа шығуға дайын қалыңдық атанатын еді» [1, 48 б.]. И. Гаспринский мектептер осы жүйе бойынша жұмысын жалғастыра берсе, қазақ халқының білім саласындағы даму деңгейі өте төмен болып қала беретінін жақсы түсінді. Кейбір мектептерде бала саны 15-тен аспады. Сабақ кестесі, сонымен қатар сыныптарға бөліну жүйесі болған жоқ. Оқудың кезеңдері – бір кітапты бітіріп, екінші кітапты бастаумен есептелінді. Мысалы, мұсылмандар үшін маңызды Хавтияк деген кітапты бітіру, бір сыныптан екінші сыныпқа өту деп саналды. Мектеп оқушыларының ата-аналары мен байлардың қаражатына өмір сүрді. Мектептер өздерінің үлкен кемшіліктеріне қарамастан, балаларға алғашқы білімді берді. Мына өлең шумақтарынан жағдайға қатысты өкініш пен білімді ағартушының мектепке келетінін күтудегі үмітті аңғаруға болады:

Или разве нет такого, чтобы пробудил тебя, о, нация,
Взял бы крепко за руку и повел по дороге культуры?
О, встань, оглянись, на себя посмотри.
Послушай меня, не погрязай в море отсталости,
о нация!
От мирской всеобщей скорби неужели не проснешься
ты, нация [2, 2 б.]

Мектептер мен медреселерде сабақ барысы көбінесе діни қағидаларды талқылаумен өтетін еді. Сондықтан, көзі ашық ағартушылар мен ойшылдар халыққа жаны ашып, діни қағидалардан бөлек, тұрмыстық өмірге негізделген оқу үдерісін нақты пәндерді оқытудың жолдарын іздестіріп, дамытуға тырысты.

XIX ғасырдың аяғында Ресейде Н.И. Ильминский мен И. Гаспринскийдің екі бағыттағы білім жүйелері қалыптасты. Бұл қазақ халқының жас ойшылдарына әсер етпей қоймады. Сол себепті, орыс мектептері Патша үкіметі тарапынан үлкен көмекке ие болса, медреселер ағартушылық саласындағы орны үшін күресу керек деп есептеді. Және де бұл күрес нәтижесіз болды деп айтуға болмайды.

Мұсылман мектептерінің оқу жүйесін реформаторы болып – атақты жазушы, ағартушы, «Терджуман» (Аудармашы) атты бірінші түркі тілдес газетінің редакторы Исмаилбек Гаспринский болды. Гаспринский жаңа оқу жүйесін қолдану туралы былай деп жазады: «Мен 1884 жылы Бахчисарайда мектеп ашып, оны «Жаңа

әдісті» деп атадым. Басында мұсылмандар бұған сенімсіздікпен қарады, бірақ бірінші емтихандар өткеннен кейін, бала саны 9-дан 30-ға дейін өсті. Сонымен қоса, оқушылар ескі мектептерде төлеген 15-20 тиынның орнына, қожғаға 1 сом төлейтін болды. Орыс мектептерінің оқыту жүйесін қайталап және де сабақ берудің дыбыстық әдісін енгізгеннің арқасында, балалар 6 айдың ішінде түрікше, арабша оқып, түрікше жазып, діни ұғымдардың алғашқы негіздерін үйреніп үлгерді. Енді балалар бұрынғыға қарағанда, мектептің толық бағдарламасын 1, 5 жылда кең түрде, түгелдей аяқтап үлгеретіні белгілі болды [1, 49 б.].

Шамамен 15 жыл өткеннен кейін, газеттің қосымшасындағы мақаласында, И. Гаспринский: «кез келген магоментанин, мектеп реформасы алға жылжу қозғалысының жаңаруына үлкен септігін тигізгенін» ерекше бөліп айтты [3, 275 б.]. Бірақ И. Гаспринскийдің жеткен жетістіктерде тоқтап қалу жайлы ойы да болған жоқ. Ол әрі қарай өсіп, басқа да өзгерістерді енгізгісі келді: «Бастауыш мектептердегі бастама, жоғары оқу орындарында да жалғасын табуы тиіс» екенін айтты [3, 275 б.]. Мұндай тәсіл білім жүйесінің түгелдей жақсаруына қажет еді. Бірақ жоғары оқу орындарындағы өзгертулерсіз, бастауыш мектептегі өзгерістердің мәні болмайтыны анық болды.

Орыс қоғамы И. Гаспринскийдің жаңартуларына екі ойлы көзқарасты ұстанды. Бірі қолдаса, екіншілері орыс мемлекетіне қарсы, мұсылман өкілдерінің сепаратистік көңіл-күйін танытуы деп түсінді. 1907 жылы «Орыс татарларының арасындағы мәдени қозғалыс» атты мақалада И. Гаспринскийге жақсы баға берілді. «Сауатты, патриот, еңбекқор Измаил-бей Гаспринский халқының сана-сезімін оятып, қоғамдық жұмыста аянбай еңбек етіп, халықтың ұлттық білімін жоғарылату мен заманауи білім алудың жақтаушысы екені» ерекше айтылған [3, 278 б.].

Дегенмен, мұсылман бастауыш мектептеріндегі орыс миссионерлер жаңашылдықтардың біріккен Ресей империясына кесірі тиюі мүмкін деп ойлады. Бұл жөнінде атақты орыстандырушы Н.И. Ильминский былай деп жазды: «Гаспринскийдің Бахчисарайда мектеп ашуының мақсаты: біріншіден, Ресей империясының құзырындағы магоментандықтардың арасында магометандық көзқарастан негізделген, бірақ европалық біліммен әрленген білімді тарату; екіншіден, миллиондаған әртүрлі халық өкілдерінен тұратын және де кей кезде әртүрлі

тілде сөйлейтін магометандықтардың басын біріктіру» [4, 77 б.]. Бұл жүйе Ресей тарапынан үлкен кедергілерге тап болуы заңды еді, себебі, басқа ұлт өкілдерін орыстандыру мақсатына кедергі келтірді.

Жаңа жүйенің кесірінен, өз дәрежелерінің төмендеп кету ықтималдығын көрген мұсылман молдалар, басында жүйеге деген қарсы реакциясын ұмытпауымыз керек. Бірақ И. Гаспринский өз жақтастарымен бірге, «кез келген жаңашылдықтың нағыз қарсыластары» атанған молдаларға жаңа жүйенің қаншалықты пайдалы екенін, «ескі жүйенің туған халқына қаншалықты зиян келтіргені жөнінде байыппен түсіндіре білді» [3, 278-279 б.].

Өз жүйесінде И. Гаспринский үш мәселені атап өтті:

- 1) Білім реформасының арқасында мұсылмандық қауымын модернизациялау;
- 2) Мұсылман түркі халықтарының саяси және рухани түрдегі бірігуі;
- 3) Түркі халықтарының Ресеймен қарым-қатынасы.

Ол әрқашан да түркі халықтарының тілі, ойы мен әрекеттерін орыстандыру және ассимиляцияға қарсы өте жақсы біріктіретін құрал ретінде насихаттаған. Ол орыс халқымен басып алушылық немесе бір жақтың басқаға бойсұну саясаты тұрғысынан емес, теңқұқылы ынтымақтастық пен достықтың арқасындағы қарым-қатынастың құрылу үшін күресті. Ресейдегі түркі халықтарының даму жолына түсуі – И. Гаспринский үшін асқақ арман болды. Ол бұл армандарының орындалғанын мұсылмандық мектептердің салынуы мен дәстүрлерінің орындалуынан көрді. Онымен 1884 жылы еуропалық дыбыстық жүйедегі, араб жазуын үйренушілерге жеңілдік беретін, оқып үйрену мерзімін қысқартатын оқулық құрастырылды.

Жаңа әдістерді толық игере отырып, И. Гаспринский балаларға 40 күн ішінде хат танытып, оқуға үйретіп, Құран сүрелерін меңгеруге және арифметика, география, Ислам тарихы туралы білуге болатындығын дәлелдеді [5, 20 б.]. Біздің ойымызша, И. Гаспринскиймен ұсынылған мерзім кездейсоқ емес. Онда символдық мағынаның жатқаны анық. Мұсылмандарда, жалпы басқа да діндерде, баланың дүниеге келгенін 40 күн өткесін ғана тойлаған. Мүмкін, И. Гаспринский де, өз жүйесімен жан мен ақылды бірдей уақыт шеңберіне байланыстыруды шешкен болар.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Гаспринскийдің жеңілдетілген оқу жүйесі Ресейдегі түркі халықтарының арасында кеңінен таралды.

Зайырлы білім беру оң нәтижелер бере отырып, ол Қазалы, Перовск, Верный, Ташкент, Семей, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Орал және тағы басқа Қазақстанның қалаларында енгізілген [6, 55 б.].

Жаңа әдісті мектептер, өзінің қызметінің арқасында орыс-түземдік мектептермен сәтті бәсекелесіп қана қоймай, билік басындағылардан қанағаттанбаушылық туғызып, ұлттық рухты жаңғыруға көмектесті, халқының мақтанышын тәрбиеледі, болашағын орыстардың зорлық-зомбылығынсыз елестетті.

Мектептерде, медреселерде, әсіресе Гаспринскийдің жаңа әдісін енгізуімен, балаларды оқуға, жазуға үйретті, қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтті, мінез-құлық нормаларын қалыптастырды. Нәтижесінде, ең дарынды, талантты балалар өздерінің білімдерін одан әрі тереңдету үшін Бұхара, Самарқанд, Уфадағы медреселерде, тіпті алыс араб елдерінде де, ірі жазушы, ақын, ғалымдарға айналды. Олар ұлы ата бабалары салған жолмен жүрді және көрнекті ойшылдардың салтын жалғастырды. Олардың қатарына «Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Иассауи, әл-Мұхаммед Хайдари, Жүсіп Баласағұни және т.б.» кірді [6, 54 б.].

Жаңа тәсілді мектептер – оған тиесілі уақыттың келуі мен білімді дамыту қажеттілігімен пайда болды. Мұны жергілікті билік өкілдері де түсіне бастады. 1912 жылдың қазан айында Жетісу облысында жаңа тәсілді мектептердің жағдайын қарастыратын ерекше жиын өтті. Ол жиында «осындай мектептердің ашылу мүмкіндігін растамайтын шешім қабылданады» [7, 25 б.]. Бұл шешімге Жетісу облысының билік өкілдері оң көзбен қарамады. Жаңа мектептерге қарсы жазалау шараларын қолдағандардан бөлек, қызметін бақылау шараларының арқасында қызметін растаған адамдар да табылып жатты. Уақыт өтеді, өмір бір орнында тұрмайды, сол себепті жалпы білімдегі қажеттілік «жергілікті тұрғындардың тарапынан түсінушілік тауып», конфессиялық мектептер беретін біржақты білім «жеткіліксіз» болып қалды. Соңғы 15-20 жылда бақыланып отырған мұсылмандардың жалпы білімге деген ынтасын «тоқтату өте қиын». Сондықтан, «бұл ағынды қолға алып, тиісті бағытқа бұру ұсынылды». Бұндай мектептерді толықтай инспектордың бақылауындағы міндеткерлікпен ашу мүмкін болды [7, 25 б.].

Дегенмен, жаңа тәсілді мектептер өзінше өмір сүрді. Ағартушылар адамзат осы күнге дейін жинап, терген бар білімін, өсіп келе жатқан ұрпаққа үйреткісі келді.

Жаңашылдардың пайда болуы Патша үкіметі үшін күтпеген жағдай болды. Атырапта тұрған халықтарға білімсіз деген баға беріп, орыстардың көмегінсіз даму жолында жүре алмайды және т.б. пікірлерді ұстанған олар үшін, шындық ойлағаннан мүлдем бөлек болды. Ресейдің мұсылмандық бөліктерінде «мәдениетке және білімге құштарлық аз деп расталғанымен, күтпеген жерден, олар реформаларды жүргізудегі ырымшылдықтың жоқтығы, құрастырудағы ептілік мен күшқайратын көрсете алды. Ресейдің құзырындағы магоментандық дінге сенушілер, этникалық жағынан татар, башқұрт, қырғыздарға бөлініп...» [3, 278 б.]. Дәл осы магоментандықтардың арасында оқудың жаңа түрі ендіріле басталды.

XX ғасырдың басында, жаңа жүйемен қаруланған, Сырдария облысы, Түркістан өңірі, Уфа қаласындағы жас татарлардың жиі шығуы отарлық биліктің ең үлкен үрейін туғызды. Олар жазғы демалыс кезінде, аз уақытқа келіп, киіз үйде мектеп ашып отырған. Оқытулары жергілікті билік өкілдерінің рұқсатынсыз, және де «Ресей империясының мемлекеттік мүддесіне лайықты емес» деп саналды. Оқу бағасы қымбат болғанына қарамастан, бұндай мектептер көптеген жас қазақтардың назарын аударып, халықтың өз мектептерінде білім алуға деген өте үлкен құлшынысының тағы да бір куәсі болды. Киіз үйлік мектептерге жергілікті орыстардың келуі, киіз үйдегі мектептердің қаншалықты сұранысқа ие екенін, ал жергілікті мектептердің, керісінше халық арасында әйгілі болмағанының көрсеткіші болып келеді.

Жаңа жүйеде білім беретін мұсылман мектептерді қыспаққа алудың себебі, уақыт өте келе, басшыларға магоментандық халықтың арасында білімді адамдардың пайда болуын ұнатпады. Жергілікті жердегі магоментандық халықтардың орыс біліміне емес, еуропалық білімге талпынғаны да басшылардың көңілінен шықпады.

И. Гаспринский жергілікті тұрғын-өкілдерінен шыққандықтан, орыс мұғалімдері, оның жүйесіне сенімсіздік танытуы да мүмкін еді. Мұғалімдер жергілікті халық сабақты, өз аймағындағы оқытушылардан емес, оларға қарағанда сауаттылық пен мәдениетті үйрете алатын, білімді, мәдени тұрғысынан даму деңгейі жоғарырақ тұрған – орыстардан дәріс алғаны дұрыс деп пайымдады.

Ресей империясының халыққа білім беру Министрлігі болсын, қарапайым мұғалімдер болсын, ағартушылық саласында жаңа әдістерді

пайдалану керектігін қарастырмады. Бірақ та, басқа да жағдайларды назарға алмауға мүмкін емес. Бәлкім, кейбір мектептерде қандай да бір әдістерді енгізуге қадамдар жасалынып көрінсе де, ондай іс-қимылдар биліктің басшылығымен жүргізіліп жатты. Сондықтан, сол кездегі Омбының мұғалімі М.А. Герасимовтың: «Кедей болғыларың келмесе, мектеп салыңдар!» – деп айтқан үндеуі кейдесөк емес [8, 24 б.]. Бірақ, өкінішке орай, орыс мектептерінде жаңа жүйенің қолданылуы немесе расталуына байланысты нақты ақиқаттарымыз жоқ.

Білім беру Министрлігі – Ресей империясының мемлекеттік ұйымы болып, елдегі мемлекеттік құрылыстың нығаюына бағытталған саясатты жүргізді. Осындай әртүрлі заңнамалар, циркулярлар мен жарғыларды қабылдап, жүзеге асырған, министрлік, ағартушылықпен айналысқанның орнына «халықты күңгірттендірген» басшылық ретінде есте қалды. Білім беру саласына, Патша үкіметі, бүкіл мемлекеттің бір жылдық бюджетінен тек 1-ден 2 пайызға дейін ғана мөлшерде қаражат бөлген болатын [9, 252 б.]. Тіпті, XX ғ. басындағы министрлік бюджеттің өсуі оқу орындарының өсуімен емес, әкімшілік-басқарудың жарататын шығын санының көбеюіне байланысты болды. Осыдан, азғантай ғана бюджеттен, жергілікті орыс мектептеріне қандай сома жететінін елестетуге болады. 1907 жылы бөлінген қаржының әртүрлі оқу аймақтарында қаншалықты екенін салыстыратын болсақ: Москваға – 1418000 рубль, Виленскийге – 941000 рубль болса, бүкіл Түркістан өлкесіне – 253000 рубль беріліп, қаражат санының біркелкі еместігін байқай аламыз.

Жаңашыл мектептер отарлық әкімшілік шеңберінің басты назарына айналды. 1913 жылдың 30 желтоқсанында, Түркістан өлкесіндегі мектептердің басшысы, Жетісу облысының халық мектептер инспекторының атына жазылған құпия хат жазып, онда «жаңа үлгідегі мектептердің (жергілікті халық арасындағы танымалдылығы немесе оқушылардың санына қарай) ең үздігін» ұсынуды талап етті.

Ақпаратты келесі тармақтар бойынша беру керек болды:

- «1) Қашан және кімнің рұқсатымен ашылған мектеп;
- 2) Қандай пәндер және қай тілде оқытылатынын нақтырақ көрсету;
- 3) Мектепте қандай оқулықтар қабылданып, олардың аты, авторы, шығарылымның уақыты мен жерін көрсету;

4) Оқытушылар құрамы кімдерден тұрады, молдалардан (діни адам) басқа, мектептерде діни емес азаматтар болса, оларда қандай білімі шектегілім бар және қандай сабақ береді?

5) Сабақ берудің бағдарламалары бар ма?

6) Шәкірттердің саны қаншалықты көп;

7) Жергілікті билікке осы мектептер немесе мекемелердегі жеке мұғалімдер туралы жағымсыз және оң пікірлі мағлұматтар жеткен жоқ па, ол деректер неге сүйенді, сонымен қоса, әкімшілік не қылмыстық істердің негізі болатындай жағдайлар болды ма? [11, 31 б.]. Көріп тұрғандарыңыздай, бұл сұрақтар бағдарламадан тыс оқытылатын мектептерді толық қамтыды. Және де басшылық бұл жерде тағы бір қауіпті көрді. «Мұсылмандық публицистер үшін Патша үкіметінің мектептері бөгде болып саналды, сол себепті жаңа әдістік мектептерді жақтаушылар, тіл (түрік тілінің) сәйкестігін негізге ала отырып, мұсылмандар арасында үгіт-насихат жүргізуде. Осындай тиянақты әрі айқын мәлімдеменің астарында мұсылмандық мектептердегі реформаторлардың түпкі мақсаты жатқаны мәлім. Олар мектепті – халықтардың діни және ұлттық жекешеленуінің негізінде, мұсылмандарды біріктіретін қару ретінде қолданып, Патша үкіметінің мемлекеттілік мүддесіне нұқсан келтіргенін көрсетеді» [11, 31 б.].

Шынымен де, ХХ ғасырдың басында, Ресейде жалпы мұсылмандық саяси қозғалыстар байқала түсті. Ресейдегі түркі-мұсылман ортасының жаңару лебі, Исмаилбек Гаспринскийдің бастауымен құрылған – джадизм қозғалысы деп аталды, ол Ресей империясындағы түркі-

мұсылмандарының рухани білім беруі мен саяси бірігуін реформалаудың және олардың орыстармен теңқұқылы серіктестік қарым-қатынасты құрудың арқасында дамыған қозғалыс ретінде, Қазақстанда кең түрде жайыла түсті. Бұл леп өзінің қызметінде И. Гаспринскийдің: түрік халықтарының тілі, сана-сезімі мен әрекеті арқылы бірігуін қолдаған әрі басшылыққа алған.

Тек жүз жылдан кейін, И. Гаспринскийдің жаңа әдістеріне әділ баға берілді. Патша үкіметі мен Кеңес одағында И. Гаспринскийдің жүйесі кері бағаланып, немесе тіпті айтылмай кетсе, қазіргі таңда, керісінше, құндылығы мен заман талабына негізделгендігі ерекше айтылады. Мысалы: Рафаэль Хакимовтың кітабында: «Джадидтер – интеллектуалдық ерлік көрсетті. Джадидизм – ислам дінінің жаңаруы мен білім берудің реформалық жүйесі ғана емес, оның үстіне, мәдени айырмашылықтың өзгерісі» делінген [12, 47 б.].

XXI ғ. басында Ресей педагогтары И. Гаспринскийдің жүйесін мойындады. 2001 жылы күзде Мәскеу қаласында «Шығыс халықтарының ағартушысы – Исмаил Гаспринский» атты Халықаралық ғылыми конференция өтіп, тарихшылар, ұстаздар және т.б. Ресейдегі мұсылман мектептердің білім беру жүйесінің жақсаруындағы И. Гаспринский жүйесінің маңыздылығы ерекше бөлініп айтылды.

Осылай, түркі халықтарының бірігуі мен мұсылман балаларына білім берудегі, Қырым татарларынан шыққан, И. Гаспринскийдің еңбегі орасан зор. Оның аты түркі елдерінде ғана емес, әлемдік қауымдастықта да, әлі күнге дейін өзіне лайықты әрі тиесілі орнын тапты.

Әдебиеттер

- 1 Письмо И. Гаспринского Н. Остроумову // ЦГА РУ. Ф. И-1009, оп. 1, д. 90, л. 48-49.
- 2 Песни в новометодных школах // ЦГА РУ. Ф. И-1009, оп. 1, д. 31, л. 2-4.
- 3 Гольдцигер Г. Лекции об исламе. – СПб.: «Брокгауз-Ефрон», 1912. – 302 с.
- 4 Сембаев А.И., Храпченков Г. М. Очерки истории школ Казахстана. 1900-1917. – Алма-Ата, 1972. – 164 с.
- 5 Расулов Б. М. Из истории мусульманских мактабов и медресе в Узбекистане (конец XIX – 20 годы XX в.): автореф дис. канд. истор. наук. – Андижан, 1996. – 32 с.
- 6 Жакыпбек С.К. Из истории обучения казахской молодежи при царизме // Вестник КазГУ. Серия историческая. – 1999. – №13. – С. 54-59.
- 7 Из журнала общего присутствия Семиреченского областного правления // ЦГА РК. Ф. 90; Оп. 1, д. 773 г. – Л. 14-70.
- 8 О грамотности в России // СКОА. Ф. 679; Оп. 1, д. 21-л. 20-27.
- 9 Ерошкин Н.П. и другие. История государственных учреждений России до Великой Октябрьской социалистической революции. – М., 1965. – 417 с.
- 10 Государственная Дума. Третий созыв. Стенографический отчет. – СПб., 1908. – 150 с.
- 11 Сбор сведений о новометодных школах//ЦГА РК, ф. 90, оп. 1, д. 773 б, л. 31-31 об.
- 12 Хакимов Р. Кто ты, татарин? – Казань: Мастер-Лайн, 2001. – 59 с.
- 13 Международная научная конференция на тему: «Исмаил Гаспринский просветитель народов Востока» // Отечественная история. РАН. 2002. – № 6. – С. 209-210.

References

- 1 Pis'mo I. Gasprinskogo N. Ostroumovu // CGA RU. F. I-1009, op. 1, d. 90, l. 48-49.
- 2 Pesni v novometodnyh shkolah // CGA RU. F. I-1009, op. 1, d. 31, l. 2-4.
- 3 Gol'dcigep G. Lekcii ob islame. – SPb.: «Brokgauz- Efron», 1912. – 302 s.
- 4 Sembaev A.I., Hrapchenkov G. M. Ocherki istorii shkol Kazahstana. 1900-1917. – Alma-Ata, 1972. – 164 s.
- 5 Rasulov B. M. Iz istorii musul'manskih maktabov i medrese v Uzbekistane (konec XIX-20 gody HH v.): avtoref dis. kand. istor. nauk. – Andizhan, 1996. – 32 s.
- 6 Zhakypbek C.K. Iz istorii obuchenija kazahskoj molodezhi pri carizme // Vestnik KazGU. Serija istoricheskaja. – 1999. – №13. – S. 54-59.
- 7 Iz zhurnala obshhego prisutstvija Semirechenskogo oblastnogo pravlenija // CGA RK. F. 90; Op. 1, d. 773 g. – L. 14-70.
- 8 O gramotnosti v Rossii // SKOA. F. 679; Op. 1, d. 21-1. 20-27.
- 9 Eroshkin N.P. i drugie. Istorija gosudarstvennyh uchrezhdenij Rossii do Velikoj Oktjabr'skoj socialisticheskoj revoljucii. – M., 1965. – 417 s.
- 10 Gosudarstvennaja Duma. Tretij sozyv. Ctenograficheskij otchet. – SPb., 1908. – 150 s.
- 11 Sbor svedenij o novometodnyh shkolah//CGA RK, f. 90, op. 1, d. 773 b, l. 31-31 ob.
- 12 Hakimov R. Kto ty, tatarin? – Kazan': Master-Lajn, 2001. – 59 s.
- 13 Mezhdunarodnaja nauchnaja konferencija na temu: «Ismail Gasprinskij prosvetitel' narodov Vostoka» // Otechestvennaja istorija. RAN. 2002. – № 6. – S. 209-210.

Базарбаев Қ.Қ., Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Кеңестік билікке дейінгі
Түркия мен Түркістанның
саяси байланыстары**

Мақалада Түркия мен Түркістанның саяси-мәдени байланыстары ХХ ғ. бас кезінде түркілік бірлік идеясының саясат сахнасына шығуы жайында кеңінен қарастырылған. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы аймақтық көлеммен шектелмей, сипаты, мазмұны және ықпал-әсері бойынша халықаралық құбылысқа айналып, идеялық және ұйымдық қалыптасуына шет елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстардың тікелей де жанама да ықпалы болғандығы тарихи деректермен айғақталып отыр. Тікелей ықпал еткен факторлардың қатарында жастүріктер қозғалысының ықпал-әсерін бөліп айтуға тура келеді. Тарихнамалық талдаулар мен деректік, дәйектік айғақтар осындай тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

XIX ғ. соңы – ХХ ғ. басындағы Түркия мен Түркістан байланыстарының бейресми емес жолдармен дамуы осы қатынастар дамуына өз әсерін тигізді. Автор мақалада тарихи зерттеулерге сүйене отырып, осы қатынастардың өрбу жолдарына талдау жүргізген.

Түйін сөздер: Түркістан өлкесі, Түркия, Ресей, түркілік бірлік идеясы, ұлт-азаттық қозғалыс.

Bazarbaev K.K., Mekebaev. T.K.,
Kumganbayev Zh.Zh.

**Political relations of Turkey
and Turkestan before the Soviet
regime**

The article deals with the cultural and political relations between Turkey and Turkestan and the emergence on the political scene in the early twentieth century, the idea of consolidation of the Turkic peoples. Turkestan national liberation movement was not limited to the regional scale, content and influence has become an international phenomenon, as well as the author of historical facts justifies the influence of foreign national liberation movements on the formation of ideas and the constituent elements of the Turkestan movement. The main factor may be noted the influence of the movement Mladoturks. Analysis of historical sources give us such a conclusion.

In the late nineteenth and early twentieth century the relationship between Turkey and Turkestan proceeded in an informal setting that influenced the development of bilateral relations. The author in this article are based on historical studies of conducting pathways analysis of relations between Turkey and Turkestan.

Key words: Turkestan region, Turkey, Russia, the idea of Turkic unity, the national liberation movement.

Базарбаев К.К., Мекебаев Т.К.,
Кумганбаев Ж.Ж.

**Политические связи Турции
и Туркестана до советской
власти**

В статье рассматриваются культурно-политические связи между Турцией и Туркестаном и появление на политической арене в начале ХХ века идеи консолидации тюркских народов. Туркестанское национально-освободительное движение не ограничилось региональным масштабом, по содержанию и влиянию превратилось в международное явление. Также автор историческими фактами обосновывает влияние зарубежных национально-освободительных движений на формирование идеи и составных элементов Туркестанского движения. В качестве основного фактора можно отметить влияние движение Младотюрков. Анализ исторических источников позволяет нам сделать следующий вывод: в конце XIX и в начале ХХ века связь между Турцией и Туркестаном протекала в неофициальном формате, что оказало влияние на развитие двухсторонних отношений. Автор в данной статье, опираясь на исторические исследования, проводит анализ путей развития отношений между Турцией и Туркестаном.

Ключевые слова: Туркестанский регион, Турция, Россия, идея тюркского единства, национально-освободительное движение.

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: Zhankum0186@mail.ru

КЕҢЕСТІК БИЛІККЕ ДЕЙІНГІ ТҮРКИЯ МЕН ТҮРКІСТАННЫҢ САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Орыс пролетариаты мен шаруаларының 1905-1907 ж. революциясы күресі Шығыс халықтарының деспотизмге қарсы күресіне шабыт берді. Орыс революциясының тікелей ықпалымен Түркиядағы билеп-төстеуші құрылысқа ғана емес, сонымен бірге феодалдық-кертартпалық таптардың билігіне және Батыстың ірі империалистік державасының зорлығына қарсы революциялық күрес күшейді, деп жазды кеңестік тарихнама [1, с. 65].

Шығыс елдеріндегі революциялық ахуал оларды Ресейдегі революциямен жақындастыра түсті. Осыған байланысты большевиктер көсемі В.И. Лениннің «Орыс революциясы» барлық Азияға қозғалыс алып келді. Түркиядағы, Персиядағы, Қытайдағы революциялар 1905 ж. көтерілістің жүздеген және жүздеген миллион адамдардың әрекеттерінен көрініс тапқандығын дәлелдейді [1, с.65] деп жазды. Шындығында, Түркиядағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі жағдайында орыс революциясы және көршілес Ирандағы революциялық оқиғалар бұқара халықтың II Абдулхамиттің тирандық билігіне қарсы, империяның түрік емес халықтарының ұлт-азаттығы үшін күресін өршітіп жіберді. Бұл екі төңкеріс II Абдулхамиттің онсыз да күдікшіл үкіметін өте қатты қобалжытты. Оның тапсырмасы бойынша саяси эмигранттарға түрік шекарасы жабылды. Тіпті Ресейден Мекке мен Мәдине қаласына қажылыққа баратындарға да түрік билігі Ресейдегі «қанды жексенбінің» қатысушылары деген күдікпен жол жабылды [2, с.26]. Әрине, осындай саяси жағдайға байланысты қажылық сапарын өтей алмай, орта жолдан қайтқандар арасында Түркістан мен қазақ облыстарынан шыққан қажылардың да болғаны белгілі.

Қазақ жерінде ұлт-азаттық күрестің тұтастай өзегін құраған Алаш қозғалысын Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы құбылысымен салыстырсақ «Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыс саяси ала-құлалығымен және әлеуметтік әртектілігімен ерекшеленді. Түркістан қозғалысын өлкедегі азаттық, тәуелсіздік жолындағы күреске ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізінде топтасқан саяси күштердің ұйымдасқан белсенді әрекеті деп бағаласақ керек. Мақсаты ортақ, сипаты бір Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы (Туркистон Мухторияти) үкіметі ұлт-азаттық қозғалыста бірін-бірі толықтыратын ұлт-

тық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан туыстас құбылыстар» [3, б.4] болғандығына және олардың өзара ықпалдастықта болғандығына көз жеткіземіз. Ендігі кезекте осы екі құбылыстарды жастүріктер қозғалысы идеяларының ықпал-әсері тұрғысында да бағалау да тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Айталық, Түркістандағы жәдитшілік идеяларының ұлт-азаттық саяси күрес идеологиясына айналуына метрополияда іске асқан бірінші орыс революциясының (1905-1907 ж.) саяси тәжірибесі белгілі дәрежеде ықпал жасағаны, империя орталығындағы саяси сілкіністің отарлық езгідегі ұлт аймақтарының рухани оянуына түрткі болуымен танылады. Ал, жастүріктер қозғалысы мен революциясының (1908 ж.) өнегесі этникалық бірлігін сезінген, тарихи байланысын үзбеген ұлт зиялыларының арасында тәуелсіздік идеясының орнығуына тікелей негіз болды. Осы сабақтастық барысында жәдиттік қозғалыстың қоғамдық саяси ықпалы артты. Ол ықпал ағартушылық түрінде алғашқы кезде өлкедегі қала халқының арасына кеңінен таралды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін түркістандық жәдитшілердің саяси құжаттарында өлкедегі феодалдық артта қалушылық пен отаршылдыққа қарсы күрестің дәлелдері айқындалып, билік институттарын конституциялық жолмен реформалау идеясы орнықты. Осы кезде жергілікті халықтардың жатжерлік қанаушыларға қарсы ортақ күреске жалпытүркілік, мұсылмандық негізде бірігуі патша өкіметі тарапынан қатаң бақылауға алынып, қуғындалды. Осы кезде Н. Бердяев шет елде жүріп дүние жүзіне ықпал жүргізген герман нәсілі орнын славян нәсілі алмастырғандығын жарнамалады [4 с.162].

Кеңестік тарихнамада Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалысының дамуына 1905-1908 жж. I орыс революциясының үлкен ықпалы болғандығы жөнінде тұжырым қалыптасқан. Отандық тарих ғылымында ұзақ жылдар бойы үстемдік етіп келген бұл тұжырым тәуелсіз тарихи көзқарас тұрғысында қайта бағалауды қажет етеді. Жастүріктер, жаспарсылар қозғалыстарының идеялық ықпалы жөнінде тұжырымдар жасай отырып, Ресейлік ықпалдың оларға қарағанда барынша төмен болғандығын атап көрсете аламыз. Мұндай тұжырымға мынадай дәлелдер негіз болады: 1) I орыс революциясының көтерген негізгі идеясын таптық күрес қағидалары құрады және оның қозғаушы күші – әлеуметтік негізі жұмысшылар мен шаруалардан құралды. Осыған байланысты бұл көтерілістің таптық идеялары Түркістанда кең таныла қойған жоқ. 2) I орыс ре-

волюциясының тұжырымында монархиялық билікпен күресу басты мақсат болды. Онда отарлық билікке қарсы ұлт-азаттық күрес идеялары болған жоқ. Ал Түркістанда осы екі факторға байланысты түбірлі мынадай айырмашылықтар болды: 1) Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының негізгі әлеуметтік ортасы жаңадан қалыптасқан ұлт зиялылары болды. Өлкеде ағартушылық болып басталған қоғамның артта қалушылығы және отарлық биліктің ұлт мүддесіне қарсы әрекеттеріне қарсылық ретінде саяси қозғалыстың негізгі қозғаушы күші шығармашыл діни және ағартушы элитаның өкілдері болды. 2) Түркістанда қозғалыстың басты идеясы – отаршылдықпен күрес, ұлттардың өзін-өзі билеуіне қол жеткізу болды. Бұл мәселелер I орыс революциясында көтерілгендіктен де Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына тікелей ықпал жасай алуы мүмкін емес еді.

Энвер пашаға қарсы саяси үгіт-насихат науқанын қызу қолға алған большевиктік билік баспасөз құралдары арқылы оның азаттық жолындағы күресінің идеяларын бұрмалап, өзін қаралауға көшті. «Жизнь национальностей» басылымы былай деп жазды: «Энвер пашада қандай да болсын саяси тұғырнама бар ма? Онда саяси тұғырнама жоқ және болуы да мүмкін емес. Бірақ онда бөспелік бар. Қараңғы адамдардың түйсігіне санасы төмен әлі күнге дейін реакциялық Бұхар діндарларының ықпалында қалып отырған санасыз тобырдың қараңғы түйсіктері мен шебер ойлайтын ойын бар, ақыр соңында бейбіт енбекші тұрғындарды басмашылық террор жағдайында ұстап тұратын жанынан баз кешкен баскесерлердің жеткілікті тобы бар» [5].

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына шет елдік ықпалы туралы айтар болсақ, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына Ирандағы конституциялық қозғалыс (1905–1911), Үндістандағы отаршылдыққа қарсы бой көтерулер (1905–1908), Түркиядағы революция (1908) және т.б. қозғалыстардың белгілі дәрежеде ықпалы болды. Әйтсе де түркістандық жәдитшілер ешқашан да жалпытүркілік және жалпымұсылмандық мемлекет құруды мақсат етіп қойған жоқ. Бұл бірлік ұраны тек рухани адамгершілік сипат алып, патшаның жеке өзара билігіне қарсы бағытталды және отарлыққа қарсы сипат алды [6, с. 77].

Түркілік бірлік идеясы кеңестік билік тұсында жаңа сапада көрініс тапты. Түркістан мұхтарияты қуып таратылған соң, жәдитшілердің басшылары мұғажырлыққа кетті, ал қалғандары ағарту саласында ғана қызмет істеп, саясаттан шеттетілгенімен, әлі де түрікшілдік идея жалғасып жатты.

Бұл идея алғашқы кезеңде отарлық билікке қарсы саяси көңіл-күйді білдірсе, ендігі кезекте Кеңестік билікке қарсы тұрған саяси көңіл-күйді білдіре бастады. Оның ең жарқын көрінісі Түркатком төрағасы Тұрар Рысқұловтың 1920 ж. қаңтарында Түркі халықтарын біріктіріп, Түрік Кеңестік Республикасын құру идеясы болды. Оның позициясы Түркі Республикасы Ресей Федерациясының шеңберінде тәуелсіз ұлттық дамуға қол жеткізу үшін тоталитарлық орталықтың күштеріне қарсы бағытталуымен айқындалады [6 с. 78]. Т. Рысқұлов бастаған түрікшілдердің бұл идеясы кеңестік биліктің қолдауына ие бола алмады. Ал 1918 ж. сәуірінде құрылған Түркістан АКСР-і ешқандай нақты құқықтары болмады, оның заңдық билігін партияның орталық органдары алмастырды [7, с. 155-163].

Түркия мен Түркістанның саяси-мәдени байланыстары XX ғ. бас кезінде түркілік бірлік идеясын саясат сахнасына шығарды. Бұл идея саясаткерлердің, ағартушылардың ғана емес, ақындардың да өлеңіне арқау болды. Ғасыр басындағы Орта Азия халықтары арасынан шыққан ақындардың арасында осы идеяны алғашқылардың бірі болып, жеріне жеткізе жырлаған ақын – Мағжан Жұмабаев еді.

Мағжан «Пайғамбар», «Күншығыс», «Түркістан», «Орал тауы» т.б. өлеңдерінде түркілік бірлік идеясын жырға қосады. Ол шығыс елдеріне осы бірлік идеясын ұран етіп көтере отырып, «Пайғамбар» өлеңінде:

Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!
Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры!
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен – пайғамбар, Күн ұлы – [8, б.54]

деп жырлады. Ол түбі бір түркі халықтарының бірлігін «Түркістан» өлеңінде

«...Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңір берген несібі ғой», [8, б.187]

деп ерекше шабытпен жырға қосты. Осы өлеңінде Түркістанның тарихи орнын

«Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?»

деп қазақты сол ер түріктің бір мұрагері анықтайды.

Түркішіл ақынның «Орал тауы» атты өлеңінде Орал тауы – бүкіл түркі дүниесінің символы болып жырланады.

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойнына жайыменен кіріп еді.
Ер түрік ен далаға көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді.
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі жел, күн тимей, берік еді [8, 56-57 б.].

Мұндағы ақынның «ер түрік» деп отырғаны – бүкіл түркі дүниесі жиынтық бейнесі. Бір кезде ең даланың көркі болған осынау халықтардың бүгінгі халі қандай? Мағжан осы саяси оқиғаларға деп қойып, оны поэзия тілінде сомдайды. М. Жұмабаевтың осы концепциясы Осман мемлекетінің І дүниежүзілік соғысқа қатысып, онда жеңіліс табуы және түрік халқының соғыс зардабын тартуы Түркістан жәдидшілерінің қатарында ақын Мағжан Жұмабаевты да толғандырған. Анадолыдағы бауырларының ұлт-азаттық қозғалысына үн қосып, оны өз халқының тағдырымен бірлікте қарастырған ақын

«Алыстағы бауырыма» өлеңінде:
Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым,
Қамаған қалың жаудың ортасында
Көл кылып көздің жасын төккен бауырым» –

деп жырлайды [8, б.72-73].

Анадолыда Мұстафа Кемал Паша тарапынан басталған ұлт-азаттық күрес әртүрлі қиындықтарға қарамастан жеңіспен аяқталады. Түркістан жәдидшілері соғысқа қаражатсыз, қару-жарақсыз және ешқандай дайындықсыз кірісіп кеткен түрік әскерлерінің теңдессіз ерлігін, Мұстафа Кемал Пашаны және оның соңынан ерген бұқара халықтың жеңісін үлкен қуанышпен қарсы алады [9, с.2]. Түркиядағы ұлт-азаттық күрес Түркістан жәдидшілеріне қатты әсер етті. Өйткені, ұлт-азаттық күреске және ұлттық рухқа негізделген Түркия Парламенті Үкіметі Түркістан жәдидшілеріне үлгі болды. Анадолыдағы жеңіс жәдидшілердің үмітін оятты. Олар Түркиядағыдай ірі жеңіске Түркістанда да қол жеткізе алар едік деген ойда қалды [9, с.6]. Бұл бас мақаланы журналдың редакторы М. Шоқай жазған болуы керек деп ойлаймыз. Басқыншыларға қарсы көтерілген ұлт-азаттық

қозғалыстың барысын жіті қадағалап, оған рухани қолдау көрсеткендердің бірі Түркістан мұхтариятының басшысы Мұстафа Шоқай болды. Мұстафа Шоқай ұлт-азаттық қозғалысты қолдап, «Шафак» деп аталатын газет шығарды. Сонымен қатар, ол Тбилисидегі Ұлттық Әскердің өкілі Казым беймен өткізген кездесулердің нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйене отырып, бүркеншік атпен «Анадолы хаттары» атты мақала жазды. Сондай-ақ сол жылдары Ереванда одақтас әскерлердің өкілі ретінде қызмет атқарған америкалық генерал, Түркия және түрікшілдік қозғалысы туралы мәлімдеме жасады. Мұстафа Шоқай бұл әділетсіз жалаларды газет беттерінде әшкерелеп, лайықты жауабын берді [10, с. 36].

М. Шоқайдың куәлік етуіне қарағанда Мирякуб бек «Кавказ мәселелері» жайлы кітабында 1912 ж. Балқан соғысы кезінде Ресейдегі эзербайжан студенттері арасында болған түрікшілдік толқулар туралы жазған. Ол кездегі осы бағыттағы көңіл-күй мен атқарылған істер туралы Мұстафа Шоқай Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 ж. Петербург университетінде оқығандығын айта отырып, сол кезде орыс жоғары оқу орындарында жүрген төңкерісшілдігімен мәлім түрік жастарының ел өмірін білумен ғана шектеліп қалмай, саяси бой көрсетулерге шығатындығын, Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтындығын айтады. Әсіресе, Балқан соғысы кезінде Петербург студенттері қозғалысын қыздыра түскен. Ол кезде Ресей бейтараптығына қарамастан Түркияға қарсы тұрып, Балқан славяндарына ашықтан-ашық жәрдем беретіндігі студенттерді қатты толқытқан. Балқан соғысы кезінде түрік әскеріне көмек ретінде қаржы жинау да саяси күрес түрлерінің біріне айналған. Осы кезеңді М. Шоқай «Жас Түркістан» газетіндегі «Есімдегілер» мақаласында (1933 ж. №47) былай деп еске алады: «Сонда да біз, түрік студенттеріне, бұлар аз көрінді. Бұларға қосымша тағы бірдеңелер істеуді ойластырдық. Ол үшін біз – эзери, татар және түркістандық студенттер, орыстардан бөлініп, өзімізше әрекет жасамақ болдық. Ол кезде қызмет бабында Петербургте тұрып жатқан түркістандық адвокат Сералы Лапиннің келісімін алып, сол кісінің үйінде бас қосып тұратын болдық. Осы бір ұмытылмас бас қосуларға қатысқан адамдардың есімдері әлі күнге жадымда сақталып келеді. Татардан бұл күнде марқұм болған Нәжіп Құрбанғали мен

Сұлтанбек Мамали және қазір көзі тірі большевик Илияс Илкіндер, эзерилерден Мирякуб бек, Шейх-Сылам Зада, Әкпар аға және басқалар бар еді. Ал түркістандықтардан Бердігүлұлы Қақажан екеуміз бар едік. Бас қосуымыздың күн тәртібі бір ғана тармақтан тұратын. Егер Балқан соғысына Ресей араласатын болса, онда біздің позициямыз қандай болуы тиіс деген мәселе төңірегінде пікір алысатынбыз.

Әрқайсысымыз өз пікірімізді айтып қалуға тырысатынбыз. Сол кезде шығарған жалғыз қаулымыз бар еді. Сол қаулы есімде қалып қойыпты: онда түрік студенттері өздері оқып жатқан оқу орындарында үкіметке қарсы өткізілетін бой көрсетулерге, түріктерге қарсы жұмсау мақсатымен славяндар пайдасына жәрдем жинаушы ұйымдарға тосқауыл қою әрекеттеріне және түріктерге көмектесу үшін астыртын қаржы жинауға белсене қатысуы тиіс деген болатынбыз. Қаулыда ерекше көңіл аударылатын бір мәселе бар еді. Егер Ресей түріктерге қарсы соғысқа кірген күнде, темір жолдарды, телеграфтарды, көпірлерді бұзу мақсатында Кавказ шебіне бару керек делінеді осы қаулыда» [11, б. 336-337]. Осы қозғалыстың бел ортасында жүрген М. Шоқайдың бұл естеліктері түрікшілдік қозғалыстың Ресей империясының орталығының өзінде кең таралғандығын айғақтайды. Оның айтуынша тіпті, еріктілер ретінде Түркия армиясы қатарына баруға дайын екенін білдірушілер де болған және орыс темір жолдарын, телеграфтарын, көпірлерін бұзуға қатысатын студенттердің тізімі де белгіленген екен.

Түркияға көмек ретінде қаржы жинауды Түркістанның алыс түкпірлері де қолдаған. Оған мысал ретінде Түркістан қаласының тұрғыны Садық Өтегеновтің өміріне қатысты деректерді айтуымызға болады. Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі, жәдитшіл бағыттағы халық мұғалімі С. Өтегенов Шоқаймен достық қарым-қатынаста болады. Шоқай «Есімдегілер» мақаласында осы кезеңге қатысты мынадай дәйек келтіреді: «Петербургке қайтып оралған соң, түркістандық Өтеген Садықұлы деген досымның өзінің Петербургке келмек екенін айтып жолдаған бір телеграммасын алдым. Келетін күні мен оны вокзалға барып қарсы алдым. Екеуміз мен тұрған жерге келдік. «Аздаған алтын ақша әкелдім. Түрік елшісіне өз қолыммен табыс етуім керек еді» деді ол маған ентігін басып үлгермей жатып. Ол кезде Түркияның Петербургтегі елшісі Тұрхан паша болатын. Арада екі күн өткен соң, кешке таман көшеде

адам аяғы саябырлаған кезде, Садық екеуміз Түркия Елшілігіне келіп Тұрхан пашаның қабылдауында болдық. Түрік елшісі кең қабылдау бөлмесінің ішінде оңаша отырып, бізді мұқият тыңдады. Садық оған түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы Түркістанда тұратын түрік қандастары жинаған азын-аулақ ақша әкелгенін айтқанда, елшінің көңілі босап, көздерінен жас парлады. Оған қосылып Садық екеуміз де жылап алдық. Тұрхан паша Түркістанда түріктер тұратынын білгенімен, саны қанша, тұрмысы қандай, немен шұғылданатынын білмейтінін айтты» [12, б.337].

Қорытынды ретінде XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Түркия мен Түркістан байланыстары-

ның бейресми емес жолдармен дамуы осы қатынастар дамуына өз әсерін тигізді. Осы қатынастардың мынадай жолдармен өрбігендігі белгілі болып отыр: біріншіден, Түркияда білім алған, онда түрлі мақсаттармен барған зиялылардың байланыстары: бұл бағыт жәдитшілік, мұсылмандық және түрікшілдік идеялардың дамуына негіз қалады. Екіншіден, Түркістандағы түрік әскери тұтқындары және Энвер паша бастаған әскерилердің байланыстары. Бұл бағыты Түркістанда қозғалыстың қарулы күресіне ұласуына ықпал жасады. Үшіншіден, Түркия Түркістан саяси мұғажырлығының отанына айналды. Бұл бағыт Түркістан қозғалысының мұғажырлық кезеңіне жол ашты.

Әдебиеттер

- 1 Алиев Г.З. Турция в период младотурок. (1908-1918 гг.) / главная редакция восточной литературы. – М.: «Наука», 1972. – 388 с.
- 2 Цовикян Х.М. Влияние русской революции 1905 г. на революционное движение в Турции // «Советское востоковедение». III. – М.–Л., 1945.
- 3 Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарыяты. – Алматы: Нұрлы әлем, 2006. – 128 б.
- 4 Бердяев Н. Судьба России. Опыты психологии войны и национальности. –М.: Мысль, 1990. – 207 с.
- 5 Жизнь национальностей. – № 12. – 1922 год. 15 июня.
- 6 Алимova Д.А. История как история, история как наук. – Ташкент: «Узбекистан», 2009. – 184 с.
- 7 Турдиев Ш. Исмайл Гаспыралы ва Туркистон // Узбекистон адабиати ва санъати. – 1991. 15 май.
- 8 Жұмабаев М. Шығармалар. I том. – Алматы: Білім, 1995.
- 9 Baş Maqale, «Türkiye Cumhuriyetinin 10 Yıllığı», Yaş Türkistan, S:46, 1933. -47s.
- 10 J. Benzing, «Sovyetler Birliği Türklerinin Berlin'deki Siyasi Yayınları», (çev: E.B. Özbilen), T.D.A.D., Haziran 1985. – 179 s.
- 11 Додонов А. Февральская революция в Средней Азии //Сборник. Революция глазами современников. – Ташкент, 1991.
- 12 Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т. 2. – 520 б.

References

- 1 Aliev G.Z. Turcija v period mladoturok. (1908-1918 gg.) / glavnaia redakcija vostochnoj literatury. – M.: «Nauka», 1972. – 388 s.
- 2 Covikjan H.M. Vlijanie russoj revoljucii 1905 g. na revoljucionnoe dvizhenie v Turcii // «Sovetskoe vostokovedenie». III. – M.–L., 1945.
- 3 Tұrsyn H.M. Tүrkistan ұлт-azattық қозғалысы және Tүrkistan Mұхтарыjaty. – Almaty: Nұrly әлем, 2006. – 128 b.
- 4 Berdjaev N. Sud'ba Rossii. Opyty psihologii vojny i nacional'nosti. –M.: Mysl', 1990. – 207 s.
- 5 Zhizn' nacional'nostej. – № 12. – 1922 god. 15 ijunja.
- 6 Alimova D.A. Istorija kak istorija, istorija kak nauk. – Tashkent: «Uzbekistan», 2009. – 184 s.
- 7 Turdiev Sh. Ismaajl Gaspyraly va Turkiston // Uzbekiston adabiati va san#ati. – 1991. 15 maj.
- 8 Zhұmabaev M. Shyғarmalar. I tom. – Almaty: Bilim, 1995.
- 9 Baş Maqale, «Türkiye Cumhuriyetinin 10 Yıllığı», Yaş Türkistan, S:46, 1933. -47s.
- 10 J. Benzing, «Sovyetler Birliği Türklerinin Berlin'deki Siyasi Yayınları», (çev: E.B. Özbilen), T.D.A.D., Haziran 1985. – 179 s.
- 11 Dodonov A. Fevral'skaja revoljucija v Srednej Azii //Sbornik. Revoljucija glazami sovremennikov. – Tashkent, 1991.
- 12 Shokaj M. Taңdamaly. 2 tomдық. – Almaty: Qajnar, 1999. – T. 2. – 520 b.

Мекебайев Т.К.,
Кумганбайев Ж.Ж.

**Kazakh national intelligence and
Alash movement at the beginning
of XX-th century**

This article discusses the political program of the party, who opposed the imperial government, as well as the activities and goals of representatives of the national intelligentsia and the formation of the ideas of national statehood in the activities of the Alash movement. The main purpose of this study is a deep analysis of the representatives of the national intelligentsia in the formation of statehood and the revival of the national ideology. At the beginning of XXth century Kazakh intelligence who studied in Russian cities felt Russian culture and political influence upon them and began to develop political ideas and advocate democratic ideas by the influence of some oppositional parties. The article also examines the role of representatives of the national intelligentsia in the revival of the national idea and national associations. It is clear that Kazakhstan built its road to independence in the end of XX century. It is very important to know work and point of view of Kazakh intelligence about solving the important problems according to necessary state structures like: territory, national language, national state ideology, mentality, forming of national ideology and democracy.

Key words: Kazakh intelligentsia's activity, Kazakh intellectuals, independence of Kazakhstan, Kazakh nation, Alashorda.

Мекебаев Т.К.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**XX ғасыр басындағы қазақ
ұлт зиялылары және Алаш
қозғалысы**

Берілген мақалада XX ғасырдың басында патша өкіметіне қарсы оппозицияда болған саяси партиялардың бағдарламалары, іс-әрекеттері, жолдары, өздерінің көздеген мүдделері, зиялы қауым өкілдеріне тән өркениеттік деңгейдегі мәдениеттері қарастырылып, Алаш қозғалысының қызметінде ұлттық мемлекеттік идеясының қалыптасуына шолу жасалады. Зерттеудің негізгі мақсаты ұлт зиялы қауымы өкілдерінің ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру мәселесіндегі қызметі және ұлттық идеологияны қайта жаңғыртудағы іс-әрекеттеріне талдау жүргізу.

XX ғасырдың басында ұлт зиялылары қазақтың ұлттық идеясын қалыптастыру міндетін өз мойнына алып, ұлттық бірігу мүддесін ұсынуы мақалады жалпы қарастырылады. Автор тарихи деректер мен зерттеулерге сүйене отырып, ұлт зиялы қауым өкілдерінің мемлекеттік құрылымның маңызды өлшемдері болып табылатын: мемлекеттік территория, ұлттық тіл, ұлттық идеология, менталитет, ұлттық мемлекеттік туралы идеяларына терең талдау жүргізген.

Түйін сөздер: Ұлт зиялыларының қызметі, Қазақ зиялылары, Қазақстанның тәуелсіздігі, қазақ ұлты, Алашорда.

Мекебаев Т.К.,
Кумганбайев Ж.Ж.

**Казахская национальная
интеллигенция и движение
Алаш в начале XX века**

В данной статье рассматриваются программы политических партий, выступавших против царского правительства, а также деятельность и цели представителей национальной интеллигенции и формирование идеи национальной государственности в деятельности движения Алаш. Основной целью исследования является глубокий анализ деятельности представителей национальной интеллигенции в формировании государственности и возрождения национальной идеологии. Также в статье рассматривается роль представителей национальной интеллигенции в возрождении национальной идеи и национального объединения. Идеи представителей казахской интеллигенции заключались в решении важных проблем в соответствии с необходимыми государственными структурами, как: территория, национальный язык, государственная идеология, менталитет, формирование национальной идеологии и демократии.

Ключевые слова: деятельность национальной интеллигенции, казахская интеллигенция, независимость Казахстана, казахская нация, Алашорда.

**KAZAKH NATIONAL
INTELLIGENCE AND
ALASH MOVEMENT AT
THE BEGINNING OF XX-
TH CENTURY**

It is clear that at the beginning of XXth Century in the history of Turkic nations with the awoken national awareness was led a struggle against colonial policy of tsarist regime based on the national, cultural and political requirements.

National struggle for independence led by other Turkic nations and especially struggle of Kazakh nation left a different mark in the political history of Russian empire. Kazakh intelligence took an active participation in this movement which captured throughout Russian Empire.

Surely the purpose of Kazakh intelligence of XXth century was independence of nation. The rise of Kazakh intelligence ideas was affected by the ideas of Russian revolution I in 1905 and Islamic views. Above mentioned Russian revolution I held in 1905-1907 years enforced the national movement in Kazakh steppe. The article of Bokeikhanov «The modern types of national movements in the republic» published in 1910 indicates that movements accelerated since 1905 there were formed two political directions: the first direction followed the western type of social development, and the second followed the Islamic and national unity of Muslims [1].

Before discussing this subject, it is useful to give information about Kazakh intelligence; surely there were not plenty of them because there were no specific institutions except the courses and colleges for preparation of teachers at that time. Kazakh specialists studied in Russia but for tsarist authority it was convenient to keep Kazakhs in ignorance. The end of XIX century and the beginning of XX century for Kazakh youth Kazan, Moscow, St. Petersburg, Orenburg, Omsk and Warsaw were the biggest centers of science. In these cities were divided scholarships for 3-4 Kazakh students per year. For instance, between 1877-1917 years 37 Kazakh students studied at Kazan University, 20 of them graduated from this university. According to the list suggested by G. Akhmedov which based on archives and reliable facts before Kazan Revolution period approximately 120 students graduated from the universities. Among them were Alikhan Bokeikhanov, Mukhamedzhan Tinishbayev, Bakhitzhan Karatayev, Baktigherey Kulmanov, Barlybek Syrtanov, Zhahansha Dosmukhamedov, Mustafa Shokhai, Zhakhip Akbayev, Sanzhar Asfandiyarov, Saduakas Shalimbekov, Khalel Dosmukhamedov and others. These students not only finished their

studies but also formed a group of intelligence which followed the idea of nation and independence from Russia.

As it was mentioned above, within a group of Kazakh intelligence who studied in Russia there were leaders like A. Bokeikhanov, A. Baitursynov who followed the idea of being independent from tatar nation and suggested to follow the development way of Europe. And students who studied in Ural and Torgai followed the idea of being «Under the Islamic and Turkic flag». This group was published on «Aikhap» magazine. («Aikhap» started its publication in 1911 and it was the firstborn influential magazine in social life of Kazakhs', along with it was the first magazine which published in Kazakh language raising the spirit of nationality.) These two movements had existed before the February revolution. K. Kemengerulu in his research assesses the national intelligence's activity as following: henceforth among Kazakh intelligence there are two movements. 1) Alikhan Bokeikhanov's group holding by the west culture tried to make the Kazakh nation's spirit far from Pan-Islamism. 2) Bakhytzhan Seidalin and Zhakhansha's group staying under the Islamic position tried to bring together Kazakh nationlaity under the Islamic flag [2]. Historian M. Koigeldiyev notes like the following: «Therefore after Russian revolution I period, after researching the situation Kazakh educated youths' first conclusion is «for Kazakh people the way out of backwardness is the western model of development through Russia, in other words, open the doors to bourgeois relations» [3].

At the beginning of XXth century Kazakh intelligence who studied in Russian cities felt Russian culture and political influence upon them and began to develop political ideas and advocate democratic ideas by the influence of some oppositional parties. There was a great impact especially by Cadet Party on forming of Kazakh intelligences' political views and Cadet Party also was supported by Kazakh intelligent groups. Kazakh intellectuals joined to cadet party and by being their members accepted the program of the party. In 1906 the spiritual tutor of Kazakh intelligence Alikhan Bokeikhanov was included in a central committee of cadet party. According to this S. Asphandiyarov wrote: «Kazakh bourgeois intelligence joined to Russian bourgeois intelligence». Alikhan Bokeikhanov was the member of cadet party's central committee. Elected as State Duma Deputies I and II from Kazakhs, A. Bokeikhanov, M. Tynyshbayev, A. Birimzhanov were included to progressive block leading by other cadets. It was shown as «Muslim faction» without party [4].

Parliamentary control system as being the main idea of Cadet Party's program attracted the attention of Kazakh intellectuals. Kazakh literate people pinned their hope on Parliamentary control and established its future with Kazakh statehood idea. In 1905 December regarding to this mission in Ural was founded cadet party's branch for Kazakh society leading by A. Bokeikhanov.

Being in Russia Kazakh intelligence supporting cadet party's idea took aim to be independent national autonomy through parliamentary and constitutional government possessing republican status in the future. However, this problem remained just like an idea. Because, since 1905 year leaders of cadet party suggested to be a single equality and cultural autonomy so that to maintain the integrity of Russia. Outlying districts' supporters of cadet party didn't support this suggestion. Followers of Kazakh branch party were against the idea of cultural autonomy once and for all. A. Bokeikhanov appealed against cadet party's program and idea about autonomy, land and quit the party. In his article called «Why I quit the Cadet Party?» he explains like this: «Cadet Party supports the idea property in land». If our Kazakh people become owners of land, they'll sell the land like Bashkir people and after several years will have nothing. Cadet Party is against of national autonomy. But we all, Alash people tried to be national autonomy state [5]. Kazakh intelligence was against of the policy of Bolshevik Party, which came up with the idea to have power and establish socialism through revolution. Therefore, their idea about building the national democratic state would come true; they established the party «Alash». It is clear that the idea to build autonomy was the result of long years' political struggle and persistent seeking of ideas of Kazakh intelligence. Kazakh intelligence's struggle for national freedom had a new juridical meaning. Russian bureaucrats of colonization mechanism also understood the situation. For example, the data on this document would be a fact for this situation: «ZH. Akbayev in his letter to one earl wrote: «...is that true that you are president of Karakalinsk republic?... » [6] it means that ZH. Akbayev advocates the idea to build a democratic republic.

Regarding to this, in September 1917 there were assigned two tendencies in societal development of Turkistan. First one is the beginning of preparation of national powers to declare the Federation of Turkistan. The latter the effort of Bolsheviks to seize power by ignoring the local nation's diligence to the autonomy. In 1917, 25 October armed revolt in Petrograd struck the hope of national independence

of February revolution democratic reforms. Turkic nation didn't accept the October revolution, because national autonomy under soviet base meant the masked type of keeping the Russian colonization. To express it with the words of M.Shokai, «Political unfitness of Russian democracy» formed the tight situation in Turkistan.

M. Shokai arrived to Orenburg on business trip to meet with Kazakh intellectuals to discuss the problems regarding to October revolution. Kazakh intelligence during the meeting with M.Shokai, connected the struggle for independence not only with Turkistan, but also with Kazakh regions, Bashkir, Tatar nations uprising and it was taken common decision to refuse Bolsheviks and keep faithfulness to constituent assembly [7]. In 1917, 27 November by the resolution of the general meeting Turkistan autonomy was declared.

In this resolution was written: «Long live, Turkistan! Turkistan Muslims' extraordinary meeting, regarding to the local nations' demand and according to the rules of Russian revolution and remaining in Russian federation, declares Turkistan territorial autonomy» [8]. Assembly also declared the protection of minority nations' rights in Turkistan [9]. So, the state formed in 28 November called «Turkistan autonomy». Two government bodies were determined in assembly; constitution and executive bodies of autonomy and bodies leading the nation until Turkistan Constituent Assembly gets together. They are: Turkistan interim committee and Turkistan public assembly.

Soviet historian D.L. Golinikov wrote that: «Kokand autonomic revolution spread all over and neighbour regions of Turkistan. Bukhara's ruler SeidAlimkhan supported this counterrevolution and quitted the Soviet Russia. Rulers of Khiva Empire did the same» [10]. The author, because of his ideological position, distorts the truth sides of history. In fact Bukhara ruler was enemy to Zhadits (Kazakh alphabet comprised by Arabic letters) and didn't help Turkistan ward and refused to receive Turkistan interim committee's emissaries when they asked them for help.

In March of 1917 Ukraine was formed as: Ukraine Public Republic, in 22 April Republic of Transcaucasia Federation, 20 November Northern Caucasian Interim Administration, 23 November in Ufa as «Idele – Ural» Muslims Autonomy, 26 December Crimea – Turkish Republic. However, they couldn't help Turkistan ward. Common Kazakh Congress held in Orenburg on 5 -13 December, forming of National Soviet and M. Shokai's being

a member of this soviet was big assistance for Turkistan autonomy.

M. Shokai in his work written abroad «In Turkistan» wrote about formation of Alashorda autonomy and he also supported the union of Alashorda and Turkistan. Another view of this ideology; being member of Turkistan autonomic government M. Shokai was elected a member of Alashorda government as well. It seems, M. Shokai has become a member of first program preparation committee for Alash Party because of this point of view. But because of stressful period of time he was quitted from the stuff of the committee [11]. In fact, oppositional political program of Party against the Tsarist Empire, their actions, ways of solution, protection of their own interests, civilization culture belonging to intelligence at that time is the good example and lesson for today's and future generation.

At the time when M. Chokai had been actively performing political works in Turkistan region his name was also recognized at important positions in organization of Orenburg Kazakh politics. M. Chokai was prominent politician who worked toward establishment of national government both in Turkistan and in Dala regions. In his reports to members of OGPU on 29 November of 1919 M. Dulatov, even if the date was not clearly defined, stated that M. Chokai was also invited to the Second General Kazakh Assembly held during 3rd -5th of Desember of 1917, but due to issues regarding newly developed the Hokand Government was not able to arrive at the time and joined it later [12]. One of the most significant decisions made during Assembly was foundation of «Alashorda provisional Kazakh Government». Thus M. Chokai was elected as a member of Turkistan Alashorda government too. At the beginning representatives of Alashorda were somewhat against of foundation of Turkistan government. A. Bokeikhanov in the article published in «Kazakh» newspaper in October of 1917 mentioned this idea as: «We are relatives and have a same religion with Turkistan. Being autonomy is being self-government. It is not easy to be government and to work, while our Kazakh are deprived of working masters, our general Kazakh are illiterate. The Turkistan's people are more illiterate and the lack of masters are ten times more in comparison with us. If Kazakh will in autonomy with Turkistan, it will seem such a camel and donkey harnessed to an autonomy cart. Where we will go in such a cart?» [13]. In fact, M.Chokai had a different opinion concerning Kazakh autonomy separately from these two groups. That is to say, K. Nurpeisov

in his researches acknowledged that M. Chokai had a significant role in coming of two parties to an agreement [14]. According to judicial protocols given to OGPU by M. Dulatov, M. Chokai stated that it would be useful for «Alashorda» to cooperate with Turkistan Autonomy [15].

M. Chokai pointed out that he and M. Tinishbayev have been in a Turkistan government as representatives of Kazakh nation with the purpose of persuading participants of assembly to accept Turkistan as general autonomy of Kazakh and Uzbek nations.

The fact that A. Bokeihanov's opinion against merger with Turkistan have changed was seen throughout The Assembly of Sirdaria Kazakhs. It was affirmed during the assembly that «If Alashorda will declare itself as an independent autonomy and will unite with Turkistan; Kazakh-Kirgiz's of Sirdariya will exit Turkistan autonomy and will make a decision to join Alash autonomy». That is to say, here it can be seen that M. Chokai made an invitation to unite with Alashorda. This issue can be clearly observed from the citation of M. Chokai published in «Kazakh» newspaper dedicated to Sirdaria Kazakhs. However, the main object of Alash heads was to unite all Kazakhs in the Central Asia under single flag.

In January of 1918, together with occupation of Orenburg by Bolsheviks, Alash government was disintegrated and Turkistan was also decayed. The heads of Alash, who were not understood by the Soviet Government to the time, were in reliance on Kolchaks in Samara, white guarded Provisional Government in Siberia and Ufa Directorial in terms of accepting the Alash Autonomy as coherent national government and asked them for support. Nevertheless any of these petitions gave expected result.

Between the 30th of August and 7th September of 1918 in Orenburg and Samara M. Chokai, the head of Bashkir state Z. Velidi and A. Bokeikhanov, A. Baitursynov, M. Dulatov and M. Tinishbayev from the Alash side hold meetings in order to determine the direction after the pressure of the Bolsheviks. Thereby all executives of Alashorda, Bashkir and Turkistan governments come together

in these meetings. Consequently, in the course of these meetings, heads of aforementioned three governments made a decision to establish «South-west Autonomic Muslim Regions Union». The comprehensive works toward building of Union of Alashorda and Turkistan autonomies which began in the Assembly of Sirdariya Kazakhs widely continued by addition of Bashkir government executives. The direction which was determined during meetings of Alashorda, Turkistan and Bashkir Government executives formed the basis for ideological struggle against the Bolsheviks which M. Chokai waged in Europe.

Alash action was the biggest step for National Independence Revolution. It took his high level at XX century and helped not only recognize the nation themselves but also raised this problem up to state extent and problems like; independence, democratic state, nation's peace, relation between religion and state has become a daily routine of XX century. In this way we took our independence.

Түйін сөздер: модернизация, пролетариат, жер реформасы, колхоз, совхоз.

Kozybakova F.A.,
Rvaydarova G.O.
**Some important points on earth
water reforms in 1921-1922 уу.**

In the article mentioned political, social, economical development and changes of Kazakhstan in the beginning of 20th century. A new stage in the history independent nation after royal crush. New development steppes in all spheres of Kazakh society has represented. It was main problem of that time. Autor considered some information about land and water reform. For Soviet Government main political problem to chose in national areas was land cases. The consequence of the colonial policy of the King's government had aggraded the social economic situation of people. At the reform had been admitted of blunders and excesses. In some cases, poor men and migrants had been deprived of their lands. The migrants often had been involved to marrowbones and provided in national disagreement between Kazakh and migrants.

Key words: modernization, proletariat, land reform, kolkhoz, state farm.

Козыбақова Ф.А.,
Рвайдарова Г.О.
**Некоторые проблемы
в проведении земельно-
водной реформы
в 1921-1922 гг.**

В статье анализируются значительные изменения политическо-го, социально-экономического развития Казахстана в начале ХХ века. Освобожденная от царского угнетения колониальная страна перешла на новую ступень развития. Во всех отраслях казахского общества стали наблюдаться новые сферы развития. Конечно, самым важным вопросом того времени является земельно-водная реформа, которая проводилась в Казахстане. Наиболее важной политикой Советского Союза в решении проблем национальных регионов были земельные отношения. Последствие колониальной политики царского правительства по земельному вопросу усугубило социально-экономическое положение народа. В некоторых случаях бедняки и переселенцы были лишены своих земель. Часто переселенцы причислялись к кулакам, и что приводило к национальной розни между казахами и переселенцами.

Ключевые слова: пролетариат, земельная реформа, колхоз, совхоз, модернизация.

**1921-1922 ЖЖ.
ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖЕР-СУ
РЕФОРМАСЫНДАҒЫ
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

XX ғасырдың соңғы он-он бес жылдығы әлемдік аренадан социалистік жүйенің басты тұғыры – КСРО деген ұғыммен тарихта қалған қызыл империяның күйреуімен ерекшеленетіні белгілі.

Ғасыр басында, нақтырақ айтқанда 1917 жылдың қазан айында билікті қолға алған большевиктер партиясы езілген халықтардың, отар ел болып келген ұлт, ұлыстардың мүддесін шешуді ту етіп көтергені мәлім.

Әрине, осынау зор сілкініс қазақ қоғамын да бей-жай қалдырмады, жаңа бір өзгерістерге үміттендірді. Ал оның себеп-салдары да түсінікті еді.

Қазақ елі Ресей қол астына өткеннен-ақ елдігінің мәнін құрайтын жер үшін атқа мінгені баршаға аян. Қазақтардың қолға қару алып көтерілген 1916 жылғы көтерілісінің басты себебінің бірі – осы жер мәселесі болды.

Дәстүрлі басқару жүйесінің жойылуы, қазақ жерінің мемлекеттік меншік есебінде жариялануы, соған байланысты сырттан келімсектердің ағылуы, оларға миллиондаған десятина жердің кесілуі, оның негізі сулы, нулы, шұрайлы да шүйгін алқаптардың болғандығы, ал қазақтардың өздері сортаң, тастақты аймақтарға ығыстырылғаны, міне осы жағдайлар тұрмыс-тіршілігі жерге байлаулы тұтас бір халықтың жедел түрде шешімін күткен қасіреті еді.

Кенес үкіметі ұлттық аймақтарда, оның ішінде Қазақстанда патшалық кезеңнен қалған жер мәселесіндегі қайшылықтарды шешу қолға алынды. Осы орайда жер-су реформалары жүргізілді, жерді заңды иелеріне қайтару жөнінде заң-жарлықтар шығарылды, қазақтарды жермен қамтамасыз ету шаралары да жүзеге асырылды. Сөйтіп, жер мәселесіндегі қайшылықтардың жойылғандығы салтанатты түрде жария етілді.

Дегенмен, кеңестік кезеңде де жерге қатысты проблемалардың орын алғандығы, тіпті кезінде дамуы жағынан мешеу қалған қазақ аудандары жөнінде арнайы қаулылардың қабылданғаны, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кездегі жер мәселесінің төңірегіндегі талқылауларда, жерге қатысты заңды қабылдау барысындағы қайшылықтардың туындауының түп-төркінінде аса назар аударарлық мән барлығы айқын.

Сондықтан да кеңестік дәуірде жер мәселесінің реттелуі барысын, оның бірінші кезекте заңды иелері байырғы тұрғындар – қазақтарға қаншалықты әсері болғандығын жан-жақты зерттеп ашу әлі де маңызын жойған жоқ.

Жалпы, жаңа және қазіргі замандағы тарихи процестерді түсіндіруде модернизация моделін пайдалану үлкен мүмкіншілік береді деп саналды. Осы модернизация теориясын игеру, оны жан-жақты қарастыру ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасынан кең етек алды.

Бүгінде, Ресейлік модернизация жөнінде түрлі көзқарастар бар. Мәселен А.С. Ахиезер «Ресей – бөлшектенген өркениет» тұжырымдамасын ұстанады. Ол Ресейде модернизация қоғамды өркениеттілікке өткізетін көпір бола алмағанын келтіреді. Оның ойынша оған басты себеп түрлі әлеуметтік топтардың қалауындағы модернизацияның бір нүктеге түйіспеуінен шықты. Сөйтіп, модернизация «қоғамның басты бөлігінің творчестволық потенциалының төмендеуі» есебінен жүзеге асырылады. Ресейде ол ешқашан «... ұлттық мәдениет ерекшелігін бұзбау мақсатында» қарастырылмайды. Осының негізінде, А.С. Ахиезер Ресейде нақты модернизацияны көрсетуге тырысқан жалған модернизацияға жол берілді дейді. Л.С. Васильев те А.С. Ахиезер сияқты Ресей ХХ ғасырда модернизацияның екі түрінен, яғни «шынайы» және «жалған» (Кеңестік Ресейдің жалған модернизациясы) түрлерінен өткені жөнінде тұжырым жасайды [1, 159-б.].

Қазақстандағы жер мәселесін шешу Орталықтың құзырында болған, оның біржақты, яғни одақтың экономикалық мүддесі тұрғысынан қаралғандығын байқаймыз. Себебі Ресейлік ғалым А.Н. Жемчужниковтың еңбегінде Қазақстандағы жер-су реформасының жүрісі, жерге орналастыру шаралары және қоныстандыру мәселесі қарастырылады. Еңбекте «жер реформасы байырғы тұрғындарды да, келімсектерді де жоспарлы түрде шаруашылыққа орналастыру мақсатын қойған жоқ, оған тіпті техникалық күші де, қаржысы да болған жоқ. Сол себепті, жер реформасының барлық актілерінде жер кесу жөніндегі шаралар «уақытша, жерге түпкілікті орналастыруға шейін» деген мазмұнда көрсетілді»-деп жазылды [2, 66-67-68-б.].

Автор түрлі цифрлық мәліметтер келтіру және талдау арқылы өзі атап отырған аудандарда «егіншілік жағынан отарлауға бос жер жоқтығында» айтады [2, 82- б.] және жалпы Қазақстан бойынша шығатын бос жерлер жаңа келімсектер

орналастырылатындай егіншілікке келмейтіндігі, олар тек көшпелі-жайылымдық шаруашылыққа ғана ыңғайлы екендігі, алдағы уақытта жерге орналастыру төмендегідей үш бағытта жүруі керектігі жөнінде ескертеді:

1) Қырғыз (Қазақ) өлкесінің жартылай көшпелі аудандарындағы егіншілікке жарамды жерлерді, жерге орналастыру жұмыстарымен одан әрі қамту;

2) Көшпелі-жайылымдық шаруашылықтарды ғылыми зерттеуге байланысты сол шаруашылыққа ыңғайлы территорияларда жерге орналастыру;

3) Жерге орналастыруға тартылған тұрғындарды шаруашылық жағынан орналастыру деп атап көрсеткен [2, 94-б.].

А.М. Брискин көшпелі шаруашылықты шаруашылықтың артта қалған түрі есебінде қарастырып, Қазақстанға келімсектер неғұрлым көп орнықса, соғұрлым артта қалған шаруашылық жоғары деңгейге көтеріледі дейді. Оның тұжырымы бойынша «қазақ тұрғындарын отырықшыландыру ...Одақтың орталық аудандарынан келімсектердің қоныс аударуын күшейтуге мүмкіндік беретін болған» [3, 21-б.] десе, В.К. Скороспешкин шаруа қожалығын дұрыс ұйымдастыруда бірінші кезектегі шара жерге орналастыру екендігі, осы жұмыста әлі де кемшіліктер барлығы, яғни I және II-саты арасында үлкен алшақтық сақталып отырғандығы, ауыл, село ішілік жерге орналастырудың аз қамтылуы, колхоздарды орналастыру қарқынының төмендігі жайында баяндайды. Автор жерге орналастыру ісінің баяу жүргізілуі, оның он жылдықтарға созылып кетуі, соған байланысты шаруашылықты өзгерту де сол мерзімге ысырылатындығы, сондықтан алдағы жылы осы мәселеге ерекше көңіл бөлу қажеттілігін айта келіп, «қаржы жағдайы жерге орналастыруды бірнеше ай бұрын белгіленген көлемде жүргізу жайында айтуға мүмкіншілік бермейді, керісінше, барлық жандар Қазақстанда жерге орналастыру жұмысының аяқталу мерзімін жылжытуды қалауда, себебі соңғы үш жыл бойы келе жатқан сол жұмыстың қарқыны тым баяу еді» – деп көрсетеді [4, 81-б.].

Б. Родневич еңбегінде жерге орналастыруда бірінші кезекте ұлттық тұрғыдан қарастырылуы сыналады, қазақ тұрғындарын отырықшыландырудың «пролетарлық мемлекеттің ұлттық мәселені шешуі жағынан қарастырғанда дүниежүзілік маңызға ие» екендігі дәріптеледі. Дегенмен, автор жылдық тәжірибеде осы істе бірқатар кемшіліктердің болғанын да көрсетіп береді: «а) отырықшыландыру жоспарына совхоздарға

орналастыру кірген жоқ, онда орналасу стихиялы түрде жүрді; б) отырықшыландыру және мал шаруашылығын қайта құру жоспарларында схематизация байқалды, әр ауданға отырғызудың нақты шарасы болмады; в) жұмыс өндірістік-шаруашылық отырықшыландырудан (шаруашылық құрылыстар, мелиорация, т.б.) емес, жай тұрмыстық (баспана салу) әрекетімен басталды» [5, 84-85- бб.].

И.А. Зверяков өз еңбегінде жерге орналастыру ісіндегі революцияға дейін және кейінгі кездегі ерекшеліктеріне тоқталады, социалистік жерге орналастыруды дәріптей отырып, «Кеңес үкіметі ғана казактар мен келімсектер және солармен казак тұрғындары арасындағы тым шиеліністі жер қатынастарын реттеу арқылы ұлттық мәселелерді дұрыс шешті» – дей келіп, «Қазан революциясы жер мәселесінің бұрынғы қалпын түбірімен өзгерткенмен, көшпелі және жартылай көшпелілерді жерге орналастыру барысында әлі де істер жұмыстар көп» екендігіне шарасыздық білдіреді [6, 100-101-бб.]. Автор отырықшылыққа көшіп жатқандарды жерге орналастыру барысында кесілген жерді ауыл шаруашылығына пайдалану үшін мелиорация жұмыстарына да көңіл бөлу керектігін қозғайды.

Ф. Слестухин революциядан кейін бүкіл Одақтағы сияқты Қазақстанда да жер «национализацияланды», «...Қазақстанда ұлттық қарым-қатынастарды шешу мәселесі барлық тұрғындарды жаппай жерге орналастыру, оларды норма бойынша жермен қамтамасыз ету қажеттілігіне алып келді» – дейді. Еңбекте шабындық және егістік жерлерді бөлу, мал-мүлікті кәмпескелеу ауылда кулак-бай өктемдігін жою, ауылды феодалдық-рулық қатынастардан тазарту деп көрсетілді [7, 74- б.].

К. Тоқтабаев елді индустрияландырудың даму қарқыны ауыл шаруашылығы, оның ішінде астық шаруашылығының артта қалып қойғандығы, мұның өзі «нарық қатынасын, экспортты, сондай-ақ валюта мен импортты реттеуге кесірін тигізіп отырғанын», соған байланысты совхоздар құру керектігі, оларға қажетті жер аудандарын, жерге орналастыруды «жеделдетіп жүргізу» [8, 1-4-бб.] арқылы табуға болатындығын келтіреді.

Б.И. Семевский көшпелі шаруашылық ерекшелігіне тоқтала келе, егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу, мал-мүлікті тәркілеу ауқаттыларға жасалған «революциялық шара» болғандығы, өйткені, «алынған мал ұжымдастырудың бастапқы базасын» құрағандығы жайында жазады [9, 100-б.].

1921-1922 жж. жүргізілген жер-су реформасы, оның тарихи маңызы жөніндегі мәліметтерді М.П. Новиковтың еңбегінен көруге болады. Автор жер-су реформасын мазмұны және сипаты жағынан «социалистік революцияның орыс деревнясында, өзбек қышлағында және казак, қырғыз, түрікпен ауылдарында одан әрі өрістеуі» деп көрсетеді [10, 49-51-бб.].

Еңбекте реформаның тарихи маңыздылығына орыс кулак отаршылдығына соққы берілуінің, олардың экономикалық негізінің шайқалғандығының жатқызылуын құптарға болар, бірақ «реформа ТАКСР халықтарының ұлы орыс халқымен достығын одан әрі бекіте түсті,... пролетариат диктатурасының селодағы әлеуметтік базасын нығайтты» [10, 73- б.] деген тұжырымдарының күмән туғызатыны белгілі.

Дегенмен «реформаны жүзеге асыру барысында асыра сілтеушілік болғандығы, яғни кулак шаруашылықтарын жою барысында олардың қатарына орташалардың да қосақталып кетуі, кейде кулактармен қатар орташалар, кедейлер, қызыл әскер отбасылары тұратын бүтін бір орыс поселкелерінің қуылғандығы, байырғы тұрғындардың жасанды түрде бай, кедейге бөлінуі, ұжымдық ауыл шаруашылығы бірлестіктерін, жерді бірлесіп өңдеу серіктестіктерін ұйымдастыру барысында еріктілік принципінің бұзылуы, реформаға отарлық село, хуторлардың барлығы бірдей тартылмағандығы, шара нәтижелерінің шаруашылық-ұйымдастырушылық жағынан бекітілмеуі» жайында нақты түйінделеді [10, 75-76-бб.].

Осы мәселе Кеңестердің 6-шы жалпы-қазақтық съезі мен ҚазОАК 1-сессиясындағы Н. Нұрмақов баяндамасында нақтырақ көрсетіледі. Онда осы шараға қаржылай көмек барысы айтыла келіп, атқарылған істер барысы былай беріледі: «...1923-24 жылдары бірінші сатылық жерге орналастыру жұмыстары 2,5 млн. га жерде жүргізіліп, жерге орналастыруға 28.300 шаруашылық қамтылады. 1924-1925 жылдары бірінші саты бойынша 3,5 млн. га жерде жұмыс жүргізіліп, 24 мың шаруашылық, 1925-26 жылдары 8912 мың га жерде жүргізіліп, 53.962 шаруашылық тартылған. Сондай-ақ екінші сатылық жұмыста 3,5 млн. га жер көлемі, 39.857 шаруашылық қамтылады» [11, 26-б.] деп атап көрсеткен.

Ал, 1926 жылдан бастап жер мәселесінде таптық принцип қолға алынғаны белгілі. Жерге орналастыру шарасын зерттеу барысында Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, БОАК Ерекше Комиссиясы «анықталған кемшіліктерге байланысты» ҚазАКСР және РФКСР партия, кеңестік

органдар алдына жерге орналастырудың мазмұны мен бағытын өзгерту мәселесі қойылады.

Жерге орналастыру шарасын қайта қарау нәтижесінде алдағы уақытқа мынадай нұсқаулар беріледі:

1) ҚазАКСР жер алуға құқылы жерді еңбекпен жерді пайдаланушылардың барлық категорияларына (барлық ұлт өкілдеріне) бірыңғай, тең дәрежеде жер бөлу және оның негізіне ауданға келген мерзімі емес, әлеуметтік жағдайы алынуы керек;

2) Ауданы және шаруашылық түріне байланысты жерді еңбекпен пайдаланушылар мен ұлт өкілдерінің барлық категорияларына бірыңғай жер нормасын қолдану қажет. Бұл жағдай қосымша жер берілетін отырықшылыққа өтіп жатқан қазақтарға таңылмайды;

3) Жүргізіліп жатқан жерге орналастыру жұмысының мазмұнын жеке әлеуметтік топ тұрғындарының ауылшілік және шаруашылық жер пайдалануын реттеу арқылы тереңдету керек. Осыған байланысты зерттеу жұмысы жағын (топырақтық-ботаникалық, экономикалық, гидротехникалық) күшейту қажет... [12, 8- б.].

1928 жылғы жерге орналастыру жұмысын ұйымдастыруда жоғарыда көрсетілген директива негізге алынып, аудандарда жаппай жерге орналастырудың бірінші сатысын (жаңа жұмыстар) жүргізу үшін мына мәселелер ескеріледі:

а) ауданның ҚазАКСР және Одақ үшін шаруашылық маңызы;

б) аудандар бойынша жер қатынасының, бастысы ұлтаралық қатынасының шиеленісуі дәрежесі;

в) ең алдымен жері аз жергілікті тұрғындарды орналастыруға бос қор табу мүмкіншілігі [12, 9-10- бб.].

Орындау жұмысына (жұмыстың II сатысы) бекітілген жер нормасы бар аудандар тартылады. Сонымен қатар, жаппай жерге орналастыру территориясына кіріп жатқан немесе жанасып, тіреліп тұрған отырықшы-егіншілік поселкелерде олардың жағдайларын жан-жақты анықтап, жерді пайдаланудағы кемшіліктерін жою үшін қосымша зерттеу жүргізілетін болды. Осы жылы II сатының жұмысы, Орал және Жетісу губернияларында қолға алынуы көзделеді.

Қазақстанда жер мәселесінің шешілуі, жерге орналастыру шарасының бірыңғайлануы шаруашылықтың қай түріне басымдылық берілуіне байланысты болды. Сол себепті де Кеңес үкіметі орнаған кезден-ақ елде дәстүрлі мал немесе отырықшы-егін шаруашылығы басымдық алуы төңірегінде айтыс-тартыс қалыптасты.

Көшпелі-жайылымдық территорияның табиғи-тарихи жаратылысы жағдайын өзгертуге келмейтіндігі секілді осындағы қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы формасын жою да мүмкін емес еді. Бұл жөнінде А.Н. Жемчужников былай деп көрсетеді: «Шаруашылықтың бұл түрі алғашқы тұрмыстық мәдениет қалдығы болып табылмайды және де оған тұрмыстық ескі наным-сенім ретінде қарауға болмайды. Қырғыз (Қазақ) өлкесі үшін бізге егіншілік малшының өтуге тиіс шаруашылығының жоғарғы формасы сияқты мектептік түсінікті тастау керек. Табиғи-тарихи және тұрмыстық жағдайына байланысты мұнда тек қана көшпелі-жайылымдық шаруашылықты дамыту керек және ол Одақтың экономикалық күш-қуатын одан әрі өсіру мақсатындағы мемлекеттік шара болуы қажет» [2, 95-96-бб.] десе, одан әрі ол Қазақ өлкесінде көшпелі-жайылымдық шаруашылықты дамытудың мемлекеттік маңызы қалай өрнектелетінін бұрынғы Ферғана әскери губернаторы полковник П.П. Ивановтың 21.02.1917 жылғы баяндамасынан үзінді келтіріп көрсетеді.

Онда: «Бізге көшпелі жер өңдеушілер керек емес, керісінше, осы көшпелілердің мал шаруашылығының мың жылдық тәжірибелерін, отырықшылыққа жарамсыз шөлді далада малды өсіру, асырау дағдыларын пайдалану керек. Сондықтан, бізге номад-малшыны дәріптеу қажет, оларға қысқы мал азығын дайындауға мүмкіндік беру керек. Олардың малын еш кедергісіз көбейту, тұқымын жақсартып отыру арқылы шаруашылықта өзінің маңызды орнын алуды қамтамасыз ету қажет» – деп келтірілген [2, 96- б.].

Кезінде су шаруашылығы қызметкерлерінің съезінде сөйлеген сөзінде С. Қожанов та әр шаруашылық өзіндік ерекшелігімен маңызды болып келетіндігін, өздері түсінбейтін шаруашылықты «жабайылық» деп атауға болмайтындығын, керісінше, Покровский «Орыс мәдениетінің тарихы» еңбегінде ежелгі Ресейде мал шаруашылығы болмағандығын, оның (мал шаруашылығы) ресейліктер ауыл шаруашылығының тиімдірек формасына көшу кезінде сырттан келгендігін атап көрсетеді, яғни бір қызығы, Ресейге мал шаруашылығы басқа жақтан шаруашылықтың тиімді түрі есебінде келген болып шығады және ол олай болса «жабайылық белгісі» болып табылмауы керек» – деп көрсетеді [13, 6-7-бб.].

1920 жылдардың ортасынан бастап үкімет пен партия елде астық мәселесін шешуге зор көңіл бөледі. Осы жолда Қазақстанның орасан зор

территориясын егін шаруашылығына тарту мәселесі күн тәртібіне қойылады. Сол себепті, өлкеде егістікке жарамды бос жер анықтап, оған келімсектер орналастыру, колхоз, совхоздар құру сияқты шараларды жүргізу әрекеттері көтеріледі. Сөйтіп, осы мәселелер төңірегінде, яғни Қазақстанның болашағы жөнінде қарама-қарсы ой-пікірлер жаңа қарқын алады. Осы пікірлердің бірінде елдің социалистік бағытта дамуы, келесінде шаруашылықтың дәстүрлі қалпының сақталуы, тағы біреулерінде кеңестік кезеңде капиталистік деп көрсетілген нарықтық қатынас жолымен өркендеуі дәріптеледі.

XX ғ. 20-30 жылдарында Қазақстанда жүргізілген кеңестік жер саясатының мән-мазмұны, бағыты, нәтижелері жайында ұлт өкілдері де өз ой-пікірлерін, тұжырымдарын, ұстанымдарын көрсете білді. Әрине, кеңестік кезеңдегі зерттеулерде осы мәселеге біржақты баға беру үстем болғаны белгілі және оның түп-төркіні де түсінікті еді.

Ұлт өкілдері жүргізілген жер саясатына қатысты барлық мәселелерді назарларынан тыс қалдырған жоқ, саралап отырды, талдау жасады.

Жетісу өңіріндегі жүргізілген жер-су реформасы жөнінде Т. Рысқұлов өзінің «Джетисуйские вопросы» атты мақаласында жан-жақты талдайды. Автор 1921-1922 жж. реформаның келімсек тұрғындардың қазақтарға көрсеткен зорлық-зомбылығын ауыздықтауға зор саяси маңызы болғандығын айта келіп, экономикалық жағынан алғанда оның (реформаның) «нәтижесі мардымсыз» болғандығын, «бастапқыда белгіленген жоспардың аяғына дейін жүзеге асырылмағандығын» айтады және оның айғағы ретінде казак, кулактардан және байлардан алынған жер мөлшері аз болғандығын, сол жер телімдеріне орналастырылған батырақ және кедейлер отбасының 10 мыңға жетпейтіндігін (жоспар бойынша 80 мың отбасы орнығуы керек болған еді) келтіреді [14, 11-12- бб.].

С. Аспендияров жер мәселесіне байланысты жазған мақаласында партияның жер мәселесіне қатысты міндеттерін жан-жақты көрсете келіп, сол жер мәселесінің Түркістан өңірінде шешілуі бағыттарына арнайы тоқталады. Мақалада 1921-1922 жж. жер реформасы келімсектер мен көшпелі тұрғындар арасындағы қайшылықты жоюға негізделгені, ол келімсек кулактардың байырғы тұрғындар жерін өз бетімен басып алушылығын тию арқылы жүзеге асырылғаны, көшпелі тұрғындардың бірыңғай жер игеру формасы болмағандығы, сол себепті көптеген шаруашылық, аралас, яғни мал-егін шаруашылығы формасында көрінетіндігі айтылады. Осы

жағдайды ескере келіп, автор бұл арада жерді игеру формасын таңдауды тұрғындардың еркіне бермей, жерге орналастыруды мемлекет тарапынан жүргізу керектігін, бірінші кезекте отырықшылыққа өткен «бұрынғы көшпелілерді», сондай-ақ жартылай көшпелілерді жерге отырғызу, олардың арасында жер қоғамдарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді. «Онсыз – дейді С. Аспендияров – тарыдай шашылып жатқан басқарусыз бұратана кедейлер бай, манап қолтығына тығылып, олардың ықпалынан кете алмайды» [15, 35-36-бб.].

Бұдан кейінгі Қазақстандағы жер мәселесінің шиеленісуі Ф.И. Голощекиннің келуімен байланысты туындағаны белгілі.

Ф.И. Голощекин жер мәселесінде үш жағдайды бір-бірімен тығыз байланыста қарастыруды айтады. Олар: ұлттық мәселе, ұлтаралық мәселе және таптық мәселе. Әрине, жер мәселесін ұлттық, ұлтаралық тұрғыдан қарастыру түсінікті. Патшалық Ресей кезінде басқа ұлт өкілдері байырғы тұрғындар – қазақтардың орасан зор территориясына еніп, шұрайлы да шүйгінді жерлерін иеленіп, өздерін шөлді-шөлейтті, таулы-тастақты аймақтарға ығыстырып тастағаны белгілі. Міне, сол отаршыл жер саясатының зардаптарын жою керектігі туындағаны белгілі.

Бірақ, Ф.И. Голощекиннің жер мәселесіне қабаттастыра таптық мән беруі бүтін бір халықтың трагедиясының бір бағыты еді. Ол осы мәселеде сол үш жағдайдың қатаң ескерілуін талап етті. Бұл жөнінде: «Жер мәселесі Қазақстанда ұлттық, ұлтаралық және өте-мөте таптық мәнде болғандықтан, оны біржақты қарастыру, шешу ауытқушылық болып саналады. Егер ұлттық жағынан қарастырылса, онда ол ұлтшыл ауытқушылыққа алып келеді. Езілген ұлттар мүддесінен қарастырылмай шешу отаршылдыққа, ал таптық мүдде ескерілмесе таза буржуазиялық ауытқушылыққа соқтырады» – деп көрсетеді [16, 161-162- бб.]. Осы тұжырымы арқылы Ф. Голощекин өзінің және жақтастарының ұстанған бағытына қарсыларды тізгіндеуді шешті деп айтуға болады. Сөйтіп, орталықтың өктемдік саясаты соның тұлғасы, іс-әрекеті арқылы көрініп қалды.

Жерге орналастыру мәселесінде бірінші, байырғы тұрғындар мүддесі қарастырылуы керектігі, яғни мәселені ұлттық тұрғыда шешу жойылып, орнына таптық мүдденің көтерілуі қазақтарға жерді сол өздерінің іштерінен іздестіруге алып келді. Ф. Голощекин «...ең алдымен қазақтарға қанша жер керектігін анықтап алу керек. Егер сіз сол учаскіде (қазақтардың)

орналасуын қанағаттандырсаңыз, онда қалған жерге басқа ұлт өкілдерін, яғни европалық тұрғындарды отырғызамыз. Міне, бар болғаны осы ғана. Менің есебімше бұл арада жер мәселесінде ұлттық мүддеге ешқандай нұқсан келген жоқ...» – дейді [16, 167- б.].

Әрине, ұлттық мүддеге нұқсан келді және келгенде қандай! Қазақтар толық және ойдағыдай жерге орналасып болмады. Белгіленген норма қазақтан жер алудың тәсілі болды. Оған бір мезетте басқа ұлт өкілдерін отырғызды. Сол европалықтарға ол жерден орын табылмаса оған үкіметтік басы онша ауыра қоймады. Өйткені, басқа жерлерден бәрібір орын табылар еді.

Ф. Голощекиннің қоныстандыру саясатында да өз ұстанымы болды. Оның ойынша Қазақстанда бос жерлер көп деп есептеген еді. Ал өз кезегінде жерлердің артық алынуы үшін осы «қайраткердің» колхоз, совхоздар құру, қазақтарды зорлап отырықшылыққа көшіру үшін қаншалықты «еңбектенгені» белгілі. Сол себепті де «...бұл күндері біздің дамуымызды тежеуші фактор – ол орасан зор бос кеңістіктер. Совхоздарды, отырықшылыққа өтушілерді жермен қамтамасыз ету нәтижесінде бізде көп артық жерлер қалды» – деп бекер айтпады [16, 278-б.].

Ф. Голощекиннің жүргізген саясаты, жерге байланысты ұстанған бағыты Орталықтың Қазақстан үшін ұстанған бағыты болып табылады.

Әрине, ғасырлар бойы шиеленісіп келе жатқан жер мәселесінің шешілмеуі ұлттық қайшылық тудыратыны заңдылық. Басқаша айтсақ, ұлттық жарасым негізі жер мәселесінің дұрыс шешілуінде болуы тиіс еді. Бірақ, езілген ұлттар, халық мүддесін көздейтін Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ осы саясаттың бағыты, барысы көңілден шықпай қалғанын білеміз. Шындығына келгенде кезінде меньшевиктер мен ревизионистер айтқан «Социалистік отаршылдық саясат» бағытының бір тармағы осы жер мәселесіндегі қайшылықтан байқалған еді. 1926 жылы 12-14 қараша аралығында Т. Рысқұловтың басшылығымен өткен «Жеке Кеңестің» ұсынысында ұлттық қайшылықтар «орыс кеңес шенеуніктерінің ұлттық республикалардың мұң-мұқтажы мен талап-тілектеріне тәкаппарсып елемей, тас мейір бюрократтық пен қарауынан көрінуде дей келіп, «сол қайшылықтар жергілікті халықтың жер мәселесіне деген мұң-мұқтажы мен мүддесін есепке алуды көзге ілмей, қоныс аудару – отарлау тенденцияларының шет аймақтарға қарай күшейте түсуі... осыдан туып жатыр» – деп, көрсетілуі көп жайды аңғартса керек [17, 325-б.].

Жоғарыда көрсетілген нәтижелер негізінде төмендегідей мазмұнда тұжырым жасауға әкеледі:

1. Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі кездегі жер мәселесіне қатысты шаралардың толық жүзеге асырылмағанының ақиқаттығына тағы да көз жеткізілді және қазақтарға бұрынғы қордағы жайлы жерлер қайтарылмады, жерге орналастыру аяқталған жоқ.

2. Қазақтарға жер белгілеу мемлекеттік жер мүлкіне жарамды алқаптар кесумен қабаттастыра жүргізілді. Мұның өзі Орталықтың бұрын отар болған езілуші ұлттың жағдайын бірінші кезекте шешу бағытындағы іс-әрекеттеріне күмән туғызады.

3. Үкіметтің арнайы заңдары, қаулы, шешімдері, сондай-ақ сол кезде қалыптасқан қайшылықты жағдайлар бойынша жер мәселесін ұлттық тұрғыда шешу, яғни тез арада қазақ тұрғындарын жерге бірінші кезекте орналастыру таптық мүдде желеуімен тізгінделіп тасталды.

4. Одақтық қажеттілікке байланысты Орталық өзінің шығарған шешім, қаулыларын бұзып, қазақ жерін республика жұртшылығы мен басқарушыларының келісімінсіз сырттан қоныстандыру үшін ашып берді. Егіншілікке керекті жер қорын қолдан жасатып алды. Мұның өзі кеңестік жер саясатының патшалық кезеңдегі саясаттың жалғасы екендігін дәлелдейді.

5. Орталық жер нормасын көтеріп, алғашқы күндерден-ақ дәстүрлі шаруашылық болашағына балта шапты. Ғылыми жүйеленген жер нормасы тым жоғары есебінде қабылданбады. Бұл әрекет Орталыққа қандай жағдайда болмасын қоныстандыру шарасын жүзеге асыру үшін артық жер қорын табу керек болғандығын көрсетеді.

6. Жер қатынастары шиеленіскен аймақтарда байырғы тұрғындардың заңды құқықтары ескерілмей, таптық мүдде сылтауымен мәселелер көп жағдайда келімсектер пайдасына шешіліп отырды.

7. Жер мәселесінің заңды түрде реттелуіне қатысты пікір білдіруші ұлт өкілдері «ұлтшылдар» есебінде қудаланды. Осы әрекеті арқылы Орталық барлық мәселені шешуде бірыңғай үстемдікке қол созғанын ашық білдірді.

8. Қазіргі күнге шейін жер мәселесінде кездесіп отырған проблемаларды, кезінде осы мәселенің дұрыс шешілмеуінің салдары деп айтуға болады.

Міне, келтірілген осы тұжырымдар кеңестік билік кезіндегі көтерілген отарсыздандыру шараларының аяғына жеткізілмегенін, көп жағдайда бұрынғы патшалық кезеңдегі қайшылықтар негізінде қалып қойғандығын көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Проскурякова Н.А. Концепции цивилизации и модернизации в отечественной историографии // Вопросы истории. – 2005. – №7. – С.153-165.
- 2 Жемчужников А.Н. Движение на Восток. (к вопросам переселения, землеустройства и колонизации). – М., 1927. – 143 с.
- 3 Брискин А.М. Казаки (Казакстан). – М.-Л.: ОГИЗ «Московский рабочий», 1931. – 48 с.
- 4 Скороспешкин В.К. Состояние и очередные задачи сельского хозяйства // НХК. – 1928. – №9-10. – С.67-90.
- 5 Родневич Б. От колониального вырождения к социалистическому расцвету. – М., 1931. – 127 с.
- 6 Зверяков И.А. От кочевания-к социализму. – Алма-Ата-М., 1932. – 140 с.
- 7 Сластухин Ф. Социалистическая перестройка кочевого аула // Советская этнография. – 1933. – №1. – С.68-97.
- 8 Токтабаев К. Совхозное строительство в Казахстане // НХК. – 1928. – №6-7. – С.1-6.
- 9 Семевский Б.И. Экономика кочевого хозяйства Казахстана в начале реконструктивного периода // Известия ВГО. – 1941. – Т.43. – №1. – С. 98-111.
- 10 Новиков М.П. Борьба КП Туркестана за разрешение земельного вопроса и восстановление хлопководства. – Ташкент, 1966.
- 11 6-й Всеказахстанский съезд Советов // Стенографический отчет. – Кзыл-Орда, 1927.
- 12 Материалы по землеустройству. – Кзыл-Орда, 1928. – 23 с.
- 13 Вопросы сельскохозяйства и ирригации Туркестана // Материалы II-го Средне-Азиатского сельскохозяйственного съезда и III-го съезда работников водного хозяйства. – Ташкент, 1924.
- 14 Рыскулов Т. Собрание сочинений. – Алматы, 1997. – Т. 2. – С. 7-21.
- 15 Асфендияров С. Партия и землеустройство // Спутник коммуниста. – 1921. – № 2-3. – С. 33-36.
- 16 Голошкекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане // Сборник речей и статей. (1925-1930 гг.). – М.-Алма-Ата, 1930. – 344 с.
- 17 Қазыбек М., Маймақов Ф. Құпия кеңестер. – Алматы: Санат, 1999. – 336 б.

References

- 1 Proskurjakova N.A. Konceptii civilizacii i modernizacii v otechest-vennoj istoriografii // Voprosy istorii. – 2005. – №7. – S.153-165.
- 2 Zhemchuzhnikov A.N. Dvizhenie na Vostok. (k voprosam peresele-nija, zemleustrojstva i kolonizacii). – M., 1927. – 143 s.
- 3 Briskin A.M. Kazaki (Kazakstan). – M. – L., OGIZ «Moskovskij rabochij», 1931. – 48 s.
- 4 Skorospeshkin V.K. Sostojanie i ocherednye zadachi sel'skogo ho-zjajstva // NHK. – 1928. – №9-10. – S.67-90.
- 5 Rodnevich B. Ot kolonial'nogo vyrozhdenija k socialisticheskomu rascvetu. – M., 1931. – 127 s.
- 6 Zverjakov I.A. Ot kochevanija-k socializmu. – Alma-Ata –M., 1932. -140 s.
- 7 Slastuhin F. Socialisticheskaja perestrojka kochevogo aula // Sovetskaja jetnografija. – 1933. – №1. – S.68-97.
- 8 Toktabaev K. Sovhoznoe stroitel'stvo v Kazahstane // NHK. – 1928. – №6-7. – S.1-6.
- 9 Semevskij B.I. Jekonomika kochevogo hozjajstva Kazahstana v nachale rekonstruktivnogo perioda // Izvestija VGO. – 1941. – T.43. – №1. – S. 98-111.
- 10 Novikov M.P. Bor'ba KP Turkeстана za razreshenie zemel'no-go voprosa i vosstanovlenie hlopkovodstva. – Tashkent, 1966.
- 11 6-j Vsekazahstanskij s#ezd Sovetov // Stenograficheskij otchet. – Kzyl-Orda, 1927.
- 12 Materialy po zemleustrojstvu. – Kzyl-Orda, 1928. – 23s.
- 13 Voprosy sel'skohozjajstva i irrigacii Turkeстана // Mate-rialy II-go Sredne-Aziatskogo sel'skohozjajstvennogo s#ezda i III-go s#ezda rabotnikov vodnogo hozjajstva. – Tashkent, 1924.
- 14 Ryskulov T. Sobraie sochinenij. – Almaty, 1997. – T. 2. – S. 7-21.
- 15 Asfendijarov S. Partija i zemleustrojstvo // Sputnik kommu-nista. – 1921. – № 2-3. – S. 33-36.
- 16 Goloshhekin F.I. Partijnoe stroitel'stvo v Kazahstane // Sbor-nik rechej i statej. (1925-1930 gg.). – M. – Alma-Ata, 1930. – 344 s.
- 17 Қазыбек М., Маймақов Ф. Құпия кеңестер. – Алматы: Санат, 1999. – 336 б.

Касымова Д.
**Соловей
в переломный период**

В статье рассматриваются проблемы взаимоотношений представителей формирующей казахской советской культурной элиты и сталинского режима через анализ некоторых аспектов творческого пути в 1930-е годы выдающейся оперной дивы Куляш Байсейитовой. К середине 1930-х гг. она осознанно принимала участие в процессах создания новой казахской культуры и формирования новой казашки. Её Я было осмысленным и в политическом плане. Поскольку её идентичность находилась в фокусе публичного созерцания, ей надо было неустанно работать над собой, чтобы соответствовать ожиданиям режима и зрителей. Как сумела оперная дива пройти между молотом и наковальней и стать моделью новой казашки и персонификацией всех своих современниц в сталинское время?

Ключевые слова: Куляш Байсейитова, опера, сталинизм, новая казашка.

Kasymova D.
**Nightingale
in Stalinist times**

The article elucidates the problems of relations between representatives of the emerging Kazakh cultural soviet elite and the Stalinist regime through analysis of some aspects of the artistic path in 1930s of the prominent opera diva- Kulyash Baiseitova. By mid 1930s she consciously participated in the processes of new Kazakh culture creation and formation of a new woman. Her Ego was developed politically as well. Her identity was in the permanent focus of authorities and public, she had to work tirelessly to meet the expectations. How could she on the razor edge and become a model of a new Kazakh woman and personify all her female contemporaries?

Key words: Kulyash Baiseitova, opera, Stalinism, new Kazakh woman.

Касымова Д.
**Қилы замандағы
бұлбұл**

Мақалада 1930 жылдардағы сталиндік тәртіп және қазақ кеңестік мәдени элита өкілдерінің қарым-қатынастарының түрлі қырлары ең танымал опера жұлдызы Күләш Байсейитованың бейнесі арқылы талданады. Ол 1930 жылдары жаңа қазақ мәдениетін және қазақ қыздарының бейнесін қалыптастыруға қосқан үлесінің себептері қарастырылған. Оның МЕН түсінігі саяси тұрғыда да өз тарапынан мойындалған. Оның сол кезеңдегі тәртіп және көрерменнің көңілінен шығу мақсатын көздеген ісінде, өзіне деген қойған талаптармен қатар жүрді. Сол заманның бейнесінің жарық жұлдызы ретінде, балта мен орақ билеген тәртіптің арасынан сытылып шығып, тұлға ретінде жаңа қазақ қызының бейнесін сомдады.

Түйін сөздер: Күләш Байсейитова, опера, сталинизм, жаңа қазақ қызы.

СОЛОВЕЙ В ПЕРЕЛОМНЫЙ ПЕРИОД

Период 1920-1930-х гг. представляет собой особый этап в истории советского государства, когда утверждается система тотального контроля над всеми областями социальной жизни и режим личной власти И.В. Сталина. В этот период советская власть формулирует/постулирует и планомерно проводит в жизнь политику в отношении женщин. Особый интерес представляют отношения между режимом и деятелями культуры, которые подписывают с режимом своеобразный контракт, выполнение которого является обязательным только для одной стороны – индивида, но не режима. Но были и счастливые исключения.

Певица Куляш (Гульбахрам) Байсеитова (1912-1957) (в девичестве Беисова) в истории культуры казахского народа больше чем просто певица (оперная певица, лирико-колоратурное сопрано). Она знаменовала органичный синтез достижений европейского искусства и казахской традиционной музыки. Куляш Байсеитова принимала активное участие в советском мифотворчестве, но её позитивная роль состоит в том, что она переработала и создала уникальные модели женщин и благодаря своему таланту сделала казахскую музыку доступной, привлекая интерес как слушателей, так и руководства страны. Вот лишь несколько мнений о роли Куляш в казахской советской культуре: «К.Байсеитова внесла свой вклад в осуществление культурной революции в советском Казахстане – она стала классической оперной певицей, тогда как начинала свою певческую карьеру как исполнительница казахских народных песен» [1], [2].

Куляш родилась в бедной казахской семье и провела детство с родителями в крайней нужде – отец был сапожником, но обладал уникальными музыкальными способностями, которые передал Куляш. Мать была прачкой и обстирывала аульчан. Революция и последовавший хаос поставили семью в бедственное положение, родители стали жить порознь. Из-за бедности мать не могла содержать Куляш, и в возрасте восьми лет девочку отдали в детдом [3]. Детская морально-психологическая травма оставила глубокий след в личности Куляш, поскольку она, уже как мать дочерей, опекала их, пока не оставила этот мир. Личностное становление Куляш проходило без родителей

в интернате, но она сохранила теплые воспоминания о матери и жила с ней в большой любви, когда они воссоединились. Для Куляш семьей на долгое время стали дети в интернате, учителя и воспитатели, а внешнее руководство страны – отцом и матерью. В голодные 1920-е годы она прошла через советские практики социализации и индоктринации – опытно-показательная школа (до 1925 г. она жила в детдоме, и с 1925 по 1927 гг. училась в школе-коммуне), учеба (не закончила) в педагогическом техникуме (поступила в 1927 г.), музыкальная самодеятельность, членство в комсомоле, активная общественная деятельность. Она твердо усвоила уроки жизни в школе-интернате (главное – выжить), и это помогло ей построить правильную советскую карьеру, и воспринимать внешние директивы и императивы как должное. Воссоединение с семьей было большой радостью для Куляш, она оберегала своих родных, даже чрезмерно. Особенности системы воспитания и образования в интернате, строгая дисциплина сформировали у Куляш отношение к работе не только как к средству выживания, но и необходимости быть полезной обществу, отвечать за свои поступки перед руководителями. Советская власть дала ей все, о чем могла мечтать казахская девушка – образование, воспитание, карьеру, высокий социальный статус, уважение и любовь народа, славу и материальное благополучие. Куляш Байсеитова дважды была лауреатом Сталинской премии второй степени (1948, 1949 гг.) и стала самой молодой обладательницей звания Народный артист СССР (в возрасте 24 лет, в 1936 г.). С 1938 г. Куляш несколько раз избиралась депутатом Верховного Совета Казахской ССР, горсовета г. Алма-Ата. Приход Куляш в культуру Казахстана был частью процесса осуществления культурной революции и создания новой казахской советской женщины. Куляш Байсеитова не оставила мемуаров, в распоряжении исследователей её дневниковые разрозненные записи [4], мемуары мужа Канабека Байсеитова [5], её речи и выступления, опубликованные в печати, воспоминания современников.

Теория быть женщиной от Куляш. Когда ей было 18 лет, Куляш встретила человека (Канабека Байсеитова), который не только стал спутником по жизни, но и помог ей в начале творческого пути – ввел в мир профессионального театра, познакомил с влиятельными в то время людьми, которые разглядели в ней большой талант и стали доверять исполнению сложных партий, всячески помогали ей и подбадривали.

По версии мужа Куляш, она получила благословение на артистическую деятельность от своего старшего брата, с которым Канабек поддерживал дружеские отношения. В своей книге Канабек Байсеитов с благодарностью вспоминает годы совместной жизни с Куляш: «Мы с Куляш прожили двадцать пять лет. Жизнь наша была наполнена большими событиями. Я вспоминаю о своей подруге с глубоким уважением и благодарностью. С нею связано все лучшее, что встречалось на моем пути, радости и счастье нашей семьи, история становления и развития казахского искусства. Поэтому она дорога не только мне, но и своему народу, который очень любит её и чтит». «Все замечательные качества её характера заложены были в ней с рождения, с самого детства» [5, с. 88].

Артистическая деятельность Куляш началась в 1930 г., когда она поступила в труппу казахского драматического театра. Как профессиональная певица Куляш сформировалась в процессе учебы в студии при музыкальном театре (был позднее переименован в театр оперы и балета). Программа обучения включала теорию музыки, сольфеджио, мастерство актера, историю музыки и постановку голоса [6]. Куляш была успешно кооптирована в новое искусство в стадии зарождения (опера и драма) и в последующем развивала его уже как представитель казахской советской оперы и новатор. Сведения о том, как Куляш начала свою артистическую карьеру, разнятся. По версии Нагулиной Н., она получила разрешение от отца, но родители в то время были в разводе [6, с. 4]. Муж Куляш, Канабек Байсеитов (согласно маскулинной позиции) приписывает себе «открытие» Куляш для сцены: «Когда я работал в молодежном рабочем театре, привлекал иногда Куляш к исполнению некоторых второстепенных ролей» [5, с. 80-86]. Он признает, что вначале не придавал значение её страстному желанию быть на сцене: «Живя у неё под боком, даже не предполагал, что девушка желает стать актрисой и посвятить себя этой профессии» [5, с. 82]. Куляш понравилась Канабеку своей добротой, нежностью, чуткостью, который к моменту их встречи уже имел богатый опыт общения с женщинами и был разведен: «С людьми была проста и скромна, ко всем относилась добожелательно, с пониманием, имела очень ласковый и мягкий характер. Меня уважала, как старшего брата, была младше на семь лет. От природы жизнерадостная и веселая, она умела радоваться всякой мелочи. Обрадовать её не представляло никакой труднос-

ти. Если же обижалась, то обида у неё проходила очень быстро. Она никогда не хранила в душе зла на кого-нибудь. Каким самобытным, светлым и ярким являлся её талант, таким светлым и удивительно добрым был и её характер» [5, с. 81]. Роль мужа, Канабека, в развитии артистической карьеры Куляш была, несомненно, большой, он ценил её талант, понимал особенности сценической деятельности, помогал в работе над образом, и поскольку сам работал в театре, то знал особенности околотеатральных процессов и закулисных игр [5, с. 80]. В своих воспоминаниях он пишет: «Когда казахи мечтают о детях, в первую очередь, думают о том, чтобы продолжалась их фамилия. Я был единственным в семье ребенком, поэтому родители все мечты свои и надежды связывали со мной. Конечно, по мере своих сил и возможностей, я пытался оправдать их надежды, но больше, по-моему, это удалось сделать их невестке. Благодаря таланту и искусству Куляш фамилия Байсеитовых стала известна не только в Казахстане, но и во всем Советском Союзе, а также во многих странах мира. Яркое, самобытное дарование Куляш прославило не только нашу фамилию, но и весь казахский народ, его национальное искусство» [5, с. 80].

Советская система дисциплинирующих практик (интернат и образовательные учреждения) и врожденное чувство такта, усиленные на примере матери еще в процессе совместной жизни с родителями представления о роли девочки и женщины, выработали у Куляш стереотипы поведения – признание и поддержание авторитета мужчины, соблюдение порядка и дисциплины, следование иерархически выстроенным отношениям, понятие о долге перед обществом. Муж описывает Куляш как примерную мать (у них было три дочери, младшая трагически погибла в раннем возрасте) и жену, которая совмещала эти роли, хотя приходилось жертвовать многим: «В семье Куляш тоже вела себя очень скромно. Даже имея уже звание народной артистки СССР и завоевав большую популярность в народе, ведя большую общественную работу, она сама стирала и мыла полы, оставаясь в доме матерью и хозяйкой» [5, с. 88-89]. Он передает слова Куляш о необходимости оставаться хозяйкой в доме, называя это *её теорией*: «...семья никогда женщине не в тягость. А дети только украшают её. Иначе зачем она – женщина? Голос же чище становится...» [5, с. 95]. «Куляш, став депутатом Верховного Совета Казахской ССР, получив звание народной артистки СССР, дважды удостоившись звания лауреата Государственной пре-

мии СССР, будучи членом Государственного комитета по выдаче этих премий по-прежнему оставалась удивительно скромным и простым человеком. Она всегда подчеркивала, что это не только её заслуги, но и мои, что она делит их со мною наравне: и радости свои, и горести, и удачи. Не скрою, чем выше была её слава, тем больше находилось людей, которые старались принизить меня, выразить свою жалость, подчеркнув превосходство моей жены» [5, с. 95]. Несмотря на уязвленность, но Канабек вынужден признать: «...Но дарование Куляш являлось особенным, ни на чье не похожим. Говоря о ней, не хочется выделять и себя, говоря же о ней, нежелательно принижать её достоинства» [5, с. 80].

Куляш по волнам новой казахской музыки. Европейские культурные модели пришли в казахскую степь для большинства казахского населения только со становлением советской власти – образование, музыка, визуальные средства культуры. Поэтому участники проведения культурной революции в советском Казахстане были и теми, кто формировал каноны и каналы внедрения иных цивилизационных форматов в казахскую ментальную карту и нормативно-ценностные параметры. Одним росчерком пера руководителей советского Казахстана была создана новая казахская культура – музыка, опера, танцы, балет, театр и кино. Артисты становятся не просто профессионалами, но и со-творцами нового образа жизни. Музыка всегда занимала одно из самых высоких положений в иерархии ценностей казахов, поэтому акыны и композиторы-певцы пользовались особым уважением и приобретали символическое значение уже при жизни. Оперное искусство в Казахстане обязано своим появлением не только директивам партии и правительства и титаническим усилиям тогдашнего наркома Просвещения Темирбека Жургенева. Приведем цитату из выступлений Т. Жургенева о значении, которое придавалось развитию театрального искусства в Казахстане: «За годы существования этого театра успел вырасти крепкий талантливый коллектив – первые кадры профессиональных казахских актеров и актрис. Последнее особенно знаменательно для нас. Ибо только с приходом Великого Октября казахской женщине открылся доступ к искусству. Имя заслуженной артистки Куляш Байсеитовой известно в отдаленнейших уголках Казахской Республики. Исполняемые ею песенки и арии, в основе своей имеющие народную мелодику, знакомы жителям не только Алма-Аты. Их знают на Балхашстрое,

и в Джанаркинских степях, и в Мангистауских песках. Куляш Байсеитова – одно из самых дарований в коллективе казахского театра. Её исполнение искреннее, трогательное и лиричное, глубоко волнует слушателя. В старых казахских песнях Куляш передает правдивую повесть о печальном прошлом казахской женщины, раскрывает её духовный мир. В новых песнях о сегодняшнем Казахстане Куляш находит яркие, жизнеутверждающие краски» [8]. Так Куляш подписала «контракт» с режимом, а впоследствии и лично с товарищем И. Сталиным, и стала исполнять особую роль на культурном фронте. Творческая биография Куляш представляет собой яркий пример слияния двух культурных миров – казахского, от которого она переняла не только манеру исполнения, но и глубокое проникновение в мир звука для более точной передачи философского толкования песни и её музыкального оформления, и русского. Необходимо признать, каких невероятных трудов стоило Куляш овладеть искусством оперного пения, поставить голос, вникать в суть замысла композитора, проникнуть в глубину образа и спеть на европейском уровне. Обучение оперному искусству требует долгих лет обучения и практики, тогда как у Куляш было всего два года. Золушка в мгновение ока становится оперной дивой, и благодаря признанию её таланта руководителями советского государства поднимается до уровня человека, способного принимать судьбоносные решения в масштабах огромной советской империи. Как происходило это поистине сказочное превращение из Золушки в королеву казахской советской оперной сцены? Во многом, конечно же, это результат непрерывной работы над собой. Канабек Байсеитов вспоминал: «Может, окажусь не прав, позволив себе такое сравнение, но она доказала, что её удивительная выносливость не уступает выносливости степного верблюда, являющегося у казахов символом терпения. В сутки она занималась и пела не менее десяти часов. Я удивляюсь, как она не сорвала свой голос. У неё хватило и терпения, и выносливости, и характера» [5, с. 101]. Неустанными репетициями под руководством опытных педагогов по вокалу Куляш развила свой голос до лирического колоратурного сопрано [5, с. 101]. Она приобщилась в оперном искусстве к музыкальной традиции русской оперной школы благодаря педагогическому мастерству своих учителей, которые получили классическое оперное образование в Италии [6, с. 25]. «...вооруженная техникой вокала европейской школы

пения Куляш Байсеитова «открытым» звуком подняла песенное искусство народа на более высокую ступень. Перекинув мост от прошлого к настоящему, она сохранила в нем национальный колорит, отличный от песенного исполнительства других наций» [6, с. 29]. В чем была сила её героинь – это должна была показать хрупкая с виду Куляш, призванная сломать традиционные представления о роли женщины в искусстве – сама трактовала образы своих героинь, создавала новые каноны – как должна переживать и любить/страдать/ненавидеть казашка. Её героини жили в переломное время, которое требовало от них решительности, они порывали с прошлым и не жалели об этом, открывали пути тысячам женщин к новой жизни, выбирали жизненную стезю, спутников по сердцу, устанавливали новые идеалы и ценностные мотивации. Героини, которых на оперной и драматической сцене воплотила Куляш, были сильными женщинами, именно в таких нуждалось измученное казахское общество. Они боролись за свое счастье, любили, и даже, когда не могли отстоять свою любовь, не теряли достоинства. В конце 1920-х – начале 1930-х гг., когда зарождался казахский советский театр и женщины вышли на театральные подмостки, они не всегда встречали одобрение со стороны общества. Об этом писала Куляш в одной из своих публикаций в «Казахстанской правде» в 1934 г.: «В совхозе «Чаганабо» и в ряде колхозов Зайсанского района, где мне приходилось выступать по поручению театра, я встречала работниц и колхозниц, которые открыто бранили меня за «потерю стыда» и «безнравственное» поведение, выразившееся в исполнении эстрадных номеров совместно с «чужими мужчинами», артистами нашего театра» [6, с. 14].

Она работала во многих музыкальных жанрах – казахская песня, опера, русские романсы. Оперная певица использовала потенциал своих вокальных данных (тембровая окраска, сила голоса, выразительность интонирования, нюансировка звука, музыкальный материал, текст, музыкальное сопровождение) и возможности сценического и драматического оформления сцены для того, чтобы донести не только смысл оперного произведения, но и через предоставленные технические возможности – до дальних уголков страны голос режима [9]. К. Байсеитова была соучастником всех музыкальных новшеств и благодаря её исполнению они стали составной частью современной сокровищницы казахской музыки, но и творили новую идентичность в музыкальном переломе

нии. Теперь только так можно и нужно было слышать мир и передавать свои чувства, олько так может петь влюбленная и страдающая душа казашки. Куляш создавала мир эмоций, жестов, мимики казахской девушки или женщины, и эти музыкально-визуальные репрезентации становились уже частью не только искусства и манифестации идеологии режима, но и входили в арсенал реальных женщин, которые должны были ими овладеть и стремиться к новым высотам. Это была своего рода и культуртрегерская миссия – изменить ментальные схемы казахов, в том числе и женщин, указать им путь освоения культурного пространства. Развитие новых видов искусства – театра, оперы, балета и танца рассматривалось как часть революционной борьбы по переустройству быта и сознания казахов, а культурная революция действительно рассматривалась как война: «...Участницы слета станут пропагандистами театрального Октября в самых глухих уголках Казахстана, и не одной сотне аульных певиц, рассказчиц и танцовщиц укажут путь борьбы и побед на фронте казахского социалистического искусства» [10].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің жолдамасында айтқандай, «ұлттық мүддені қорғауды және болашақта аймақтағы күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз етудің жолы – интеграция саясатында жатыр. Сондықтан да бірінші кезекте Қазақстан өз сыртқы саясатында басты назарды Ортаазиялық интеграциялық үрдіске бөлуі тиіс», – дейді [1].

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеле-

неді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттермен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр. 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап, біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Көптеген себептерге байланысты Орталық Азия мен Қазақстан аймағы әлем саясатында қазіргі кезде ерекше назарға ие. Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі трансұлттық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығушылығын танытып отыр. Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Бүгінгі күні Қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағытталып отыр. Бұл тұрғыда 2006-2007 жылдары аталмыш мемлекеттермен және аймақтармен екі жақты байланыс едәуір алға басты. Ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссель, Лондон, Бейжің, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түседі [2].

Орта Азия мәселесін зерттеу көптеген еуропалық, америкалық, ресейлік, жапон, үнді ғалымдары тарапынан қызығушылығын тудырады. Олар Орта Азияны әр түрлі көзқарас тұрғысынан зерттеген. Мәселен ресейлік зерттеушілер А. Казанцев, Н. Нарекин, И.Д. Зягельская, Богатуров т.с.с. өздерінің еңбектерінде негізінен екі жақты қарым-қатынас тұрғысынан, сонымен қатар Қытайдың Орта Азияға әсер ету дәрежесін төмендету мен батыс елдерімен бірдей деңгейдегі қарым-қатынас орнатқысы келетіндігі сипатталады. Алайда бұған ақпараттық, қаржылай ресурстардың жетіспеушілігі байқалады.

Орта Азиядағы проблемалар өздігінен (аймақ мемлекеттері тарапынан) шешіле алмайды дей-

ді Халықаралық Дағдарыстар Орталығының Орталық Азия бойынша жобалар жетекшісі, профессор Д. Тунан. Себеп ретінде ол жеміссіз басқаруды көрсетеді. Қазақстан секілді алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер, кедейшілікте, тұрмыс жағдайынсыз өмір сүреді, толықтай саяси регресс; Қырғызстанда саяси жемқорлық, экономикалық дағдарыс, ұлтшылдықтың өсуі, шетелдік инвестицияның тежелуі; Тәжікстанда Ауғаныстанның оңтүстігімен шекараласатындықтан есірткі мәселесі өткір болып тұр; Түркменстан мен Өзбекстан авторитарлық режимдегі мемлекеттер, соңғысында, ел басшысы ұзақ жылдар бойы басқарғандықтан басшылықтың ауысуына байланысты мирасқорлық жоқ. Шетелдік коммерциялық емес сарапшылардың берген бағасы осыған ұқсас болып келеді [3].

Орта Азиядағы ішкі жағдай тербеліс жағдайында, ішкі жағдайдағы өзгерістер мемлекеттердің сыртқы саясатына және көршілес елдермен қарым-қатынасына кері әсерін тигізе алады.

Орта Азиядағы мәселелерді ішкі және сыртқы аймақтық деп бөлуге болады. Ішкі аймақтық өзекті мәселелерге трансшекаралық өзендердегі су ресурстары, мемлекеттік шекара, діни экстремизм және терроризм, есірткі тасымалы, еңбек миграциясы секілді өткір проблемалар күн тәртібінде тұр. Сыртқы аймақтық мәселелер басқа әлемдік не аймақтық державалардың мүдделерінің түйісуі нәтижесінен туындаған, сонымен қатар, діни экстремизм және терроризм, есірткі тасымалы да сыртқыға жатады. Джоан Хопкинс университетінің Орталық Азия және Кавказды зерттеу институтының басшысы, профессор Ф. Старрдың ұсынған «Үлкен Орталық Азия» идеясы бойынша Ауғаныстанды кіргізу ойластырылған, одан кейін Шыңжаңды, тіптен Пәкістан да қарастырылған. Бұл «Үлкен Таяу Шығыс» идеясының жаңа тұрпаты екені анық. Бұл тарапта Үлкен Орталық Азия арқылы АҚШ өзінің стратегиялық жоспарын орындауды көздейді. АҚШ-тың Орталық Азияны өзінің қарамағында ұстап тұрудың ең тиімді жолы ретінде Ауғаныстан арқылы бақылау, бұл жерде тек қана Ауғаныстан ғана емес, сонымен қатар Таяу Шығысқа да ыңғайлы буферлік мемлекет болып табылады. Ауғаныстаннан АҚШ әскерінің шығарылуы 2014 ж. толығымен аяқталғанмен АҚШ әскері ол жерде тек қана бейбіт, тәртіп бақылау мақсатында қалуын жалғастырады [4].

Қазіргі таңда Орталық Азиядағы жағдай біршама тұрақталған секілді, бірақ ол тұрақтылық аймақтағы елдердің саяси, экономикалық

және әлеуметтік үрдістерінің сипаты мен екініне байланысты.

Аймақтық қауіпсіздікке төнетін ең басты қауіп халықаралық лаңкестік және діни экстремизм идеяларының әсерімен келетін сыртқы қауіп емес. Әрине, сыртқы фактордың рөлін де дұрыс бағалау қажет. Бірақ Орталық Азия қауіпсіздігі үшін ең басты мәселе Орталық Азия республикаларында мүмкін болатын ішкі саяси дестабилизацияға байланысты деген ойдамын. Бұл мәселенің негізгі себебі тұрғындардың негізгі массасының материалдық жағдайының нашарлауының өз жалғасын табуы, экономикалық және саяси реформаларының аяқсыз қалуы, биліктің саяси құрылымдарының тұрақсыздығында. Жағдай, сонымен бірге, саяси билікті бір субъектіден екінші субъектіге берудің өркениеттік-құқықтық механизмінің жоқтығымен өрши түседі. Андижан мен Бішкектегі оқиғалар осыған бір дәлел болды.

Орталық Азиядағы жағдайды бағалау барысында аймақтағы ұлы және аймақтық державалар саясатының белсендей түсуін есепке алмауға болмайды, бірінші кезекте АҚШ Орталық Азияда өз белсенділігін, сондай-ақ Қытай, Үндістан, Иран, Пәкстан, Түркия және Жапония арттыра түсуде [5].

Бүгінгі таңда тұрақты орын алып отыратын халықаралық қақтығыстарды реттеу мәселесі аталмыш аймақта да көпжақты болып келеді. Оларды экономикалық, саяси, заңды, географиялық және мәдени-тарихи өлшемде сипаттау керек. Орталық Азия аймағындағы қақтығыстар мен шиеленістер мәселесі – жеке мемлекеттердің ғана емес, сонымен бірге халықаралық ұйымдардың ортақ мәселесі. Бүгінде және келешекте халықаралық қақтығыстарды реттеу мен болдырмаудың басты жолы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты және серіктестікті дамытуда жатыр. Осындай жолмен ғана мәселелерді шешу мүмкін болып табылады. Халықаралық қауіпсіздік саласында аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, әлемнің өзара байланыстылығы Орталық Азия аймағындағы жағдайға ықпал ету үшін аймақтық деңгейде бірігіп шешім қабылдауы керек.

Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі қауіпсіздігі көп деңгейлі және көп тараптық сипатқа ие, оны тиімді қамтамасыз ету жағдайлар мен факторлардың едәуір санының болуын талап етеді. Аймақтық әлеуметтік жүйелерін әдістеудің негізінде келесідей факторлар – ішкі қауіпсіздік қатерлерінің топтарын ескеру жатыр:

әлеуметтік экономикалық (дамудың біркелкісіздігі); тарихи-географиялық (этникалық және конфессиялық алуан түрлілік); аймақ тұрғындарының құқықтық саяси дамуының өзіндік ерекшелігі [6].

Орталық Азия елдерінің ішкі қауіпсіздік саласындағы интеграцияның тереңдету мүмкіндіктерін қарастыра отырып, ішкі қауіпсіздік қатерлерінің алдында күш біріктіру мен үйлестірудің объективті ықтиярсыз қажеттілігінің авторитарлық басқару тәсілінің, Орталық Азия мемлекеттерінің көшбасшылары қолында билік өкілеттіктерінің шоғырлануының көмегімен ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы интеграциясының деңгейі ең алдымен аймақ мемлекеттерінің арасында осы тақырыптың мазмұны мен мәселелігіндегі айтарлықтай айырмасының болуымен шектеледі.

Ішкі қауіпсіздікке көзқарастардың концептуалды жақындығына қарамастан, Орталық Азия елдерінің әлеуметтік және экономикалық даму жағдайларындағы айтарлықтай айырмалар ортақ, бүкіл ортаазиялық аймақ үшін әмбебап ішкі қауіпсіздік әдісін құру туралы әңгіме қозғау мүмкіндігін бермейді. Бірақ орасан айырмашылықтарға қарамастан, Еуропалық Одақ ішкі қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудың әдіснамасы ортаазиялық аймақтық барлық елдері үшін пайдалы және қолдануға лайықты келеді.

Орталық Азия елдерінің ішкі қауіпсіздік саласындағы интеграциясының дамуы үшін сөзсіз пайдалы болатын Еуропалық Одақ тәжірибесіне біз, ең алдымен, еуропалық прагматизмді жатқызамыз, ол «екілік стандарттар» саясатынан көрініс табады – еуропалық үкіметтік емес ұйымдардың дамушы елдерде жүргізіп жатқан адам құқықтары үшін күресі Еуропалық Одақ алдыңғы қатардағы елдерінің геосаяси мақсаттармен, экономикалық және саяси мүдделерімен жақсы үйлестірілетіндігі құпия емес.

Орталық Азия елдері үшін ішкі қауіпсіздік пен интеграцияға осылайша прагматикалық тәсілмен келудің мәнісі – Орталық Азия елдері қатарына кіретін мемлекеттердің өмір сүру салты мен әлеуметтендіруінің орталықтандырылған жүйелі нысанын білдіретін және қорғаушы халықаралық ұйымға мемлекеттердің барынша кең шеңберінің бірігуі қажеттілігін ұғынуда. Менің ойымша, интеграциялық үрдістер аймақтың алдыңғы қатардағы екі немесе үш мемлекет көшбасшыларының саяси еркі мен келісімдерінің негізінде емес, АӨКӨК секілді кең ұйымдардың тұғырнамасында дамиды.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Ақиқат. – 2005. – №3. – 166 б.
- 2 Көшкімбаев С.Л. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность, 2002. – 102 с.
- 3 Щербанин Ю.А и др. Международные экономические отношения, интеграция. – М., 1997. – С. 32. – 125 с.
- 4 Ашимбаев М.С. Орталық Азия 11 қыркүйекке дейін және кейін: геополитика және қауіпсіздік. Қазақстанның сыртқы саясатының өзекті мәселелері. – М., 1998. – 16 с.
- 5 Баймағамбетова А.А., Адамбеков Б.К. Орта Азиялық қауымдастықтың ТМД кеңістігіндегі рөлі. 209-212-б.
- 6 Динкевич А.И. Центральная Азия: новые тенденции в экономике. – М., 1998.

References

- 1 Nazarbaev N.Ә. Қазақстан jekonomikalық, әлеуметтік және saјasi zhedel zhaңaru zholыnda. Қазақстан Prezidentінің Қазақстан halkына zholdauы // Aқиқат. – 2005. – №3. – 166 b.
- 2 Kөshkimbaev S.L. Central'naja Azija na putjah integracii: geopolitika, jetnichnost', bezопасnost', 2002. – 102 s.
- 3 Shherbanin Ju.A i dr. Mezhdunarodnye jekonomicheskie otnoshenie, integracija. – M., 1997. – S. 32. – 125 s.
- 4 Ashimbaev M.S. Ortalyқ Azija 11 qyrkүйekke dejin және кейin: geopolitika және қауіpsizdik. Қазақstannың сыртқы saјasatynың өзекті мәseleleri. – M., 1998. – 16 s.
- 5 Bajmaғambetova A.A., Adambekov B.K. Orta Azijalyқ қауымdastықтың TMD кеңistiginдеgi рөli. 209-212-b.
- 6 Dinkevich A.I. Central'naja Azija: novye tendencii v jekonomike. – M., 1998.

Ахметжанова А.Т.,
Искакова Ғ.З.,
Байдавлетова М.Д.

**АКТ-ны «Қазіргі заманғы
Қазақстан тарихы» пәнін оқыту
процесі барысында қолдану**

Мақалада АКТ-ны Қазақстан Республикасы ЖОО-да «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәнін оқу процесі барысында қолдану мәселесі қарастырылған. Автор «Үсараса», «Prezi», «Webquest» т.б. сияқты қазіргі кезде кең қолданысқа ие болған ақпараттық бағдарламалардың құрылымы, олардың қолдану жүйесін сипаттайды. Демек АКТ-ны қолдана отырып пәнді оқыту барысында өткізілетін сабақтардың деңгейі мен мазмұны артып, студенттерге пәнді меңгеру және ұғыну жеңілдей түсетіні тұжырымдалады.

Сонымен қатар әлемде білім жүйесінде қолданылатын ақпараттық технологияларға талдау жасалды. АКТ-ны қолданудың тиімділігі мен оның қолданбалы маңызы ашып көрсетіліп, оқытушылардың жаңа технологияны қолдану тәжірибесі қаралды.

Түйін сөздер: оқытушы, АКТ, жаңа технологиялар, ЖОО, интернет.

Ahmetzhanova A.T.,
Iskakova G.Z.,
Baidavletova M.D.

**Using ICT in the teaching of
the subject «Modern history of
Kazakhstan»**

This article deals with the problems of application of information and communication technologies in the learning process in the university's of RK on discipline «Modern History of Kazakhstan». The author describes the structure of the scheme of use of information programs such as «Үсараса», «Prezi», «Webquest» and others. Thus, the use of ICT in the study of the subject increases the level and content of training, contributes to the rapid assimilation of the subject by students.

Also, given analysis of the basic information technologies used in the educational system in the world. Disclosed is a question of efficiency and practical importance of using ICT as well as discussed the experience of teachers in the use of new technologies.

Key words: teacher, ICT, new technology, university, internet.

Ахметжанова А.Т.,
Искакова Ғ.З.,
Байдавлетова М.Д.

**Применение ИКТ в процессе
преподавания дисциплины
«Современная история
Казахстана»**

В данной статье рассмотрены проблемы применения информационно коммуникационных технологий в процессе обучения в ВУЗ-х РК по дисциплине «Современная история Казахстана». Автор описывает структуру, схему использования информационных программ таких как «Үсараса», «Prezi», «Webquest» и др. Таким образом использование ИКТ при изучении предмета повышает уровень и содержание занятий, способствует быстрому усвоению предмета студентами.

Также дан анализ основным информационным технологиям используемых в системе образования в мире. Раскрыт вопрос эффективности и прикладного значения использования ИКТ, а также рассмотрен опыт преподавателей в использовании новых технологий.

Ключевые слова: преподаватель, ИКТ, новые технологии, ВУЗ, интернет.

**АКТ-НЫ «ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ» ПӘНІН
ОҚЫТУ ПРОЦЕСІ
БАРЫСЫНДА
ҚОЛДАНУ**

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар басым жағдайда ақпараттық технологиялармен синоним ұғым ретінде қарастырылады. АКТ – тұтынушылардың ақпаратты алуға, сақтауға, алмасуға және өңдеуге мүмкіндік беретін коммуникациялық құралдардың рөлін және маңызды бағдарламалық қамтамасыз ету құралы ретіндегі телекоммуникациялардың, компьютерлердің интеракциясы жөніндегі пәндер жиынтығы. АКТ ұғымы академиялық зерттеушілермен 1980 жылдардан бері қолданылып келеді. Бірақ, бұл ұғым 1997 жылы Ұлыбритания үкіметіндегі Денис Стивенсеннің баяндамасында және 2000 жылы Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландияның қайта қаралған ұлттық оқу бағдарламасында қолданылғаннан кейін ғана ғылымда кең түрде қолданысқа ие болды. Бұл жаңалық қоғамның барлық салаларының жаңаша бағытта дамуына өзінің ықпалын тигізді. Әсіресе ХХІ ғасырдағы ақпараттың қарқынды таратылуы білім саласында да АКТ-ның рөлін күннен-күнге арттыруда.

Қазақстан Республикасының білім саласын ақпараттандыру ұлттық білім моделін жетілдірудің негізі болып келеді. Осы бағытта мемлекет тарапынан бір қатар құжаттар қабылданған болатын. Мәселен, 1997 жылы 22 қыркүйекте білім жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды (1997-2002 жж.), 2001 жылы 6 тамызда Қазақстан Республикасының білім жүйесін ақпараттандыру концепциясын ҚР Үкіметі қабылдады (2002-2004 жж.) [1]. Сол сияқты 2010 жылдың 29 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасы қабылданған болатын. Сонымен қатар, интернет жүйесі абонент тығыздығы 2009 жылы 100 адамнан 3,69-дан 8,6-қа өсті, 2012 жылы бұл көрсеткіш екі есе өскен болатын. Халықтың компьютерлік сауаттылық деңгейі артты. 2009 жылы 19,4%-дан 2011 жылы 47,4%-ға артты [2]. Мемлекет тарапынан жасалған аталған жағдайлар студенттердің негізгі дағдыларын дамытуда үлкен потенциалы бар [3]. Яғни ақпараттық коммуникациялық технологияларды оқу үдерісіне қолданудың жалпы мынадай артықшылықтары бар:

– Оқытудың жеке тұлғаға бағытталуы;

– Студенттердің өз бетімен жұмыс жасауын күшейтуі;

– Студенттің үлкен көлемдегі тапсырмаларды орындай алу мүмкіндігінің болуы;

Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы пәні ЖОО-да тарих емес факультеттерде 3 кредиттік жүктемемен 15 аптада оқытылады. Оқу материалы өте ауқымды болуына байланысты, студенттермен лекция, семинар мен өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыра білу оқытушының міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі заманғы Қазақстан тарихы пәнін ЖОО-да тарих емес факультеттерде оқыту барысында мынадай қиындықтар туындайды:

– Аудиториялық сабақтардың дәстүрлі тәжірибесінде көретініміздей оқу сағаттарының көлемінің аздығына байланысты коммуникативті процесті толығымен жүзеге асыру қиындық туғызады;

– Студенттер саны әдетте семинарлар мен лекциялар тақырыптарын толығымен ашуға толық мүмкіндік бермейді;

– Жаңа технологиялармен ЖОО-ның толыққанды қамтамасыз етілмеуі;

– Сонымен қатар, қазіргі кезде дамыған еуропа мемлекеттері білім жүйесі үшін маңызды есептелетін ақпарат көзі есептелетін интернет желісінің жоғары сапалы болмауы.

Аталған қиыншылықтарды талдай келе, оларды жеңудің бірден-бір жолы бұл интернет ресурстарын пайдалануға негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үрдісінің сапасын арттыру үшін қолдану болып табылады. Осы технологиялар негізінде медиобілім берудің әр түрлі тәжірибелері белгілі, олар медиапедагогика және медиадидактиканың дамуына алып келді. Бұл технологиялардың негізгі артықшылығы оқыту процесін қашықтан басқарып, студенттерді қажетті құралдармен қамтамасыз етіп, өз бетімен білім алуына ынталандырады. Сол сияқты АКТ қолданудың бұндай білім беруді ақпараттандырудың жаңа формаларының ішінде «Үасараса», «Prezi», «Webquest» т.б. сияқты түрлері белгілі.

«Webquest» (веб-квест) интернет жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылатын оқыту бағдарламасы. Бұл веб-квест оқыту процесі барысында түрлі деңгейіндегі интернет арқылы пәндерге интернеттің интеграциясы жасалуы үшін қолданылады [4]. Веб-квестті оқыту тапсырмалар базасы ретінде ойлап тауып, негізін салушы Сан-Диего университетінің (АҚШ) білім берудегі технологиялар профессоры Берни Додж. Веб-квест бағдарламасы алғаш рет

АҚШ-та қолданылды. Алдында айтқанымыздай аталған бағдарлама оқыту жүйесінің кез келген сатысында қолданылуға арналған, алайда оны қазіргі таңда дүниежүзінде белсенді түрде орта білім жүйесінде қолданылуда. Батыс ғалымдары пайымдауынша университет оқытушылары жаңа технологияларды қолдануда енжарлық танытуда. Сондықтан батыстың ЖОО-да білім саласында қолданылатын ақпараттық коммуникациялық технологиялар арнайы оқытылуда. Мәселен, Ворвик университетінде (Ұлы Британия) білім беру институтында (факультет) білім беру саласының мамандары оқытылады. «Білім берудегі лидерлік пен инновация», «білім берудегі лидерлік пен менеджмен» т.б. мамандықтарды игеретін студенттер «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» (ICT) пәнін оқу барысында аталған жаңа технологияларды қолдану ерекшеліктерін толық танып біліп, қолданылуына мүмкіндігі бар.

Веб-квест оқыту бағдарламасы туралы айтар болсақ, бұл оқыту бағдарламасының қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімді мақсаты белгілі. Қысқа мерзімдік мақсаты (1-3 күн) жаңа білімді игеру болса, ұзақ мерзімді мақсаты (3 күннен көп) алған білімін кеңейтіп, жетілдіру болып табылады [5].

Веб-квест бағдарламасы келесідей элементтерден тұрады: Кіріспе бөлімінде оқу пәні немесе оқу пәні аясында қарастырылатын мәселе туралы ақпарат беріледі;

1. Тапсырмалар жиынтығы. Әдетте студенттерді ынталандырушы факторлар қолданылады;

2. Міндеттерді жүйеге асыру үшін ақпараттық құралдар жүйесі және қосымша мәліметтері;

3. Студенттердің тапсырмаларды орындауы үшін берілетін нұсқаулар;



4. Диаграммалар, карталар және кестелер бойынша тапсырмаларды орындау барысында студентке түсініксіз мәселелер бойынша сұрақтарды оқытушыға жіберу.

Жоғарыдағы элементтерді талдай келе біріншіден, веб-квест студенттердің абстракты емес нақты мәселе төңірегінде ізденіс жасауына, сонымен қатар, оқытушымен және құрбыларымен осы бағдарлама арқылы байланыс жасап, ақпарат алмасуына мүмкіндік береді. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытып, оқу барысында игеруі тиіс дағдыларды меңгеруге толық мүмкіндік береді [6].

Екіншіден, оқыту ортасын қалыптастырып, студенттердің белсенді жұмыс жасауына жағдай жасайды. Яғни, бұл бағдарлама қарастырылатын мәселелер төңірегінде маңызды сұрақтарды

анықтауға және талдауға студенттерді итермелейді. Веб-квестті қазіргі заманғы Қазақстан тарихы пәнін ЖОО-да оқытуда мынадай формаларын қолдануға болады:

- Белгілі тақырып бойынша ақпарат базасын жасау;
- Студенттер қолдана алатын гиперссылкалары бар микроәлем (микромир) жасау;



- Интерактивті оқулық жасау (ақпаратты толықтырып, жинап отырған студенттер есімі және мерзімі көрсетіліп отырады);
- Белгілі тақырыпты талдауға арналған құжат дайындау;
- Интервью жазу. Тарихи тұлғаларға сұрақтар жазу, жауаптарын дайындау (бұл студенттердің топпен жүзеге асыратын тапсырмасы) [7];

- Жоғарыдағыларды сараптай келе веб-квест оқыту бағдарламасын оқыту процесінде ЖОО-да қолданудың ғалымдар тиімді және тиімсіз жақтарын анықтаған болатын. Тиімді жақтары қатарында мыналарды атауға болады:
- Студенттердің критикалық ойлауын дамытады;
- Суденттердің компьютерлік сауаттылығын арттырады;

– Оқу материалын игеруді ынталандырады;
– Студенттердің тапсырмаларды шығармашылық тұрғыда орындауына мүмкіндік беріледі.

Сол сияқты, веб-квест бағдарламасының бір қатар кемшіліктері де бар. Біріншіден, студенттердің белгілі тақырып төңірегінде ұзақ уақыт бойы қызығушылықтарын туғызбауы мүмкін. Екіншіден, тақырыпты оқып бітпей жатып бағдарламада жұмыс жасау студенттерді жалықтыруы мүмкін.

Қорытындылай келе АКТ-ны ЖОО-да Қазақстанның қазіргі заман тарихын оқыту барысында қолдану оқыту үрдісінің сапасын арттырып, студенттердің өз бетімен жұмыс жасап, шығармашылық т.б. дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәселені топпен тікелей және интернет желісі арқылы бірлесіп шешуге, заманауи технологиялар незінде ақпарат жинауға, талдауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Нургалиева Г.К. Достижения в области информатизации образования – объективная основа реализации ДО в Казахстане// <http://www.dlnet.unesco.kz/diea.html>
- 2 Информационно-коммуникационные технологии в Казахстане//<http://www.kazpravda.kz/c/1352510103>
- 3 Pachler,N. and Williams,L. (1999). Using internet as a teaching and learning tool, in (ed.)Leask,M. and Pachler, N. (ed). Learning to teach using ICT in the secondary school, London: Routledge,p52.
- 4 Быховский Я.С. Образовательные веб-квесты // Материалы международной конференции «Информационные технологии в образовании. ИТО-99». – <http://ito.bitpro.ru/1999>
- 5 Dodge, B. (1997). Some thoughts about WebQuests. Retrieved March 3, 2010, from http://webquest.sdsu.edu/about_webquests.html
- 6 Lipscomb, G.(2003., Jan. – Feb). «I Guess It Was Pretty Fun»: Using WebQuests in the Middle School Classroom. The-ClearingHouse, Vol. 76, No. 3. pp. 152-155.
- 7 Знакомимся с образовательной интернет-технологией: веб-квест. <http://ikt-ylka.blogspot.com/2009/02/5.html>

References

- 1 Nurgaliyev G.K. Achievements in the field of informatization of education – an objective basis to the implementation in Kazakhstan // <http://www.dlnet.unesco.kz/diea.html>
- 2 Information and communication technologies in Kazakhstan // <http://www.kazpravda.kz/c/1352510103>
- 3 Pachler, N. and Williams, L. (1999). Using internet as a teaching and learning tool, in (ed.) Leask, M. and Pachler, N. (ed). Learning to teach using ICT in the secondary school, London: Routledge, p 52.
- 4 Bykhovsky Y.S. Educational Web quests // Proceedings of the international conference «Information technologies in education. ИТО-99.» – <http://ito.bitpro.ru/1999>
- 5 Dodge, B. (1997). Some thoughts about WebQuests. Retrieved March 3, 2010, from http://webquest.sdsu.edu/about_webquests.html
- 6 Lipscomb, G. (2003, Jan. -. Feb). «I Guess It Was Pretty Fun»... Using WebQuests in the Middle School Classroom The Clearing House, Vol 76, No. 3. pp 152-155..
- 7 Introduction to educational web technology: web-quest. <http://ikt-ylka.blogspot.com/2009/02/5.html>

4-бөлім
ЖАЛПЫ ТАРИХ

Раздел 4
ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

Section 4
HISTORY OF WORLD

Оспанова А.А.
**Екінші крест жорығындағы
еуропалық мемлекеттердің
мүддесі**

XII ғасырдың басында Еуропа монархтарының Палестинадағы оқиғаларға басқаларға қарағанда мүдделі болуы, сонымен қатар Иерусалимнің құлауы тұрақты жағдайда болған сауданы бірден тоқтатуы қарастырылған. Ол батыстың экономикасының негізі болды. Оның алдында болған қантөгіс шайқастардан, қатыгездіктен болған жаулап алушылықтан және сұрқия интригалардан кейін діни идеялар өзінің өзектілігін жоғалтып, амбициялық мотивтерге орын берді. Рыцарьлар Рим папасының жаңа жерлерді басып алу және байлыққа кенелу мақсатында ғана қолдап отырды. Осыған байланысты Шығыс Жерорта теңізі жағалауын басып алу жоспары дайындалды. Соған қарамастан қасиетті папалар әскер жинау барысында, адамдарды олардың жасайтын істерінің әділетті екендігіне және мәңгілік жақсы өмірді уәде етуді жалғастыра берді.

Түйін сөздер: крест, жорық, монарх, католик, христиан.

Osanova A.A.
**Interest of European countries in
the second crusade**

In the article the author considers that in early XII century monarchs of Europe were more interested in events in Palestine and also that the trade was ceased because of fall of Jerusalem. It was the basis of the West economy. The religious ideas after the city was conquered during the bloody and cruel war and after hypocritical intrigues lost the topicality and yielded to ambitious motives. The knights supported the Pope only in cases of new lands conquest and acquisitions of wealth. However the plan of occupying the east coast of the Mediterranean Sea was prepared. Irrespective of it while getting an army together Saint fathers continued to make promises to people how their actions were fair and that all of them would live well.

Key words: cross, crusade, monarch, Catholic, Christians.

Оспанова А.А.
**Интерес Европейских стран ко
второму крестовому походу**

В статье рассматривается начало XII века, когда монархи Европы были более заинтересованы в событиях в Палестине и торговля была приостановлена из-за падения Иерусалима. Он был основой экономики Запада. Религиозные идеи после завоевания и кровавой и жестокой войны и после лицемерных интриг потеряли свою актуальность и уступили амбициозным мотивам. Рыцари поддерживали Папу Римского только в случаях завоевания новых земель и приобретения богатства. В связи с этим готовился план захвата восточных берегов Средиземного моря. Независимо от этого святые папы, когда собирали армию, продолжали давать обещания людям о том, что их действия были справедливыми и что все они будут жить хорошо.

Ключевые слова: крест, поход, монарх, католик, христиан.

**ЕКІНШІ КРЕСТ
ЖОРЫҒЫНДАҒЫ
ЕУРОПАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ
МҮДДЕСІ**

Бірінші крест жорықтарынан 50 жылға жуық уақыттан кейін Еуропа монахтары үлкен ірі шығыс компаниясын ұйымдастыру қажет екендігін түсінді. Оған сылтау 1144 жылғы түріктердің Эдессаны бағындыруы болды.

Екінші крест жорықтары 1145 жылы 1 желтоқсанда салтанатты түрде жарияланды. Біріккен әскерді Францияның королі VII Людовик және герман императоры III Конрад басқарды. Жақсы дайындыққа, қаражаттың мол болуы және тәжірибелі басшылардың болуына қарамастан бұл әрекеттер нәтижесіз аяқталды.

Эдессаны бағындырған түрік-селжүктер Иерусалим корольдігіне қарай жылжыды. Шіркеу болса көп күш салу арқылы жаулап алған жас мемлекетті құтқару үшін шара қолдану қажет екендігін жақсы түсінді. Католик священниктері рыцарларға және қарапайым халыққа өз иеліктерін қорғау үшін жорыққа шығуға шақырды.

XII ғасыр бас кезіне қарай бірінші крест жорығына қатысқан рыцарлардың ұрпақтары өздерінің палестиналық иеліктерінде мықтап орналасып алған болатын. Герцогтық және княздықтардың христиан басшылары мұсылман аудандарына шабуыл жасаған басқыншыларға әрдайым қарсылық көрсетулеріне тура келді. Сонымен қатар Византиямен қарым-қатынас нашарлады. Ол Иерусалим корольдігін өз территориясы деп есептеді.

Еуропаның ең төменгі әлеуметтік тобы король салықтарымен феодалдардың әрекеттеріне наразылықтарын білдірді. XI ғасыр аяқ кезінен бастап дүниедегі биліктің ең қатерлі оппоненті – өздерін басқаратын қалалар солтүстік Италияда, Франция, Англия және Германияда пайда болды.

Осындай қиын саяси жағдайда Рим үшін түріктердің христиан бекінісі Эдессаны жаулап алуы тиімді болды. Олар қалыптасқан жағдайды пайдаланып, шаруалардың діни сезімдерін қоздыру арқылы мәселені шешуге қадам жасады.

Екінші крест жорықтарын ұйымдастыруда ерекше белсенділік танытқан тамплиерлер ордені болатын, ол 1099 жылы құрылған еді.

Кресшілердің арандатушылығының күйреуі. 1148 жылдың басында күші азайған француз жасақтары Лодекеядан жартасты

жолдар арқылы оңтүстікке қарай бет алды. Бұл жасақ әскерлерінің алға қарай жылжуы оңай болмады. Селжүк салт аттыларының жасақтары Одо Дейльскийдің айтуы бойынша, «олар бізді үрейлендіре отыра, шебер және оңай көзден таса бола білді» [1, 48]. Грек жол көрсетушілері кресші жауынгерлеріне, селжүк садақшыларының шабылуы ыңғайлы жерді оларға әдейі көрсетті. 1148 жылдың қаңтар айында француз әскерлері Хонами түбінде үлкен жеңіліске ұшырады.

Үздіксіз шабуылдармен селжүктер кресшілерді әлсіретіп, олардың көптеген адамдарын жойып және қару жарақтарымен арбаларын өз елшіліктеріне иеленді. Олар өздерінің малдарын тастап кетуге мәжбүр болды, өйткені оларды қоректендіре алмады. Ең қиын жағдайға кедей шаруалары тап болды. Феодалдық сеньорлар осындай қиын жағдайға қарамастан, өздерінің күнделікті қалауларын жалғастыра берді. VII Людовиктің алаңғасар әйелі Алиенора Аквитанская жолда жас жауынгерлерге әр түрлі әуестілік әрекеттер көрсетті. Корольдің әдемі сарайлары, оның сенімді барондары, олардың қасындағы әдемі киінген әйелдер – осының барлығы жартылай киінген шаруалармен қосылып қатты қарама-қарсылықты көрсетті.

Феодалдар бірінші крест жорығы кезіндегідей өзінің кедей шаруаларына ешқандай көмек көрсетпеді. 1148 жылдың ақпан айында кресші әскері Панфилиядағы Анталия порттық қаласына келді. Гректер бұл франктерді мүлдем жылы қарсы алмады. Одо Дельскидің айтуы бойынша, «жауынгерлер өздерінің аттарын сатуға немесе нан мен етке айырбастауға мәжбүр болды» [1, 48]. Кресшілер жергілікті басшылармен Сирияға кеме жіберуге келісім жасағанда, оған грек басшысы Ландульф кемелер үшін өте қымбат баға ұсынған еді: гректер бұл үшін кресші әскерінен оларды Антиохияға жеткізу үшін төрт маркадан жинап алды. Кейін грек кемелерінің жетіспеуіне байланысты бар кемеге тек қана ауқатты адамдар отыра алды.

Бұл жағдайға байланысты жауынгерлер өздерінің ғана қамын ойлап кедей шаруаларды тастап Анталияға қарай бет ауды. Қалағандары теңіз жағасы бойымен Шығысқа қарай жылжыды, ал кейбіреулері селжүк әскерлерінен талқандалып аштық пен кедейшілікке душар болды.

Француз кресшілерінің әскері 1148 жылдың 19 наурызында Антиохияға келді. Сол уақытта неміс феодалдарының әскері де Конрад III басшылығымен Константинопольден Акраға жетті, сол жерден Иерусалимге қарай жылжыды. Конрад III іс-әрекеттері Людовик VII мазасыздандырды, және

ол тек қана сол үшін провансальдық жауынгерлер мен олардың басшысы Альфонсо – Жорданның көмегіне ешқандай мән бермеді. Ол да діндік ант беру сылтауымен Иерусалимге бет бұрды.

1147 жылдың 24 маусымында Акрада Людовик VII мен Конрад III кездесуі өтті. Бұл кездесуге әр түрлі сылтаулармен Солтүстік Сирия мемлекетінің кресші сеньорлары: Раймунд Антиохийский, Раймунд Триполийский, Жослен Эдеский қатыспады. Бұл кездесуде әр түрлі әскери жоспарлар қарастырылды. Нәтижесінде кресшілер Эдесаны қайтару ойынан айырылып, Мосулмен соғыс туралы ұмытып, мықты Дамаск қаласын алды: өйткені бұны басып алу үлкен олжа әкелді. Жаулаушылық 5 күнге созылып (23-27 шілде), нәтижесіз аяқталды.

Француз және неміс әскерлерінің арасындағы қақтығыстар тоқтамады, ең бастысы – Дамаскті басып алу Иерусалим корольдігінің барондарының көңілдерінен шықпады. Өйткені олардың бірінші жоспарларында басқа мақсаттар тұрды. Оларға тек қана Палестина жерлерін басып қалуы бірінші мақсат болды. Бірақ Зенгидтердің қатаюына байланысты бұл мақсат Палестина барондарына болымсыз болды. Оларға керісінше Дамаскпен жақсы қарым-қатынаста болуы тиімді болды. Француз және неміс әскерлерінің жеңістері кресшілерге ешқандай уәде алып келмеді: Дамаск граф Терри Фландрскийге уәде ретінде берілді. Нәтижесінде Иерусалим корольдігіндегі барондар арасында «христиандық бопсыныс» сатқындық әкелді [1 50].

Шығыс тарихшылары Абу-Ль-Фарадж және Михаил Сириецтің айтулары бойынша қаладан Иерусалим королі Бодуэн III қоршап алған лагерге құпиялы елші жіберілді: Бодуэн Иерусалимде көп отыра алмайды, егер «Ұлы Конрад» Дамаскіде өзінің ықпалын жүзеге асыра алса. Корольге 200 мың динар ұсынды, барон Тивериадскийге 100 мың динар ұсына отырып неміс басшысын алып тастауын ұсынды [2, 148]. 1148 жылдың шілде айының аяғында ештеңеге қол жеткізе алмаған кресші жауынгерлер Муин ад-Дина Унура уәзіріне сатылған барондарының ұсынысы бойынша өздерінің жоспарын тоқтатты. Солтүстіктен қаланы басып алуға Саиф ад-Дин Мосуль әскерімен және Халейбен оның ағасы Нур ад-Дин келген болатын. Кресшілер көптеген адамдарынан айырылып, Иерусалим корольдігінен кетті. Бұл жағдайдың нәтижесіз болуын түсінген Конрад III өзінің көптеген әскерлерімен 1149 жылдың көктемінде Константинополь және Солунь арқылы Германияға оралды. Бірнеше айдан кейін Людовик VII өз отанына оралды.

Екінші кресші жорықтары ешқандай нәтиже әкелмеді. Бұл соғыстар тек қана көптеген адамдардың өліміне материалдық құндылықтардың жоғалуына әкелді. Бұл жорық Франция басшылығымен Германия басшылығына да саяси қақтығыстар әкелді. Людовик VII көптеген қарызға батты.

Екінші крест соғысы бірінші крест жорығы сияқты батыс феодалдар жаулаушылардың арасында бірлік болмады. Екінші кресші жорықтарында діннің әлсіз болуына XII ғасырдың тарихшылары өздерінің наразылығын білдірді. Бұл жорық та католиктік шіркеуге ешқандай нәтиже әкелмеді. Батыс Еуропа мемлекеттері арасындағы қақтығыстар шиеленісе түсті. Сонымен қатар Византиямен қақтығыстар да болды.

Екінші кресжорығы толық жеңіліске ұшырап, папалықтың мәртебесін түсірді. Жоғары шіркеу орталарында кінәліні іздеуге кірісті. Евгений III өзінің жауапкершілігін Бернар Клерворскийге сілтеді. Ол папаның ұсыныстары бойынша әрекет жасағанын айтты. Римдік шіркеудің беделін сақтау үшін оның жоғарғы иерархиясы ұрыс-жанжалдарға кірісті; жан жақтан көптеген кінәлау мен тіл тигізулер басталды. Папа «Қасиетті» Бернарды ақымақ деп санады. Сол кезде Бернар Керовский «Пайымдау туралы» трактатын шығарды. Ол бірінші тарауының барлығын француз және герман соғыстарының жеңілу себептеріне арнады. Бұл соғыстың жеңілуінің кінәшілері кресшілердің өздері екендігін айтты: Олар мақсатына қол жеткізе алмады. Жалпы бұл соғыстың жеңілуінің себебі Людовик VII және Конрад III, бұл соғыстарда өз мақсаттарын жүзеге асыра алмағандықтан жеңіліс тапты [3, 67].

Римнің беделін сақтап қалу мүмкін болмады. Батыстың көптеген орталарында папаға да аббат Клеровскийға да қарсы талқылаулар жүрді. Бернардың бұл соғысты нәтижелі болады деп болжағаны үшін оны өтірікші деп атады, ал осы кресші жорықты бастаған Евгения III – антихрист деп атаған.

1150 жылы Бернар Клеровский кресші жорықтарын қайта ұйымдастырғысы келді, бір ақ ол пападан да қолдау таппады, дегенмен оны француз барондарының бірнешеуі қолдап оған бұл соғыста басшы болуын талап етті. Шарттердегі соборда 1150 жылы мамыр айында Евгений III 19 маусымда аббат Клеровскийге кресшілердің көсем атағын берді.

Кресші жорығы Шығыста толық сәтсіздікке ұшырады, Бернар Клеровскийдің өлімі соғыстың аяқталуына себеп болды.

XII ғасырдың басында Еуропа монархтары Палестинадағы оқиғаларға басқаларға қарағанда мүдделі болды. Себебі Иерусалимнің құлауы тұрақты жағдайда болған сауданы бірден тоқтатты. Ол батыстың экономикасының негізі болатын. Оның алдында болған қантөгіс шайқастардан, қатыгездіктен болған жаулап алушылықтан және сұрқия интригалардан кейін діни идеялар өзінің өзектілігін жоғалтып, амбициялық мотивтерге орын берді. Рыцарьлар Рим папасының жаңа жерлерді басып алу және байлыққа кенелу мақсатында ғана қолдап отырды. Осыған байланысты Шығыс Жерорта теңізі жағалауын басып алу жоспары дайындалды. Соған қарамастан қасиетті папалар әскер жинау барысында, адамдарды олардың жасайтын істерінің әділетті екендігіне және мәңгілік жақсы өмірді уәде етуді жалғастыра берді.

Әдебиеттер

1. Prawer J. Die Welt der Kreuzfahrer. – Wiesbaden, 1975.
2. Hindley G. Saladin. – N. Y., 1976.
3. Заборов М.А. Папство и крестовые походы. – М.: АН СССР, 1960. – 280 с.

References

1. Prawer J. Die Welt der Kreuzfahrer. – Wiesbaden, 1975.
2. Hindley G. Saladin. – N. Y., 1976.
3. Zaborov M.A. Papstvo I krestovogo pokhoda. – M.: АН СССР, 1960. – 280 s.

Хабижанова Г.Б., Шалагин А.В.

**Изучение истории
христианства в Центральной
Азии в научной литературе
XX-XXI веков
(раннесредневековый период)**

Христианство имеет 2000-летнюю историю в общей хронологии времени с рождения мессии Иисуса из Назарета. Однако распространение этой мировой религии растянулось почти на полтора тысячелетия. Причины, динамика, ход распространения, периодизация и особенности культурного наследия, оставленного христианами, в частности, одного из течений христианства – несторианства, манихейства, изложены в историографических работах XX-XXI веков. Автором составлен историографический обзор и на основе критического анализа выявлены особенности изучения указанных проблем в исторических исследованиях последнего столетия. Эти работы подтверждают глубокий анализ путей распространения христианства, догм и учений посредством деятельности миссионеров, торговцев и христианских семей, искавших убежище вследствие гонений, начавшихся в контексте преследования еретических учений в Западной Европе и Византии. Благодаря историческим памятникам и археологическим данным, оставшимся в качестве артефактов на Великом Шелковом пути, раскрыты взаимосвязь мировой религии с бытующими ранее до них в регионах Центральной Азии культурами и верованиями. В данной статье предпринята попытка проведения сравнительного анализа значимых работ. Используются историко-систематический, логический и междисциплинарный методы исследования.

Ключевые слова: Казахстан, Жетысу, Центральная Азия, Византия, Великий Шелковый путь, доисламские верования, миссионеры, христианство, несториане, церковь, тюрки.

Habizhanova G.B., Shalagin A.V.

**Studying the history of
Christianity in Central Asia in
the scientific literature XX-XXI
century (early medieval period)**

Christianity has a 2000 years history in the general chronology of time with the birth of Jesus from Nazareth. However, worldwide distribution was delayed almost a half millennium. The cause of spread, periodization and characteristics of the cultural heritage left by the Christians, especially Asian type – Nestorian Christianity, Manichaeism, are set out in historiographical works of XX-XXI centuries. The author made an analysis of historical data bases of historiographers and based on critical thinking peculiarities of making the works up of the last century were revealed. These works confirm the deep analysis of the ways the spread of Christianity, its formations, dogmas and teachings through missionary activity, Christian tradesmen and families who sought refuge from those or other oppressors of their religion. Thanks to historical monuments and archeological data, located on the Great Silk Road, disclosed the relationship between the world religion and the earlier cults and beliefs in the regions of Central Asia. Attempt of comparison all the important works were taken in this article. The historical and systematic, logical and interdisciplinary research methods were used.

Key words: Kazakhstan, Zhetysu, Central Asia, Byzantium, the Great Silk Road, pre-islamic beliefs, missionary, Christianity, Nestorians, church, the Turks.

Хабижанова Г.Б., Шалагин А.В.

**XX-XXI ғасырлардағы ғылыми
әдебиеттерде Орталық
Азиядағы христиандық
тарихының зерттелуі
(ертеортағасырлық кезең)**

Христиан тарихының 2000 жыл құрайтын, хронологиялық кезеңнің Иса мен Назареттің туылғанынан бастау алады. Бұл дін әлемге таралуы ұзаққа созылған жарты мыңжылдықты құрады. XX-XXI ғасырдың тарихнамалық еңбектерінде баяндалған манихейлік, несториандық, христиандық, әсіресе азиялық типті таралу аймағының христиандық мәдени мұраны динамикалық себептерін айқындады. Автор өткен ғасырдың тарихнамалық және тарихи деректерге сын тұрғысынан ойлау ерекшелігі негізінде талдау жасады. Бұл зерттеулерде миссионерлер мен догмалардың ілімдерінің христиан діні мен басқа қанаушы діннің талдау жолдарын растайды. Орталық Азия діни- нанымдардың Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан археология және тарихи мәдени ескерткіштердің байланысының күәсі. Бұл мақалада тарихи-жүйелі, логикалық және пәнаралық ғылыми-зерттеу әдістеріне талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Қазақстан, Жетісу, Орталық Азия, Византия, Ұлы Жібек Жолы, христианшылдар, несториандар, шіркеу, түріктер.

**ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ
ХРИСТИАНСТВА
В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ
В НАУЧНОЙ
ЛИТЕРАТУРЕ
XX-XXI ВЕКОВ
(раннесредневековый
период)**

Христианство как мировая религия имела свои корни на территории Центральной Азии еще с I века нашей эры. Об этом свидетельствуют миссионерская деятельность апостолов Варфоломея, Филиппа, Матфея и Фомы в распространении Евангелия в центральноазиатские районы, в том числе и в Семиречье, и труды таких авторов, как Ибн Батутта, Якуби, ат-Табари, ан-Недим, аль-Бируни, Вильгельм Рубрук, Плано Карпини, Марко Поло и других путешественников, историков и деятелей средневековой эпохи. Сохранились также находки и археологические памятники вдоль Великого Шелкового пути, отражающие распространение христианства в степной зоне.

За последнее столетие накопилось множество работ по изучению истории христианства в Казахстане, Центральной Азии. В историографии эти исследования можно разделить по принципу зарубежной, отечественной и российской исторической наук. Из историографии советского периода получили известность работы В.В. Бартольда, Л.Н. Гумилева, С.М. Абрамзона. Российская историография постсоветского периода представлена исследованиями Л.И. Жуковой, Б.Б. Махмудова, А. Железнякова, Мамбеталиева.

Среди работ В.В. Бартольда известны статьи и рецензии, включенные в V том его «Сочинений» [1]. В данных статьях исторические материалы характеризуют формы цивилизационного и государственного строительства в Центральной Азии и Дальнего Востока в тюркскую и монгольскую эпохи. В. Бартольд утверждает, что манихеи и буддисты были близки друг к другу. Находясь на территории тюркского эля, христиане, а затем мусульмане, дабы распространить свою религию в их общественный строй, прибегали для начала к внедрению своего теологического словаря в местные верования. В. Бартольд, опираясь на сведения буддийского монаха-миссионера и путешественника Сюань Цзяня [2], заключает, что в основном до ислама в IV-VI вв. в регионах Трансоксании и Уйгурии были распространены следующие религии: манихейство, буддизм, а из дуалистических – маздакизм. В. Бартольд в своих лекциях повествует также о христианах и их движении на восток, связанных с притеснением со стороны государств западной части Ирана и Римской империи в III-VI веках. Их

пристанищем, как известно, станет Хорасан, в котором также нашли приют буддисты и марциониты. В. Бартольд делает экскурс в историю возникновения несторианства: о гонениях, начавшихся после обвинении Нестора на Халкидонском соборе в 30-е годы IV века, о его теории человеческой природы Христа и его матери. Известный востоковед представил заметки о распространении религиозных направлений и течений в Центральной Азии, основываясь на трудах арабских авторов Ан-Недима и Фихриста, повествовавших о том, что жители Согдианы, в основном, были дуалистами и христианами. Автор указывал также о борьбе вероисповеданий между яковитами и несторианами, шедшей с V века и произошедшем впоследствии примирении в XII в. В. Бартольд приводит интересные сведения от средневековых авторов о несторианских догматах – аскетизме, т.е. отказе от плотских наслаждений и мясных блюд. Таким образом, труды В. Бартольда стоят особняком в мировом востоковедении, так как своими исследованиями ученый внес большой вклад в изучение проблем истории христианства в Центральной Азии.

Л.Н. Гумилев в своем труде, посвященном несторианству в древней Руси, выдвинул гипотезы о путях проникновения христианства в Центральную Азию и Китай из Персии, начиная с V века по XIII века [3]. Основываясь на сведениях Феофилакта Симокатты [4], Н.Я. Бичурин [5] ученый пришел к выводу, что несторианский толк христианства, дойдя до границ Китая с Центральной Азии, распространился в «Уйгурии» после внутренних войн в середине VIII века, тем самым обеспечив обращение в христианство, все центральноазиатские племена до регионов сибирской тайги. Вследствие этого Л.Н. Гумилев выдвинул мысль о том, что центральноазиатский вид христианства – несторианство – это продолжение византийской культуры за пределами Византии, конец же несторианской епархии пришелся на вторую половину XIII века в Китае и связано это с деятельностью архиепископа Монте Корвино.

Успех несторианства у степных племен Л. Гумилев объяснял следующим образом: «Очевидно, – писал ученый, – они (несториане) преодолели наибольшую трудность общения между разноязычными народами, т.е. нашли в языке местного населения слова, передававшие адекватно сложные христианские понятия. Благодаря этому они стали для южносибирских скотоводов своими, близкими, а их учение было усвоено органически, без применения насильст-

венных мер, для которых у несторианских миссионеров не имелось никаких возможностей» [8, с. 81]. Таким образом, по Л.Н. Гумилеву, несторианство в Азии было одним из значимых факторов, игравших важную роль как при тюрках, так и при монголах.

Одним из известных авторов, исследовавших связи тюрков с манихейством, буддизмом и тибетскими верованиями, был советский тюрколог С.Г. Кляшторный. В одной из своих работ ученый, учитывая синкретизм духовной культуры средневековых кыргызов, дискутировал о большей степени распространенности среди них манихейства [6, с. 166-167]. Согласно его исследованиям и анализу 45 памятников рунической письменности кыргызов, 9 из них имеют изображение креста, который генетически ближе относился к несторианству. Следовательно, можно предположить, что у кыргызов существовало несторианство синкретического характера, на иконографических и письменных источниках трудно разграничить от манихейства. П.К. Дашковский приходит к выводу, что С.Г. Кляшторный полагал о неполной замене обряда кремации у кыргызов на ингумацию в IX веке, связанной с влиянием несторианства, в первую очередь, на аристократию [7].

Н.А. Аристов сообщал, что «к кераитам, и вообще в Монголию, христианство могло попасть через Китай, где его существование с 638 года удостоверяется императорским указом, помещенным в христианском памятнике 781 года и имеющимся также в китайском сборнике «Тан-хо-яо», оконченном в 961 году. Изгнанные из Китая в 845 году несториане, составлявшие, конечно, часть тех «иностранных бонз», которые прибыли в Срединное государство из Та-цзина (Сирии и Месопотамии), могли частью удалиться из Китая в Монголию, к тюркам, обитавшим на севере от Китая. По словам одного из посланных в 960 году несторианским патриархом в Китай монахов, христианство в Китае в то время прекратило свое существование, церкви были уничтожены и он едва разыскал нескольких христиан, но к монгольскому времени и в самом Китае, и в смежных странах Азии оказывается много христиан и их церквей, как свидетельствуют Марко Поло и другие путешественники того времени» [14, с. 388]. Также Н. Аристов также писал, что и «по Джувейни, найманы и канглы исповедовали христианскую веру».

Собирательным трудом по истории христианства является сборник статей коллектива авторов – историков, археологов, нумизматов

и искусствоведов, составленный Л.И Жуковой [9]. Авторы исследуют сохранившиеся материальные следы деятельности адептов одной из мировых религий – христианства в Центральной Азии. Проблематика статей разнообразна: продвижение христиан в Центральную Азию; кочевая среда и христианство; зодчество средневекового Востока при ранних христианах; символика памятников и искусства во владениях с христианским населением. Статья Г.И. Богомолова, Ю.Ф. Бурякова, А.И. Мусакаева, Л.И. Жуковой данного сборника интересна тем, что авторы описывают роль первых христианских общин в городах Ирана: Шад-Шаруре, Вех Шапуре, Антиох Шапуре, а также христианские катакомбы на острове Харк. Исследователи считают, что общины, расположенные на землях близ южных границ Средней Азии, сыграли основную роль в распространении нового религиозного учения с элементами своего искусства, своей культуры в Азии в целом. Так уже в III-VI вв. в Мерве был некрополь и захоронения христиан. Сам же небольшой монастырь был построен тут мелькитами в IV веке и был покинут ими под напором несториан в VI веке.

Ученые, делая заключение о захоронениях, сравнивая обряды зороастрийцев и христиан, пришли к выводу, что христиане при существующем запрете совершать погребение сородичей в земле при Сасанидах Ирана (III-VII вв. н.э.) хоронили их в оссуариях, имеющих знаки креста, то есть обряд очищенных костей. Археологические исследования на обширной территории от Туркмении до Киргизии показали, что постепенно определялся стандарт церквей, связанных с особым христианским обрядом [9, с. 9-12].

- 4 Berg L.S. Ryby i rybolovstvo v ust'e Syrdar'i i Aral'skaya ekspediciya // TIOS. Promyslovyj otdel. CH.II. Vyps.1.– St. Petersburg., 1900
- 5 Toktabay A. Qazaktyn anshylyk, qusbegylykke, balyk aulauga baylanysty jora – josyndary // Qazak halqynyn dasturleri men adet-guryptary. 1-tom. – Almaty; Arys., 2005.
- 6 Dosqarayev ZH. Aral, Kaspий balyqshylarynyn tilindegi profesionaldyq leksikanyn marerialdary // Qazaq tilt tarihy men diolektologiasynyn maseleleri. – Almaty, 1958. 1-shyguy.
- 7 Potanin G.N. Zimnyaya poezdka na ozero Zaisan // TS. – 1868. – T. XV. – St. Petersburg.
- 8 Sembieva G. Balyq ataularynyn cozdikterde berilui turaly // Tiltanym, 2004. – №2 (14)
- 9 Budagov L.Z. Sravnitel'nyi slovar' tureckp-tatarckih narechiy. – St. Petersburg. Tipografiya IAN, 1869.
- 10 Shalekenov U.H. Kazakhi nizov'ev Amudar'i. – Tashkent, 1966.
- 11 Qozhaquly O. XVIII gasyrdyn songy shiregi men XIX gasyrdyn 70-zhyldaryna deiin Qazaq-Qoqan qarym-qatynastary

Терекбаева Ж.М.
**Қазақтардың түйені
көлік ретіндегі пайдалануы**

Мақалада көлік малдарын қазақ халқы мініс көлігі және күш көлігі ретінде пайдаланғандығы жөніндегі мәселелер қарастырылады. Мінілетін малдардың ішінде және көш көлігі қызметінде немесе шөлді аймақтарда тауар тасымалдау үшін түйе малы таптырмас төзімді «көлік» болып табылады. Түйе ежелден шөлді-тұзды аймақтардың табиғат жағдайларына жақсы бейімделген, аптап ыстықтарда апта бойына сусыз тіршілік ете алатын бірден-бір түлік. Түйелер қазақ халқы үшін, әсіресе оңтүстік бөлігінде мекен ететін қазақтар үшін тиімді әрі ыңғайлы үй жануары болып табылады. Қарапайым шаруа түйені ет және сүт өндіруде, салт мініске, жүк тиеуге, жер жырту, арбаға не шанаға жегу арқылы кеңінен қолданды. Сол себепті де жұмысшы жануар ретінде жылқы мен өгіз сияқты рөл атқара алады.

Себебі түйе малы шөл далада жүруге төзімді, суға, шөпке шыдамды, құмайт жерлерде жалпақ табаны жүруге қолайлы.

Түйін сөздер: қазақтар, көлік, түйелер, арба, салт міну.

Terekbaeva Zh.M.
**Kazakhs camel
use as transport**

The article deals with the problem of the use of the Kazakh people, animal-drawn transport animals in a vehicle driving force and pack. Among mounts, camels are an effective means for the transport of goods in the arid zones, as well as an irreplaceable and resilient «transport». Camels have long been known for their adaptability to the environment of salt-desert regions. These animals are able to exist for a long time, even in the intense heat.

Camels for the southern region of the Kazakhs are the most profitable and convenient pet. Camel as a working animal, for the Kazakhs and completely replaces the bull and the horse.

Key words: kazakhs, transport, camels traffic, riding.

Терекбаева Ж.М.
**Использование казахами
верблюда в качестве
транспорта**

В статье рассматриваются проблемы использования казахским народом транспортно-гужевого животного в виде ездового транспорта и вьючной силы. Среди ездовых животных верблюды являлись эффективным средством для перевозки товаров в засушливых зонах, а также незаменимым и выносливым «транспортом». Верблюды издавна известны своей приспособленностью к природным условиям солёно-пустынных регионов. Они способны существовать длительное время даже в самую сильную жару. Верблюды для казахов южной области являются самым выгодным и удобным домашним животным. Верблюд как рабочее животное для казахов заменяет вполне и быка и лошадь.

Ключевые слова: казахи, повозка, верблюды, транспорт, верховая езда.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТҮЙЕНІ КӨЛІК РЕТІНДЕГІ ПАЙДАЛАНУЫ

Адамзат өркениетінде көптеген ғасырлар бойы жүк тасымалдауға және қатынауға қолданылатын күш пен құралдар ретінде өзендер мен көлдер, желдің күші, адам баласы мен малдардың күші пайдаланылды.

Археологиялық зерттеулер барысында қола және ерте темір дәуірлерінде байырғы көне тайпалар шаруашылықта, тұрмыстық қажеттілікте және де көшу барысында түйе малын қолданғандығын археологиялық олжалар дәлел бола алады [1-2]. Сонымен қатар, көне тайпалар дөңгелекті көліктерге малдарды жегу арқылы (жылқы, түйе, өгіз және т.б.) тұрмыстық шаруашылықта пайдаланып, оның маңызды орын алғандығы жөнінде жартастағы көріністерден байқауымызға болады, мысалы Сарыарқа, Мойынқұм, Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасы, Шығыс Қазақстандағы Смағұл, Мойнақ және Талапты I, Тянь-Шаньдағы Саймалы-Тас, Памирдегі Текке-Таш және Акджилга жоталары. Солардың бірі төрт түлік малдардың екі, төрт дөңгелекті арбаға жегіліп, немесе өздерін жеке мініс көлігі ретінде қолданғандығы жөнінде көптеген материалдардан көре аламыз.

Жалпы қазақы ортада негізінен адам мен жүк тасымалына пайдаланылатын малдарды көлік деп айтқанымен, ел арасында кейде өзге де мысалы, жер жырту (1-сурет), дән себу, тырма сүйрету, дән бастыру (таптату) және т.б. жұмыстарда пайдаланылатын малдарды да осылай атайды. Қазақтар малды мініс көлігі немесе жүк көлігі ретінде қолданған. Мінілетін малдардың ішінде түйенің орны ерекше болды. Түйе ежелден шөлді-тұзды аймақтардың табиғат жағдайларын а жақсы бейімделген, аптап ыстықтарда апта бойына сусыз тіршілік ете алатын бірден-бір түлік. 1893 жылы әйгілі швед ғалымы Свен Гедин түйеге қатысты былай деген: «Түйелер негізінен жуас, жақсы жүгіреді, делбеші үстінде жайбарақат отыра алады, бірақ бізге кейде өз жолымен жүруге тырысатын қикар түйе кездесетін. Тізгінді ағашқа бекітіп, мұрын шеміршегі арқылы өткізген, осылайша қатал әдіспен үлкен түйені бағындырады».

Түйелер қазақ халқы үшін, әсіресе оңтүстік бөлігінде мекен ететін қазақтар үшін тиімді әрі ыңғайлы үй жануары болып табылады. Қарапайым шаруа түйені ет және сүт өндіру-

де, салт мініске, жүк тиеуге, жер жырту, арбаға не шанаға жегу арқылы кеңінен қолданды [3, с. 215]. Сол себепті де жұмысшы жануар ретінде жылқы мен өгіз сияқты рөл атқара алады.

Василий Радлов былай деп жазған: «Түйелер қазақтардың арасында үлкен құрметке ие, оны киелі жануар ретінде қарастырады. Түйе егін жесең, әсіресе жаныңа пайдалы».



1-сурет – Түйемен жер жырту. Ұзынағаш болысы. К., м.б. 1912, 65x95.
ЦМК КП 2395. Н.Г. Хлудов. Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика.
Алматы: Эффект, 2003

Мініс көлігімен қатар қазақта төзімділігіне байланысты күш көлігі ретінде негізінен түйе пайдаланылған. «*Алты айлық жолға арымас, атан деген көлік бар*» деген сөз түйенің күштілігін, ауыр жүкпен ұзақ жүріске шыдамдылығын сипаттайды. Түйе түлігінің көліктің басы екендігі жөнінде Шал ақынның өлеңдерінде төмендегідей жолдар кездеседі:

Көшкенде көлік болмас түйе алдында,
Еруде сауын болмас бие алдында [4, 186 б.].

Көш көлігі қызметінде немесе шөлді аймақтарда тауар тасымалдау үшін (2-сурет) түйе малы таптырмас төзімді «көлік» болып табылады. Себебі түйе малы шөл далада жүруге төзімді, суға, шөпке шыдамды, құмайт жерлерде жалпақ табаны жүруге қолайлы. Бір түйеге салмағына қарай 150-200 кг тиеуге болады. Ал қаны толысқан, сүйегі қатқан 8-10 жастағы түйеге 250-300 кг жүк тиеуге болады. Бай отбасының көшу үшін жүк санына қарай 10-12 түйе, әлеуметтік жағдайы орта отбасы үшін 4-6 жүк көлігі, шаңырақтағы адам санына қарай 2-6 мініс көлігі қажет болған. Сыр бойында түйе мініс көлігі ретінде де, жүк көлігі ретінде де міндет

атқарса, ал Тарбағатай, Қарқара өңірінде көш кезінде түйені тек жүк көлігі ретінде, Қара Ертіс даласында әйелдер түйені мініс көлігі ретінде пайдаланды [5, 155 б.].

Далалық мәліметтер бойынша тұрғындар Қазақстанның көбінесе шөлді, қуаң және қатал климатты аймақтарында ұқсас әдіспен қолданып келген. Мысалы, Батыс Қазақстанда, қазіргі Ақтөбе облысының Байғанин, Шалқар аудандарында. Аналогиялық мысалдар Оңтүстік Қазақстан (Түркістан аймағы) облыстарына, сонымен қатар Қызылорда облысының (Арал, Қазалы аудандары) бірқатар аудандарына және Атырау мен Маңғыстау облыстарына тән [6].

Түйе малын арбаға немесе шанаға жегу барысында қолданатын әбзелдер жылқы әбзелдеріне ұқсас келген [7, с. 31].

Ғалым А.И. Добросмысловтың 1895 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Верблюдоводство в Тургайской области» атты еңбегінде жүк артатын түйенің жабдықтарын келесідей бөліктерге бөліп қарастырды: белдік, үркештік, жазе және ашамай [7, с. 31-32]. Нар түйеге жүк арту немесе міну үшін салынатын ағаш әбзелдің бір түрі ол қатеп. Нардың өркешінің қырына тимейтіндей етіп орналастыратын бұл әз-

бел түйенің жонына түсетін салмақты тепе-тең бөліп тұрады. Сөйтіп, түйенің жүріп-тұруына ешқандай кедергі келтірмейді. Қазақ этнография көптеген салалары бойынша құнды еңбектер жариялаған Ә. Диваевтың мақаласында қатептің

артқы қасына жалғастыра құйырықтың астына кіріп тұратын құйысқан деп аталатын бөлігі болатындығы айтылады. Қатептің артқы қасын Маңғыстау қазақтары саруана десе, Ә. Диваев еңбегінде ариуана деп аталған [4, 508 б.].



2-сурет – Қаралы көш. Верный уезі, Шамалған болысы. ЦМК КП 2840.
Н.Г. Хлудов. Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика.
Алматы: Эффект, 2003



3-сурет – Тауар тасымалдау үшін пайдаланылған түйелер.
Түркістан альбомы. Этнографиялық бөлім. 6-том. Ә. Науай атындағы
Өзбекстан Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен
қолжазбалар қоры

Айыр өркешті түйеге міну үшін жазы тәрзді әбзелдер қолданылған. Түйені қос доңғалақты және төрт доңғалақты арбаға жегілуі ұқсас

болып келеді. Олар негізінен бүкпе жіп деп аталатын алдыңғы өркешке кигізілетіндей етіп жасалған қос арқанның көмегімен жегіледі.

Қос арқанның бірі алдыңғы өркештің алдыңғы жағына, екіншісі артқы жағына келегіндей кигізіледі де, арқандардың ұшы арбаның жетекағашына байланады. Кейде екінші арқан артқы өркештің артына келтіріліп те қолданылуы мүмкін. Бір өркешті нарды жегу де дәл осылай жүзеге асырылады. Ауыр жүк тарту үшін бүкпе жіптің астына қалың, әрі жалпақ етіп төсеніш салынады.

Автордың ел арасында өзі жүргізген зерттеулері бойынша Қызылорда облысы, Арал ауданының Аралқұм ауылдық округінде түйені көлік ретінде атқарған қызметі жөнінде ауыл тұрғыны Құрманязов Ислам Серікұлының мәліметі: «Ауыл халқы мал шаруашылығының ішіндегі әсіресе түйе, сиыр, қой, ешкі, кейбіреуі жылқы, әсіресе түйе бағумен айналасады. Түйенің сүтін алып, шұбатын ішіп, жүнінен көрпе жасайды. Кезінде ауыл халқы түйе малын көлік ретінде

пайдаланған. Оның XX ғасырдың басында да байқауға болады. Патша үкіметінің бұйрығымен Орынбор-Ташкент темір жолы тартылатын тұста, темір жол ғимаратын салу барысында, тастарды Қамыстыбас көлінің маңынан үлкен шикыр тастар тасымалданған. Осы тасымалдағаны үшін орыс әкімшілігі қарапайым халыққа ақысын төлеп отырған. Осы тастардың арқасында бой түзеген ғимараттар әлі күнге дейін бұзылмай сақтаулы тұр» [8].

Еліміздің тұрғылықты халқы ықылым заманнан бері түйе шаруашылығымен айналысады. Төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты қастерлеген. Қазір де мал өсіруге аса қолайлы Қазақстан жерін түйесіз елестету мүмкін емес. Ол біздің еліміз үшін бұдан былай да аса маңызды шаруашылық көзі болып қала береді.

Әдебиеттер

- 1 Новоженев В.А. Наскальные изображения повозок Средней и Центральной Азии (к проблеме миграции населения степной Евразии в эпоху бронзы). – Алматы: Аргументы и факты Казахстан, 1994. – С. 266.
- 2 Кузьмина Е.Е. К проблеме происхождения колесного транспорта // Древняя Анатолия. – М.: Наука, 1985. – С. 169–182.
- 3 Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург: Типография П. Жаринова, 1895. – С. 215.
- 4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: РПК «Слон», 2012. – 186 б.
- 5 Картаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). – I том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 155 б.
- 6 Автордың ел арасынан жинаған мәліметтері (АЕАЖМ). Есенов Жақсылық, 1932 ж.т., Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қараулкелді ауылы, 2016 ж.
- 7 Добросмыслов А.И. Верблюдоводство в Тургайской области. – Оренбург: Типография П. Жаринова, 1895. – С. 31.
- 8 АЕАЖМ. Құрманязов И.С., 1990 ж.т., Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аққұм ауылдық округі, 2016 ж.

References

- 1 Novozhenov V.A. Naskal'nye izobrazhenija povozok Srednej i Central'noj Azii (k probleme migracii naselenija stepnoj Evrazii v jepohu bronzy). – Almaty: Argumenty i fakty Kazahstan, 1994. – S. 266.
- 2 Kuz'mina E.E. K probleme proishozhdenija kolesnogo transporta // Drevnjaja Anatolija. – M.: Nauka, 1985. – S. 169–182.
- 3 Dobrosmyslov A.I. Skotovodstvo v Turgajskoj oblasti. – Orenburg: Tipografija P. Zharinova, 1895. – S. 215.
- 4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: РПК «Слон», 2012. – 186 б.
- 5 Kartaeva T.E. Syr өңірі қазақтары: tarihi-jetnografijalyk zertteu (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). – I том. – Almaty: Қазақ университети, 2015. – 155 б.
- 6 Avtorдың el arasyнан zhinaran мәліметтері (AEAZhM). Esenov Zhақсылық, 1932 zh.t., Ақтөбе oblysy, Bajfanin audany, Қараулкелді ауылы, 2016 zh.
- 7 Dobrosmyslov A.I. Verbljudovodstvo v Turgajskoj oblasti. – Orenburg: Tipografija P. Zharinova, 1895. – S. 31.
- 8 AEAZhM. Құрманязов И.С., 1990 zh.t., Қызылорда oblysy, Aral audany, Аққұм ауылдық округі, 2016 zh.

Шалғынбаева С.Х.
**Қазақстандағы армян
диаспорасын тарихи зерттеу**

Автор мақалада Қазақстандағы армян диаспорасының тарихи тұрғыда зерттелуін қарастырады. Армян халқының этнографиясының тарихын армян, орыс этнографтары ғана емес, қазақ этнографтарының да қызығушылығын тудыратыны анық. Себебі Қазақстан ұлтаралық қарым-қатынасы беріктігімен ерекшеленетін бірегейлі көпұлтты полиэтникалық аймақ, сондықтан ұлттық диаспораларды, олардың мәдени және әлеуметтік өмірдегі рөлін зерттеу ғылыми мәселе. Тарихи жолдармен армян халқы еліміздің әр аймағына қоныстанған. Армян халқы Қазақстанда 150 жылдан бері өмір сүріп келеді. Қазіргі таңда еліміздегі армян халқының саны 20–25 мыңнан аса, ірі қалаларда 14 мәдени орталықтары бар. Армян диаспорасы туралы зерттеулерде олардың этникалық белгілерінің (мәдениеті, тілі, діні, өмір сүру салты) сақталуының ерекшелігі, армян халқының діни өкілдерінің өздерінің жазба мәдениеті мен сауда-экономикалық жақтарын белсенді түрде дамытуынан десе болады. Әсіресе А. Гадло, А.К. Кекильбаева, Козыбаева М.К., Д. Мукановой-Хуршудян және Э. Хуршудянның еңбектерінен көрініс табады. Бұл зерттеулерде армян халқының тарихы мен мәдениеті кең ауқымда қарастырылады.

Түйін сөздер: диаспора, мәдениет, этнография.

Shalginbaeva S.H.
**Study of the history about
Armenian diaspora in Kazakhstan**

The author in the article examines the history of the Armenian Diaspora in Kazakhstan. Ethnographic explorations about Armenian people taking significant role not only in Armenian and Russian ethnography, but also in the Kazakhstan historical science. Kazakhstan is a unique multi-ethnic region which is characterized by the intensity of inter-ethnic relations, so the examination of national communities and their roles in the cultural and economic life is an important scientific problem. Historically, Armenians settled in different regions of the country. In Kazakhstan, Armenians are living for more than 150 years. In our days Diaspora has more than 20–25 thousand people, has 14 cultural centers in major cities in Kazakhstan. Research of the historical literature of the Armenians showed us importance in the preservation of their ethnic identity (culture, language, religion, and way of life) were played by Armenian religious leaders. Considering interesting works of Gadlo A., Kekilbaev A.K., Kozybayev M.K., Mukanova – Khurshudyan D. and Khurshudyan E. where studies cover a wide range of issues about history and culture of the Armenian people.

Key words: diaspora, culture, ethnography.

Шалгинбаева С.Х.
**К истории изучения армянской
диаспоры в Казахстане**

Автор в статье рассматривает вопросы истории изучения армянской диаспоры в Казахстане. История этнографического изучения армянского народа – значительный раздел не только в армянской, русской этнографии, но и в казахстанской исторической науке. Казахстан является уникальным полиэтническим регионом, который отличается интенсивностью межнациональных отношений, поэтому изучение национальных диаспор и их роли в культурной и экономической жизни является важной научной проблемой. Исторически сложилось так, что армяне расселялись в разных областях республики. В Казахстане армяне проживают более 150 лет. Армянская диаспора в настоящее время насчитывает более 20–25 тысяч человек, имеет 14 культурных центров в крупных городах страны. Изучение литературы об армянах диаспоры показывает, что большое значение в сохранении их этнической идентификации (культуры, языка, религии, образа жизни) сыграли армянские религиозные деятели, создание собственной письменности и активная торгово-экономическая деятельность. Интерес представляют работы А. Гадло, А.К. Кекильбаева, Козыбаева М.К., Д. Мукановой-Хуршудян и Э. Хуршудян. Эти исследования затрагивают широкий спектр проблем истории и культуры армянского народа.

Ключевые слова: диаспора, культура, этнография.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
АРМЯН
ДИАСПОРАСЫН
ТАРИХИ ЗЕРТТЕУ**

Армяндар – планетадағы ежелгі халықтардың бірі. Қазіргі таңда олардың саны жер шарында 10 млн асады. Арменияның өзінде солардың 3 млн ғана тұрады. Қалғаны әлемнің 100-ден аса елдерінде диаспора, этникалық топ ретінде негізінен шашыраңқы түрде қоныстанған. Кей жағдайларда ғана территориясы белгіленген шағын диаспора ретінде қалыптасқан.

Армян диаспорасы туралы әдебиеттерде байырғы кездегі армян халқы туралы этникалық идентификациясын (мәдениеті, тілі, діні, өмір салты) сақтауда мына жағдайлар үлкен әсерін тигізген делінген. Олар: біріншіден, армян шіркеуінің таңдаған монофизиттігі. Екіншіден, армяндардың IV-V ғасырдағы латын және грек әліппесінен бас тартып, өздерінің Месроп Маштоц құрған жазуларын қолдауы. Үшіншіден, белсенді сауда-экономикалық қатынастары армяндарға саясатта тәуелсіз болуға, мәдени автономиялықтан кері тұрып, ассимиляцияға қарсы тұруын қамтамасыз еткен. Армяндар өздерінің күшімен мәдениеті мен тілін сақтады деуге болады.

Кеңес кавказтану тарихнамасының жетістіктерінің бірі М.О. Косвеннің «Материалы по истории этнографического изучения Кавказа в русской науке» атты еңбегі. Осы мәселені зерттеуде М.О. Косвен тек кавказтанушылық қызығушылықты ғана көрген жоқ, бірақ әділетті түрде Кавказ халқының этнографиялық тарихын зерттеуде – «бұл орыс этнографиясын зерттеудегі аса қомақты және маңызды бөлімше, сонымен қатар, кеңес үкіметі тарихындағы қоғамдық ғылымының маңызды бөлімі» деп есептеді [1]. Сонда да жоғарыда көрсетілгендей, бұл мәселенің маңыздылығына қарамастан, ол нақты түрде арнайы зерттелмегендігі М.О. Косвеннің осы еңбегін жазуға түрткі болды.

Армян және жалпыкавказ этнографиясын зерттеуге Э. Карапетян үлкен үлес қосты. Э. Карапетяның армян отбасының тарихына және армян халқының этнографиясына арнаған еңбектерінің бірі «Очерк истории армянской этнографии» [2].

Армян ғалымы С.Д. Лисицианның ғылыми қызметі Кеңестік Армения кезіндегі Армян этносының мәдениетін зерттеуге, этнографиялық зерттеулерді ұйымдастыруға арналған. Оның далалық зерттеуге арналған жұмыстарының нәтижесі Арменияның Ғылым Академиясы баспасында 1992 жылы «Армяне Нагорного Карабаха» [3] атты этнографиялық очерк болып

шықты. Бұл еңбекте армян Арцахтары туралы тарихи-этнографиялық зерттеулері көрсетілген, оның негізіне автордың өткен ғасырдың 20-шы жылдардағы тарихи Арменияның аудандарында жинаған далалық материалдары жарияланды.

Сонымен қатар, Х. Самуэляның еңбектерін де назарсыз қалдыруға болмайды, оның «Культура древней Армении» еңбегінде армян халқының мәдениетімен толықтай танысуға болады, бұл еңбекте автор (Армян КСР ауылдық райондарының материалдары бойынша) армяндардың мәдениеті, отбасы құндылықтарын зерттеген тарихи очерк [4].

Армяндарды зерттеу туралы деректемелерде шетелдік, оның ішінде ресейлік еңбектерді ерекше айтуға болады. Солардың қатарындағы Е. Чудинованың «Легенды Армении» атты еңбегі [5]. Кітаптың негізгі оқиғасы – армян қамалдарының парсылық жаулаушылардың әсерінен құлауы, бдешха жарының сатқындығы және осы қамалдан екі кішкентай балалардың құтқарылуы. Бұл оқиға төрт түрлі аңызға негізделген. Оның екеуін балаларға (Арменияны шоқындыру туралы аңыз және Александр Македонскийдің тостағандағы су туралы аңыз) әулие, қалған екеуін (Ахтамар туралы және Өшпейтін от туралы аңыздар) көріпкел-әулие баяндаған. Кітапқа қосымша шағын (12 есімі бар) мифологиялық сөздік бар.

Ерекше еңбектердің бірі А. Гадлоның «Орта Азия және Закавказья халықтарының этнографиясы. Дәстүрлі мәдениет» атты еңбегі [6]. Зерттеуде Ортаазиялық және Кавказ өңіріндегі жергілікті тұрғындардың негізгі этникалық құрамы, этникалық тарихы, дәстүрлі табиғатпен байланысы тіршілік қамы жүйесі, материалдық және рухани мәдениеті, әлеуметтік құрылымдары жазылады. Бұл зерттеу материалдарының хронологиялық шеңбері – XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бірінші жартысын қамтиды.

Ресей ғалымдарының ішінде А.Е. Тер-Саркисянц еңбектері құнды. Автор армяндардың мәдениетіне ерекше көңіл бөліп, армян халқына арнап бірнеше еңбектер жазды. «История и культура армянского народа» [7] атты еңбегінде көрсетілген уақыттағы армян халқының тарихы мен мәдениеті жайлы айтылады. Сонымен қатар, армяндардың этногенезі туралы мәселелер, олардың ежелгі және ортағасырлық тарихы, көрші халықтармен қарым-қатынасы, мәдениеті мен діннің дамуы қарастырылады. Осы зерттеулер кең ауқымда қазіргі армян халқының қалыптасуындағы барлық жәйттарды баяндайды. А.Е.Тер-Саркисянцтың «Современная семья у

армян» [8] атты кітабында далалық этнографиялық және статистикалық материалдардың негізінде армяндардың заманауи отбасы туралы, олардың шаруашылығы, құрылымы және саны, отбасы ішіндегі қарым-қатынастары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы зерттеулер қарастырылады. Автор отбасы тұрмысындағы жаңа элементтерге, оның жалпы халықтың мәдениетіне тигізер әсеріне үлкен назар аударған.

Кавказ халқының Қазақстанға күштеп қоныс аудару тақырыбын А.К. Кекілбаев «Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы» [9] атты еңбегінде қарастырады. Автор депортация, күштеп қоныстандыру және бейімделу тақырыптарының негізін аша білді.

Қазақстанда армяндар 150 жылдан астам уақыт өмір сүріп келеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияда, оны жаулап алу барысында және Ресей империясына қосылу кезінде Карабахтан, Зангезурадан, Батыс Армениядан шыққан армян қоғамдары пайда болды [10].

Каспий өзені бойын жылжи отырып, олар Қаспий аумағын иегеріп, Каспий маңында темір жол салуда жұмыс істеді.

Армян халқының негізі қалалық жерлерге, әсіресе Түркістанның жаңа және көне қалаларына қоныстанып және отырықшылыққа бейімделді. 1897 жылғы Бүкілресейлік санақта үш облыста Каспий маңы, Самарқанд және Ферғана аймағында армяндардың саны бес мың адам болды [11].

«Кауфманский жинағында» келтірілген деректерде 1910 жылы Түркістанға «орыс әскері олардың соңынан армяндар келіп, дүңгіршіктер ашылып, тағы қосымша әскер келіп..... транспорт мекемелері, зауыттар, шіркеулер, мектеп және армяндар, армяндар және армяндар өсті деп келтіреді. Армян саудагерлері татар саудагерлерін, еврей тігіншілерін армян тігіншілері ығыстырды, армяндар – алып-сатарлар, саудагерлер... сыра жасаушылар, жалпы алғанда Түркістандағы орыстар мен сарттар арасында ебін таба білген ерекше армяндар кварталы пайда болды» [12].

Түркістан өңіріндегі қалаларда осы этностардың негізімен кіріс үйлері, мейрамханалар мен дүкендер қаланды. Бірқатар армяндар мемлекеттік және әскери қызметтерде болды» [13]. Сол дәуірдің замандасы, ресей шығыстанушысы, академик, Түркістанды зерттеушілердің бірі В.В. Бартольдтің «сауда-саттықта орыстардан кейін армяндар болды, әсіресе Чарджуе және Керкіде; Чарджуеде олар еуропалық қонақүйлерді

ұстады», сонымен қатар, «Ширабад билігіндегі ашыл-шаруашылық мәдениетінде азық-түлікті сатып алуға армяндықтар Каспий өңірінен келіп отырған [14].

1917 жылы Түркістанда олардың саны едәуір артты. Жергілікті жерде қоныстанушылар қолөнер шеберлігін меңгеріп, кішігірім дүкендер ашты, құрылыстарда жұмыс істеді. Армян көпестері Ресеймен тауар айырбасын жүргізіп, ауқатты армяндар мақта тазартатын, май шығаратын, тері өңдейтін, және басқа да жерлерді басқарды [15].

Осылайша армян қауымы тең құқылы және міндетті Қазақстан халықтарының ажырамас бөлігіне айналды. 2009 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстанда 19586 армяндар тұрады [16], еліміздің ірі қалаларында 14 ұлттық мәдени орталықтары бар. Қазіргі таңда армян диаспорасының саны 20-25 мың. Ірі қалаларда олардың тоғыз ұлттық-мәдени орталықтары тіркелген. Қауымдастықтар өздерінің ұлттық тарихи, атаулы күндеріне арнап іс-шаралар ұйымдастырады. Алматы, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай қалаларында жексенбілік мектептер жұмыс істеуде. Ең көп адам қауымы Алматы қаласында (3-3,5 мың адам) тұрады [17].

Отандық деректануға сараптама жасауда осы кезеңге дейінгі жиналған эмпирикалық мәліметтерді және зерттеушілердің жүргізген ғылыми деректерді ерекше атауымызға болады. Халықтарды тарихи қоныстандыруға арналған ғылыми еңбектердің ішінде академик М.Қ. Қозыбаевтың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Ғалымның жетекшілігімен республикамызда 1920-1940 жылдардағы тоталитарлық режимдегі саясаттың әлеуметтік-демографиялық салдары айқындалған «Қазақстан тарихы: ақтандақтар» атты еңбек жарыққа шықты [18]. М.Қ. Қозыбаевтың зерттеуі ғалымдар үшін тарихтағы жаппай репрессия тақырыбындағы теория-методологиялық құралының негізі болды.

Кең ауқымды әдебиеттің бірі армянтану еңбегі. Қазақстандағы армяндардың күштеп қоныстандыру тарихын, мәдениеті мен этнографиясын жазған авторлардың арасында Д. Муканова-Хуршудян мен Э. Хуршудянды ерекше атап өтуімізге болады. Авторлар

«Қазақстандағы армяндар: тарихы және қазіргі кезең» атты ғылыми мақалаларында өздерінің ата-бабалары туралы деректерді жүйелеп, көптеген мәліметтерді ашып жазды [19].

Кавказтану этнографиясының тарихын зерттеуге осы күнгі зерттеулер ұсынылып, халықтың мәдениеті мен тұрмысындағы негізгі деректер көрсетіліп, осы тақырыпты зерттеген ғалымдардың еңбектері бағаланды. Дегенменде тарихнаманы терең зерттеудің құндылығы мен зерттеу мәселесінің өзектілігі сәйкес келе бермейтінін де айта кетуіміз керек. Бұған себеп – ата-бабаларының мұраларын ғылыми жолға қоюда кеңес дәуірі этнографтарының өте кеш бастауынан.

Әр түрлі жылдарда жарық көрген этносаралық мәселелер жөнінде жазған бірқатар кітаптардың авторы, О.Г. Дымовтың тәжірибиесін ерекше айтуымызға болады: «Тепло казахстанской земли», «Мы народ Казахстана» [20]. Өз еңбектерінде автор күштеп көшірумен қатар Қазақстан территориясына қоныстануы мен армян халқының мәдениеті туралы да жазады.

Арнайы мақалалар мен монографиялар жазған дәуір аралығындағы қомақты ірі зерттеушілер М.М. Ковалевский мен В.Ф. Миллердің ғылыми зерттеу жұмыстары ғылыми мұра болып саналады. Сонымен бірге, өз халқының тарихына елеулі үлес қосқан жергілікті ғалым-этнографтардың да еңбектерімен таныспыз.

Алайда тарихнамалық жұмыстар біркелкі жүргізілмеді, басым көпшілігі зерттеушінің немесе соған арналып жазылған мерейтойлық мақалалар. Мерейтойлар, әрине ата-бабаларымызды ұмытпай, олардың қалдырған ғылыми мұраларын саралау үшін қажетті іс-шара. Бірақ жалпы тарихнамалық зерттеулерде фрагменттік ескерілетін жәйттар бар.

Сондықтан армян этносының тарихын мүмкіндігінше тереңірек зерттеуді жалғастыру керек. Бұл бір нақты зерттеушінің ғылымды әрі қарай дамытуда белгілі тақырыптағы жиналған білімі, шығармашылық сараптамасы болуы мүмкін.

Ол қол жеткізген нәтижелерін терең талдау, негізгі бағытының мәнін түсіну, әлеуметтік-экономикалық және саяси шындығына қоғамдық пікірді дамыта отырып анықтау.

Әдебиеттер

- 1 Косвен М.О. Материалы по истории этнографического изучения Кавказа. – М., 1958.
- 2 Карапетян Э.Т. Очерк истории армянской этнографии. – Ереван, 1966.
- 3 Лисициана С.Д. Армяне Нагорного Карабаха – этнографический очерк. – Ереван, 1992.

- 4 Самуэлян Х. Культура древней Армении. – Ереван: АрмФАН, 1941.
- 5 Чудинова Е. Легенды Армении. – М.: Крон-Пресс, 1996.
- 6 Гадло А. Этнография народов Средней Азии и Закавказья. Традиционная культура. – СПб., 1998.
- 7 Тер-Саркисянц А.Е. История и культура армянского народа. – М., 2008.
- 8 Тер-Саркисянц А.Е. Современная семья у армян» (по материалам сельских районов Армянской ССР). – М., 1972.
- 9 Кекильбаев А.К. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс, 1998. – 428 с.
- 10 Амирьянц И.А., Григорьянц А.А. Армяне Средней Азии. – Современное развитие этнических групп Средней Азии и Казахстана. – М., 1992. – Ч. 1. – С. 157-169.
- 11 Центральная Азия в составе Российской империи. Окраины Российской империи. – М., 2008. – С. 385.
- 12 Кауфманский сборник. – М., 1910. – С. 31-45.
- 13 Кауфманский сборник. – М., 1910. – С. 31-45.
- 14 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана // Сочинения. Работы по истории Средней Азии. – М., 1963. – Том II. – Ч. 1. – С. 423.
- 15 Центральная Азия в составе Российской империи. Окраины Российской империи. – М., 2008. – С. 282.
- 16 Перепись населения за 2009 г. – Алматы, 2009. – 110 с.
- 17 <http://articlekz.com/article/5012>
- 18 Козыбаева М.К. История Казахстана: белые пятна. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – 348 с.
- 19 Дымов О.Г. Тепло казахстанской земли. – Алматы: Арыс, 1999. – 270 с.
- 20 Дымов О.Г. Мы народ Казахстана. – Астана, 2004. – 629 с.

References

- 1 Kosven M.O. Materialy po istorii jetnograficheskogo izuche-nija Kavkaza. – М., 1958.
- 2 Karapetjan Je.T. Oчерk istorii armjanskoj jetnografii. – Erevan, 1966.
- 3 Lisiciana S.D. Armjane Nagornogo Karabaha – jetnografiches-kij oчерk. – Erevan, 1992.
- 4 Samujeljan H. Kul'tura drevnej Armenii. – Erevan: ArmFAN, 1941.
- 5 Chudinova E. Legendy Armenii. – М.: Kron-Press, 1996.
- 6 Gadlo A. Jetnografija narodov Srednej Azii i Zakavkaz'ja. Tradicionnaja kul'tura. – SPb., 1998.
- 7 Ter-Sarkisjanc A.E. Istorija i kul'tura armjanskogo naroda. – М., 2008.
- 8 Ter-Sarkisjanc A.E. Sovremennaja sem'ja u armjan» (po mate-rialam sel'skih rajonov Armjanskoj SSR). – М., 1972.
- 9 Kekil'baev A.K. Deportirovannye v Kazahstan narody: vremja i sud'by. – Almaty: Arys, 1998. – 428 s.
- 10 Amir'janc I.A., Grigor'janc A.A. Armjane Srednej Azii. – Sovremennoe razvitie jetnicheskikh grupp Srednej Azii i Kazahstana. – М., 1992. – Ch. 1. – S. 157-169.
- 11 Central'naja Azija v sostave Rossijskoj imperii. Okrainy Rossijskoj imperii. – М., 2008. – S. 385.
- 12 Kaufmanskij sbornik. – М., 1910. – S. 31-45.
- 13 Kaufmanskij sbornik. – М., 1910. – S. 31-45.
- 14 Bartol'd V.V. Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana // Sochi-nenija. Raboty po istorii Srednej Azii. – М., 1963. – Tom II. – Ch. 1. – S. 423.
- 15 Central'naja Azija v sostave Rossijskoj imperii. Okrainy Rossijskoj imperii. – М., 2008. – S. 282.
- 16 Perepis' naselenija za 2009 g. – Almaty, 2009. – 110 s.
- 17 <http://articlekz.com/article/5012>
- 18 Kozybaeva M.K. Istorija Kazahstana: belye pjatna. – Alma-Ata: Kazahstan, 1991. – 348 s.
- 19 Dymov O.G. Teplo kazahstanskoj zemli. – Almaty: Arys, 1999. – 270 s.
- 20 Dymov O.G. My narod Kazahstana. – Astana, 2004. – 629 s.

Turgunbayev Ye., Shaken B.

**Development of Teaching
Technology of Hunting Birds in
Kazakh Live in the XIX Second
Half – XX Century**

Тұрғынбаев Е.М., Шәкен Б.

**XIX ғасыр мен XX ғасыр
басындағы қазақ халқының
ау құстарды үйрету
технологиясының дамуы**

Тұрғынбаев Е.М., Шәкен Б.

**Развитие техники птичьей
охоты казахского народа
в XIX – начале XX вв.**

In the article are considered the importance and features of the development of hunting with birds as the source of living of Kazakh people. Determining the importance of hunting with birds, taming technique of hunting birds and teaching them to hunt down the animals as the basis of the spiritual life of the Kazakh people is the goal of this article.

B. Kamalashuly, B. Hinayata, K. Isabekova, who wrote papers on this theme. In the course of the research work was also carried out a comparative review of the regional peculiarities of hunting with birds. The historical period covered by the article is the beginning of the nineteenth and twentieth centuries, the historical content of the article seen in three parts.

Key words: Kazakhstan, Arha, Kobda, Altai, hunting birds, teaching technology, eagle.

Мақалада қазақ халқының күнкөріс көзі ретінде саятшылықтың даму маңызы мен ерекшеліктері қарастырылады. Саятшылық, аушылық құстарды қолға үйрету техникасы мен аңға салу үдерісі және қазақ халқының рухани өміріндегі маңызын айқындау осы мақаланың өзегі болып табылады.

Зерттеу жұмысының дерегі ретінде төте жазумен жазылған С. Шормановтың саятшылыққа байланысты еңбегі қамтылды. Сонымен қатар осы тақырыпта ғылыми еңбектер жазған Б. Кәмәләшұлының, Б. Хинаят, Қ. Исабековтің еңбектері теориялық негіз ретінде басшылыққа алынды. Зерттеу барысында салыстырмалы түрде саятшылықтың аймақтық ерекшеліктері назардан тыс қалмады. Мақаланың тарихи шеңбері XIX ғасыр мен XX ғасырлардың бас кезеңін қамтиды, тарихнамалық мазмұны болса үш маңызды бөлік негізінде қарастырылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, Арқа, Қобда, Алтай, үйрету техникасы, ау құстары, бүркіт.

В данной статье рассматриваются особенности и развитие птичьей охоты как основного фактора жизнедеятельности казахского народа. Охота, техника приучения охотничьих птиц, а так же процесс введения в охоту и их важность в духовной жизни казахского народа являются основным объектом исследования данной научной статьи.

Основным источником исследования является труд, написанный арабской графикой С. Шорманова. Вместе с этим были использованы научные труды Б. Камалашулы, Б. Хинаят, К. Исабеков в качестве теоретического исследования данной проблемы. В процессе исследования были учтены территориальные особенности охотничьего дела. Исторические рамки охватывают период XIX – начало XX вв., а историографическая основа разделена на трих основных раздела.

Ключевые слова: Казахстан, Арка, Кобда, Алтай, техника приучение, птичей охоты, орёл.

**DEVELOPMENT
OF TEACHING
TECHNOLOGY OF
HUNTING BIRDS IN
KAZAKH LIVE IN THE
XIX SECOND HELP – XX
CENTRY**

Introduction

Hunting in ancient times was the main source of livelihood of primitive people, and continued its main purpose till the Middle Ages. Reducing of natural fund, reducing of the number of wild animals, and in addition, the improvement of mankind's intellectual development, the emergence of new sources of livelihood, agriculture development, livestock, and other reasons pushed the importance of hunting as a vital method of living to a second place. Thus, began the process of transforming hunting from a source of livelihood in the national art.

From all types of hunting the Kazakh people one of the most important is hunting with birds. Taming the hunting birds, their education as vigilant and grip of birds requires special patience, experience, and insight. The training of hunting birds in the Kazakh people have formed the traditional methods since ancient times. This article discusses the domestication of steppe birds and their training as hunting, different methods of hunting with birds of the Kazakh people, the Kazakhs and the proximity to nature and hunting with birds. In addition, the article also examines the hunting of birds, which was formed not only as a national art, but also as a means of influencing the outlook of the Kazakh people, and proverbs related to hunting.

As the source of the research work was used the book «Aushy» written by ancient writings, published in 1907, in Kazan by Saduakas Shormanov. The above book is the first work in the Kazakh language written about hunting birds. In this book it is written about hunting birds and teaching methods, as well as when and how long to send the birds to hunt. The article also discussed the works of B. Kamalashuly, B. Khinayata and K. Isabekova and T. Sauyrzhanuly of hunting with birds. Furthermore, to indicate the importance and the role of hunting birds in the spiritual life of the Kazakh people were considered works of B. Kanarbaev, B. Abetov (translation), and the articles from «Turkestanskye vedomosty» newspaper.

Using as a basis the data sources and study the article describes hunting birds and their importance in the life of Kazakh people, the article is divided into three main parts. In the initial two parts is

discussed Kazakh folk technique of training hunting birds, and their domestication to hunt for animals, while the third part deals with the popular belief, the signs associated with birds of prey, and the importance of applying the hunting birds in folk medicine.

Technology of Domestication of Hunting Birds

The main purpose of the use of any hunting bird is accustoming her to hunt for animals. Before hunting animals training of a bird goes through several stages, such as: to teach it to hand, taming, teaching to hunt the animals. For many centuries, the Kazakh people have trained hunting birds and has developed many traditional methods of taming the birds.

The very first step in the domestication of hunting birds is referred to accustom it to the hand. At this stage, the falconer stroking the bird puts on its eyecup, attaches shackles, and puts it on the stand, firstly set on his hand, and then on a horse. The researchers say that the bird «...is needed to be set on hand in a timely manner, softly coated with oil, and not give to sleep in the moments when it is tired, and make every effort so as not to frighten the bird» [1, 3] otherwise, «... tame bird can be frightened from man and refuse to eat the feeding in its trough, so, in the first domestication of a bird to the hand you have to be extremely careful» [2, 87].

One of the most important techniques in the rapid domestication of hunting bird to the hand is the elimination of its smell of the steppe. Steppe birds smell is eliminated by dipping in manure or washing in the soapy water. Scientist B.Kamalashuly on the importance of this method, wrote: «The elimination of the odor of steppe of the bird is crucial. It will quickly get accustomed to the new place, and it will help it not to be frightened of its new habitat» [3, 30].

Another important step in the domestication of hunting bird is daunting. While the caught hunting bird will not be daunted and deprived of its wild nature, it will not go on the hunt for animals with a man. One of the important issues in the domestication and taming the bird is kindness. «Birds are very unforgiving, they do not forget the evil caused to them. To do this the falconer tames the bird listening to its singing and stroking her. For taming of a bird its better to choose cool weather» – said B.Kamalashuly [3, 30].

There are no set rules of domestication of hunting birds, each bird has a peculiar character, breed, age and mood, so every falconer selects his own method, basing on his experience and the type of animals on which hunting is carried out. For example, for some

birds as a taming the method is used the dispersion of cold water. About this method B.Hinayat wrote: «... so that the proud and wild steppe bird will not die in captivity, she is given a compressed lump of snow or ice cube» [2, 89], B.Kamalashuly: «unruly and wild birds is poured with cold water on the back, on the sides and under the wings, and is given to swallow snow and ice, so that its body will cool» [3, 31]. However, these methods should be used with caution, taking into account seasonal features and basing on the experience of the falconer, because habituation techniques are specific to each bird, and must be conducted in a phased manner.

Another method of taming the bird is the awakening of the bird. Birds are very unstable to sleep. In such cases, birds are put on the hook, and are set on a horse or transported in crowded and noisy place. The bird gets tired from all this, and when it gets sleepy from exhaustion it becomes more docile and compliant. «This method – regardless of the area of residence is a traditional and ancient method of taming the hunting bird for all Kazakh people» [3, 31].

The next method of taming the birds is sewing its upper and lower eyelids with a needle and thread, without touching its eye sockets. «This method helps to tame the bird faster. This technique is more often used for small birds» [2, 91]. Since small birds compared to larger birds can escape and fly away in the process of habituation. Small birds are quickly tamed to the hands, and so falconers use this method only in exceptional cases.

A sign that hunting bird is tamed is that learns his master's voice when he calls it. On the thigh meat of the animal is sprinkled sweet, holding it in his hand he shows it to the bird. First, a piece of meat is gently brought to a bird's beak, it is given a couple of times to try it and then it is shown at the distance again. Thus, the bird learns to fly on a piece of meat in a hand of a person. Eventually the bird gets used to fly as soon as it sees the red spots.

Summing up the importance of domestication and taming methods of hunting birds, it becomes clear that the use of the abovementioned methods depends on the nature and character of a bird. Thus, the falconer uses methods based on the state of the bird, he tames and trains it. In addition, other than these traditional methods, falconers use their personal experience, and their formed own methods.

The Process of Habituation of Birds to Hunt for Animals

After the bird is domesticated, tamed, and responds to the call, the process of habituation to hunt for animals begins. Usually steppe birds are

not trained to hunt animals, and for this purpose are trained only younglings. The first phase of training the birds to hunt for animals is called dragging the bait. Training for dragging bait is in tying animal pelts to a long rope, dragging it in front of the bird, and teaching the bird to catch the skin. Bird is allowed to catch the skin, and after it catches the skin, she is given to a taste animal flesh. B.Kamalashuly shows the importance of training with the dragging skin: «the wings and tail of eagle are accustomed to catch the dragging the skin, and thus become stronger and more trained» [3, 32].

The next step is to accustoming the birds to hunt for a living animal. In this case, small animals such as a rabbit or fox are linked so that they can not escape, or tied to a long rope and are shown to the hunting bird. Thus, a hunting bird learns to hunt animals. About the process of habituation of birds to hunt for the animal B.Kamalashuly wrote «... golden eagle youngling is weaned from fox, and then for catching the fox golden eagle is given a few pieces of red meat as a reward. This gives the golden eagle thought that if it catches a fox, it will be given the meat. Thus, the golden eagle feels the taste of meat, bird learns to catch a fox» [3, 32]. B.Hinayat: «If a bird catches the dragging skin by itself, it is an indication that the work on taming is done successfully. In this case, it is given to taste the meat of its first prey. As the eagle strongly protects its prey, it can not be taken away from it ... or the eagle would become disobedient» [2, 91]. Given that B. Kamalashuly is a Kazakh from Mongolia, a difference of opinion on this issue is caused by regional differences. «The original purpose of taming to catching animals is accustoming the bird to distinguish between wild animals, domestic animals and animals of steppe» [2, 91].

After the bird will take all the above tests, the bird is ready to go hunting. However, it is also an important question about what kind of bird is set on hunting for animals, and at what time. It depends on the skill and experience of the falconer. For example, if you do not send a bird to hunt «during the time of its inspiration», it will not catch the animal or will get an injury or die hunting the beast larger in size than the bird itself. The most appropriate time for the direction of the bird on the hunt for the animal is «time of inspiration». About this S. Shormanov wrote: «falconers called «the time of inspiration» the evening when the sun goes down but not yet extinguished its last rays. This usually occurs in the summer. In the autumn period it is the time just before sunset and before the onset of cold» [1, 6].

In addition to time of setting the bird to hunting, also important is the hunting ground and the wind direction. For example, «Golden Eagle is mainly let to the high places, but only accustomed inexperienced eagle is not raised to a height, on a windless day allowed on level ground and sent to hunt hare ... the hawk and falcon are set in calm weather in the evening before sunset sent and are sent the hunt for a suitable animal... while an experienced eagle before being sent to hunt is turned against the wind. Especially birds such as the hawk and falcon are turned face against the wind» [1, 7]. B. Kamalashuly also joins this opinion «when released the hunting bird should be let out against the wind. Because if it is released into the wind, the bird will carries by the flow of the wind, and it will not be able to fly high. When planting will not be able to keep the body straight and may fall before reaching the hands of the falconer» [3, 34].

A great attention should also be paid to the state bird which goes hunting. Because, even if the bird is well prepared, but will not be sent in time to hunt the animal, spending the whole day on horseback, it can get tired and will not catch the animal. However, «such birds as the golden eagle, falcon love when they are carries on horseback. If the bird is kept at home for a long time, their intestines will overflow and their condition worsens» [1, 7]. Therefore, they must often be taken out and carried on horseback. While such birds as «goshawk and sparrow hawk are tired of long trips to lose weight fast because of fatigue. Their are better kept at home and taken out to hunt only during inspiration time» [1, 8]. Kazakh falconers have paid special attention to these peculiarities, in order not to return from the hunt empty-handed.

The Spiritual Significance of Hunting Birds in the Life of Kazakh People

Hunting birds have left its mark on the spiritual life of the Kazakhpeople. One example is a reflection of the state conveyed in the image of an eagle. The ideal of a bird lies in the terms of sharpness, dexterity, freedom in the worldview of the Kazakh depicted on the state flag, as a symbol of freedom and deep history.

According to archaeological materials, the first material evidence of the hunting birds was found 2400 years ago BC in the land of Mesopotamia in the mountains of Noyonwla. In Kazakh land's «northeastern village of Kulsary, cemetery situated in Araltobe were found bodies of a man and woman in one of the necropolises, buried together with gold jewelry decorated in hunting style, golden eagles and head sculptured called protoma. At the same

time, 40 kilometers away from the city of Oskemen, in the Kuryk wall (IV-II centuries BC) was found a body buried with 4 eagles» [4, 48]. Scientists believe that in the people's understanding of the human soul after death was confidence that human's soul will be launched to the heaven by the birds.

Such beliefs related to birds in the Kazakh people are very common. «For the treatment of fever or heavy diseases the golden eagle was set to the patient's head. In order to facilitate the delivery the golden eagle was brought home and showed the woman in labor» [5, 53 – 54]. «If a person dreams of a golden eagle, it is a sign that a person reaches his goals, unmarried people will marry, and newlyweds will have children» [2, 126].

At the same time, wearing bows of owl to the arrow, putting wings of a bird to the urgent messages, bending to an eagle, burying the eagle with a great funeral, etc., these kinds of superstitions were very common for the nation. Today, for Altai Kazakhs it is common to put owl feather to the scarf of new daughter-in-law, or to the bed daughter-in-law, to the hat of a boy going through circumcision are the traditions based on the idea of protecting from the evil eye, and some of these native traditions are still in use. Nearly every belief among the population come to the fact that birds are considered sacred, including the golden eagle and owl. While the beliefs connected to the other hunting birds are rare.

жағынан топтың алдына шығады. Содан кейін барып екеуі де толыққанды студенттер қатарына қабылданады. Сол бірінші курстан естелік ретінде мына сурет қалды, – деп, Сара апай әбден ескіріп, сарғайған суретті көрсетті. Мен суреттен бір топ ересек студенттер арасынан екі жас студент – М.Қ. Қозыбаев пен Ә.С. Тәкеновті бірден таныдым.

Және де бұл жәйтті Манаш Қабашұлының өзі де растап берді. Мәкеңнің курстас досы, профессор Ә.С. Тәкенов 1997 жылы мезгілсіз қайтыс болып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысының тарих сериясы 1998 жылғы бір номерін Әбекене арнады. Сол тұста Хабаршының жауапты хатшысы ретінде журналдың барлық материалдарын жинауға тура келді. Манаш Қабашұлы Әбекен туралы естелік жазып беруге келісті де, айтқан уақытында уәдесін орындады. «Арың таза еді, Әбу!» деген Мәкең естелігі Хабаршыда жарық көрді. Онда ол өздерінің бірден студент бола алмай қалғанын былай деп баяндайды:

«Әбу Қазақ университетіне оқуға 1948 жылы июль айында келді. Мен де сол тарих факультетіне оқуға түсу үшін келіп, емтихан тапсырып жүрген кезінде онымен таныстым. Біз екеуміз де тарих факультетіне студент бола алмай кандидат деген желеумен оқуға кірдік. Қазақ айтады ғой, «әйел-мұңдас» деп, кандидат болып оқуға түсе алмаған топ оқшау жүретінбіз, мұңдасатынбыз, жағдайымызды бір-бірімізге айтатынбыз. Тарих факультетінің бірінші курсына латын тілінен Якушев деген ақсақал берді. Ұстазымыз патша заманында университет бітірген өте зиялы адам болатын. Біз Әбу екеуіміз алдыңғы қатарда отырып, кейде балалық жасап, өзара сөйлесіп кетсек, ол кісі бізге «пузионистер» тыныш отырыңдар! – дейтін». Ол латынша «Еркебай» дейтін сөз болуы керек. Біз кейде бір-бірімізге сол атақты таңып, «әй, Еркебай» деп те айтатынбыз...». (ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы, №8. 6-б. – Алматы: Қазақ университеті, 1998, – 85 бет). Сол студент бола алмай қалған екі «кандидат» сабақтарын өте жақсы оқып, университетті үздік бітіріп шығады. Шамасы, екі жас жігіт өздерінің намыстарына қамшы салған болулары керек, тарих ғылымына қадам салып, оның шыңына дейін көтеріледі. Кейіннен бірі – академик, екіншісі – профессор атанады. Бұл академик М.Қ. Қозыбаев өмірінің көпшілік біле бермейтін бір жәйгі.

Академик М.Қ. Қозыбаев өмірінің келесі бір тұсына – оның соңғы курста оқып жүріп,

алғашқы қоғамдық-саяси іс-шараларға баруы жатады. Дәл қазір бұл әңгімені кімнің айтқанын нақты айту мүмкін емес. Шамасы, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында университеттегі бір жиында бірге оқыған курстастарының бірі айтқан болуы керек. Әңгіме «Бекмаханов ісіне» қатысты.

Көпшілікке мәлім, профессор Е. Бекмаханов 1947 жылдан бастап қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде жұмыс істейді. 1951 жылы университеттен қуылады. 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалып, сол жылдың 3 қарашасында айыптау қорытындысы шығады. Ал 1952 жылдың 2 желтоқсанында 25 жылға сотталады. Бұл кез Манаш Қабашұлының 5 курста оқып жүрген кезі. Ұстаздарының ғылыми көзқарасы үшін жазықсыз айыпталып жатқанынан хабардар тарих факультетінің бір топ жоғары курс студенттері қол жиып жоғары жаққа хат ұйымдастырып, қол жинайды. Бұл жәйт арнаулы ұйым қызметкерлеріне мәлім болады да, студенттерді қыспаққа ала бастайды. Кейбір студенттердің көрсетуінше, бастамашыл топты басқарып, хат жазып, қол жинағандардың ішінде студент Қозыбаевтың аты-жөні де айтылады. Содан кейін студент М. Қозыбаевтың да басына қара бұлт төне бастайды. Соның салдары болуы керек, 1953 жылы университеттің тарих факультетін үздік бітіргеніне қарамастан, оны Алматыда қалдырмай, Қостанайға жібереді. Меніңше, бұл жәйт те академик өмірінің көпшілік біле бермейтін бір тұсы деп ойлаймын.

Бұл оқиға болашақ академиктің тұлғалық болмысына қатты әсер етсе керек, кеңестік заманның іргесі сөгілер тұста тарихымыздағы айтылмаған ақиқаттарды шынайы түрде айтуға бар күшін салады. Зиялы қауым академиктің 90-шы жылдарға дейінгі жарияланған еңбектерінен гөрі, 90-шы жылдардан кейінгі жазылған еңбектерін жақсы біледі. Өйткені оларда тарихи сана, тарихи көзқарас, ұлттық тарих мәселелері жөнінде жаңа ұстанымдар, ойлар мен тұжырымдар туралы қарастырылады.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың көпшілік аңғара бермейтін бір қырына – оның әрі шешендігі мен шебер көсемсөздігі жатса керек. Ол өзі жазған көсемсөздік сипаттағы баяндамаларын өзі жазып, өзі майын тамыза оқитын. Сондай баяндамалардың біріне – 2001 жылы әріптесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дина Исабайқызы

Дулатованың 70 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасы жатады. Екі әріптес те бір жылғылар еді. Дина Исабайқызы 1931 жылдың қаңтарында туылса, Манаш Қабашұлы 1931 жылдың қарашасында дүниеге келеді. Содан болуы керек, араларында өте жарасымды, мәдени түрде әзіл жүретін.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың салтанатты жиында Д.И. Дулатова туралы жасаған баяндамасы өте әсерлі болды. Мерейтой иесінің кейбір мінездерін шынайы түрде бүкпесіз, тура айтқандықтан залда отырғандар баяндамашының әрбір ойы мен сөзіне қол соғып отырды. Ол бейнетаспаға түсірілген еді. «Өнегелі өмір» сериясымен университетіміз Д.И. Дулатова туралы кітап шығарғанда, академиктің баяндамасы соған енгізілді. Сол баяндамадан бір-екі жол үзінділер келтіре кетсек.

«Қазақ – қызық халық. Өмірінің қызығынан көрген шыжығы көп. Сол шыжық соңына еріп, өзінің быжық болып кеткенін де байқамай қалатын кездері бар.

...Дина ханым намысын талмай қайрап, намысқа арын жалғап ту еткен жан. Ол ешкімге шіреймейді, бармын деп аспайды да таспайды, үрейленіп саспайды, әділеттен қашпайды, дос сырын шашпайды, арсыздардан аттайды да тура жолымен жүре береді.

... Бүгінгі юбиляр Дина ханым айбынды да айтымды азамат. Ермен тең нардың жүгін көтеретін жан, екі айтпайды, айтқанынан қайтпайды, өтірік дегенді білмейді, өсек жолмен жүрмейді, жалпылдап мырқынбайлармен күлмейді, анау-мынау жандарды көзіне де ілмейді, уәде берсе тұрады, алысса жығады, күрессе үйіріп-үйіріп тобықтан ұрады, қасқайып қас батырдай мен мұңдалап тұрады. Айбынды азамат әйел затынан екеу болса, бірі Дина ханым, бір адам болса, ол

– Дина ханым. Оның табиғи болмысы осылай жаралған.

...Дина ханым – ғалым тарихнамашы. Жазылған еңбектерді саралап, бар дүниелерді аралап, әділдікпен бағалап, керек проблемаларды жобалап, тарихтың бәрін құнттап, мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүрген тарихнамашылардың көшбасында келе жатқан Дина ханым – қайраткер жан» (Қозыбаев М.Қ. Дина ханум сөзі. Мына кітапта: Дулатова Д. Өнегелі өмір./ под ред. Г.М. Мутанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. Выпуск 74. – 359 с., рис. 260-261 б.).

Осындай сарында мәнерлеп, мәтелдеп, ойларын шебер ұйқастыра сөйлеген академик М.Қ. Қозыбаевтың осы сөздеріне залда отырғандардың бәрі қуана қол соғып жатты. Бір ғана баяндамадағы сөздер мен ойлардан қазақ тілінің қандай дәрежеде бай екенін байқасақ, сол тілде сөйлеген академик ағамыз бай тілді одан сайын асыра, мың құбылтты, сәні мен салтанатын келтіріп асқақтатып жіберді. Шешендік өнер деген осы шығар деп ойлап қаласың. Көпшілік алдында, ғылыми ортада еркін көсіліп, ойлы сөйлеудің хас шебері болған академик ағамыз оны осы салтанатты жиында тағы бір дәлелдеп көрсетті. Академик М.Қ. Қозыбаевтың осы жиында сөйлеген сөздері оның бойында көпшілік біле бермейтін көсемсөз шебері мен шешендік өнері секілді қасиеттерінің бар екендігін тағы бір дәлелдеп көрсетіп берді.

Осылайша, ойларымызды түйіндей келе, академик М.Қ. Қозыбаев өмірінің көпшілік жұрт біле бермейтін тұстары баршылық екен. Болашақта ғалым өмірінің осындай беймәлім тұстарын анықтап, оны жарияласақ, академиктің тұлғалық болмысын толық танып-біле аламыз деп сеніммен айтуға болады.

7-бөлім
МАГИСТРЛІК ЖҰМЫСТАР

Раздел 7
ИССЛЕДОВАНИЯ МАГИСТРАНТОВ

Section 7
**INVESTIGATIONS OF POSTGRADUATE
STUDENTS**

Серғазы Е.Е.

Сақ дәуіріндегі Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктері

Мақалада Шығыс Қазақстаннан табылған сақ дәуіріне жататын тарихи құнды бірін-бірі алмастырған Майемер, Шілікті, Берел, Құлажорға, т.б. мәдени кезеңдердің археологиялық ескерткіштерінің табылу тарихи мен маңызына тоқталады. Оларға берген ғалымдардың түрлі пікірлері талданып, аналитикалық талдау жасалады. Археологиялық жұмыстардың негізгі қиындықтары мен аса құнды ескерткіштердің сақталу жолдарының негізгі аспектілерін қарастырған. «Майемер», «Берел», «Шілікті», «Құлажорға» кезеңдеріне жеке талдау жасалып, әлем тарихы үшін археологиялық ескерткіштерінің маңызын көрсетеді. «Қоғалы 1» қорымы, «Шілікті» қорғандары, «Берел» қорымы, «Құлажорға» мәдениеті негізгі объект ретінде алынады. Құлажорға кезеңі – ерте темір дәуіріне жататын тарихи-мәдени кезең. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі жерлеу-ғұрыптық ескерткіштері хронологиялық жағынан үш кезеңге бөлінеді: б.з.б. 7-6 ғасырлардағы майемер, б.з.б. 5-4 ғасырлардағы Берел және б.з.б. 3-1 ғасырлардағы Құлажорға кезеңі ескерткіштеріне Ертіс өзенінің бойындағы (ұзындығы 250 км) Бөкен ауылынан Шұлбі кентіне дейінгі аралықты қамтыған Құлажорға, Қызылту, Юпитер, Малокрасноярск, Баты, Тұсқайың және Славянка сынды оншақты қорымнан тұрады.

Түйін сөздер: алтын адам, археология, жәдігер, қорым, дәуір, оба.

Sergazy Y.E.

Features of archaeological monuments in the era of the scythians in Eastern Kazakhstan

The article discusses the important meaning and a story about the discovery of archaeological monuments in the cultural and historical period, such as Mayemer, Chilikty and Berel, Kulazhorga which are related to the saka period, found in the East Kazakhstan. It analyzes the views of different scholars and issued analytical analysis. Considered same line storage of valuable archaeological monuments and the main difficulties of archaeological work. Also analyzes the stages of «Mayemer», «Berel», «Chilikty», «Kulazhorga» and set the meaning of the archaeological monuments for world history. mound «Kogaly 1» mounds «Chilikty» and mound «Berel» culture «Kulazhorga» is taken as the main subject. Kulazhorga period – historical and cultural period related to the early Iron Age. Monuments peculiar burial tradition in the early Iron Age in Eastern Kazakhstan in chronological plan is divided into three stages: mayemer 7-6 do BC, Berel BC and Kulazhorga 3-1 BC, the monuments of this phase are the monuments along the Irtysh river (250 km) from the village Boken to haul Shulbinsk covering Kulazhorga, village Kyzyltu, Jupiter, Malokrasnoyarsk, Bata, Tuskayyn, Slavyanka, consisting of ten mounds.

Key words: gold man, archeology, monument, old cemetery, the era mound.

Серғазы Е.Е.

Особенности археологических памятников в эпоху скифов в Восточном Казахстане

В статье рассматривается важность археологических памятников в культурно-историческом периоде, такие как Майемер, Чиликты и Берель, Кулажорга, относящихся к сакам, обнаруженных в восточной части Казахстана. Анализируются мнения различных ученых и выдан аналитический анализ. Рассматриваются так же строки хранения особо ценных археологических памятников и основные трудности археологических работ. Отдельно анализируются этапы «Майемер», «Берель», «Чиликты», «Кулажорга» и указано значение археологических памятников для мировой истории. Курганы «Когалы 1», курганы «Чиликты» и курган «Берель», культура «Кулажорга» борются в качестве основного объекта. Период Кулажорга – историко-культурный период, относящийся к эпохе раннего железа. Памятники погребения характерны традициям эпохи раннего железа в Восточном Казахстане, которая в хронологическом плане разделяется на три этапа: майемер 7-6 до н.э., берель до н.э. и Кулажорга 3-1 до н.э., к памятникам этого этапа относятся памятники вдоль реки Иртыша (протяженность 250 км) от поселка Бокен до перегона Шульбинск с охватом Кулажорга, поселок Кызылту, Юпитер, Малокрасноярск, Баты, Тускайын, Славянка, состоящие из десяти курганов.

Ключевые слова: золотой человек, археология, памятник, старое кладбище, эпоха, курган.

**САҚ ДӘУІРІНДЕГІ
ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Еліміздің тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт аралығында егемен ел болудың алғышарты ретінде бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Ендігі кезекте еліміздің рухани, мәдени және тарихи саласын түгендеу қажеттілігі қолға алынуда. Ең бастысы, ұлт болашағы жас ұрпақтың санасына туған елінің, туған жерінің қадірін біліп, Отанын сүйуге баулу үшін әлі де көп еңбек жасалуы керек. Оның бір бөлігі – ұлттық тарихты саралау, зерделеу, зерттеу. Қазақтың байтақ даласы құдды алтынмен әспеттеліп жазылған алып кітап секілді көрінеді де тұрады. Әр парағын ашқан сайын тамсанасың, таңданасың. Ойымызда бары – осынау ұлы даланың тарихының түпсіз тереңінде жатқан көне тарихымызды, тарихи тұлғаларымызды келешек ұрпақ санасына жеткізу, дәріптеу.

Қазақстанның шығысындағы археологиялық ескерткіштер туралы алғашқы қысқа мәліметтерді біз XVIII ғ. саяхатшылары мен ғалымдары Г.Ф. Миллер, П.С. Паллас, И.П. Фальк, И.Г. Гмелин, Х. Барданес, Г.И. Спасски және т.б. еңбектерінен кездестіре аламыз. Ежелгі Шығыс Қазақстанды зерттеуде үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі академик В.В. Радлов. Ол 1862 ж. Семей, Сергиополь (Аягөз) маңында археологиялық зерттеу жұмыстарын бастаса, 1865 ж. Берел даласында ежелгі көшпелілердің 7 қорғанына қазба жұмысын жүргізеді. Орталық және Шығыс Азияны зерттеу саласындағы Орыс комитеті 1910 ж. Жоғарғы Ертіске В.И. Каменскийдің басшылығымен және А.Н. Белосюдов пен В. Пилетичтің қатысуымен Семей облысындағы қорғандарды қазуға экспедиция жібереді. Оны осы аудандарға жіберілген бірінші археологиялық экспедиция деп есептеуге болады. Сондай-ақ ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуге П.А. Бродский, В.П. никитин, Ф. Педашенко және Г.И. Бокийлер азды-көпті өз үлестерін қосты.

А.В. Адриановтың 1906, 1910 және 1911 ж. Майемер жазығында, Нарым жоталарындағы Солонечный Белок түбінде, Черновая ауылынан жоғары Бұқтырма өзенінің оң жағалауындағы қазба жұмыстарының нәтижесінде ерте темір дәуіріне жататын өте құнды заттар табылды [1]. Алайда А.В. Адрианов зерттеу жұмыстарын әуесқой өлкетанушы деңгейінде ғана жүргізді деп есептеуге болады. Өйткені археология ғылымының бұл кез-

дердегі әлемдік деңгейдегі тәжірибесі енді ғана қалыптасып келе жатқан еді.

Сол қатарда кеңес археологтарынан бірінші болып 1927 ж. С.И. Руденко Катонқарағайдың жанында 3 қорғанды аршып зерттегенін атауға болады. Ал 1947 ж. бастап С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер жүйелі сипатқа ие бола бастады. 1949 ж. Зайсан көлінің оңтүстігін, Тарбағатай мен Жоңғар Алатауы аралығында 113 қорғандар тобы тіркелді. Ә.М. Оразбаев жетекшілігіндегі Бұқтырма археологиялық экспедициясы 1958 ж. б.з.б. IV – II ғғ. мерзімделетін Көкжар қорымындағы 9 қорғанда және Аманат қорымдарынан 4 қорғанда зерттеу жұмыстарын жүргізді. Көкжар қорымындағы етегінде тас белдеуі бар № 2 қорған қабірінен бұрын-соңды отандық археологияда кездесе қоймаған бүтін ағаштан ойып жасалған ладыя түріндегі астау-табыт табылады. С.С. Сорокин басшылық еткен археологиялық экспедиция 1959, 1960-1963 ж. Берел, Катон, Күрту, Қопай және т.б. қорымдарда зерттеу жұмыстары барысында қорғандардың құрылысы туралы мәліметтер кешенін нақтылады [2].

Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді зерттеумен 1965-1974, 1980-1987 ж. аралығында Ф.Х. Арсланова басшылық еткен археологиялық экспедициясы айналысты. Ерте темір дәуірінің Орловка және Зевакино қорымындағы қоршауларға қазба салып, Камышин мен Чистый Яр ауылдарынан табылған археологиялық олжаларды зерделеп шыққан. Сақ мәдениетінің қайнар-бастауы андроновтық тайпалармен өзара байланыста екендігін ескерткіштерден табылған артефактілер және олардың сыртқы құрылысы, жерлеу ғұрпы арқылы дәлелдеді [3]. Зерттеуші тарапынан жоғарғы Ертіс ауданындағы археологиялық зерттеуден соң құрылысы бойынша үш типке бөлінген «мұртты қорғандар» да ашылып, барлығы тіркеуге алынған. 1989 ж. бастап Ә.Т. Төлеубаев басқарған бұл экспедиция Тарбағатай тауының теріскейінде археологиялық зерттеу жұмыстарын бастады. Нәтижесінде Ақтүбек, Құлбабас, Боғас т.б. ескерткіштерінен алынған материалдар үйсін мәдениетінің таралу шеңберін Қазақстанның солтүстік шығысына қарай едәуір кеңейтті [4].

Ерте темір дәуірінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттелуі – З.С. Самашев басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының кешенді зерттеу жұмыстары Майемер қорымында 1997 ж. басталып, ал 1998 ж. бері Берел қорымындағы тонды қорғандарда күні бүгінге де-

йін жалғасын тауып келеді. [5]. Аталған өңірдің археологиялық ескерткіштерін зерттеуде өзін білім алып жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетіндегі археология және этнология кафедрасының археолог ғалымдарының еңбектерін ерекше атап өткім келеді. 1973 жылы аталған кафедраның ашылуымен Шығыс Қазақстанның қола және ерте темір дәуірінің ескерткіштерін зерттеу қолға алынып, бүгінгі күнге дейін зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Профессор Ә.Т. Төлеубаев басшылығымен кафедраның доценті Ғ.Қ. Омаров, PhD доктор Р. Жұматаев және басқа да жас археологтар өңірдің ескерткіштерін зерттеуде көп еңбек жасауда. Соның ішінде елеулі жетістік ретінде профессор Ә.Т. Төлеубаев экспедициясы 2003 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы аумағындағы Бәйгетөбе деген жерден табылған «Шілікті-3» қорымының №1 қорғанынан тапқан «алтын адамды» (барлығы 4262 алтын бұйым табылды) ерекше атап өткен жөн. Кафедра ғалымдары бүгінде сақ мәдениетіне жататын, Еуразия аумағындағы ең көне элитарлық ескерткіштер болып есептелетін Шілікті қорымдарын зерттеуді жалғастыруда. Шілікті қазбаларының олжалары жерімізде табылған сақ мәдениетінің «алтын адамын» ғана беріп қойған жоқ, сонымен қатар ерте сақ кезеңіне жататын Шілікті мәдениетін анықтауға, сақтар мен қола дәуірі мәдениеттерінің арасындағы мәдени-этникалық байланыстарды табуға, сақ-скиф «аң стилінің» генезисіне, т.б. мәселелерге байланысты жаңаша тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді [6].

Батыс, Солтүстік Батыс Алтайда және Алтайдың оңтүстік бөктері мен жазығында орналасқан Майемер мәдениеті ескерткіштерін қорғандардың микротізбекпен орналасуына, жерлеу камерасының қабірі шұңқыр түрінде, кейде тіпті терең болып келуіне және ақымның аузы таспен бекітілуі немесе тас жәшікте, үйінді сыртын айналдыра жиектеген тас қоршаудың болуы немесе оның болмауы, адамды жылқымен бірге, қой немесе солтүстік не солтүстік-шығыс бөлігінде жүгенді қоса жерлеу, мәйітті шалқасынан созылта, басын солтүстік не солтүстік батысқа қаратып жерлеу сынды және т.б. негізгі белгілеріне қарап ерте скиф-сақ уақытындағы этномәдени дамуды қалпына келтіруге тырыстық [7]. Алтайдың Солтүстік-Батыс беткейінде және Шығыс Қазақстанның онымен шектес аудандарындағы ерте сақ дәуірінің жерлеу ескерткіштерін археолог ғалым П.И. Шульга нақты бір этникалық құрылымдар құрғандықтан бес топқа бөліп қарастыруды ұсынса [8], тың

материалдар негізінде тағы да қосымша екі топпен толықтырылды.

Шілікті археологиялық мәдениеті ескерткіштері – б.з.б. VIII ғ. – б.з.б. IV ғғ. мерзімделетін Тарбағатай теріскейіндегі Шілікті, Шағаноба және Алтайдың оңтүстік батысындағы Солдатово, Сарыкөл 1, 2 және Апар қорымдарындағы зерттелінген қорғандарға сипаттама жасалынып, олардан алынған материалдар сараланды. С.С. Черниковтың 1960 ж. зерттеген Шілікті 1 қорымындағы № 5 үлкен қорғанның құрылысы күрделі [9]. Б.з.б. VII – VI ғғ. мерзімделетін қорғаннан жоғары зергерлік шеберлікпен жасалған алтын әшекей бұйымдар, солардың ішіндегі бұғы бейнелері құрбандық малын, құрбандық шалу идеясын білдірді деген. Сыртқы құрылысы № 5 қорғанды қайталайтын Шілікті 1 қорымындағы № 7 қорғаннан 1949 ж. қазба кезінде б.з.б. VI – V ғғ. мерзімделетін бүркіт түріндегі алтыннан қалыпталып жасалған қапсырманың 9 данасы табылған. Басы оңға бұрыла дене сұлбасының ішкі жағына қарай кіріккен 5 бүркіт қапсырмалардың басы оңға, 4-еуінің басы солға қаратылса, ал 2003 ж. Бәйгетөбе қорғанынан табылған сом алтыннан жасалған бүркіт бейнелі қапсырмалардың барлығының басы оңға бұрылған кейіпте бейнеленген. Алтын қаңылтыр балықтың бейнесі өте қызық, жұқа пластинкаларға перузадан көз, желбезек, құйрық және дөңгелек дән тізбектері дәнекерленіп жабыстырылған. Шағаноба қорымында С.С. Черников 1959 ж. б.з.б. VI – V ғ. жататын 14 шағын топырақ пен тас аралас қорғанға қазба жүргізіліп, малта тастан қаландысы бар №11 құрылысқа барлау мақсатында траншея салған. Тоналған қорғандардан 2 ұңғылы сүйек, 5 темірден жасалған жебе ұштары, тас қайрақ сынығы, сабы бар темір пышақ, қапсырмалы тесігі бар 16 темір қаңылтыр, темір тілі бар екі қола айылбас және қола белдіктің басы табылған болатын.

Берел кезеңінің археологиялық ескерткіштері – Орталық Алтайдың Пазырық мәдениетінен өзінің жерлеу ғұрпы, бейнелеу өнеріндегі кейбір өзіндік айырмашылықтары бар Бұқтырма өзенінің жоғарғы, Ертіс өзенінің орта ағысындағы б.з.б. VI ғ. соңы – б.з.б. IV ғғ. мерзімделетін пазырық мәдениетінің Қазақ Алтайындағы бір нұсқасы – Берел кезеңінің археологиялық ескерткіштері қарастырылады. Пазырық мәдениетіндегі жерлеу рәсімдеріндегі басты элементі мәйітті қабірде жерлеу мен оның бағытталуы ежелгі тұрғындардың әр түрлі наным-түсініктерімен байланысты болған. Берел ескерткіштерін қазуды 1865 ж. В.В. Радлов жүргізіп, ке-

йіннен С.С. Сорокиннің толықтай зерттеуімен басталған. Сосын З.С. Самашев бастаған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы кешенді зерттеу жұмыстарын 1998 ж. бері үзбей жүргізіп келеді. Осы уақыт аралығында Пазырық мәдениетінің 20 қорғандары қазылды.

Берел кезеңіндегі сақ мәдениетіне тән басты белгілер: қорғандар тастардан үйіліп, қабір шұңқырда ағаш бөренелерден қима-табыт орналасады және мүрделермен бірге әдейі өлтірілген жылқылар да жерленді. Бұқтырма өзенінің оң жағасындағы биік таулы аңғарда орналасқан Берел қорымындағы Үлкен Берел, № 10, 11 және № 18 қорғандарды тайпа немесе тайпалық одақтың басшылары мен оның туысқандары, ал басқа бір-екі жылқы жерленген қорғандарда жанұя басшылары немесе жауынгерлер жерленуі мүмкін. Берелдегі мәңгілік тоң басқан «патша қорғандарында» қатып мумияланған адамдарды табу нәтижесінде жаратылыстану ғылымдарының қазіргі жетістіктерін пайдалана отырып адам мүрдесінің жақсы сақталуына байланысты бабаларымыздың этникалық кескін-келбеті мен генетикалық кодын анықтауға мүмкіндік туды. Қорғандардан табылған ат әбзелдеріндегі ағаштан ойылып, сыртын алтын-күміспен аптаған, сондай-ақ мүйізден ойылып боялған әртүрлі «аң стиліндегі» мүсіндер мен оюлы әшекейлер сақ-скиф әлемінің озық туындылары болып есептеледі. С.И. Руденко алғашқылардың бірі болып Пазырық (Берел) мәдениетін жасаған халықтарды қытай жазба деректеріндегі юечжилер деп есептеген [10].

Құлажорға және үйсін кезеңі археологиялық ескерткіштері – Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірінің үшінші кезеңіне жататын ескерткіштерді қарастырады. Мерзімделуі жағынан б.з.б. IV – б.з. I ғғ. қамтитын бұл кезеңнің Құлажоға, Қызылту, Жартас, Баты, Юпитер, Славянка, Убаредмет, Қарашат және т.б. ескерткіштері негізінен Ертіс өзенінің оң жағалауындағы шағын ауданда ғана орын тепкен. Құлажорғалық мәдениеттің б.з.б. II – б.з. алғашқы ғғ. қамтитын соңғы кезеңінің дамуындағы жерлеу рәсімі мен жер үсті құрылымында Жетісу жеріндегі үйсін ескерткіштеріне ұқсастық байқалады, бұл кейбір зерттеушілерге оңтүстік-шығыс халықтарының бір бөлігінің хундардың қысым көрсетуінен Шығыс Қазақстан өңіріне қарай ығысқаны туралы болжамдар жасауына дереккөз болды деп айта аламыз. Бұл кезеңде мәйітті сопақша пішінді, түбіне қарай тарыла берілетін қабір шұңқырына шалқалай жатқызып, басын батысқа немесе солтүстік батысқа қаратып жерлеген.

Жалпы Құлажорға кезеңінің өзіндік жерлеу ерекшеліктерін айтар болсақ, тас жәшікті жерлеулер, мәйіттің жанына жылқы, оң жағына кейде қоладан жасаған бұйымдар, қойдың омыртқа, құймышақ сүйектерін және бір немесе бірнеше тар, әрі биік мойынды өрнекті керамика, ағаш ыдыстар қою тән болса керек. Сонымен бірге зерттелген қорғандардан жасөспірім мен нәрестелерді жерлеу көптеп кездескендігін баса атап көрсетуге болады. Бұл әрине тек зерттелген қорғандардың негізінде жасалған қорытынды. Сондықтан болашақта

бұл мәселе осы кезеңмен сипатталатын ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде нақтылануы мүмкін, тіпті қайта қарастырылуы да ғажап емес. Өйткені бұл этникалық топ ескерткіштері тереңінен әлі жақсы зерттелмеген. Соңғы он жылдықта ерте темір дәуірі мәдениетін зерттеу барысында қазақстандық археологияда біршама оң өзгерістер байқалады. Елдің шығысында бізге мәдени-экономикалық дамудың деңгейіндегі көшпелілер мәдениетінің хронологиялық шеңберін көрсететін, танымымызды кеңейтетін ескерткіштер әлі де ашылууда.

Әдебиеттер

- 1 Адрианов А.В. К археологии Западного Алтая (из поездки в Семипалатинскую область в 1911 году) // Известия Императорской Археологической Комиссии. – СПб., 1916. – Вып. 62. – С. 1-94.
- 2 Сорокин С.С. Памятники ранних кочевников в верховьях Бухтармы // АСГЭ. – Л., 1966. – Вып. 8. – С. 35-57.
- 3 Арсланова Ф.Х. Новые материалы VII-VI вв. до н.э. из Восточного Казахстана // Бронзовый и железный век Сибири. – Новосибирск, 1974. – С. 77-83.
- 4 Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 1999. – № 12. – 23-38 бб.
- 5 Самашев З.С. Древние номады казахских степей // Материалы 2-ой Международной конференции «Историческая роль Александра Гумбольдта и его экспедиций в развитии мировой, региональной и национальной науки». – Алматы, 2004. – С. 145-157.
- 6 Самашев З.С., Төлеубаев А.Т., Джумабекова Г.С. Сокровища степных вождей. – Алматы: ОФ «Берел», 2004. – 176 с.
- 7 Тишкин А.А. Создание периодизационных и культурно-хронологических схем: исторический опыт и современная концепция изучения древних и средневековых народов Алтая. – Барнаул: АлтГУ, 2007. – 355 с.
- 8 Шульга П.И. Этнокультурная ситуация в Горном Алтае и северо-западных предгорьях в VII-III вв. до н. э. // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. – Барнаул, 1999. – С. 245-250.
- 9 Черников С.С. Загадка золотого кургана: где и когда зародилась скифское искусство. – М.: «Наука», 1965. – 188 с.
- 10 Самашев З., Сұңғатай С., Жұмабекова Г., Базарбаева Ф. Қазақ Алтайының скиф-сақ дәуіріндегі мәдениеті (Берел қорымындағы тың зерттеулер) // Отан тарихы. – 1999. – № 4. – 60-70 бб.

References

- 1 Adrianov A.V. K arkeologii Zapadnogo Altaya (iz poezdki v Semipalatinskuyu oblast v 1911 godu) // Izvestiya Imperatorskoi Arkheologicheskoi Komissii. – SPb, 1916. – Vypusk. 62. – S. 1-94.
- 2 Sorokin S.S. Pamyatniki rannikh kochevnikov v verkhovyakh Bukhtarmy // ASGE. – L., 1966. – Vip. 8. – S. 35-57.
- 3 Arslanova F.Kh. Novye materialy VII-VI vv. Do n.e. iz Vostochnogo Kazakhstana // Bronzovyi I zheleznyi vek Sibiri. – Novosibirsk, 1974. – S. 77-83.
- 4 Toleubaev A.T. Erteдеgi uisinderdin Tarbagataidagin teriskeiyndegi eskertkishteri // Al-Farabi atyndagi KazNU Khabarshisi. Tarikh seriyasi. – 1999. – № 12. – 23-38 – bb.
- 5 Samashev Z.S. Drevnie nomady kazakhskikh stepi // Materialy 2-oi Mezhdunarodnoi konferentsii «Istoricheskaya rol Aleksandra Gumboldta i ego ekspeditsii v razvitii mirovoi, regionalnoi i natsionalnoi nauki». – Almaty, 2004. – S. 145-157.
- 6 Samashev Z.S., Toleubaev A.T., Dzhumabekova G.S. Sokrovisha stepnikh vozhdai. – Almaty: OF «Berel», 2004. – 176 s.
- 7 Tishkin A.A. Sozdanie periodizatsionnikh i kulturno-khronologicheskikh skhem: istoricheskii opyt i sovremennaya kontseptsiya izucheniya drevnikh i srednevekovikh narodov Altaya. – Barnaul: AltGU, 2007. – 355 s.
- 8 Shulga P.I. Etnokulturnaya situatsiya v Gornom Altai i severo-zapadnikh predgoryakh v VII-III vv. do n.e. // Itodi izucheniya skifskoi epokhi Altaya i sopredelnykh territorii. – Barnaul, 1999. – S. 245-250.
- 9 Chernikov S.S. Zagadka zolotogo kurgana: gde i kogda zarodilas skifskoe iskusstvo. – M: «Nauka», 1965. – 188 s.
- 10 Samashev Z., Sungatai S., Zhumabekova G., Bazarbaeva G. Kazakh Altaiynyn skif-sak dauirindegi madenieti (Berel korimindagi tyn zertteuler) // Otan tarikhly. – 1999. – № 4. – 60-70 – bb.

Тәжібек Г.
Құбылай хан тұсындағы Юань империясының ішкі жағдайы

Мақалада моңғол жаулаушылықтарының нәтижесінде Қытайда қалыптасқан Юань империясы, осы империяның негізін қалаушы Құбылайханның ішкі саясаты қарастырылады. Юань империясының тарихын зерттеуші көпшілік зерттеушілердің пікірі бойынша, Құбылайхан тарихтағы аса бір қайшылықты тұлғалардың қатарына жатады. Ол өзінің ұлы атасына ұқсамаған, ол Монғол империясының үлкен бөлігін басқарған кезде қаншама күш-қуат жұмсады, мемлекетті басқаруда басынан қиыншылықтарды өткізді. Ол басқыншылық соғыстарға қатысқан Шыңғысханның соңғы ұрпағы болып табылады. Құбылай ханға Моңғол империясының құқықтық негізгі іргетасын қалау үшін кем дегенде он жыл қажет болды. Оның билікке келу жолы да шытырман оқиғаларға толы болды. Мақалада осы тарихи жағдайларды деректер мен арнайы зерттеулерді талдау негізінде және объективті ғылыми негізде жазуға тырыстық.

Түйін сөздер: Қытай, моңғолдар, Құбылай, Юань, саясат.

Tazhibek G.
The internal situation of the empire under Kublai Yuan

This article discusses the history of the Yuan Empire, formed as a result of the Mongol conquest of China. Namely, we study the internal policy of the founder of the Yuan Empire – Kublai Khan. According to most researchers, who have studied the history of the Yuan, Kublai is a very controversial historical figure. A complex was and the way he came to power. In this article we have tried on the basis of the analysis of sources and special literature consider these questions objectively.

Key words: China, Mongolia, Kublai Khan, Yuan, politics

Тажибек Г.
Внутреннее положение империи Юань при Хубилае

В данной статье рассматривается история империи Юань, образовавшейся в результате монгольских завоеваний территории Китая. А именно изучается внутренняя политика основателя Юаньской империи – Хубилая. По оценке большинства исследователей, изучавших историю Юань, Хубилая является очень противоречивой исторической фигурой. И все же Хубилай-хан не был похож на своего великого деда, и правил он в другое время, когда Монгольская империя, повелевавшая огромную часть известного тогда мира, уже пережила пик своего могущества и распалась на отдельные государства. Он был последним из потомков Чингиз-хана, который вел завоевательные войны. Хубилай-хану понадобилось более десяти лет для обоснования и юридического закрепления идеи о создании новой Монгольской империи. Сложным был и путь его прихода к власти. В статье мы попытались на основе анализа источников и специальной литературы объективно рассмотреть эти вопросы.

Ключевые слова: Китай, монголы, Хубилай, Юань, политика.

ҚҰБЫЛАЙ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ЮАНЬ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ІШКІ ЖАҒДАЙЫ

Моңғолдардың Қытайдағы билеуші әулеті – Юань әулетінің негізін қалаушы Құбылай ханның жеке тұлғасы тарихта өте белгілі. Ол жайындағы аңыз-әңгімелер Қытайда болсын, Азия мен Еуропаның басқа елдерінде болсын жеткілікті. Құбылайдың билік басына келу жолы аса ауыр болды. Оның өмірі және таққа келуі, әлемдегі ең алып елді басқаруы әлемдік тарихтағы аса алып империя, яғни Моңғол империясы тарихының ең бір аласапыран дәуірімен сәйкес келді. Құбылайдың өзі 1215 жылы, атасы – Шыңғыс хан Пекинді жаулап алған жылы дүниеге келді [1]. Құбылай ханның Қытайдағы билігіне тікелей тоқталмас бұрын, моңғолдардың Қытайды жаулап алуының тарихи жағдайларына қысқаша тоқталып кетейік.

Оңтүстік Сібір халықтарын жаулап алғаннан кейін, Шыңғыс хан әскері 1210 жылы Солтүстік Қытайда билік құрып отырған чжурчжендермен соғыс бастайды. 1211 жылы Солтүстік Қытайға моңғол әскерлері басып кірді. Солтүстік Қытайда билік құрып отырған чжурчжендер моңғолдарды келісімге келуге шақырды. Жақсы қоршалған қамалдарды бұзуды меңгермеген Шыңғыс хан әскері біраз қиыншылықтарға ұшырады. Сол себепті моңғолдар келісімге көнді. Бірақ көп ұзамай 1215 жылы олар уәдесін бұзып, Пекинді басып алды. Алайда, Пекин алынғаннан кейін, моңғолдар Қытайға ішкерілеп кіруді тоқтата тұрып, батыс бағытында жорыққа аттанып кетті. 1219-1221 жж. аралығында Орта Азиядағы Хорезмшахтар мемлекетін талқандап, 1223 жылы орыс кінәздерінің жасақтарын ойсырата жеңеді. 1226-1227 Қытайдың солтүстік-батыс шектерінде орналасқан Таңғұт мемлекеті толықтай талқандалады. Осы жаулаушылық жорықтарынан кейін ғана, моңғолдар 1231 жылы Солтүстік Қытайға қайта оралады. 1234 жылы Солтүстік Қытайдағы чжурчжендердің Цзинь мемлекетін талқандауын аяқтайды. Бұл кезде Қытай армиясының бір бөлігі Еуропа мен Азияның басқа мемлекеттерін жаулап алу жорықтарын жалғастырып жатқан болатын. Алайда, 1235 жылдан бастап моңғол әскерінің жаулаушылық жорықтарының басты бағыты Қытайдағы Оңтүстік Сун империясын бағындыру болды. Бұл мемлекетті бағындыруға табандай қырық жыл уақыт кетті [2]. Әлемнің басқа аймақтарындағы жаулаушылықтарын аса жылдам, тез қарқынмен жүргізіп отырғанын ескерсек,

моңғолдардың Оңтүстік Сунды бағындыруға осыншама көп уақытын жіберуі Қытайдың бұл мемлекетінің күш-қуатынан хабар берсе керек. Сонымен бірге Қытайдың солтүстіктегі көшпелі халықтардан қорғануда мыңжылдықтар бойы жинақтаған мол тәжірибесі де бар еді. Көшпелілерге аса көп мөлшердегі алым-салықтарын бере отырып, Қытай шекарадағы тыныштықты сақтап, экономикасы мен мәдениетін үздіксіз дамытып отырды. Экономикалық күш-қуаты тасып, орталық билік нығайған уақыттарда Қытайдың өзі жаулаушылық жорықтарын бастап, тіпті көшпелі халықтарға да тиісіп, бір уақыт оларды өз билігіне қаратып та отырғаны тарихтан белгілі.

Моңғолдар Оңтүстік Қытай жеріне келгенде оңтүстік сундықтар бар күшін жұмылдырып, қарсылық көрсетіп бақты. Тек 1276 жылы ғана Оңтүстік Сун империясының астанасы – Ханчжоу қаласы моңғолдар алдында тізе бүкті. Бұдан кейін де, төрт жыл бойы соңғы Сун императорлары моңғолдарға қарсылық көрсетуін жалғастыра берді. Моңғол империясының Ұлы ханы Мөңке (1208-1259) 1259 жылғы Оңтүстік Қытайды бағындыру жолындағы шайқастардың бірінде қайтыс болды. Оның орнына ұлы хан болып сайланған Құбылай (1259-1294) астананы Пекинге көшірді. 1271 жылы 18 желтоқсанда Құбылай қытайша Дай Юань деген атақ алып, жаңа әулеттің негізін қалады.

Жоғарыда айтып кеткендей, Құбылайдың билікке келу жолы оңай болмады. 1241 жылға дейін, Моңғол империясының ұлы ханы Үгедей қайтыс болғанға дейін, ол сарайда ықпалды бола қойған жоқ, өйткені, оның әкесі Шыңғысханның ең кіші ұлы – Толы ұлы хан тағына үміткерлердің қатарында болмаған еді [3].

Үгедей қайтыс болғаннан кейін жағдай күрт өзгерді. Кескілескен күрестің барысында моңғол тағы бастапқыда Толының жесірі Сорғатай-бегіге, ал кейін оның үлкен ұлы Мөңкеге өтті. Толы ұрпақтарының таққа құқығының қалпына келтірілуі моңғол дәстүрі бойынша заңды болып есептелетін. Түркі-моңғол дәстүрлері бойынша кара шаңырақта отбасының кіші ұлы қалатыны ежелден белгілі. Алайда, бұл жазылмаған заңға айналған бұл дәстүр бұзылып, оны қалпына келтіру үшін Сорғатай бегім ұзаққа созылған күрес жүргізуге мәжбүр болды. Бұл күресте оған Жошы ұлысының сол кездегі ханы – Бату үлкен қолдау көрсеткен болатын. Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін таққа отырған Үгедей ұрпақтарының билігі, оның ұлы – Күйік қайтыс болғаннан кейін Толы ұрпақтарына өтті. То-

лының төрт ұлы да тарихта үлкен із қалдырды. Мөңке біртұтас Моңғол империясының соңғы ханы болды, ол қайтыс болғаннан кейін, 1259 жылы империя ыдырап кетті. Билікке келген Құбылай империяның біртұтастығын сақтап қала алмады, ол моңғолдардың Қытайдағы мемлекеті – Юань империясының негізін қалады. Империяның құрамына Моңғолия, Маньчжурия, Шығыс Түркістан, Корея кірді. Империяны Құбылай 35 жыл биледі.

Құбылай билікке келген кезде, Қытай әлі де болса, толықтай моңғолдарға бағындырылмаған болатын. Оңтүстік Қытайды жаулап алу 1279 жылы аяқталды. Бірақ көптеген қытай отрядтары қарсыласуларын тоқтатпады, оларды сун әкесүйегі Вэнь Тяньсян басқарды. Ол өзінің барлық мал-мүлкін әскер жасақтауға жұмсады. Бірақ моңғолдар бұл қарсылықты 1280 жылы толық басып тастады, енді Қытай толықтай моңғолдардың билігіне қаратылды. Моңғолдардың ұлы ханы Құбылай Қытайдағы моңғолдардың мемлекеті – Юань империясының (1280-1368) императорына айналды.

Юань әулеті Қытайда бір ғасырға жуық билік құрды. Бұл уақыт Қытай тарихындағы ең бір ауыр кезең болды. Бастапқы кезеңде моңғолдар, өздеріне ерікті түрде берілуден бас тартқан қытайлықтардың бәрін қырып тастағысы келген болатын. Ал Сундық Қытайда қырық жыл бойы қытайлықтардың барлығы дерлік моңғолдарға берілуден бас тартып, қарсылық көрсетіп келгенін ескерсек, бүкіл дерлік оңтүстік қытайлықтарға жойылып кету қаупі туды. Бұл ниетін орындау мүмкін болмағандықтан моңғол билеушілері ең кең тараған бес әулеттің көзін жоюды жоспарлады. Бұл жағдайдың өзінде халықтың жартысына жуығы қырылған болар еді. Өйткені бұл ең кең тараған әулеттер болғандықтан, халықтың көп бөлігін қамтыған еді. Алайда, моңғол билеушілерінің бұл қанқұйлы жоспарлары, ханның кеңесшісі Елюй Чу-цайдың арқасында іске аспай қалды. Шығу тегі бойынша қидандық Елюй Чу-цай, ханға, қытайлықтардың көзін жойғанның орнына, олардың еңбегін пайдаланып, қазынаны тұрақты салықтар арқылы толықтыру жайында кеңес берген болатын. Есесіне, моңғолдарға құлдыққа түскен қытайлықтардың саны шексіз көп болды. Қытай тарихында бұрын-соңды құлдардың саны мұнша көп болмаған шығар.

Құбылай хан билігі тұсындағы Қытай экономикасына келер болсақ, бастапқыда, қырық жылдық соғыс қимылдарынан кейін, әрине шаруашылық ойсырап қалған болатын, әсіре-

се, егіншілік пен сауда тұралап қалды. Экономиканың құлдырауына әкімшілік басқарудағы өзгерістер де ықпал етті. Бұрынғы конфуциандық шенеуніктерді моңғол хандары мен әскери қолбасшылары, сондай-ақ Қытайдың өзіндік ерекшеліктерін білмейтін, Азияның әр түрлі аймақтарынан шыққандар алмастырды. Моңғолдар қытай халқын діни, ұлттық ерекшелігіне қарай төрт категорияға бөлді: моңғолдар; сэму-жэнь, яғни «жатжерліктер»; солтүстік-қытайлық чжурчжэндер мен қидандар; оңтүстік қытайлықтар. Қытай халқының теңсіздігі заңмен бекітілді. Мемлекеттік қызметке бастапқы екі категория мен әртүрлі еуропалықтар тартылды. Хұбылайдың кезінде жоғары лауазымды қызметте венециандық көпес Марко Моло (1254-1323 жж.) 17 жыл болған. Қытайда 1294 ж. Рим папасының елшісі Джованни Монте Корвино, 1318-1325 жж. итальян саяхатшысы миссионер Одорико Порденоне (1286-1331) тұрды. Пекинде бес мыңға жуық христиандар өмір сүрді. Жергілікті халық, яғни қытайлықтар үшінші және төртінші сұрыптағы адамдар ретінде (моңғолдар мен жатжерліктерден кейінгі) қарастырылды.

Дегенмен, моңғолдар билікке жергілікті қытай феодалдарын тарту керектігін түсінді. Басқару ісіне, қосымша, солтүстік қытайлықтар – чжурчжэндер мен қидандар тартылды. Қидандардың ұрпағы Елюй Чуцай (1190-1244) Шыңғыс хан, Үгедей, Құбылай хандардың кеңесшісі қызметін атқарды [4].

Моңғолдар тұсында салық жүйесі күрделі, әрі ала-құла болды. Халықтан алынатын салық тұрған жері, ұлттық, діни, этникалық және таптық сословиелік ерекшелігіне қарай жүргізілді. Юань дәуірінде салық номенклатурасының 70-ке жуық атауы болған [5]. Салық мөлшері XIII ғасырдың аяғымен салыстырғанда 20 есеге өсті. Буддалық, мұсылмандық, несториандық дін басылары мемлекеттік міндеткерліктен босатылды. Керісінше конфуциандық ғалымдар мен қытай көпестері салық төлейтін болды.

Құбылай билігі тұсында ауыл шаруашылығы саласында біраз шаралар жүзеге асырылды. Астанада «Ауыл шаруашылығының Бас Басқармасы», ал провинцияларда – басқарманың жергілікті органдары құрылды. 1271 ж. «Ауыл шаруашылық қауымдары туралы Ереже» қабылданды [6]. Ол Ереже бойынша әр 50 отбасынан тұратын қауымдар құрылды. Оларды ауыл шаруашылығы жұмыстарынан тәжірибесі мол ақсақалдар арасынан сайланатын староста басқарды. Олардың басты міндеті – салықтың уақтылы жиналуын қамтамасыз ету болды.

Моңғол ақсүйектері мүмкіндігінше көп жерлерді шаруалармен бірге басып алуға, сөйтіп ол жерлерден неғұрлым көбірек табыс табуға тырысты. Қытай шаруаларына ауыр салықтар салынды. Шаруалар үшін әсіресе жылқы салығы ауыр болды. Жылқы ауыл шаруашылығы жұмыстарындағы басты күш болатын. Моңғолдар жергілікті халықтан жылқыны көп жинап алуға күш салды. Себебі жылқы әскер үшін, соғыс үшін қажет болды. Соның салдарынан, ауыл шаруашылығы ауыр күйзеліске ұшырады. Шаруа шаруашылығына ер адамдарды майдандағы қара жұмыстарға көптеп айдап әкетіп отыру да зор зиян келтіретін. Жалпы он адамнан бір адам алынуға тиіс болатын, бірақ іс жүзінде моңғолдар қанша адам алғысы келсе, сонша адам алып отырды. Шаруалардың тұрмыс жағдайы шектен тыс ауырлап кетті. Будда храмдары мен монастырларының жерлеріне бұрынғысынша салық салынбады. Шаруалар аз қаналу үмітімен өз жерлерімен будда шіркеулерінің қарамағына өтіп кетуге тырысты. Сөйтіп, шіркеу феодалдары байи түсті. Ақыры 1327 ж. моңғол өкіметі монастырлардың шаруалар жерлерін сатып алуына тыйым салған жарлық шығарды [7].

Қолөнер мен сауда бірлестіктерінің онан әрі өсе түсуін моңғол басқыншылығы тежей алмады. Марко Полоның (XIII ғ. венециандық саяхатшы) дерегі бойынша Ханчжоуда 15 сауда-қолөнер бірлестігі болған. Оның әрқайсысы өз қоластына өте көп үйлерді біріктірді. Моңғолдар билігі кезінде бұл бірлестіктер бұрынғыдан әлдеқайда көп еркіндіктер алып, онан әрі нығая түсті. Қолөнершілер мен саудагерлер басқыншыларға тауарларының едәуір бөлігін тегін беруге мәжбүр болды. Кейін натуралды салық ақшамен ауыстырылды. Қолөнершілер мен саудагерлерге салынатын салықтың мөлшері олардың мүліктерінің мөлшеріне байланысты болды. Моңғолдар салықты бірлестікке салатын, ал бірлестік ол салықты өз мүшелерінен өндіріп беретін.

Сонымен, Құбылайханның тұлғасын сипаттауда бізге б.з.д. II ғ. өмір сүрген қытай философы Лу Цзы атақты сөздері көмекке келеді: «империяны аттың үстінде отырып жаулап алуға болады, алайда, оны аттың үстінен басқаруға болмайды». Бұл сөздер, басқа билеушілерден де бұрын, әсіресе, Құбылай ханның қайшылықты тұлғасын дәлірек сипаттайды десек артық айтпаймыз. Құбылайхан, шынында да империяны «аттың үстінде отырып» жаулап алды. Алайда, елді басқаруға келгенде ол өз саясатын өзгертуге

бейімділік танытты. Ол моңғолдарға мүлде жат болған қытай өркениетінің, әсіресе саяси жүйесінің ерекшеліктерін белгілі дәрежеде қабылдап, оның белгілерін, әрине шектеулі деңгейде Юань империясының басқару жүйесіне енгізіп отыр-

ды. Әрине оның бұл ішкі саясаты қытай халқын дамыту мақсатына бағышталды дегенге сену қиын. Құбылайханның бұл саясаты, ең алдымен, Юань империясындағы моңғол ақсүйектерінің мүддесінен туындаған болатын.

Әдебиеттер

- 1 Думан Л.И. Некоторые проблемы социально-экономической политики монгольских ханов в XIII-XIV веках // Татаро-монголы в Азии и Европе. – М., 1970.
- 2 Завадская Е.В. Юаньский мастер Ли Кань о тайне живописи бамбука. Китай: история, культура и историография. – М., 1977.
- 3 Кадырбаев А.Ш. «Мусульманские языки» и мусульмане в культуре и науке Китая XIII-XIV вв. По материалам китайских династийных историй // Восточный архив. – № 8-9. – М., 2002.
- 4 Книга Марко Поло о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустикано в 1298 г. от Р.Х. – М., 1990.
- 5 Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. Империя Чингис-хана. – М., 2006.
- 6 Крюков М.В., Малявин В.В., Софронов М.В. Этническая история китайцев на рубеже средневековья и нового времени. – М., 1987.
- 7 Мелихов Г.В. Установление власти монгольских феодалов в Северо-Восточном Китае // Татаро-монголы в Азии и Европе. – М., 1970.

Rerences

- 1 Duman L.I. Nekotorye problemy social'no-jekonomicheskoy politiki mongol'skih hanov v XIII-XIV vekah // Tataro-mongoly v Azii i Evro-pe. – М., 1970.
- 2 Zavadskaja E.V. Juan'skij master Li Kan' o tajne zhivopisi bambuka. Kitaj: istorija, kul'tura i istoriografija. – М., 1977.
- 3 Kadyrbaev A.Sh. «Musul'manskije jazyki» i musul'mane v kul'ture i nauke Kitaja XIII-XIV vv. Po materialam kitajskih dinastijnyh istorij // Vostochnyj arhiv. – № 8-9. – М., 2002.
- 4 Kniga Marko Polo o raznobrazii mira, zapisannaja pizancem Rus-tikano v 1298 g. ot R.H. – М., 1990.
- 5 Kradin N.N., Skrynnikova T.D. Imperija Chingis-hana. – М., 2006.
- 6 Krjukov M.V., Maljavin V.V., Sofronov M.V. Jetnicheskaja istorija kitajcev na rubezhe srednevekov'ja i novogo vremeni. – М., 1987.
- 7 Melihov G.V. Ustanovlenie vlasti mongol'skih feodalov v Severo-Vostochnom Kitae // Tataro-mongoly v Azii i Evrope. – М., 1970.

Спанқұл А.
**XIV ғ. 60-70 жж.
Мәуереннахрдың саяси
өміріндегі Әмір Темірдің
қызметі**

Мақалада XIV ғасырдың 60-70 жылдарындағы Мәуереннахрдың саяси өміріндегі Темірдің қызметі қарастырылған.

XIV ғасырдың жартысынан кейін Мәуереннахрда болып жатқан саяси оқиғалардан кейінгі Темірдің біртіндеп саяси билікке ұмтылу әрекеттері көрсетіледі. Мәуереннахрда Қазаған әмірден кейінгі (1346-1358) ондаған жылдар бойы тұрақтылық болмай, бүліншілік уақыты жалғасты. Билік бірде әмірлердің, бірде моңғол хандарының қолдарына кезек-кезек көшті. Моғолстан ханы Тоғылық Темір өз билігін Мәуереннахрда тарату үшін бірнеше мәрте жорық жасады. Алғашқы кезде Әмір Темір Тоғылық Темірмен жақсы қарым-қатынаста болып, тіпті оның бұйрығымен Мәуереннахрдағы әскери іске жауапты етіп тағайындалғанымен, біраз уақыттан кейін моңғол хандарымен арада келіспеушіліктер туып, моңғолдарға қарсы позицияда болған Қазаған әмірдің немересі Хусейнмен одақтасып кетеді. Екеуінің бірігіп Мәуереннахрдағы саяси билікті моңғолдардан тартып алып, өздерінің тәуелсіз мемлекетін құруға кірісу барысындағы болған саяси оқиғалар мен соғыстары Мәуереннахрдың саяси өміріне қалай әсер еткендігі туралы кейбір мәліметтер берілген.

Түйін сөздер: Мәуереннахр, Темір, Хусейн, саяси билік, моғолдар, саяси тұрақсыздық.

Spankul A.
**The activities of Amir Timur
in the political life in the
Transoxiana in the 60-70 of the
XIV century**

The article discusses about the activities of Amir Timur in the political life in the Transoxiana in the 60-70 of the XIV century.

Showing Timur`s action to seize power in Transoxiana after the events of the first half of the XIV century. After the reign of the emir Kazagan (1346-1358) in Transoxiana decades of political instability occurred. Power is transferred alternately to the emirs, by the Mogolskhans. Ruler Mogolistan Togluk Timur made several raids in Transoxiana for approval of his power there. At first, Timur had a good relationship with Togluk Timur, but despite the fact that Timur was even put in charge of military affairs in Transoxiana, he did not get along with the Moghul khans and soon entered into an alliance with the grandson of emir Kazagana Hussein, who is also conflicted with them. A brief description of the information about how political power Transoxiana passed to the hands of Amir Timur and Hussein after their union and how this reflected in the political life Transoxiana.

Key words: Transoxiana, Timur, Hussein, political power, Mogols, political instability.

Спанқұл А.
**Деятельность эмира
Тимура в политической жизни
Мавераннахра в 60-70 годы
XIV века**

В статье рассматривается деятельность Тимура в политической жизни Мавераннахра в 60-70 годы XIV века.

Показаны действия Тимура по захвату власти в Мавераннахре после событий первой половины XIV века. После периода правления эмира Казагана (1346-1358) в Мавераннахре десятки лет имела место политическая неустойчивость. Власть переходила поочередно то к эмирам, то к могольским ханам. Правитель Моголистан Тоглук Тимур совершил несколько набегов в Мавераннахр для утверждения там своей власти. В первое время Тимур был в хороших отношениях с Тоглук Тимуром, но несмотря на то, что Тимур даже был назначен ответственным за военные дела в Мавераннахре, он не поладил с могольскими ханами и вскоре вступил в союз с внуком эмира Казагана Хусейном, который тоже конфликтовал с ними. Кратко дана информация о том как, политическая власть в Мавераннахре перешла в руки к эмиру Тимуру и эмиру Хусейну после их союза и как это отразилось на политической жизни Мавераннахра.

Ключевые слова: Мавераннахр, Тимур, Хусейн, политическая власть, моголы, политическая неустойчивость.

**XIV ғ. 60-70 жж.
МӘУЕРЕННАХРДЫҢ
САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ
Білім беру деңгейі экономикалық және ғылыми техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі. Бұл – мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беруде артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізері сөзсіз. Сондықтан да білім беру және оны заманауи талаптарына сәйкес жүргізу қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Осыған орай Елбасы Н. Назарбаев тәуелсіз мемлекетке «қазіргі заманғы экономикалық және қоғамдық модернизацияның сұраныстарына сай келетін білім беру жүйесі қажет» екенін атап көрсеткен болатын. Жаһанданудың етек алуына байланысты Қазақстанда да білім беру жүйесі өзгеріп, жаңа технологиялар, заманауи оқулықтар мен оқу құралдары жарық көре бастады. Мұндай құбылыстың өзі республиканың ғылым саласындағы түбегейлі өзгерістермен қатар жүргізіліп келеді. Бәсекелестікке қабілетті, білікті де білімді мамандарды даярлауға отандық тарих ғылымы да өз үлесін қосуда. Оның кеңестік кезеңде кенже дамыған салалары жетіліп, елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Сондай тарих ғылымдары салаларының бірі – тарихнама. Тарихнаманы ең алдымен адамзат қоғамын танудың аса маңызды түрлерінің бірі болып табылатын тарих ғылымының тарихы деп түсінген жөн. Ол тарих ғылымының пайда болу, қалыптасу, өзгеру және даму үдерістерін қарастырады. Тарихнама тарихи білімнің мазмұны мен түрін ашады, тарих ғылымындағы қозғалысты анықтауға мүмкіндік береді, негізгі кезеңдерін анықтайды. Тарихи танымның әртүрлі әдістерінің жетілуі үдерісін, баламалы тарихи ағымдардың мәні мен мазмұнын бақылайды.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейінгі алғашқы жылдары жоғары оқу орындарында тарих мамандығы бойынша білім алатындар үшін оқытыла бастады. Пәннің алғашқы типтік бағдарламасы аталған маман-

дықтың типтік оқу жоспарына сәйкес 2001 жылы дайындалды. Сол уақыттан бастап ол іргелі кәсіптендіру пәні ретінде қалыптасу кезеңін бастан кешірді. 2006, 2011 жылдардағы жалпыға білім берудің мемлекеттік стандарттары бойынша бұл пән базалық пән ретінде типтік оқу жоспарынан орын алды. Екінші жағынан Қазақстанда тарихнама ғылымы кенже дамыған ғылым саласы болып саналады, өйткені төңкеріске дейін де, әсіресе кеңестік кезеңде тарихнамалық зерттеулер Кеңес Одағының орталығы саналған Мәскеуде жүргізілді. Коммунистік партияның талаптары мен идеологиясына, маркстік-лениндік методология бойынша тарихнамалық талдаулар жасалып, сәйкесінше ғылыми тұжырымдар түйінделді. Соған қарамастан Қазақстан тарихының кейбір мәселелерінің зерттелу деңгейі анықталып, бірқатар тарихнамалық зерттеулер жарияланды. Сонымен қатар бірлі-жарым кандидаттық диссертациялар қорғалған. Алайда осыларға үндес білім берудің құралы дүниеге келе қоймады. Сол замандағы студенттер «КСРО тарихының тарихнамасы» деген оқу құралы арқылы білім алды. Қазіргі уақытта «Қазақстан тарихы тарихнамасы» – жоғары оқу орындарында тарих мамандығы бойынша оқытылатын күрделі пәндердің бірі. Пәннің нысаны – Отан тарихының жекелеген дәуірлері мен кезеңдері, сатыларындағы тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттеуге арналған еңбектер, яғни тарихнамалық деректер. «Қазақстан тарихының тарихнамасы» пәні Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейінгі алғашқы жылдары жоғары оқу орындарында тарих мамандығы бойынша білім алатындар үшін оқытыла бастады. Пәннің алғашқы типтік бағдарламасы аталған мамандықтың типтік оқу жоспарына сәйкес 2001 жылы дайындалды. Сол уақыттан бастап ол іргелі кәсіптендіру пәні ретінде қалыптасу кезеңін бастан кешірді. 2006, 2011 жылдардағы жалпыға білім берудің мемлекеттік стандарттары бойынша бұл пән базалық пән ретінде типтік оқу жоспарынан орын алды. Пәннің оқу бағдарламасы да дайындалды.

«Қазақстан тарихының тарихнамасы» атты оқу құралын дайындаудың қажеттілігі бір жағынан республика көлемінде орын алған олқылықты толтыру еді. Себебі осы уақытқа дейін аталмыш пән бойынша ана тілінде іргелі оқулық немесе оқу құралы дайындалмады. Оның үстіне соңғы уақыттарда ол Қазақстан тарихының деректануымен біріктіріліп, білім жетістіктерін сырттан бақылау пәндерінің қатарына енгізілген.

Оқу құралының мазмұны 12 тараудан және 46 тарауша арқылы ашылған. Онда Қазақстанның ежелгі дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихының тарихнамасы нақты тарихнамалық деректер бойынша талданған. Ортағасырлық отандық тарихи ойдың дамуы және ғалымдардың еңбектері сипатталды. IX-XII ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша араб және парсы зерттеулерінің мазмұны және маңызы анықталған. XIII-XVII ғасырлардағы Қазақстан тарихының тарихнамалық дәстүрлері қарастырылған. Қазақстан тарихын зерттеуде XVIII ғасырдағы орыстық тарихи ой мектебінің негізгі бағыттарының мазмұны ашылған. XIX ғасырдағы тарихи ой мен білімнің даму үрдістері айқындалған. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ саяси элитасының шығармашылық мұрасының тарихи ойдың дамуына қосқан үлесіне баға берілген. Кеңестік тоталитарлық жүйе кезеңіндегі тарих ғылымының даму ерекшеліктері кезеңдерге бөлініп көрсетілген. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан тарихы мәселелерінің зерттелуі және отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі даму деңгейі анықталған. Автор ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихының тарихнамасын көрсетуде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» атты он томдық басылымның тарихнамалық деректерін және Қазақстан тарихы бойынша араб, парсы, түрік, қытай, монғол, орыс деректерін пайдаланған. Сонымен қатар жекелеген дәуірлер, заман және кезеңдер тарихының зерттелуі мәселелерін талдауда «Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін» атты бес томдық ұжымдық зерттеудегі кейбір тарихнамалық фактілерді келтірген. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихының тарихнамасын талдауда ойшылдардың, тарихшылардың, зерттеушілердің, ғалымдардың еңбектері тарихнамалық деректер ретінде талданып, олардың мазмұны ашылып, маңызына баға берілген. Еңбекте тәуелсіз Қазақстан тарихының тарихнамасы көрініс тапқан. Автор отандық тарих ғылымындағы методологиялық іденістерді, тоталитарлық жүйе кезеңіндегі тарихтың қайта зерделеуін, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресінің зерттелуін, Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық жағдайы туралы зерттеулерді, ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихын, соның ішінде қазақ мемлекеттігі, Қазақ хандығы құрылуының зерттелуін, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген еңбектерді, Қазақстан тарихы бойынша бес томдық ұжымдық зерттеуді, Қазақ-

стан тарихнамасы бойынша еңбектерді және олардың маңызын айқындаған.

Оқу құралында әрбір қарастырылған мәселеден соң тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар беріліп отырған. Автор «Қазақстан тарихының тарихнамасы» пәнінен оқылатын дәрістер мен өткізілетін семинар сабақтарында қолдануға болатын оқытудың жаңа технологияларын, соның ішінде интерактивті инновациялық ахуалдық, презентациялық, пресс-конференция, жеке топтық, т.б. әдістер туралы жазған. Осылардың ішінде ахуалдық әдіс Қазақстан тарихнамасы пәнінің ерекшеліктеріне сәйкес келетіндігі дәйектелген. Та-

рихнамалық деректерді өзара салыстырудың ғылыми-әдістемелік маңызына назар аударған. Презентациялық әдістің тарихнамадағы соны, эталондық тұжырымдарды талдауда ұтымды екендігіне баға берілген. Сонымен қатар ғылымның категорияларын сипаттауда да тиімді болып табылады деп түйіндеген. Оқытудың жаңа технологияларын қолдануда республикалық жоғары оқу орнының үздік оқытушысы мемлекеттік грантының иегері Оразгүл Хасенқызының өзіндік тәжірибесі мен әдістемесі қалыптасқан. Соларды былайша көрсеткен. Оқу құралының қосымшасында тест сауалдары ұсынылған.

9-бөлім
ҒЫЛЫМИ ӨМІР

Раздел 9
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Section 9
SCIENTIFIC LIFE

Абикенова К.Е., Уразбаева А.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: agulzhazira@mail.ru

ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ТАҢДАУЛЫ БЕТТЕРІНІҢ ТАҒЫ БІР ТҰСЫ

Қалыптасқан Қазақстан елінің өткені мен бүгінгі күнгі тарихының өзара сабақтастығының алар орын ерекше екендігі рас. Бүгінгі таңдағы «Мәңгілік ел» идеясының өзі осы өткен тарихымызды болашақпен байланыстыра отырып, келер ұрпаққа аманат етіп қалдыру шараларымен тығыз байланысты. Сол себепті де тарихымыздың ақтандақ беттерін негізге ала отырып, өзара пікір алмасып, ой түйіндеу қажеттілігінің де маңызы артып отыр. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Тарих, археология және этнология факультеті 2016 жылдың 4 қарашасында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына және Ә. Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына орай «Ә. Бөкейханов және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді.

Конференция алдына қойған өз мақсатына толық жетті. Яғни, қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен олардың жетекшілері туралы және XX ғасыр басындағы Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары мен ұлтымыздың саяси қайраткерлерінің өмірі мен саяси-қоғамдық қызметтері туралы тың деректерге негізделген ғылыми тұжырымдармен толықты. Республикалық ғылыми-теориялық конференцияға елімізге танымал профессор-ғалымдар тобы, конференция қонақтары мен жас зерттеушілер тобы қатысты.

Конференция барысында ғалымдар тобы тақырып аясымен қатар «Мәңгілік ел» идеясына да қатысты баяндамалар жасап, өзара пікір бөлісті. Пленарлық мәжілісте сөз алған көрнекті Алаштанушы ғалым, ҚР ҰҒА коор. мүшесі, т.ғ.д., профессор М.Қ. Қойгелдиев Отан тарихын оқытудың тәуелсіздік кезеңіндегі өзекті мәселелеріне кеңінен тоқталса, ф.ғ.д., профессор Ислам Жеменей Тәуелсіздік және онымен қатар келген жаңа тарихы толғамдар туралы, ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор Т.О. Омарбеков 1916 жылғы көтеріліске қатысты бұрынғы және қазіргі таңдағы зерттеу жұмыстарының өзара сабақтастығы туралы, т.ғ.д., профессор Нәбижан Мұхаметханұлы, ҚР ҰҒА коор. мүшесі, т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаев және факультетіміздің деканы, т.ғ.к., доцент М.С. Ноғайбаева «Мәңгілік ел» идеясының мәдениет пен ғылым, ұлттық идеологиядағы орны

туралы баяндама жасап, өзара пікірлер алмасты. Танымал басқа да ғалымдар тобы және конференцияның басқа да қонақтары секциялық мәжілістерінде жалпы Әлихан Бөкейханов пен ұлт-азаттық көтеріліске қатысты өзекті мәселелерді ортаға салумен болды.

Конференция өз деңгейінде өтіп, факультеттің жас ғалымдары, оның ішінде PhD докторанттар, магистранттар, жоғары курс студенттері жана тарихи ұстанымдар мен пікірлерден өздеріне сабақ алды.

Конференция барысында төмендегідей секциялар жұмыс жасады:

1. Ә. Бөкейханов және XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтері.

2. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және ұлттық мемлекет құру жолындағы күрестер.

3. Тәуелсіздік және «Мәңгілік ел» идеясы.

Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары көрсетіп отырғандай, азаттық жолындағы көтерілістердің Қазақстан тарихында алатын орны ерекше екендігі, сондай-ақ XX ғасыр басындағы Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-ағарту саласындағы еңбектері отан тарихында әлі де болса терең ізденістерді қажет ететіндігі көрініс берді. Осыған орай конференцияның пленарлық және секциялық отырыстарының қорытындылары мен ғалымдар арасындағы пікірталасты бағалай отыра төмендегідей қорытындылар негіздеуге болады:

– 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс мәселесінің теориясын, методологиясы мен методикасын және тәжірибесін жетілдіру мақсатында жүйелі де жан-жақты зерттеулерді жалғастыру;

– БАҚ беттерінде Әлихантану мен ұлт-азаттық жолындағы күрестер төңірегіндегі ғылыми ізденістер қорытындылары мен нәтижелерін жариялауды кеңейту;

– «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында көшпелі қоғамның дәстүрлі өркениеттерін зерделеу мәселелерінің теориясын, методологиясы мен методикасын және тәжірибесін жетілдіру мақсатында жүйелі де жан-жақты зерттеулерді негіздеу;

– Ғылыми конференция материалдарын білім беру салаларында басшылыққа алу, (Әлихантану бойынша гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға элективті курс дайындап, ұсыну);

– Алыс және жақын шетелдік ғалымдармен және ғылыми мекемелермен қарым-қатынасты жолға қою, одан әрі жетілдіру мақсатында ортақ пікірталас алаңдарын, дөңгелек столдар мен онлайн бағыттағы шаралар ұйымдастыру;

– Тәуелсіздік құндылықтары және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының сабақтастықтарының мәнін ашатын, ұлт-азаттық көтерілістер тарихы мен тұлғатану мәселесін көпшілікке дәріптейтін, жаңа ғылыми болжамдар жасауға мүмкіндік беретін тың зерттеулерді жетілдіру.

Кәрібаев Б.Б., Жұматаев Р.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**ТАРИХ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ, ПРОФЕС-
СОР ТӨЛЕУБАЕВА
КҮЛЖАЗИРА
МЕЙРАМҚЫЗЫ
(17.06.1952 – 22.10.2016)**



2016 жылдың 22 қазанында тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін тарих, археология және этнология, түркология мамандықтар тобы бойынша диссертация қорғататын диссертациялық Кеңесінің мүшесі, 1974 жылғы С.М. Киров атындағы ҚазМУ тарих факультетінің түлегі Төлеубаева Күлжазира Мейрамқызы кенеттен болған наукастан ауырып қайтыс болды.

Профессор Төлеубаева Күлжазира Мейрамқызы 1952 жылы 17 маусымда Павлодар облысы Екібастұз ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Павлодар педагогикалық училищесіне түсіп, оны 1969 жылы бітіріп шығады да, сол жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (бұрынғы С.М. Киров атындағы ҚазМУ) тарих факультетіне түсіп, аталмыш университетті тарих мамандығы бойынша үздік аяқтайды. 1975-1978 жылдары орта мектепте, ал 1978 жылдан 1987 жылға дейін С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде лаборант, кейіннен оқытушы қызметтерін атқарады.

1987 жылдан 2016 жылдың 22 қазанында дүниеден қайтқанына дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

университетінің Отан тарихы кафедрасында доцент, профессор міндетін атқарушы қызметінде болады.

1995 жылы К.М. Төлеубаева «Қазақстанның ауыл шаруашылық интеллигенциясы 1946-1965 жж.» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1999 жылы доцент ғылыми атағына, ал 2010 жылы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды.

Ол «Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының отбасы және отбасылық әдет-ғұрыптарының этномәдени, этногенетикалық мәселелері» (Алматы, 2010. – 159 б.), «Қазақтар мен Орта Азия халықтарының отбасылық салт-дәстүрлері» (Алматы, 2012. – 432 б.) атты монографиялық зерттеулердің, жүзге жақын ғылыми мақалалардың авторы. К.М. Төлеубаева әр жылдары 10, 11-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқулығының хрестоматиясын құрастырған, Қазақстан тарихының 10-сыныпқа арналған оқулығына әдістемелік

нұсқау, дидактикалық материалдар дайындаған. Жоғары оқу орны студенттеріне арналған әдістемелік құралдары көптеп саналады.

Соңғы жылдары шетелдік басылымдарда 6 мақала жариялады, олар Франция (импакт-фактор), Моңғолия, Қырғызстан, Ресей, Польша, Чехославакия елдерінің ғылыми басылымдары еді.

Көп жылғы жемісті педагогикалық-ғылыми жұмысы үшін К.М. Төлеубаева «Ы. Алтынсарин» атындағы төс белгісімен, Абай атындағы «ҚазҰПУ-дың үздік оқытушысы» атағымен марапатталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы марқұмның жақын туғандары мен ағайынтуыстарына көңіл айтады. Профессор К.М. Төлеубаеваның тарих ғылымына сіңірген еңбектерін, ұстаздық болмысы мен адамгершілік қасиеттерін тарихшылар қауымы, әріптестері, шәкірттері ешқашан ұмытпайды.

Ноғайбаева М.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**ПРОФЕССОР
ЗАРДЫХАН
ҚИНАЯТҰЛЫ
(1940 – 23.11.2016)**



2016 жылдың 23 қарашасында елімізге белгілі тарихшы-ғалым, қоғам қайраткері, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші маманы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зардыхан Қинаятұлы 77 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Ол 1940 жылы Моңғол Халық Республикасы, Қобда ауданында дүниеге келген. Моңғолия мемлекеттік университетін, Мәскеу қоғамдық ғылымдар академиясын бітірді. 1975-1987 жылдары аралығында Моңғолия Кәсіподағы Орталық комитетінің хатшысы қызметінде болды. 1987 жылы тарих ғылымының докторы дәрежесіне иеленіп, 1991 жылы профессор атағын алды.

1990-1992 жылдары Моңғолия Үкіметінің Вице-Премьері орынбасары және Моңғолия Парламенті Төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған. Коммунистік жүйеден кейінгі Моңғолияның жаңа Конституциясын және сол елде жүргізілген саяси-экономикалық реформалардың құқықтық негізін жасаушылардың бірі.

Моңғолия еліндегі табысты саяси және ғылыми қызметіне қарамастан ғалым өзінің барлық тұлғалық, шығармашылық қасиеттері мен жетістіктерін туған елдің дамуы мен өркендеуі

үшін жұмсауға бел буды. Осылайша, Зардыхан Қинаятұлы 1994 жылы Қазақстанға қоныс аударды. Осы кезеңнен бастап өмірінің соңына дейін Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтындағы ғылыми қызметте болды. Ғалымның «Жылаған жылдар шежіресі», «Моңғолиядағы қазақтар», «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түрік тайпалары», «Көшпенділік ғұмыр» және т.б іргелі еңбектері отандық тарих ғылымының ортағасырлар кезеңінің өзекті мәселелеріне арналған іргелі зерттеу еңбектері болып табылады.

Ғалым Қазақстан қазақ мемлекеттілігі тарихын зерттеуде елеулі еңбек етті. Қазақ халқының қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылатын моңғол шапқыншылығы мен одан кейінгі кезеңдегі этносаяси дамудың мәселелерін жаңа тұрғыдан қоя білді. Моңғол тіліндегі деректерді түпнұсқадан оқи отырып, оларды салыстырмалы түрде талдау нәтижесінде тың тұжырымдар мен жаңашыл шешімдер ұсынды. Сондықтан, **«Қазақ мемлекеті және Жошы хан» атты еңбегі** тарихшы-ғалымдар мен көпшілік оқырманның назарын аударған ауқымды зерттеу ретінде белгілі болды.

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеу бойынша елеміздегі жетекші ғалымдардың бірі ретінде академиялық басылым Қазақстанның 5 томдық тарихының 4-томын дайындауға өлшеусіз үлес қосты.

Зардыхан Қинаятұлы тарих ғылымы саласындағы ғылыми-шығармашылық қызметінде Отан тарихын зерттеу елге, оның болашағына қызмет ету деген ұстанымды басшылыққа алды. Сондықтан, ғалым ең әуелі Отан тарихының ақтаңдақ беттерін зерттеу үшін оның деректік базасын нығайтуға баса назар аударды. Сондықтан,

ғалымның ғылыми-шығармашылық еңбегінің басым бөлігі қазақ тарихына қатысты тың деректерді зерттеу мен ғылыми айналымға қосуға бағытталды. Осылайша «Қазақстан тарихына қатысты Моңғол деректерінің» III томы және «Ортағасырлық тарихи ой: Тарих адамзат ақыл ойының қазынасы» атты көлемді еңбектердің арнайы редакторы және дайындаушылардың бірі, «Қытай жылнамаларындағы қазақтар тарихына қатысты тың деректер» атты екі томдықтың кеңесшісі ретінде қызмет атқарды.

Зардыхан Қинаятұлының жетекшілігінде «Қазақ мемлекеттілігі тарихы» атты көлемді монография жарық көрді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының тапсырысы бойынша «Шетелдегі қазақтар» сериясымен «Моңғолиядағы қазақтар» I, II кітабын шығарды. **«Қазақтар мен Моңғолдар тарих тоғысында»** атты екі томдық ғылыми еңбек жазды. Соңғы жылдары Қазақстан ғылымы мен қоғамдық дамудың өзекті мәселелеріне қатысты ғылыми және көпшілік мақалалары баспасөз беттерінде көптеп жарық көрді.

Зардыхан Қинаятұлының қазасы шын мәнінде Отандық тарих ғылымының, соның ішінде ортағасырлар кезеңін зерттеушілер үшін орны толмас қаза. Өткір ойы, нық азаматтық ұстанымы мен ғылымға деген адалдығы арқылы ағамыз жас буын үшін әділдік пен өткір, турашыл төреліктің белгісіндей еді. «Ғалымның хаты өлмейді» дейді халық даналығы. Ардагер ағамыз ортамыздан кетсе де оның мол ғылыми мұрасы қазақ деген халықпен бірге ел мүддесі үшін бірге жасай бермек.

Ардагер аға, ғалым-ұстаздың рухы мәңгі, жаны жаннатта болсын...

Тасилова Н.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**ТАРИХ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ, ПРОФЕС-
СОР КӨШІМ ЛЕКЕРҰЛЫ
ЕСМАҒАМБЕТОВ
(29.10.1938 – 22.11.2016)**



Қазақстанның тарих ғылымы саласына орасан зор еңбегі сіңген, Шоқайтанушы ғалым, шет тілдерінде жазылған батыс деректері мен зерттеу еңбектерін зерделеуші, тарих ғылымдарының докторы, профессор Есмағамбетов Көшім Лекерұлы 22 қараша күні дүниеден озды...

Көшім Лекерұлы Есмағамбетов 1938 жылы 29 қазанда Атырау облысының Индер ауданындағы Қанбақты ауылында туды. 1960-1965 жж. Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінің студенті (Москва қ.), 1965-1966 жж. С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы, 1968-1971 жж. аспирантурасында оқыды.

1999 жылы өзінің «Зарубежная историография истории Казахстана (с древних времен до начала 90-х г. XX в.)» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғаған болатын. Ғалымның жүзден аса ғылыми еңбектері, танымдық мақалалары жарық көрген.

Өзінің білімі мен тілді жетік меңгеруінің арқасында Қазақ энциклопедиясында, Сыртқы істер министрлігінде де, Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері ретінде де қызмет атқарды. Көшім Лекерұлы өзінің қызметін ғылым саласымен тығыз байланыстыра білді. Қазақстан тарихын шетел тарихнамасы арқылы зерттеудің негізін салып, әлем таныған Мұстафа Шоқайдың бай мұрасын қазақ халқына қайтарып, шетелге таныта білген, патриот ғалым, барлық ғұмырын ғылымға бағыштаған тұлға. Тарихшы Көшім Есмағамбетов Мұстафа Шоқайды «Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы тәрізді ірі саяси қайраткер» деп сипаттады. Шоқайдың сұхбаттарын Голландия, АҚШ, Швейцария, Түркия, Ауғанстан, Франция мен Польша мұрағаттарынан алып келіп, 2012 жылы 12 томнан тұратын жинақты да ғылыми айналымға қосты. Сонымен қатар, 2003 жылы «Азат рухтың күрескері», «Әлем таныған тұлға. М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы» атты 2008 ж. жарық көрген кітабынан Көшім Лекерұлының Шоқайтануға қосқан қомақты үлесін көруге болады.

Қазақстанға қатысты шетелдік тарихнаманың қазіргі даму кезеңінде К.Л. Есмағамбетов секілді ғалымдардың жұмыстары ерекше орын алады. Оның 1976 жылы жарық көрген «Действительность и фальсификация», 1979 жылы «Көне Қазақстанды көргендер», 1992 ж. «Что писали о нас на западе?», 1994 ж. «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты еңбектерінде шет ел деректері мен зерттеушілердің еңбектеріндегі тарихи көзқарастары талданып берілген болатын.

Көшім Есмағамбетов өзінің зерттеу еңбектерінде американдық және ағылшын зерттеушілерінің орыс басқыншылығы мен отарлау саясатына, империология мәселесіне қатысты әр түрлі тарихнамалық кезеңде жазылған еңбектеріне сараптама жасап, сапалы тарихнамалық талдаулары зерттеу еңбектерінде сипатталған болатын. Ол АҚШ, Канада, Франция және т.б. елдердің кітап қоймаларында шоғырланған шетелдік тарихнаманың бірнеше аспектілерден тұратын деректік негізіне жан-жақты тоқталады. К.Л. Есмағамбетовтің ғылыми зерттеулерінің басты қорытындысы бірқатар маңызды жұмыстарда көрініс тапты. Мысалы, «Д. Кэстльдің 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы» және т.б.

Зерттеушінің «Тарих таңдақтары» атты екі томнан тұратын еңбегінің тарихи маңызы зор.

Онда 1967-2003 жылдар аралығында жарияланған маңызды ғылыми мақалалары жинақталған болатын. Бұл еңбектен автордың дүниетанымы, ресми идеология шеңберіне сия бермейтін өз ұстанымы бар екендігін анық көрсетеді. Көшім Лекерұлы бұл жинақтағы мақалаларында Ресейдің отарлау саясаты, Кеңестік тоталитарлық жүйе мен бүгінгі жаңарған формадағы отарлаудың трансформацияланған түрінің қауіп-қатер әкелуі мүмкіндігіне негізделуімен де құнды.

Тарихтан белгілі қазақ халқының Ресей империясының боданына айналуының алғышарты ретінде тек жоңғар, қытай факторы ғана емес, көпшілікке белгісіз башқұрт факторы да бұл процесте өзіндік рөлді атқарды. Осы мәселеге қатысты ғалым К.Л. Есмағамбетов өзінің «Әбілқайыр хан: аңыз бен ақиқат» атты мақаласында: «Әбілқайырды Ресейден қамқорлық іздеуге мәжбүр еткен жағдайдың бірі башқұрт факторы болды. Патша үкіметі башқұрттарды қазақтарға қарсы ашықтан-ашық соғысқа шығарып, оларға орыс әскерлері тарапынан көмек көрсетті», – деп, оны Әбілқайыр ханның «Жылдар бойы қонтайшымен соғысып келемін, оған әлім жетер емес... Оның үстіне Еділ қалмақтары, башқұрттар, Бұхара және Хиуамен соғыса бастадық. Төрт жағымыздан бірдей жау қоршауында қалдық», – деп жауап беруі де дәлел бола алады деген болатын.

Зерттеушінің айтуынша, XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын қарастырған шетелдік зерттеушілердің мүддесі халықаралық қатынастар жүйесінде Орталық Азия аймағындағы саяси мәселелерімен тығыз байланысты болды. Оларға Ресейдің қазақ жүздерін жаулап алуы, патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген отарлық саясаты, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарын бағалау және т.б. жағдайлар кіреді. К.Л. Есмағамбетовтің көрсетуінше, «Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайының шиеленісе бастауы XVI ғасырдың ортасы мен XVII ғасырдың соңында орыстардың Сібірді отарлау кезеңімен сәйкес келеді». Көшім Лекерұлы америкалық тарихшылар Дэвид Коллинз бен А. Вудтың еңбектерін талдап, олардың пікірлерін де беріп отырған. Мәселен олардың ойынша «Ноғай ордасы мен Сібірдің, Қазан және Астрахан хандықтарын жаулап алуына байланысты түрік тілдес мемлекеттер арасындағы қатынастар бұзылып, нәтижесінде Қазақ хандығына үлкен қауіп төнді», – деп есептейді. Зерттеуші Э. Кином, Д. Сокол және Р. Пирстің еңбектерін егжей-тегжейлі талдап, ондағы Ресейдің XVI

ғасырдан 1905 жылға дейінгі хронологиялық жағынан жалғасқан ұлы Моңғол империясының «мұрагер-мемлекеттеріне» Қазан хандықтарын жаулап алуға қатысты жүргізген агрессиялық саясатын сипаттаған. Ресейдің Қазақстанды жаулап алуына байланысты шетелдік тарихнамада келтірілген негізгі себептерді К.Л. Есмағамбетов былайша бөліп көрсетеді: «Петр I кезінен бастау алған үлкен шығыс империясын құру», «татарлар мен түріктерге қарсы бағытталған дұшпандық», «Қазақстанның стратегиялық маңыздылығы», «жартылай тағы (жабайы) көшпенді халық арасындағы тәртіпті заңдастырудың қажеттілігі», «орыстардың жаулап алуға деген мәңгі ұмтылысы», т.б. «Орыс патшаларының шығыс саясатындағы басты мақсаттарының бірі «Азияға бағытталған кілт пен қақпа» атанған қазақ жерін

басып алу болды» деген пікірдің отандық және шетелдік тарихнамада кең таралғанын автор ерекше атап өтті.

Көшім Лекерұлы Есмағамбетов ғылым саласында жүріп көптеген шәкірттеріне жол сілтеп, көмегін аямады. Адамгершілік болмысы, кішіге деген қамқорлығы кез келген жанның жүрегіне жол таба білуі, ғалымның шынайы келбеті болатын. Шығыстану институтына барған жас мамандарға көмегін аямай, ғылым саласында нақты кеңестер мен жаңалықтарын айтып, зерттеу жұмыстарының бағыттарын көрсетіп, ғылыми жаңалығының маңызды екенін негіздеп көрсететін.

Көшім Лекерұлының тарих ғылымына қосқан сүбелі еңбегін, ұстаздық болмысы мен қарапайымдылығын жас ұрпақ ұмытпайды.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 25 жыл! Независимости Республики Казахстан – 25 лет!

Кәрібаев Б.
Тәуелсіздік кезеңі және тарихи ой-сананың дамуы..... 4

1-бөлім Раздел 1 Деректану және тарихнама Источниковедение и историография

Мұхатова О.Қ.
«Авеста» – ежелгі дәуірдің тарихнамалық дерегі 10

Нұртазина Н.Д.
Қазақ көшпелілерінің діни дәстүрін зерттеудің тарихнамалық және теориялық-методологиялық аспектілері..... 16

Сексенбаева Г.А., Нұрмұхамедова А.А.
Ақпараттарға қолжетімділік мұрағаттық идеология ретінде..... 22

Ахметжанова А.Т., Тасилова Н.А., Байдаулетова М.Д.
Қазақстан тарихы бойынша жазба деректер 30

Мұхатова О.Х., Булгауов Ш.Т.
Жүсіп Баласағұн және ортағасырлық тарихи ойға қосылған үлес 36

2-бөлім Раздел 2 Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы Древняя и средневековая история Казахстана

Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Макашева Ж.С.
Особенности внешнеполитической системы Золотой Орды (на основе персидских и арабских источников)..... 42

Кәрібаев Б.Б.
Қазақ хандығы дәуірінің кезеңделуі мәселелері..... 50

Телеуова Э.Д.
Дәстүрлі қоғамның әдеттік құқық жүйесінің тарихи дамуы 56

Zhappasov Zh.E., Botash S.
Commercial relations of Kazakhstan and Russia in the XVI-XVIII centuries 62

3-бөлім Раздел 3 Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы Новая и новейшая история Казахстана

Абикенова К.Е.
Патшалық Ресейдің Қазақ мемлекеттілігін жою әдістері және оған қарсы ұлт-азаттық күрестердің орын алуы 70

Сыздықова А.М.
Вопросы природопользования XIX века в Казахстане в материалах законодательных актов Российской империи 76

Базарбаев Қ.Қ., Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.
Жастүріктер және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының ұқсастықтары мен ерекшеліктері..... 82

Дауытбекова М.К., Қозғамбаева Г.Б.
I дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы 88

<i>Хасанаева Л.М.</i> Временное правительство и вопрос национальной государственности в Казахстане.....	94
<i>Сайлан Б.</i> XX ғасыр басында қазақ жастарының шетелдерде білім алуы және олар құрған ұйымдардың қоғамға ықпалы.....	102
<i>Садвокасова З.Т., Ахметжанова А.Т.</i> И. Гаспринский және мұсылман білімін модернизациялау идеясы.....	108
<i>Базарбаев Қ.Қ., Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.</i> Кеңестік билікке дейінгі Түркия мен Түркістанның саяси байланыстары	116
<i>Мекебаев Т.К., Құмғанбаев Ж.Ж.</i> Kazakh national intelligence and Alash movement at the beginning of XX-th century	122
<i>Қозғамбаева Г.Б., Егизбаева М.К.</i> Түркістан автономиялы кеңестік республикасында сауатсыздықты жою жолындағы күрес пен білім беру ісі тарихынан	128
<i>Каженова Г.Т., Карсакова Г.Б.</i> Продовольственная разверстка в Северном Казахстане: выполнение «боевого приказа»	134
<i>Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О.</i> 1921-1922 жж. жүргізілген жер-су реформасындағы кейбір мәселелер	142
<i>Касымова Д.</i> Соловей в переломный период	150
<i>Казбекова А.Т.</i> Проблемы спецпереселенцев-чеченцев ВКО в первые годы переселения в хозяйственно-бытовой повседневности.....	158
<i>Алтаев А.Ш.</i> Региональные характеристики размещения и этнической структуры населения Казахстана: тенденции периода независимости РК	166
<i>Каримова Д.К.</i> Роль Национального музея в развитии культурного туризма в Казахстане	172
<i>Дадабаева Г.Р.</i> Опыт конструирования социального пространства: алматинский двор.....	176
<i>Ташенев Ж.М.</i> Интерактивные методы обучения истории в вузе.....	182
<i>Хасанаева Л.М., Кадырбаева М.Е.</i> Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің сыртқы саясатындағы қауіпсіздіктің негізгі аспектілері.....	186
<i>Ахметжанова А.Т., Исакова Ф.З., Байдаuletova М.Д.</i> АКТ-ны «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» пәнін оқыту процесі барысында қолдану	192

4-бөлім Раздел 4
Жалпы тарих Всемирная история

<i>Оспанова А.А.</i> Екінші крест жорығындағы еуропалық мемлекеттердің мүддесі	198
<i>Хабижанова Г.Б., Шалагин А.В.</i> Изучение истории христианства в Центральной Азии в научной литературе XX-XXI веков (раннесредневековый период)	202
<i>Кенжегали Ж.М.</i> Водно-энергетический фактор в обеспечении региональной безопасности Центральной Азии: исследование вопроса.....	208
<i>Мухажанова Т.Н., Аметова Б.М.,</i> Мультикультурализм в Европе: нынешняя реальность.....	215

5-бөлім Раздел 5
Археология және Археология и
этнология этнология

<i>Eleyov M., Kurmaniyazov I.</i> The same problem of science of Zhetyasar Culture	224
<i>Тәжекеев Ә.Ә., Құрманиязов И.С.</i> Жетіасар мәдениеті ескерткіштерінің зерттелу тарихы (1946-1971 жж.)	232
<i>Omarov G., Sagyndykova S.</i> Some aspects of the study chariot complexes Kazakhstan (on the example of the Northern and Central regions)	238
<i>Taleev D, Nurtayeva Z</i> Development of Trade and Architectural Monuments in the Syganak.....	244
<i>Қалишабаева Б.К., Құрақбаева А.Ж.</i> Астана қаласы және Ақмола облыстарындағы оралмандар (далалық этнографиялық материалдар негізінде)	250
<i>Baudiyarova K., Uderbay G.</i> Fishing trade of Syrdarya kazakhs.....	256
<i>Терекбаева Ж.М.</i> Қазақтардың түйені көлік ретіндегі пайдалануы.....	262
<i>Шалғынбаева С.Х.</i> Қазақстандағы армян диаспорасын тарихи зерттеу	268
<i>Turgunbayev Ye., Shaken B.</i> Development of Teaching Technology of Hunting Birds in Kazakh Live in the XIX Second Half – XX Century.....	274
<i>Egamberdyev M., Kunanbaeva A.</i> The features of kazakh food.....	280
<i>Egamberdiyev M., Kurakbaeva A.</i> Same Aspects of Ethno Demographic Position of Akmola Region: Comparative Analysis's.....	286
<i>Шалғынбаева С.Х.</i> Этнокультурная характеристика армянской диаспоры в г. Алматы (по материалам этносоциологического исследования)	292
<i>Omarov G.K., Sadykova A.M</i> The Reconstruction Problem of Costumes of Saki's Period According to Archeological Materials	296

6-бөлім Раздел 6
Тарихи тұлғалар Исторические личности

<i>Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Қарбозов Е.</i> Қазақ халқының сүйікті перзенті	304
<i>Галимов Е.А.</i> Султан-правитель, полковник Ахмед Джантюрин	310
<i>Батырбекқызы Г., Мамаширипова Г.А.</i> Деятельность Назира Тюракулова как полномочного посла	316
<i>Кәрібаев Б.Б.</i> Академик М.Қ. Қозыбаев өмірінің беймәлім тұстары жөнінде (академик М.Қ. Қозыбаевтың 85 жылдығына орай)	322

7-бөлім Раздел 7
Магистрлік жұмыстар Исследования магистрантов

<i>Серғазы Е.Е.</i> Сақ дәуіріндегі Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктері.....	328
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

<i>Тәжібек Г.</i> Құбылай хан тұсындағы Юань империясының ішкі жағдайы	334
<i>Спанқұл А.</i> XIV ғ. 60-70 жж. Мәуереннахрдың саяси өміріндегі Әмір Темірдің қызметі	340
<i>Doskaliyeva S.Zh.</i> Astrakhan Kazakhs in the Great Patriotic War	346
<i>Zekrollah R.</i> The Role of Ancient Silk Route in Dialogue of Civilizations	350
<i>Доскалиев А.Ж.</i> Молодежная политика Республики Казакстан	356
<i>Мырзахмет Г.Т.</i> АҚШ мемлекеттік негіздерін қалыптастырудағы Томас Джефферсонның рөлі	360

8-бөлім Раздел 8
Жаңа кітаптар Новые книги

<i>Карибаев Б., Ногайбаева М.</i> Рецензия на монографию Н.Д. Нуртазиной «Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII-XIX вв.)	366
<i>Жұмағұлов Қ.Т.</i> Туған жер тарихы. Профессор С.М. Мәшімбаевтың «Қосөзен аралығындағы Казталов ауданының тарихы»	369
<i>Көкебаева Г.К.</i> О. Х. Мұхатованың «Қазақстан тарихының тарихнамасы» атты оқу құралына сын-пікір	371

9-бөлім Раздел 9
Ғылыми өмір Научная жизнь

<i>Абикенова К.Е., Уразбаева А.М.</i> Тарихымыздың таңдаулы беттерінің тағы бір тұсы	376
-----------------------------------------------------------------------------------------------	-----

Көңіл айту – Некролог

<i>Кәрібаев Б.Б., Жұматаев Р.</i> Тарих ғылымдарының докторы, профессор Төлеубаева Күлжазира Мейрамқызы (17.06.1952 – 22.10.2016)	378
<i>Ногайбаева М.С.</i> Профессор Зардыхан Қинаятұлы (1940 – 23.11.2016)	380
<i>Тасилова Н.А.</i> Тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетов (29.10.1938 – 22.11.2016)	382

CONTENTS

Independence of the Republic of Kazakhstan - 25 years!

<i>Karibayev B.B.</i> The period of independence and historical consciousness	4
----------------------------------------------------------------------------------------	---

Section 1 Historical Sources Study and Historiography

<i>Mukhatova O.H.</i> «Avesta» – historiographical source of Antiquity	10
<i>Nurtazina N.D.</i> Historiographic and theoretical-methodological aspects of the studying of Kazakh nomadic tradition	16
<i>Seksenbaeva G.A., Nurmuhamedova A.A.</i> Access to information as an archival ideology	22
<i>Ahmetzhanova A.T., Tasilova N.A., Bajdavletova M.D.</i> Sources on the history of Kazakhstan	30
<i>Mukhatova O.Kh., Bulgauov Sh.T.</i> Yusuf Balasagwn and contribution to the Development historical medieval historical thought	36

Section 2 Ancient and Medieval History of Kazakhstan

<i>Mekebaev T.K., Kumganbayev Zh.Zh., Makasheva Zh. S.</i> Features of foreign policy system of Golden Horde (based on Persian and Arabic sources)	42
<i>Karibaev B.</i> Problems of periodization of Kazakh Khanate era	50
<i>Teleuova E.D.</i> The historical development of Customary law in traditional societies	56
<i>Zhappasov Zh.E., Botash S.</i> Commercial relations of Kazakhstan and Russia in the XVI-XVIII centuries	62

Section 3 Modern and Contemporary History of Kazakhstan

<i>Abykenova K.E.</i> The origin of the national liberation struggle against the Tsarist Russia, on its measures to the destruction of the Kazakh statehood	70
<i>Syzdykova A.M.</i> The issues of natural resource use in 19 th in Kazakhstan on the base of information of the legislative Acts of the Russian Empire	76
<i>Bazarbaev K.K., Mekebaev T.K., Kumganbayev Zh.Zh.</i> Similarities and features of the national liberation movement Young Turks and Turkestan	82
<i>Dautbekova M.K., Kozgambayeva G.B.</i> Social-economic development of Kazakhstan during the years of World War I	88
<i>Khassanaeva L.M.</i> The provisional government and the question national statehood in Kazakhstan	94

<i>Sailan B.</i> Education of the Kazakh youth abroad in the early twentieth century the impact of organizations established by them, on society	102
<i>Sadvokasova Z.T., Ahmetzhanova A.T.</i> I. Gasprinsky and the idea of modernization of Islamic education.....	108
<i>Bazarbaev K.K., Mekebaev T.K., Kumganbayev Zh.Zh.</i> Political relations of Turkey and Turkestan before the Soviet regime.....	116
<i>Mekebayev T.K., Kumganbayev Zh.Zh.</i> Kazakh national intelligence and Alash movement at the beginning of XX-th century.....	122
<i>Kozgambaeva G.B., Egizbaeva M.K.</i> History and development of the national education system in the Turkestan autonomous soviet socialist republic	128
<i>Kazhenova G.T., Karsakova G.B.</i> Prodravzvyorstka in Northern Kazakhstan: implementing of «combat order»	134
<i>Kozybakova F.A., Rvaydarova G.O.</i> Some important points on earth water reforms in 1921-1922 yy.....	142
<i>Kasymova D.</i> Nightingale in Stalinist times.....	150
<i>Kazbekova A.T.</i> Problems of special immigrants-chechens of East Kazakhstan in the first years of resettlement in economic and household daily life.....	158
<i>Altaev A.Sh.</i> Regional characteristics of the location and the ethnic structure of the population of Kazakhstan: trends of independence period of the Republic of Kazakhstan.....	166
<i>Karimova D.K.</i> The role of the National Museum in the development of cultural tourism in Kazakhstan	172
<i>Dadabaeva G.R.</i> Construction of new social space: almaty courtyards.....	176
<i>Tashenev M.Zh.</i> Interactive history teaching at a university	182
<i>Khassanaeva L.M., Kadyrbayeva M.E.</i> Key aspects of the safety of foreign policy of Kazakhstan and Central Asia.....	186
<i>Ahmetzhanova A.T., Iskakova G.Z., Baidavletova M.D.</i> Al-Farabi Kazakh National University History of Kazakhstan department.....	192

Section 4 History of world

<i>Ospanova A.A.</i> Interest of European countries in the second crusade.....	198
<i>Habizhanova G.B., Shalagin A.V.</i> Studying the history of Christianity in Central Asia in the scientific literature XX-XXI century (early medieval period)	202
<i>Kenzhegali Zh.M.</i> The water-energy factor in providing regional security in Central Asia: a research of the issue	208
<i>Ametova B.M., Muhazhanova T.N.</i> Multiculturalism in Europe: current reality.....	218

Section 5 Archeology and Ethnology

<i>Eleyov M., Kurmaniyazov I.</i> The same problem of science of Zhetyasar Culture	224
<i>Tazhikeev A.A., Kurmaniyazov I.S.</i> History of studying of monuments of Dzhetyasarky culture (1946-1971).....	232
<i>Omarov G., Sagyndykova S.</i> Some aspects of the study chariot complexes Kazakhstan (on the example of the Northern and Central regions).....	238
<i>Taleev D., Nurtayeva Zh.</i> Development of Trade and Architectural Monuments in the Syganak	244
<i>Kalshabayeva B.K., Kurakbaeva A.</i> Oralmans of Astana and Akmola region (On the basis of field ethnographic materials).....	250
<i>Baudiyarova K., Uderbay G.</i> Fishing trade of Syrdarya kazakhs.....	256
<i>Terekbaeva Zh.M.</i> Kazakhs camel use as transport	262
<i>Shalginbaeva S.H.</i> Study of the history about Armenian diaspora in Kazakhstan.....	268
<i>Turgunbayev Ye., Shaken B.</i> Development of Teaching Technology of Hunting Birds in Kazakh Live in the XIX Second Half – XX Century	274
<i>Egamberdiyev M., Kunanbaeva A.</i> The features of kazakh food.....	280
<i>Egamberdiyev M., Kurakbaeva A.</i> Same Aspects of Ethno Demographic Position of Akmola Region: Comparative Analysis's.....	286
<i>Shalginbaeva S.H.</i> Ethno-cultural characteristics of the Armenian diaspora in Almaty (Based on ethnosociological research)	292
<i>Omarov G.K., Sadykova A.M.</i> The Reconstruction Problem of Costumes of Saki's Period According to Archeological Materials	296

Section 6 Historical personalities

<i>Dadebaev Zh., Bissenbayev P., Karbozov E.</i> The favorite son of Kazakh people	304
<i>Galimov Ye.A.</i> Sultan-ruler, Colonel Akhmed Dzhanturin	310
<i>Batyrbekkyzy G., Mamasharipova G.A.</i> Mission of Nazir Tyurakulov as plenipotentiary ambassador.....	316
<i>Karibayev B.B.</i> About unknown moments of the life of academician M.K. Kozybayev	322

Section 7 Investigations of postgraduate students

<i>Sergazy Y.E.</i> Features of archaeological monuments in the era of the scythians in Eastern Kazakhstan.....	328
<i>Tazhibek G.</i> The internal situation of the empire under Kublai Yuan.....	334

<i>Spankul A.</i> The activities of Amir Timur in the political life in the Transoxiana in the 60-70 of the XIV century	340
<i>Doskaliyeva S.Zh.</i> Astrakhan Kazakhs in the Great Patriotic War	346
<i>Zekrollah R.</i> The Role of Ancient Silk Route in Dialogue of Civilizations	350
<i>Doskaliev A.Z.</i> The youth policy of the Republic of Kazakhstan.....	356
<i>Myrzakhmet G.T.</i> Thomas Jefferson and his role in the development of American nationhood.....	360

Section 8 New Book

<i>Карибаев Б., Ногайбаева М.</i> Рецензия на монографию Н.Д. Нуртазиной «Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII-XIX вв.)»	366
<i>Жұмағұлов Қ.Т.</i> Туған жер тарихы. Профессор С.М. Мәшімбаевтың «Қосөзен аралығындағы Казталов ауданының тарихы»	369
<i>Mukhatova O.Kh., Bulgauov Sh.T.</i> Yusuf Balasagwn and contribution to the Development historical medieval historical thought	371

Section 9 Scientific life

<i>Абикенова К.Е., Уразбаева А.М.</i> Тарихымыздың таңдаулы беттерінің тағы бір тұсы	376
-----------------------------------------------------------------------------------------------	-----

Obituary

<i>Кәрібаев Б.Б., Жұматаев Р.</i> Тарих ғылымдарының докторы, профессор Төлеубаева Күлжазира Мейрамқызы (17.06.1952 – 22.10.2016).....	378
<i>Ногайбаева М.С.</i> Профессор Зардыхан Қинаятұлы (1940 – 23.11.2016).....	380
<i>Тасилова Н.А.</i> Тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетов (29.10.1938 – 22.11.2016)	382